

Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Жүмекенова Л.К.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына
арналған оқулық

9

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді*



Алматы «Атамұра» 2019

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 84 (5 Қаз) я72
А 37

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына
арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы
Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды*

Шартты белгілер:



– өздік тапсырмалар



– сабақтан тыс
жұмыстар



– жұптық тапсырмалар



– хрестоматия
тапсырмалары



– топтық тапсырмалар



– тірек сөздер



– шығармашылық жұмыс



– аудиотапсырмалар



– ғылыми ізденіс,
ғылыми зерттеу
тапсырмалары

Ғалым пікірі – ғалым пікірі

Ақтанова А.С. т.б.

А 37 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібәева, Л.К. Жүмекеменова. – Алматы: Атамұра, 2019. – 256 бет.

ISBN 978-601-331-549-2

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 84 (5 Қаз) я72

ISBN 978-601-331-549-2

© Ақтанова А.С., Жүндібәева А.Қ.,
Жүмекеменова Л.К., 2019
© «Атамұра», 2019

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты жас дос! Қолыңдағы «Әдебиет» оқулығы – сенің көркем әдебиет туралы біліміңді шыңдап, жаңа белестерге жетелейтін досың. Әдебиет арқылы қоршаған ортаны, бүгінгі заманымыз бен өткен тарихты танимыз. Осы сыныпта «Атадан қалған асыл сөз» тарауы бойынша орта ғасырдан Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» туындысымен және қазақ би-шешендерінің бізге қалдырған мұра сөзімен танысамыз. Данагөй билердің сөздерін оқу арқылы өзіміздің көркем ойлау санамызды дамытып, шешен де шебер сөйлеуге дағдыланамыз. Майқы би, Мөңке би, Әнет баба, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым Датұлы, Бұқар жырау сөздерінің мәйегіне қанып, сөз құдіреті мен киесін түйсінеміз. «Біржан – Сара» айтысы арқылы қазақ сөз өнеріндегі басқа халықтарда жоқ сөз тартысының озық үлгісін тамашалаймыз.

«Тарихи шындық пен көркемдік шешім» тарауында өткен тарихымыздағы халық жадындағы елеулі оқиғалар суреттелген көркем сөз үлгілерімен танысамыз. Нысанбай жыраудың, Махамбет Өтемісұлының, Шоқан Уәлихановтың тарихтан сыр шертетін туындылары арқылы халқымыздың басынан өткен дәуір туралы деректер аламыз.


«Адам жанының құпиясы» тарауында қазақ әдебиетінің тағы бір кезеңінің асыл үлгілерін оқып, әдебиеттің адам жанының қалтарыстары мен көркемдік санасының қалыптасуы және дамуының негізгі өзегі екеніне көз жеткіземіз.

«Мәңгілік ел – мәңгілік мұрат» тарауында тәуелсіздік кезеңі әдебиеті мен шетел әдебиетінің туындыларын салыстыра талдаймыз. Өз ойымызды айтамыз.

Қымбатты жас дос! Көркемдік дүниесінің ғажайыпқа толы сырлы әлемін емін-еркін аралап, өз ойыңды жаңа және тың сөз оралымдарымен байытып, болашаққа нық қадам басуыңа тілектеспіз!

Авторлар

АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ	
Ж. Баласағұн	«Құтты білік»
Шешендік өнер	Шешендік сөз
Майқы бидің шешендік сөздері	
Мөңке бидің шешендік сөздері	
Әнет баба	«Не арсыз? Не ғайып? Не дау-сыз?»
Төле би	«Ердің бақыты – әйел»
Қазыбек би	«Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»
Әйтеке би	«Қасқакөл дауы»
Сырым Датұлы	«Бала би мен Сырым»
Бұқар жырау	«Тілек» толғауы
	«Ай, Абылай, Абылай» толғауы
	«Асқар таудың өлгені» толғауы
Айтыс және оның түрлері	«Біржан – Сара» айтысы
ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ	
Нысанбай жырау	«Кенесары – Наурызбай» дастаны
Махамбет Өтемісұлы	«Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» толғауы
	«Мен, мен едім, мен едім» толғауы
	«Бағаналы терек» толғауы
Ш. Уәлиханов	«Ыстықкөл сапарының күнделігі»
АДАМ ЖАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ	
І. Жансүгіров	«Құлагер» поэмасы
Б. Майлин	«Шұғаның белгісі» хикаясы
Ғ. Мүсірепов	«Ұлпан» романы
Т. Айбергенов	«Сағыныш» өлеңі
Ф. Оңғарсынова	«Өлең, мен сені аялап өтем...» өлеңі
МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК МҰРАТ	
Н. Айтұлы	«Бәйтерек» поэмасы
Қ. Мұханбетқалиұлы	«Тар кезең» романы




«Атадан қалған асыл сөз» тарауында Ж. Баласағұн бабамыздың «Құтты білік» дастанымен, шешендік өнер ерекшелігімен, шешендік өнердегі сөз маржандары: Майқы бидің шешендік сөздері, Мөңке бидің шешендік сөздерімен танысатын боламыз. Өнет бабадан қалған «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?» атты өнегелі сөзімен, Төле би, Қазыбек би, Өйтеке би бабаларымыздың «Ердің бақыты – әйел», «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?», «Қасқакөл дауы» сынды ғибратты ойларына терең бойлап, «Бала би мен Сырым» туралы білеміз.

Сонымен қатар бұл тарау Бұқар жырау Қалқаманұлының «Тілек», «Ай, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені» өнегелі шығармаларымен танысуымызға және «Біржан – Сара» айтысын білуімізге жол ашады.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН

(Хас Хажыб)



Жүсіп Баласағұн (Баласағұни) – XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі күллі Шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан-ойшыл, белгілі қоғам қайраткері. Жүсіп Баласағұнның өмірі туралы мәлімет мүлдем аз сақталған. Философ-ғалым өз өмірі мен ақындық қызметі жайындағы кейбір деректерді «Құтты білік» дастанының соңғы үш тарауында қысқаша түрде, үстірт қана әңгіме етеді. Міне, ақынның осы өзі жазған мәліметтерге қарағанда, Жүсіп Баласағұн орта ғасырда, Қарахан әулеті билік жүргізген мемлекеттің бір кездегі астанасы – Баласағұн шаһарында дүниеге келген. Жүсіп білімді Фараб (Отырар), Қашғар, Бұхара қалаларынан алады. Араб, парсы тілдерінде еркін сөйлейді. Өзінің атақты философиялық-дидактикалық «Құтты білік» дастанын Баласағұнда бастап, Қашқарда аяқтауы кездейсоқ жайт емес еді. Өйткені сол кездегі түркі тілдес тайпалардың мәдени өмірінде Қашқар қаласы зор рөл атқарғаны мәлім. Жүсіп Баласағұнның есімін әлемдік әдебиет тарихына мәңгілік өшпестей етіп жазып қалдырған бірден-бір әдеби мұрасы – «Құтты білік» дастаны. Бұл дастан – қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі т.б. жөнінде аса қызықты әрі қыруар мол деректер беретін көркем туынды.

Тірек сөздер: «Құтты білік», әділет, ақыл, құт, байлық, қанағат.

Ғалым пікірі

ДАСТАН (парс. сөзі – тарихи әңгіме, ертегі, батырлар жыры) – Таяу және Орта Шығыстың, Азияның, Оңтүстік Шығыстың әдебиеті мен фольклорындағы эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма. Көбінесе бұрыннан белгілі ертегі сюжеттерінің, аңыз, хикаялардың әдеби өңделген түрі болып келеді. Дастанда кейде өлең мен қарасөз араласып келе береді.

Ө. Құмісбаев

ҚҰТТЫ БІЛІК

(«Құтадғу білігі»)

Ислам дәуірі әдебиетінің ең көрнекті туындысы – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны. Ақын «Құтты білік» дастанын хижра есебі бойынша 462 жылы (1070 жылы) жазып бітірген. Жүсіп Баласағұн сол жылы өз дастанын Табғаш Боғрахан қағанға – «хандардың ханына» тарту етеді. Бұған риза болған Боғрахан ақынға «ұлы Хас Хажыб» («ұлы үезір», «бас кеңесші») деген жоғары атақ береді.

Ұлы Хас Хажыб – өмірші-патшаның көрер көзі, естір құлағы. Ол мемлекет заңдары мен сол елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалап отырады. Сондай-ақ ұлы үезір қазына ісін басқарушы адамға, сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен қолөнершілерге патша атынан өмір береді. Елшілерді қабылдап, шығарып салып отырады, ресми түрдегі салтанатты жиындардың заңға сөйкес өтуін қадағалайды әрі кедейлер мен жетім-жесірлердің арызын тыңдап, оны Табғаш Боғраханға жеткізіп отыруы тиіс. Бұған қарап, Жүсіп Баласағұнның патша сарайында қандай қызмет атқарғанын ғана емес, сонымен бірге ақын «Құтты білікте» өзіне өте жақсы таныс мәселелерді мейлінше терең біліп барып жазғанын да аңғарамыз.

«Құтты білік» дастаны, кейіпкерлері. «Құтты білік» дастаны – мемлекетті басқару қағидалары мен ұстанымдарын сөз ететін, ел басқарудың ережелері мен заңдарын, мінез-құлық

пен әдет-ғұрып нормаларын қамтыған көркем туынды. Этикалық-дидактикалық сарында жазылып, ғибрат-уағыздарды бейнелі көркем тілмен жырлайтын бұл шығармада бекке, уәзірге, әскербасына, хажыбқа, елшіге, хатқа түсірушіге, қазынашыға, аспазға, емшіге, түс жорушыға, жұлдыз санаушыға, өлең шығарушыға, диқанға, малшыға, кәсіпкерге, саудагерге және басқаларына қажетті қасиеттер әңгіме болады. Қарапайым халықтан бастап, Боғраханға дейінгі түрлі дәрежедегі әлеуметтік топтардың, түрлі кәсіп иелерінің мінез-құлық нормалары қандай болуы керек, олардың әрқайсысының қоғамнан алатын орны қандай болуы тиіс екені баяндалады. Данагөй Жүсіп Баласағұнның қырағы көзі бүкіл қоғамды төменнен жоғарыға дейін қамтиды.

Кезінде кітапты Шығыс патшалары көшіртіп алдырып оқитын болған. Бір қызығы, бұл еңбекке әр елде әртүрлі ат берген: ирандықтар Фирдоусидің «Шахнамасымен» қатар қойып, «Шахнамаи түркі» («Түркі Шахнамасы») деген; Шың елінің (Солтүстік Қытай) адамдары «Адабул-мүлік» («Әкімдердің әдептілігі») деп, ал Машын (Оңтүстік Қытай) жұрты «Айнкүл мамлакат» («Мемлекет тәртібі»), Шығыс елдерінің әкімдері «Зийнатул-умаро» («Әмірлердің сән-салтанаты»), тұрандықтар «Құтадғу біліг» («Құтты білім») деп атаған. Дастанды зерттеген ғалымдар орыс тіліне де түрліше тәржіма жасап отырған. Мәселен, В.В. Бартольд кітаптың атын орыс тіліне «Патшаларды ақылға шақыратын білім» («Знание, образующее царей»); С.Е. Малов – «Бақыт кітабы» («Книга счастья»); А.А. Валитова – «Басқару туралы білім» («Наука об управлении»); В.В. Радлов – «Бақыт сыйлайтын білім» («Знание, дарующее счастье»); В. Томсен – «Бақытты болу өнері» («Искусство сделаться счастливым»); С. Иванов – «Құтты білім» («Благодатное знание») деп аударған.


«Құтты білік» дастанының басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде **Күнтуды** патшаны көрсетеді. Екіншісі – бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі онда патшаның уәзірі **Айтолды** бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі – ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі уәзірдің баласы **Өгдүлміш** бейнесінде жырла-

нады. Төртіншісі – қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш **Одғұрмыш** бейнесі арқылы әңгіме болады:

Кітабында талай жайды айтады ол,
Бұл төрт ұлық сөздерінен байқалар.
Бірі оның – шындық, жолы Әділет,
Екіншісі – құт пен ырыс, дәулет,
Үшіншісі – Ақыл менен парасат,
Төртіншісі – ұстамдылық, Қанағат.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында елді басқарған өкімнің басты міндеті – халыққа құт, бақыт, дәулет өкелу; кедей халықты бай ету екендігі ерекше атап көрсетіледі. Дастанда айтылатын осы ой-пікірлер мен идеялардың түп-төркіні, қайнар-бастаулары «Күлтегін» жырларында жатқанын аңғару қиын емес.

«Құтты біліктің» зерттелуі, аударылуы. Академик Ө. Нысанбаевтың ғылыми зерттеулеріне сүйеніп айтсақ, «Құтты бі-



2015 жылы «Полиграфкомбинат»
баспасынан жарық көрген кітап

ліктің» үш нұсқасы бар: 1. «Веналық нұсқа» (1439) / қолжазба қазір Венаның Корольдік кітапханасында сақтаулы тұр. Сол үшін оны «Вена нұсқасы» деп атайды/. Ал дәл осы қолжазбаны «Герат нұсқасы» деуінің себебі, бұл қолжазба 1439 жылы Герат шаһарында көшірілген екен. Оны ұйғыр әрпімен көшірген адамның есімі – Хасан Қара Сейіл. 2. «Каирлық нұсқа» (1895). Бұл қолжазба араб әрпімен көшірілген. Оны Каирдағы бір кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қорынан 1896 жылы неміс ғалымы Б.Мориц тапқан. Белгілі орыс ғалымы В.В. Радлов Петербор Ғылым академиясының Азия Музейі үшін «Каир нұсқасының» бір данасын көшіртіп алады. Қазір бұл қолжазба Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесінде сақтаулы тұр. 3. «Наманган нұсқасы» (1913). Оны 1913 жылы А. Валитова Өзбекстанның Наманган шаһарынан тапқан еді. «Құтты білік» дастанының араб әрпімен көшірілген, ең толық саналатын осы нұсқасы Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Өбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтында сақталып келеді. Өзбек ғалымы Каюм Каримов «Наманган нұсқасы» бойынша ұзақ жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сөйтіп, 1971 жылы дастанды өзбек әрпі негізінде транскрипция жасап, оны ғылыми сипаттамасымен бірге жеке кітап етіп басып шығарды.

Ғалымдар осы үш нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай келе, «Құтты білік» дастанының ғылыми негізделген толық мәтінін жасап шықты. Дастанның көне қолжазбасы табылғанын алғаш әлемге хабарлап, 1823 жылы Парижде шығатын «Азия» журналында «Вена нұсқасынан» үзінді жариялаған француз ғалымы – Жауберт Аматес. Венгер ғалымы Германи Вамбери (1832–1913) дастанның бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында кітап етіп шығарды.

«Құтты білікті» К. Каримов өзбек тіліне, Н. Гребнев (1971) пен С. Иванов (1983) орыс тіліне, А. Егеубаев (1986) қазақ тіліне, бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984, Пекин) аударды. Дастанды аударумен В.В. Радлов (1837–1918) 20 жыл бойы үзбей айналысты. Түркия ғалымдары 1942–1943 жылдары аударып, үш нұсқасы 3 том болып Стамбұлда жарық көрді. Шығарманы зерттеуге түрік ғалымдары Р. Арат (1900–1964), М. Кепрюлдзаде (1880–1960), А. Ділашар

(1897–1979) көп еңбек сіңірді. Қазақ тілінде толық мәтіні көне түрік тілінен тұңғыш рет аударылып, 1986 жылы (А.Қ. Егеубаев, «Жазушы» баспасы) жеке кітап болып шықты. Бұл басылым 1989 жылы Қытайда (Жүсіп Баласағұн. «Құтты білік». Пекин, «Ұлттар» баспасы; ауд. А.Қ. Егеубаев.) араб әрпімен екінші қайтара жарияланды. Осы аударма, зерттеу еңбегінің нәтижесінде 1989 жылы «Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» дастанының (XI ғ.) қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуына идеялық-көркемдік әсері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғалды.

Жоғарыда көрсетілген дастанның үш нұсқасын салыстыра, орыс ғалымы С.Е. Малов Каир, Наманган нұсқаларының өзара жақындығын айтып, «ал ұйғыр редакциясы (Вена-Фират) көп жағдайда бұлардан алшақтап кетеді» дей келе, бұл нұсқа «ислам мәдениетінің ұйғыр жазбаларындағы сирек кездесетін ірі ескерткіші» деп бағалаған. В.В. Радлов та: «Баласағұн қаласының (Жетісудағы) тұрғыны ретінде автор дастанын әуелінде араб әрпімен жазған. Бірақ поэманы Қашқарда аяқтап, ханға апарған тұста, ел ішінде тарату үшін ұйғыр әрпімен қайта жаздырғанға ұшыраған», – дейді.

«Құтты біліктің» көркемдік ерекшелігі. Ойшыл өз дастанын жарыққа шыққан жылы Табғаш Қара-Боғраханға (Қара-Бураханға) «хандардың ханына» тарту етеді. «Құтты білікпен» танысқан соң Қара-Бурахан Жүсіп Баласағұнға өте ырзалығын білдіріп, бұдан былай «Хас Хажыб Жүсіп Баласағұн» деген атақ берілетінін, ол хан сарайының бас ақылшысы, ақыны, бас уәзірі деген мағынада екенін айтып, өзін қызметке алады. Бұл туралы ақын:

Кетті шығып туған елден алысқа,
Жырмен кітап берді түгел халыққа.
Қаттап-қаттап барын жазды көңілде,
Тамамдады жырмен Қашқар елінде.
Хандар ханы Табғаш Қара Бугра –
Падишахтың құзырында оқыды.
Мархабатпен даңқ қосты атына –
Ақылы мен қаламының хақына.
Хас Хажыбтық атақ берді тағы да,
Мұны сеніп жақын тұтты жанына.
Сол мәні үшін жұрт құрметтеп қарады,
Аты Жүсіп Хас Хажыб деп тарады, –

деп жазады.

Композициялық құрылысы жағынан дастан 6520 бөйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Бұл – 13000 өлең жолы деген сөз. Соның бәрі 85 тарауға бөліп берілген. «Құтты білік» дастанының сюжеті де автор алға қойған этикалық-моральдік, дидактикалық міндеттерге, яғни шығарманың әділдікті, бақ-дәулетті, парасатты, қанағатты бейнелейтін төрт қаһарманының іс-әрекетіне тікелей байланысты етіп құрылған.

Дастанның сюжеттік желісі мейлінше қарапайым болып келеді. Күнтуды деген патша өзінің әділ саясатымен жержаһанға есімі мәшһүр болыпты. Құдіретті де әділ патшаның атақ-даңқын естіп, оған іштей тәнті болған Айтолды деген данышпан сол патшаны іздеп, алыс жолға аттанды. Ұзақ сапарда көп қиыншылықтарға ұшырап, ақыры, Күнтудыны іздеп табады. Патша, алдымен, Айтолдыны жан-жақты әбден сынап көреді. Ақыры, патша оны өзіне үзгір етіп алады. Патша енді мемлекеттің барлық істерін үзгіріне сеніп тапсырады. Айтолды үзгір кезінде ел-жұрттың жағдайы жақсарып, бақ-дәулеті арта түседі.

Жазылмас дертке шалдыққан Айтолды күндердің күнінде жарық дүниемен қоштасады. Үзгір ажал төсегінде жатып, Күнтуды патшаға және жастай қалып бара жатқан баласы Өгдүлмішке өсиет-уағыз айтады. Арада талай жылдар өтеді. Өгдүлміш ержетіп, Күнтуды патшаның қарамағына қызметке кіреді. Ол жас та болса, аз уақыттың ішінде-ақ өзінің іскерлігімен, білгірлігімен, адамгершілігімен көзге түседі. Бірте-бірте ол әкесінің орнын басып, патшаның ең жақын сенімді адамы болды. Патша енді мемлекет істерін соған тапсырады. Өгдүлміш ел басқару ісін әкесінен де жақсы жүргізеді. Ел-жұрттың бақ-дәулеті еселеп артып, ол басқарған мемлекет жайқалған тұста гүлстанға айналады.

Бір күні патша онымен әңгімелесіп отырып, Өгдүлмішке көмекші болатындай білгір, іскер адам керектігін айтады. Сонда Өгдүлмішке іске әбден лайықты бір туысқаны бар екенін ескертеді. Ол адамның аты Одғұрмыш екен. Патша Өгдүлмішке қалай да сол кісіні тауып, маған ертіп әкел деп өтініш жасайды. Өгдүлміш көп іздеп, ақыры Одғұрмышты табады. Бірақ ол бұл өмірдің бар қызығынан безіп, тәркі дүние жолына түскен дәруіш болып, тау кезіп кеткен екен. Дана-дәруіш бес күндік пәни өмірдің күйбең тіршілігіне қайтып оралғысы келмейтінін айтып, патша сарайындағы жоғары лауазымнан, абырой-атақтан, дүние-мүліктен бас тартады.

Патша Өгдүлмішті үш рет жұмсап, Одғұрмышты сарайға қайта-қайта шақырады. Бірақ дәруіш патша сарайына бармайды. Күнтуды үшінші мәрте шақырғанда дана-дәруішті қызметке емес, менімен жай әңгімелесіп, қонақ болып кетсін, бізге өсиет-ғибрат айтсын деп сәлем айтады. Сонда ғана ол патшаға келеді. Екеуі ұзақ сұхбат құрады. Бір-біріне сұрақ қойып, оған жауап береді. Содан кейін қайтадан дана-дәруіш дорбасын асынып, тауға қарай кете береді.

Ақылы көл-көсір дәруіштің бұл қылығы Өгдүлмішті ауыр ойға салады. Адам жасы келіп, қолына таяқ ұстанғанда бұл өмірдің күнделікті істерінен безіп, арғы дүниелік дәруіш болып кетуі керек пе? Өлде әркім өзінің ғұмыр бойы жасап келген жұмысын өле-өлгенше істей бергені жөн бе? Өгдүлміш осы сауалға жауап таппай, дел-сал болады. Ақыры, ол таудың үңгірін мекен еткен дәруіш Одғұрмышке барады. Дәруіш оған: «Бұл өмірде адамдар үшін еңбек ету – сауап іс, сондықтан өз міндетіңді бұрынғыша адал атқара бер», – деп кеңес береді. Өгдүлміш оған ризалығын білдіріп, өз қызметіне қайтып оралады.

Жылдар жылжып өте береді. Бір күні Одғұрмыш ауыр науқасқа шалдығып, Өгдүлмішті шақыртады. Ол келеді. Дәруіштің жазылмас кеселге ұшырағанына Өгдүлміш қатты қайғырып, өзегі өртене күйіп-піседі. Ақыры, дәруіш дүниеден өтеді. Ал Өгдүлміш өз ісін одан әрі жалғастыра береді. Дастанның хикаясы осымен бітеді.

Әрине, «Құтты білік» дастанының мән-мағынасы бұл қарапайым сюжетінде емес. Мұндай сюжет дидактикалық шығармаларда көмекші қызметін атқарады. Басқаша айтқанда, бұл дастанда көтерілген басты мәселе шығарма қаһармандары арқылы айтылатын автордың өсиет-уағыздары мен ғибрат сөздерінде, сұрақ-жауаптарында жатыр.

«Құтты білік» дастаны түркі тіліндегі жазба әдебиет әлі бай тәжірибе жинай қоймаған дәуірде жазылды. Әрине, бұл кезде Жүсіп Баласағұнға өз шығармасын араб, яки парсы тілінде жазу әлдеқайда жеңіл болар еді. Өйткені осы кезде араб-парсы тіліндегі Шығыстың классикалық әдебиеті мейлінше дамып, көркем образдар жасаудың ғажайып үлгілерін көрсетіп жатты. Оның үстіне «Құтты біліктің» авторы араб және парсы тілдеріндегі туындылармен жан-жақты

таным болды. Алайда Жүсіп Баласағұн араб-парсы поэзиясының дәстүрінен бас тартты. Ол өзінің ана тілінде, яғни түркі тілінде күрделі, көркем шығарма жазып, өзінше жаңа соқпақ жол салып, жаңа дәстүр тудырды.

Кітаптар көп арабша да, төжікше,
 Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше.
 Тек білікті білер мұның түйінін,
 Ақылды ұзақ ақыл-ойдың қиынын.
 Біл, түрікше жырмен жазып арнадым,
 Дұға қылсаң, мені ұмытып қалмағын.

«Құтты біліктің» авторы түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетінің кәусар бұлағынан еркін сусындады. Сол арқылы ақын халық фольклорының қыруар мол мүмкіндіктерін (көріктеу құралдарын, мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін, фразеологиялық сөз тіркестерін т.б.) жазба әдебиеттің төжірибесімен ұштастыра білді.

Дастанның басты қаһармандарының есімі Күнтуды, Айтолды деп аталуы да халықтың ежелгі наным-сеніміне байланысты болып келеді. Ислам діні тарағанға дейін түркітілдес елдердің Күнге, Айға табынғаны мәлім. Сондықтан мұндай атаулар көне дәуірде өмірге келген ауыз әдебиеті туындыларында жиі ұшырайды. Жүсіп Баласағұн ғұлама ақын ретінде ауыз әдебиетінің сан қилы жетістіктерін зор шеберлікпен пайдаланған.

«Құтты білік» дастанының авторы метафора, аллегория, гипербола, меңзеп яки астарлап сөйлеу сияқты көріктеу құралдарын зор шеберлікпен, білгірлікпен пайдаланып отырады. Сондықтан жырдағы сан қилы адам бейнелері, табиғат көріністері, қаһармандардың көңіл күйі мейлінше айқын, әсерлі шыққан.

Жүсіп Баласағұн ойшыл ақын ретінде түркітөктес халықтардың тағдырын табиғаттың осындай көктемгі жандану, ояну, қайта түлеу кезіндегі көріністеріне астарлап, меңзеп теңейді. Дастанда, әсіресе мал бағумен айналысатын рутайпалардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты афоризмдер, бейнелі сөздер, теңеулер, бейнелер көп ұшырайды. Мінез-құлқы әртүрлі адамдардың бейнесін жасау кезінде ақын қой, қасқыр, жылқы, сұңқар секілді жан-жануарларды, жайлау мен шөлді көбірек ауызға алады.

Бұл көркем шығарма бертін келе қазақ халқының этностық құрамына енген ру-тайпалардың ежелгі дәуіріндегі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін т.б. зерттеп білу үшін аса қажетті, құнды мұра болып табылады.

«Құтты білік» дастанының негізгі идеясы этикалық-дидактикалық бағыт-бағдарда екенін автор шығарманың басты қаһармандарымен оқушысын таныстыру арқылы аңғартады. Бүкіл мемлекетті басқарып отырған патшаның есімі Күнтуды болып, мұның өзін аллегориялық тұрғыдан әділдікті, шындықты бейнелеп көрсетеді. Ал патшаның уәзірі Айтолды бақыттың, дәулеттің символы ретінде көрінеді. Дастанда аспандағы Айдың дөңгеленіп толуы елдің бақ-дәулетінің кемеліне келгенін аңғартады. Өгдүлміш («Мақтауға тұрарлық») – ақыл-парасаттың бейнесі ретіне алынған. Ол – уәзірдің баласы. Одғұрмыш («Оятушы») бейнесі әрбір адам қолда барға қанағат ете білуі керек деген қарапайым қағиданы білдіреді. Сондай-ақ Одғұрмыш болашақтағы өмір о дүниедегі тіршілікті аңғартатын дәруіш бейнесінде алынған. Дастанның мораль, әдептілік, тәлім-тәрбие мәселесін арнайы сөз ететін тараулары бар. Соның өзінде, дастанның өн бойындағы барлық оқиғаларды автор этикалық-дидактикалық мәселелермен тікелей байланыстыра отырып жырлайды.

«Құтты біліктің» тарихи мәні. Жүсіп Баласағұн ел басқарған патшадан бастап, аспазға дейінгі барлық хан сарайы қызметкерлерінің түр-сипаты, мінез-құлқы, ақыл-парасаты, міндеттері, жауапкершілігі қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын өңгімені өмірші-патшаның өзінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, өнер мен білімге жетік, қолы ашық, пейілі кең, кек сақтамайтын болуы керек. Білім мен өнерден құралақан жандар әділ билік жүргізе алмайтынын айтады. Жүсіп Баласағұн ел басқаратын өміршіге, бекке мейлінше жоғары талаптар қояды. Бүкіл елге билік жүргізетін адам ақыл-парасаты мол, білімі терең, өнер мен білімді жоғары бағалайтын, кішіпейіл, ақкөңіл, жомарт, қарапайым халықтың қамын ойлайтын, «көзі тоқ», «сөзі шоқ», «тілі майда» жан болуы тиіс. Сонда ғана мемлекет гүлденіп, қазынасы алтын-күміске толады, халқы бақытты болады деген пікір айтады:

Ақылды бар, ақымақ бар, бар ғылым,
Бай-кедей бар, надан, аңқау, бар залым.

Бәрін соның алаламай бөлектеп,
Басқаратын қандай болу керек Бек?

Елі гүлдеп, байып бектің бағына,
Даңқы тарап, өссе халық саны да!

Қазына толып, күміс судай ағылса,
Шоқтығы өсіп, күшіне әлем табынса.

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен.

Бектің аты бар жаһанға тараса,
Күн-күн сайын құты артса тамаша.

Бектік үшін туған олар анадан,
Бектің сүтпен, іспен бойға тараған.

Бектің ісі тек бектердің еншісі –
Бектер ісін, ұғар бекке тең кісі.

Бек халықты тек білікпен сендірер,
Барлығын да ақылына жеңдірер.

Бек дегенің білікпенен берік тұр,
Білік кетсе, бек қалады – желік құр.

Жүсіп Баласағұн елді басқаратын әміршінің қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, қоғамдағы рөліне қатысты бұлардан басқа да көптеген талаптар қояды. Алайда ел басқарған адам қанша зерек, қанша іскер болса да күллі мемлекетті, барша, істі жалғыз өзі ойдағыдай басқара алмайды. Мемлекеттің күш-қуатын нығайтып, ұлыстар мен кенттерді гүлдендіре түсу үшін әкімшілік нығайып, ел дәулеті еселеп артуы үшін патшаға істің көзін білетін адал, білімді көмекшілер керек. Ақын мұндай көмекшілердің бірі – әміршінің кеңесшісі, оның көрер көзі, естір құлағы саналатын адамы, елдегі барлық істі қадағалап отыратын үзір екендігі айтылады. Ең бастысы, үзір мемлекет басшысының жарлығын халыққа, ал халықтың талап-тілегін әміршіге жеткізіп отырады. Әмірші мен қарапайым халық арасындағы қайшылықты да дер кезінде үйлестіріп, кілтін тауып шешіп отыратын да сол үзір:

Бекке үзiр керек, iстiң ұйытқысы,
Жақсы болса, тыныш бектiң ұйқысы.

Көтередi ол бектiң ауыр жүгiн де,
Бекiтетiн бектiктi өзi түбiнде.

Бiлiгi мол, ойы терең теңiздей,
Iс бiтiрсе, «кешiктiрдiң» дегiзбей.

Дiнге берiк, болсын әрi, иман, ар,
Сонда халық сенер, ерер, иланар.

Бектен кейiн елдiң басшы иесi,
Бекке iсте көп көмегi тиесi.

Ақ ниеттi, ақ жүректi тектiлер,
Жұртын қолдап, елдi ұшпаққа жеткiзер.

Қылығы адал, тiлiне сай көңiлi,
Шыншыл, арлы, Күн сипатты көрiгi.

Үзiрi iзгi болса, ел бағы ашылар,
Құтты халық бектiң даңқын асырар.

ТІЛ ӨНЕРІНІҢ ҚАСИЕТ-СИПАТЫ МЕН ПАЙДА-ЗИЯНЫ

Ақыл, бiлiм тiлмашы – тiл, тiл – кепiл,
Жадыратар ердi шырын тiлдi бiл!

Тiл қадiрлi етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тiл, кететұғын бас болар.

Тiл – арыстан, есiк баққан ашулы,
Үй иесi, сақтан, жұтар басыңды!

Не дейдi ұққын, тiлден жапа шеккен ер,
Сөз бұл есте тұтып, iсте ескерер:

«Тiлiмнен көп жапа шектiм, есебiм:
Бас кесiлмес үшiн тiлдi кесемиң!
Бiлiп айтқан сөз бiлiктi саналар,
Бiлiксiз сөз басыңды жеп, табалар.

(Бiлiп айтқан сөз даналық деседi,
Бiлiксiз сөз қайран басты кеседi!)

Көп сөйлеуден артық пайда көрмедiм,
Және сөйлеп және ештеңе өнбедi!

Көп сөйлеме, аз айт, бірер түйірін,
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.

(Көрген емен көбік сөзбен оңғанды,
Тобықтай түй тоқсан ауыз толғамды!)

Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар,
Көп сөз басты иіп жерге, жеп тынар.

Көп сөйлесең, «езбесің» деп жек көрер,
Сөйлемесең, «мылқау екен» деп сөгер!

Бұлай болса, тек шеберлік керегің,
Тілді, ширақ болсаң, өсер беделің!

Тіліңді бақ, басың аман болады,
Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады.
(Тілді күтіп, бақсаң, аман басың да,
Сөзді қысқа қылсаң, ұзын жасың да!)

Зияны көп, пайдасы мол ақталар,
Сондықтан тіл мақталар да датталар!

Біліп сөйле, сөзіңде сөл, өң болсын,
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын!



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Жүсіп Баласағұнға «Хас Хажыб» атағын кім берді? Не себепті? «Хас Хажыб» деген атаудың мағынасын қалай түсінесіңдер?



2-тапсырма. «Құтты біліктің» тақырыбы мен идеясына мән беріп, сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар.



3-тапсырма. «Құтты біліктің» басты идеясын анықтаңдар. «Құтты білік» кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. «Құтты біліктің» зерттелуі туралы деректерді пайдаланып, неге Каир, Вена, Наманган нұсқалары деп аталғанын анықтаңдар.



5-тапсырма. Мәтінді тыңдап, үзіндідегі кейіпкерлерге мән бере отырып, «Құтты білік» кейіпкерлері туралы ұғымдарды дәптерлеріңе теріп жазыңдар. **Уақыты – 15 мин.**



6-тапсырма. Дастанның сюжеттік желісіне назар аударып, Айтолдыға мінездеме жазыңдар.



7-тапсырма. Төмендегі үзіндіні негізге ала отырып, «Құтты білік» дастанының идеясы мен авторының стиліне баға беріңдер.

Кітаптар көп арабша да, төжікше,
Біздің тілде бұл жалғыз-ақ өзірше.
Тек білікті білер мұның түйінін,
Ақылды ұзақ ақыл-ойдың қиынын.
Біл, түрікше жырмен жазып арнадым,
Дұға қылсаң, мені ұмытып қалмағын.



8-тапсырма. Шығарма сюжетімен таныса отырып, «Құтты білік» мазмұнын аша алатын бес түйін сөзді дәптерлеріңе жазыңдар.



9-тапсырма. Осы түйін сөздерді пайдалана отырып, «Құтты білік» дастанының зерттелуі туралы эссе жазыңдар.



10-тапсырма. Хрестоматиядан төменде көрсетілген үзіндінің жалғасын тауып оқып, ұрпақтар сабақтастығы идеясының өміршеңдігіне баға беріңдер.

Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.
Ақыл болса, асыл болар – болса ер,
Білім болса, бектік қылар – қылса ер.



11-тапсырма. Шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жаз.



12-тапсырма. «Құтты білік» дастаны идеясы мен тақырыбын өздерің білетін әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазыңдар.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Шешендік сөздер – қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанр. Нақышты нақыл сөздің басқа түрлерінен айырмасы – көбіне дауласу үстінде, билік шешім айтылған кезде немесе екі кісі тілдесіп, сөз қағысқан кезде туған. Шешендік сөздерге тауып айтылатын ұтымды, өткір жауаптар, қағытпа сөздер (реплика) нәр береді, оның өзегі болады. Елдің жадында өзгермей сақталып, үнемі айтылып жүретіні де осы тақпақтап келетін тұстары. Ал оның қай жағдайда, кімнің қандай сөзіне орай туғаны еркін баяндалып та айтыла береді. Мұндай шешендік сөздер белгілі бір адамның атына таңылады. (Майқы, Асан, Жиренше, Жәнібек, Төле, Қазыбек, Сырым т. б.).

Шешендік сөздер жанрлық белгілеріне қарай шешендік дау, шешендік толғау, шешендік арнау деп жіктеліп жүр. Бірақ жоғарыда берілген сипаттауды ескермей, толғау жырдың немесе арнау сөздің бәрін жанрға жатқыза беру орынсыз болар еді. Сонымен қатар шешендік сөздердің саналуан түрлерін дау үстінде айтылған кесім сөзбен (билер сөзі) шектеу де тарлық етеді. Қырқыншы жылдарға дейін билер сөзі деген атау әдебиеттану ғылымында қолданылып келді. Асылында, қазақ әдебиетінде шешендік сөздің аясы



Нұр-Сұлтанда үш биге қойылған ескерткіш

өлдеқайда кең. Тек дауласу, сөзбен қағысу, пікір таласу түріндегі шешендік сөзді бөлек алғанның өзінде де, шешендік сөз қазақтың өмірінде неше алуан жағдайларда туып отырғанын, кеңінен қанат жайғанын көреміз. Шешендік сөздерді құрылыс-қалпы, ырғақ-әуендері жағынан да екі салаға бөлуге болады: ырғақты қарасөзге құрылған пернелі сөз түрі және белгілі өлшемі бар, жыр түріне жақын термелі сөз түрі. Сонымен бірге нағыз өлең-жыр үлгісін берік сақтамай, еркін құрылып, ерікті өлең түрінде де кездеседі. Бірақ ұйқас, қай түрінде болсын, қолданылады. Ал тармақтары түйдектеліп, әрқалай топтасады.

Қазақ халқының шешендік өнерінің алғашқы нұсқалары түркі халықтарының Орхон-Енисей ескерткіштері мен көне жазба мұраларынан табылған. Мұнда Қорқыт айтқан нақыл сөз жазылған. Көне жазба мұраларында М. Қашқари, Ж. Баласағұни, А. Иүгінеки, С. Сараи, Құтып, А. Әл-Хорезми айтқан даналық сөздер табылған. Шешендік өнердің бастауы мен даму кезеңдері «Жеті жарғы» заңына байланысты. «Жеті жарғы» заңы Солон (Афинының (Ежелгі Грекия) саяси қайраткері және әлеуметтік реформаторы) заңымен ұқсас. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бәрінде де көркем айшықталған тіл өрнектері аса мол. Шешендік сөздерді халық белгілі бір аяулы аруының, ардагер асыл азаматтың есімдерімен қабыстыра қозғайды. Олардың санатына Жиреншеден бастап тарихқа танымал Ұлы жүздің атақты Төле биін, Орта жүздің Қаздауысты Қазыбек биін, Кіші жүздің Әйтеке биі мен бертіндегі Сырым батырын қосып, сол есімдерге байланысты өнегелі сөздерді шарапатты дұға есебінде ұсынады. Шешендік сөздер терең мағыналы, ой ұшқырлығымен шешендікті дәріптейтін дуалы сөз үлгілері ғана емес, халық даналығының дүниетанымдық тәлім-тәрбиелік, мән-маңызы өлшеулі асыл қазынасы болып табылады.

ШЕШЕНДІК СӨЗ – қазақ ауыз әдебиетінің жанры, ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз.

Б. Абылқасымов

Шешендік өнер 5 кезеңге бөлінеді:

1. Майқы би мен Аяз биден басталады (XII–XIII ғасыр).

2. Асанқайғы мен Жиреншенің кезеңі (XIV–XVI ғасыр).

Осы екі дәуірдің шешендерін «Ел құрасқан шешендер» деп атайды.

3. «Ел қорғасқан шешендер» (XVII–XVIII ғасыр) – Төле би, Қазыбек, Әйтеке бидің уақытын атайды.

4. Хан, сұлтандарға қарсы шешендер (XVIII ғасыр) – Байдалы, Өз Жәнібек, Тіленші би, Шалқар би, Тарақты Тұяқ.

5. Би, болыстарға қарсы шешендер (XIX ғасыр) – Махамбет, Бала би, Тұрысбол, Сырым батыр.

Қазақ шешендік өнерінің тарихы тым әріге кетсе де, оны теориялық тұрғыдан толық зерттеу А. Байтұрсынұлынан басталады. Кезінде Ш. Уәлиханов, С. Сейфуллин, М. Әуезовтер шешендік сөздерді жинап, билер сөзінің тәрбиелік мәнін, философиялық сипатын, билердің қоғамдағы орнын түсіндіріп берді. Кейін Ө. Мәметова, Б. Адамбаев т.б. билер шешендігін арнайы тақырып етіп алып, кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл еңбектерде шешендік өнер бір ғана кезең, яғни XVII – XIX ғасырлар арасын қамтиды да, осы кезеңде өмір сүрген билердің шешендік сөздері тарихи әлеуметтік мәні, тақырыптық мазмұны жағынан талданады.

Өз кезінде жырау-шешендер, би-шешендер, ақын-шешендер артына ғибратты сөздер қалдырғанымен, шешендік сөздерді теориялық жағынан тұжырымдаған жоқ.

Ал А. Байтұрсынұлы зерттеулері – қазақ шешендік сөзінің сипаты мен түрлері, тілдік көркемдік белгілері туралы жазылған алғашқы еңбек. 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде шешендік өнерді сөз өнеріне жатқызып, сөз өнерінің ішкі және тысқы қалпын теориялық жағынан толық негіздеп береді.

Тірек сөздер: шешендік өнер, билер сөзі, шешендік сөз.



МАЙҚЫ БИ

Майқы би (XII – XIII ғ.ғ.) – аңызға айналған, түркі халықтарына тегіс төрелік айтқан тарихи тұлға, атақты би, шешен. Ол – әділ билігімен, тапқыр шешендігімен бүкіл қазақ қауымына танылған адам. Халық арасында: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген сөз бар. Майқы есімі қазақтардың шығу тегіне қатысты көптеген аңыз-өңгімелерде кездеседі және Дешті Қыпшақта түркі қауымдарының негізін құрушы ретінде айтылады.

Ел аузындағы аңыз-өңгімелерге қарағанда, ол қазақтың үш жүзге бөлінуі кезеңінде үлкен рөл атқарған. Ол өңгімелерде Майқы би Ормамбет би өліп, он сан ноғай елі бүлінгенде қазақ ұлысын құрған тарихи қайраткер ретінде көрсетіледі. Майқы би ұлысқа кірген 40 руға таңба таратып, таңбаны әр рудың ерекшелігіне қарай белгілеген екен. Мәселен, ұлыс туын ұстаған үйсінге – «жалау», ортада жүрген арғынға – «көз», жауға алдымен шабатын алшынға – «найза» таңбасын берген. Аталмыш қырық рудың таңбасын жартасқа қашатқан. Кезінде «Майқының таңбасы» деп аталған бұл таңбалы тас кейіннен жер атымен «Нұра таңбасы» аталып кеткен. Майқы би қазақ ұлысын құра отырып, кейінгі ұрпақтарына: «Хан ақылды, әділ болса, қарашасы ынтымақты, батыл болса, қара жерден су ағызып, кеме жүргізеді... Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, ел болуды ойлаңдар» деп өсиет қалдырған. Аңыз деректеріне қарағанда, Майқы бидің өз заманында ел қамын ойлайтын үлкен ойшыл адам болғаны аңғарылады. Халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдыруда Майқы бидің орны ерекше болған.

Халық арасында Майқының бірқатар нақыл сөздері мен ой-толғамдары сақталған. «Майқы би айтыпты» дейтін мақал, нақылға айналып кеткен сондай аталы сөздердің кейбіреулері мыналар:

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Би екеу болса, дау төртеу болады.

Дауыл болмай, жауын болмас,

Даулы болған қауым болмас.

Егіз ешкі сауын болмас,

Екі жалқау ауыл болмас.

Естіге айтқан тура сөз,
Шыңға тіккен тумен тең.
Есерге айтқан тура сөз,
Құмға сіңген сумен тең.

Ақиық қыран қартайса,
Жас жағалтайдан тепкі жейді.

Хан әділ болса, халық ынтымақты болады.

Бірлік түбі – береке.

Жаман әйел ер қадірін білмес.

Хан – халықтың қазығы.

Уәзіріне сырын алдырған хан – қақпанға түскен аң.

Таста тамыр жоқ, ханда бауыр жоқ.

Дау арашасыз болмас, хан қарашасыз болмас.

Сараң үйге кісің түспесін, парақор биге ісің түспесін.

«Кімнен кім туады?» деген сұраққа Майқы би былай деп жауап берген екен:

– Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады,
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады,
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжақбас туады,
Таздан жарғақбас туады,
Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады.

Майқы би әрқашан халықтың шешендік сөздері мен мақал-мәтелдеріне сүйене сөйлеген. Ол халық бірлігін бәрінен де жоғары қойған. «Бірліксіз тірлік жоқ» деген аталы сөз де Майқы бидің аузынан шыққан. Майқы бидің пікірінше, мемлекет халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы бойынша басқарылуы тиіс. Ұмыт болған дәстүрлердің де өзіндік мән-мағынасы бар.

Майқы би ұзақ ғұмыр сүріп, 120 жасында қайтыс болған.

Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Шешендік сөз дегеніміз не? Шешендік сөздердің нақыл сөздерден қандай айырмашылығы бар? Шешендік сөздер жанрлық ерекшеліктеріне қарай қалай жіктеледі?



2-тапсырма. Шешендік сөздерді құрылысына қарай қалай жіктейміз? Шешендік өнер кезеңдерін айтып беріңдер.



3-тапсырма. Майқы би шешендік сөздерінің басты идеясы неде?



4-тапсырма.
Естіге айтқан тура сөз,
Шыңға тіккен түмен тең.
Езге айтқан тура сөз,
Құмға сіңген сумен тең, – деген Майқы бидің өнегелі ойына мән бере отырып, төменде көрсетілген көп нүктелердің орнына сөз оралымдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

.....

..... бұмен тең.

.....

..... нумен тең...



5-тапсырма. Берілген шешендік сөз үзіндісін оқып, Майқы биге мінездеме жазыңдар.
... Халқыңды билеместен бұрын, өз ордаңды билеп ал. Ордаңды жұмған жұдырықтай берік ұстасаң, халық ешқайда қашпайды. Хан өздігінен өлім жазасын қолданбасын. Өлім жазасын шешетін халықтың өзі болсын.



6-тапсырма. Қазақ әдебиетіндегі Майқы бидің тарихтағы орнына баға беріңдер.



7-тапсырма. Майқы би сөздерінен көріктеу, айшықтау құралдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар. Майқы бидің сөз қолданысына баға беріңдер.



8-тапсырма. Майқы би сөздерінің идеясы мен тақырыбын анықтаңдар.



9-тапсырма. Майқы би сөздерін өзге шешендер сөздерімен салыстыра отырып, тарихи құндылығына баға беріңдер.



10-тапсырма. Майқы би сөздерін өздерің білетін әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазыңдар.



11-тапсырма. Мәтінді тыңдап, түсінген мәліметтеріңді өз ойларыңмен дәптерлеріңе жазыңдар.

Уақыты – 15 мин.



12-тапсырма. Мәтінді тыңдап, «Шыңғысхан», «Майқы би» тақырыптарының біріне эссе жазыңдар.


Уақыты – 25 мин.



МӨҢКЕ БИ

Мөңке би Тілеуұлы – белгілі би, Өбілқайыр хан кеңесшілерінің бірі, жырау. Шамамен 1675 жылы дүниеге келген, қайтыс болған жылы белгісіз.

Ататегі – шежіре бойынша өз әкесі Тілеу, әрі қарай Айт, Бөлек, Қалу, Сирақ, Мұса хан, Уақас би, Нұраддин болып жалғаса береді. Өбілқайыр хан дүние салған соң, Нұралы ханның билігін тану туралы Елизавета Петровнаға жазылған хатқа Орта жүздің беделді



адамдары Жәнібек тархан мен керей Наурыз би бастаған топпен, сондай-ақ Кіші жүздің 30 би-батырларымен бірге қол қойған. Мөңке би өз заманында ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла, келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және дала даналығының көрінісі іспетті ой-тұжырымын тағылымды поэтикалық жырға айналдырған жырау ретінде танылды. Мөңке бидің философиялық толғаулары, риторикалық сұрақ-жауап, болжау, билік, кесім, шешім түріндегі мұралары өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Көшпелі тірліктің тіні бұзылмаған қоғамда заман аңысын аңдап, оның келешек кескін-кейпін дәл болжай білу – Мөңке би шығармашылығының басты белгісі. Оның:

«Түрлі-түрлі халық болады,

Күндіз-түні жарық болады...

Дүниенің жүзіне өре мен темірден жол тартылады...

Адам ақысыз жұмыс істемейді,

Дүниені түрлеп кестелейді», – деген толғау жолдарынан келер күнді болжаған сәуегейлігі байқалады.

ТӨРТ ТЕНТЕК

Мөңке бидің бала кезінде бір бай жоқ сұрау үшін көш алдында келе жатып, ауылдың жанында асық ойнап жатқан бір топ балаға жолығыпты. Балалардың бірі байдың атын үркітеді. Оған бай ашуланып, әлгі баланы қуалайды. Байдың мінгені асау байтал екен. Байтал баланың желбіреген көйлегінен үркіп мөңкиді. Мөңкіп жүргенде, байдың басынан

бөркі ұшып түседі. Байтал одан бетер тулап, байды жығып кетеді. Бай қаза табады. Сонан кейін байдың тумалары және елінің игі жақсылары жиналып келіп, балалардың елінен құн сұрайды. Екі ел келісе алмай, кеңес бірнеше күнге созылады. Мөңке сол ауылдың баласы екен, жиналған көпке келіп Мөңке бала былай депті: «Иә, аға-билер, сіздер бұл кеңесті тым ұзаққа создыңыздар ғой және бір шешімге келе алмадыңыздар. Осының билігін маған берсеңіздер, мен тез бітірер едім», – депті. Көпшілік баланың ықыласына риза болып, бірауыздан: «Билікті бердік, ал айта ғой», – десіпті. Сонда Мөңке би былай депті: «Бұл шалдың өліміне кінәлі ел емес, тентек. Ал мұнда тентек – төртеу. Меніңше, сол төрт тентек құнды бөліп төлесін және ердің құны жүз жылқы болсын», – депті. Бұл билікке екі жағы да түсіне алмай: «Тентек кімдер?» – депті. Сонда Мөңке бала: «Бірінші, мың жылқыдан бір жуас ат таба алмағандай, асау байталға мінген және елде адам құрығандай асық ойнаған балалардан жөн сұраған бай – тентек. Екінші, адам көрмей жүргендей, баладан үркіп тулап байды жығып өлтірген байтал – тентек. Үшінші, ұшып түскен бөрік – тентек. Төртінші, байталды үркіткен бала – тентек. Мінеки, осы төртеуі құнды бөліп төлейтін болсын», – депті. Осы билікке екі жағы да разы болып, балалардың ауылы құнның төрт бөлігінің бірін – жиырма бес жылқы төлеп құтылыпты. Мөңке баланың би болуына осы билік басты себеп болыпты.



ӘНЕТ БАБА

Әнет баба Кішікұлы – өз заманында «билердің биі» атанған оқымысты ғұлама, мемлекет қайраткері, ірі тарихи тұлға. Ұзақ жасап, тоқсан жеті жасында дүние салған адам.

Аты аңызға айналған Әнет бидің есімін заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов өзінің тұңғыш туындысы «Еңлік – Кебек» драмасында атап кеткен болатын. Оған қоса Шөкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» дастанында кемеңгер қария ретінде суреттеледі. Әнет бабадан кейінгіге мұра болып қалған билік, шешендік ақыл, нақылдары аз емес.

«Үш арсыз», «Үш ғайып», «Үш даусыз», «Үш қадірсіз», «Үш жаман», «Үш күшті», «Үш төтті» деген нақыл сөздері ел арасында былайша дүниеге келген екен.



НЕ АРСЫЗ? НЕ ҒАЙЫП? НЕ ДАУСЫЗ?

Күлтөбеге жиналған ел:

– Баба, дүниеде не арсыз, не ғайып, не даусыз, не қадірсіз, не төтті, не күшті, не жаман? – деп жеті сұрақ қойыпты. Сонда данагөй баба жеті сауалға үш-үштен жұптап былай деп жауап береді:

– Үш арсыз бар: ұйқы – арсыз, тамақ – арсыз, күлкі – арсыз. Үш ғайып бар: ажал – ғайып, қонақ – ғайып, несібе – ғайып. Үш даусыз бар. Олар мыналар: мінез, көрілік, ажал. Үш қадірсізге жігіттік, денсаулық, әйел жатады.

Әнет баба «қадірсіз» деп адам баласы жас шағында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе өкінеді дегенді айтып отыр.

– Үш төтті бар. Олар: жан төтті, мал төтті, жар төтті. Үш күшті бар: ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті. Сондай-ақ үш жаман бар: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу. Міне, бұдан сақ болыңдар, – депті.

«Жеті жетім» туралы Әнет би былай деген екен:

Сөз жетім – ынтаменен тыңдалмаса,
 Бөз жетім – киілместен тозған болса.
 Жер жетім – иесі жоқ қалған болса,
 Ел жетім – жақсы басшы арман болса,
 Көл жетім – қаз қонбаса, құстар ұшып,
 Ер жетім – жеке қалса тізе құшып,
 Болмаса замандасың тойға барма,
 Басыңа жалғыздықтың торы түсіп.

Ал «жеті қазынаны» халық Өнет бабадан сұрағанда, мүдірмей былайша жауап берген екен:

– Ер жігіт, сұлу әйел, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр ит.

Сонда біреу тұрып:

– Баба, қазақта тағы бір мақал бар, «Бала – белде, әйел – жолда», – дейді.

Ер жігіт әйелді жаудан барып олжалап алады, айттырса, қалыңмалына қырық жылқы айдап апарып береді. Қазақта тағы бір мәтел бар, «Қойныңдағы әйеліңе сенбе» дейді. Тағы айтады «Атың жаман болса, сатып құтыларсың, әйелің жаман болса, қайтіп құтыласың?». Соған қарағанда, әйелді «жеті қазынаның бірі» деу дұрыс бола қояр ма екен?

– Әйел жеті қазынаның бірі ғана емес, біріншісі болуға тиіс, – депті Өнет баба сонда. – Дүниедегі барлық тіршілік атаулының анасы – әйел. Сондықтан оған тіл тигізуге де, қол тигізуге де болмайды. Пайғамбарымыздың өзі әйелдерді қатты құрмет тұтқан. Ал бірді-екілі ауылдың бейпілауыздары әйел туралы жаман сөз айтар болса, ондайларға тыйым салу керек, – дейді.

Иә, аз сөзбен мол мағыналы ой айтқан мұндай данагөй бабаларымыздың әрбір сөзі – таптырмас құнды қазына. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен осындай асылдарымызды жадымызда сақтау – бізге парыз. Жоғарыда айтылған даналық сөздері – Өнет бабаның бір-екі жиында айтқан нақыл сөздері. Онан басқа бабамыздың келер ұрпаққа қалдырған мұрасы ұшан-теңіз.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. «Төрт тентек» шешендік сөзіндегі «төрт тентек» ұғымына әдеби талдау жасаңдар.



2-тапсырма. «Үш арсыз», «Үш ғайып», «Үш даусыз», «Үш қадірсіз», «Үш жаман», «Үш күшті», «Үш төтті» ұғымдарын анықтауда психологизм қалай көрінеді? Мәтіннен тауып оқып, өз ойларыңды дәлелдендер.



3-тапсырма. Хрестоматиядағы Әнет баба туралы деректермен танысыңдар. Әнет баба бейнесінің көркем шығармадағы орнын анықтаңдар.



4-тапсырма. Мәтін үзіндісін мұқият оқыңдар.

Күлтөбеге жиналған ел:

– Баба, дүниеде не арсыз, не ғайып, не даусыз, не қадірсіз, не төтті, не күшті, не жаман? – деп жеті сұрақ қойыпты.

Сонда баба жеті сауалға үш-үштен жұптап былай деп жауап береді:

– Үш арсыз бар: ұйқы – арсыз, тамақ – арсыз, күлкі – арсыз. Үш ғайып бар: ажал – ғайып, қонақ – ғайып, несібе – ғайып. Үш даусыз бар. Олар мыналар: мінез, көрілік, ажал. Үш қадірсізге жігіттік, денсаулық, әйел жатады.

«Қадірсіз» дегенде, бұл жерде Әнет баба адам баласы жас шағында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе өкінеді дегенді айтып отыр.

– Үш төтті бар. Олар: жан төтті, мал төтті, жар төтті. Үш күшті бар: ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті. Сондай-ақ үш жаман бар: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу. Міне, бұдан сақ болыңдар, – депті.

Өздерің «Үш арсыз», «Үш ғайып», «Үш даусызға» бүгінгі күні нені жатқызар едіңдер? Ойларыңды сыныптастарыңмен бірге талқылай отырып, қорытындылап жазып, айтып беріңдер.



5-тапсырма. «Ер жігіт, сұлу әйел, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр ит», – деп Әнет баба айтып кеткен «Жеті қазынаға» мән бере отырып, болашақтың «Жеті қазынасын» атап, жазып беріңдер. Кешегі күннің, бүгінгі күннің, болашақтың «Жеті қазынасы» деп бөлуіміз не үшін қажет деп ойлайсыңдар?



6-тапсырма. Әдебиеттегі Мөңке би бейнесінің тарихтағы рөліне талдау жасаңдар.



7-тапсырма. Хрестоматиядағы Мөңке би толғамдарымен танысып, көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.



8-тапсырма. Хрестоматиядағы Мөңке бидің шешендік толғамдарымен танысып, «Мөңке бидің мәнді сөздері» тақырыбына шығарма жазыңдар.



9-тапсырма. Майқы би мен Әнет баба шешендік толғамдарын салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына талдау жасаңдар.



10-тапсырма. Мөңке би толғамдарына зер салып, заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.

Мөңке би заманы	Бүгінгі заман



11-тапсырма. «...Дүниедегі барлық тіршілік атаулының анасы – әйел» деген шешендік сөз идеясына мән бере отырып, ғаламдық тұрғыдан талдап, «Қыз бала – ұлттың болашағы» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



12-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен Әнет баба шешендік сөздерін түркі тілдес халықтардың нақыл-толғамдарымен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазыңдар.

ТӨЛЕ БИ

(1663 – 1756)

Төле Әлібекұлы – қазақ қоғамының қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, Қазыбек, Өйтеке бидің қолдауымен үш жүзге төбе би болған ақылман. Артында «бүтін билікке Төле би жеткен» деген сөз қалған тарихи тұлға. «Жеті жарғыны» жасаушылардың бірі. Әлібекұлы Төле бидің атасы Құдайберді би Есім хан мен Тұрсын хан өзара тіл табыса алмай ерегiскен кезінде Есім ханды қолдаған (Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-түқияннан өзіме дейін» кітабынан). Яғни Есім хан тұсындағы халық аузында «Есім ханның ескі жолы» атанып кеткен қазақ халқының заңдар жинағын құрастыруға қатысқан билердің бірі деп айтуға толық негіз бар.



Ә. Бұхарбаев.
«Төле би»

Төле би 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірінде туған. Ұлы жүздегі дулат тайпасының жаныс руынан. Төле балалық шағынан бастап әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды, қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен төлім алады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі.

Төле би Қаздауысты Қазыбек би, Өйтеке билермен бірге Тәуке ханды хан етіп көтеруге, үш жүздің ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп бірегей Қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға атсалысты. Тәуке хан Төле биді Ұлы жүздің бас биі еткен. Төле би, Қазыбек би, Өйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы болып табылатын «Жеті жарғының» қабылдануына еңбек сіңірді. Ордабасы жиыны кезінде Төле би басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруге ұйытқы болды. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында оңтайлы саясат жүргізген Абылай ханды өкіл бала етіп тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Төле бидің қызметі орасан.

ЕРДІҢ БАҚЫТЫ – ӘЙЕЛ

«Балама әйелді өзiм таңдап алып беремiн. Малына, байлығына қызығып, ешкiмге құда болмаймын. Келiндi асықпай ел арасынан iздеймiн. Бұйрық болып, кездесе көрермiн. Ырыс та, бақыт та, Қызыр да – әйелде. Әйел қызырлы болса, үйiңнен жақсы адам кетпейдi. Мысалы, берекелi үйге кiм келмейдi? Жақсы әйелдiң арқасында ердiң даңқы артады. «Би бол, би болмасаң, би түсетiн үй бол» деген. Би түскендей үй болу – әйелден. Ол әйелдi халық та жақсы көредi, кембағал, қайыршы да жақсы көредi. Жақсы кiсiнi жұрт жек көре ме? Әйелi жақсы болмай, ер оңбайды. Ердiң бақытын кетiретiн де – әйел, ерге бақыт өперетiн де – әйел». Осындай ой құшағында жүрген Төле биге түрiкмен елiнен елшi келiп:

– Бiр жылдан берi бiтпей жатқан дауымыз бар едi, соған билiк жасаңыз, – деп шақырады. Жер шалғай болса да Төле би Түрiкмен елiне барып, дауласқан екi жақты татуластырып қайтады. Аттары болдырып, шөлдеп-шөлiркеп келе жатқан жолаушылардың алдынан бiр топ атты қыз-келiншек көрiнедi. Ол топтың iшiнде Данагүл дейтiн кедейдiң қызы да бар едi. Жалғыз көк шолақ атына мiнiп, байдың қыздарымен тойдан қайтқан бетi едi деседi.

– Әй, апайлар, тоқтаңыздар, аттарыңыздың басын тартыңыздар. Жоғары жақтан бiрқатар аттылар келе жатыр, алдынан кесе-көлденең өтпейiк. Үлкендердiң алдын кесiп өту дұрыс болмайды. Олар – ел қорғайтұғын, жер қорғайтұғын ерлер. Кiм бiлiптi, араларында ақылы асқан ақылды, данышпан қариялары бар шығар, ашулы, арынды батырлары бар шығар. «Ер сыйлаған есiкте қалмас» деген. Өлi-ақ бәрiмiзде бiр-бiр үйдiң иесi боламыз. Шарапат-жақсылығы тиер, үлкен кiсiлердiң батасын алып, алғысына бөленейiк. Апалар, аттарыңыздың басын тартыңыздар, тосып тұралық. Атты кiсiлер алдымыздан кесiп өтсiн. Сонан соң жүрсек те, ауылымызға жетермiз, – дейдi Данагүл. Қызыл-жасыл кiген қыздар жол кеспей, иiрiлiп тұрып қалады. Топ алдындағы Төле би мұны алыстан көрiп, байқап келе жатады. Қызыл-жасыл киiнген қыздардың деңгейiне жетiп, алдарынан өтiп, ат ала кел дерлiктей жерге ұзап кеткен соң, қасындағы жолдастарының бiреуiне:

– Анау алдымызды кеспей кейіндеп қалған балаларды шақырып келші, – деді. Ол шауып барып, қыздарды шақырып келді. Жақындай бергенде Данагүл атынан түсіп жаюлап:

– Апалар, бөріңіз де аттан түсіңіздер. Жаюу барып сәлем берейік. Үлкен кісілерге атпен тасыраңдап жетіп барып сәлем бергеніміз ұят. Бұл кісілер – ешуақытта да кездеспейтін кісілер. Жолымыз болады екен, – деді. Барлық қыз аттан түсті. Жаюу жүріп келіп, бәрі басын иіп, сәлем берді. Төле би:

– Қарақтарым, өркендерің өссін, бақытты болыңдар. Қай ауылдың баласысыңдар? – дейді қуанып.

– Сыйқым ауылының баласы едік.

– Сендер алыстан бізді көріп, тосып тұрдыңдар. Өлдеқашан өтіп кететін уақыттарың болып еді. Не себептен тосыңдар, соны айтыңдаршы? Қыздар жауап таба алмай Данагүлге қарады. Ол:

– Аталар, біз сіздерді алыстан көріп, аталарымыз бен ағаларымыз шығар. Араларында ер бастаған батыр бар шығар, сол ерге ақыл айтқан ақсақалы бар шығар. Өкеміздей үлкен, қызырлы адамы бар шығар деп алдарыңыздан өтпей тосып тұрдық. Үлкен кісілердің батасын алалық, жақсыны көрмек үшін, көрмеген аталарымыз, ағаларымыз болса көрелік. Аты-жөнін білейік деп, тосып тұрдық, – деді.

– Қарағым, балам, атың кім? – деді Төле би.

– Атым – Данагүл, ата.

– Өкеңнің аты кім?

– Өкемнің аты – Алакөз.

– Жақсы, шырақтарым, өркендерің өссін, Құдай тілеулеріңді берсін. Жарайды, енді аттарыңа мініңдер, – деп Төле би батасын беріп жүріп кетті.

– Тарт сыйқым ауылына, – дейді былай шыға бере жолдастарына. Сыйқым ауылына жақындап келгенде бір серігін шаптырды.

– Бар, Алакөзге. Ауқатты адам ба екен, нашар адам ба екен? Қандай адам екен? Хал-жайын біліп, біз жеткенше қайта орал, – дейді. Шапқыншы бәрін біліп қайта оралды.

– Ой, биеке, Алакөз деген кедей адам екен. Байдың жылқышысы көрінеді.

- Үйі қайсысы?
- Үйі – анау шетте тұрған қараша үйі.
- Жүр, мені ертіп барғын, – дейді.

Шапқыншы ертіп барды. Алакөздің үйі қырық жамау, тесік-тесік, ішінен қараса, сырты көрінетін қараша үйі екен.

- Алакөз қайда?
- Анау құдық басында мал суғарып жүр.
- Шақырып кел.

Орта жастағы әйел шапқыншыға шидің ішінен бір тостаған айран ұсынды. Шөлдеп келген адам айранды тұшына жұтып, басын көтере бергенде, үйге ұзын бойлы, отыз бес-қырықтың ар жақ, бері жағындағы жігіт ағасы кіріп келді.

- Ассалаумағалайкүм!
- Уағалайкүмассалам! Иә, Алакөз деген сен боласың ба?
- Мен боламын.
- Сен болсаң, ауылыңа мейман келді. Төле биді білесің бе?
- Ойбай, білмегенде ше? Оныңыз не дегеніңіз? Төкеңді кім білмейді?! Ол кісіні бүкіл қазақ түгілі, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен түгел біледі емес пе?!

– Ал енді сол Төкең мына Түрікмен жақтан келе жатыр еді. Бүгін сенің үйіңе қонақ болады. Қонақты қарсы алуға жағдайың бар ма, батыр?

– Ойбай, бар жағдайым. Ол кісіні Құдай айдап біздікіне келсе, одан артық бақыт бар ма? Байларға бармай, біздікіне келгеніне мың мәрте шүкіршілік етеміз.

– Ал, бөйбіше, қамдан. Байдан бір мал сұрап әкелейін. Шапқыншы қайта шауып кетті. Алакөз де атына мінді. Келін сәлем беріп, Төле биді серіктерімен үйіне әкеп түсіреді. Алаша, киіз жетпеген жерге қамыс төседі. Үй кісіге толды. Жалғыз сиырының айранына суды қосып жіберіп шалап жасап, бір-бір тостағаннан сусын ұсынды. Біреулерді жүргітіп, байлардың үйінен самауыр, қарызға нан алдырды. Ауыл хабарланып, жиналып қалды. «Ой, Алакөздің үйіне Төле би келіп түсті. Қасында бір топ жолдасы бар» деген хабар байға да жетті. Домаланып ол да келді. Келіп, «О, Төке» – деп сәлем беріп шуылдасып жатыр.

– Төке, біздің үйге неге түспедіңіз? Мынау балаңызды ұялтқаныңыз қалай?

– Халқым үшін мен Төле би болып тұрып, байға ғана, барға ғана түсіп, кедейлерді есіме алмасам, онда әділет бола ма? Байға жақ болып кедейдің ақысын жібермесем, онда жұрт әділетті деп айтар ма еді?! Мейірімім түсіп, мына Алакөздің үйіне қонақ болғым келді. Ал енді бәрің бірдей ағайынсындар ғой, құрметтерің болса, істей беріңдер.

Лездің ішінде-ақ, киіз де келіп қалды, текемет те, жастық та келіп қалды. Алакөздің үйінде жоқ болғанымен, елде бар. Мал сойылып, ауыл адамдарының бірсыпырасы жиналып, әңгіме тыңдап, Төкеңмен бірге отырды. Бір кезде Төле би сыртта жүрген Алакөзді шақырып алды.

– Алакөзім, балаң бар ма? Қанша балаң бар?

– Уа, би аға, менің балам емес, Құдайдың баласы деп айтайын, бір қыз балам бар.

– Осы үйде жүрген келіннен бе?

– Иә, осы келініңізден.

– Мм... Жақсы екен. Келін қай елдің баласы еді?

– О, би аға, келініңіз мынау қожа атамның тұқымы еді. Тектұрмас деген әулиенің әулетінен.

– Ө, жақсы екен. Жарайды, келінім. Балам, әлгі қызыңды, Данагүлді шақырып кел. Үлкен кісілердің әңгімесін естіп отырсын. Бала ғой...

Данагүл көрші ауылда қыздармен отыр еді. «Өкең шақырып жатыр» деп бір келіншек барып, шақырып келді.

– Атаңменен амандас, – деді оған шешесі ақыл айтып.

– Ол кісілерді мен көргенмін. Бағана күндіз сәлем бергенмін. Мені таниды, – деді Данагүл. Бір кезде тамақ пісті. Төле бидің алдына бас әкелді.

Табаққа бата беріп болғаннан кейін Төле би басты қасқалап пышақпен кесті де, бір ұртын өзі аузына салды. Бір құлағы мен таңдайын алып:

– Қарағым, Данагүл, келші, өз қолымнан ұсынайын. Құлақ бергенім – екімнің бірі бол! Таңдай бергенім – айттырмай біліп, құпия, жұмбақ сырымды шешіп, өсиетімді жұртқа жайып жүретін балам бол, міне, – деп ұсынды. Данагүл келіп еңкейіп, қолына алып:

– Рақмет, ата. Айтқаныңыз қабыл болсын, – деді басын иіп. Жолаушылар қонақ болып жатты. Таң атты. Шай ішіп отырғанда, жұртқа Төле би:

– Оу, жігіттер, мына Алакөз мырзамен құда болғым келіп отыр. Данагүл балама мейірімім түсті. Бұйрық болса, бала етіп алсам деп отырмын. Мен де кедей адаммын. Алакөз де кедей адам. Қоралап айдап беретін малым жоқ. Сондықтан мұныкі – менікі, менікі – мұныкі. Екеумізге екі бала ортақ. Ниетім қалыс. Қабыл көрсең, Алакөз қарағым, тапқанымыз – екі баланыкі, – дейді.

Алакөз әйелі екеуі орнынан ұшып түрегеп, жылап қоя берді.

– Би аға, бүйтіп дүниеге келіп, бізге бала бітіп, ол баламызға сіз секілді адамның мейірі түсіп, үйімізге келіп құда болады, Қызырға ие боламыз деген жоқ едік. Би аға, өле-өлгенше баламыз – сіздікі. Ерлі-байлы екеуміздің мал-жанымыз да – осы баланың жолында. Сіздің бізді елегеніңізге, осынша мейірбандықпен бізге мейіріңіздің түскеніне ризамыз. «Рас па, өтірік пе?» деп келініңіз екеуміз қуаныштан жарылып кете жаздап тұрмыз.

– Ал, ендеше, олай болса, мінеки, бабам Бәйдібектің батасы болсын, әумин. Қолыңды жай: «Ақылды, абыройлы, мейірлі, рақымды, кішіпейіл, киелі, айтқаны әділ, тілегі қабыл, өмір жасы ұзақ, халқына қадірлі, жұртына сүйкімді, әке-шеше, туыс-туғанына жағымды, үбірлі-шүбірлі, нәсіпті болсын! Аллаһуәкпар!» – деп бата береді. Арада ай өтпей, Төле би Данагүлді ауылына келін етіп түсірді. Келіні өзінің ойынан шығып, күткендегідей болды.

– Балам, Данагүлім, өзімнің ұлым қандай болса, сондай болып жүре бер. Атаға көрінбей қашып кетуді қой. Ол – ескірген әдет. Мен болсам, халық үшін жүрген адаммын. Көбінесе түзде жүремін. Үйдің, ауыл-абанның, бәрінің ақылшысы өзің бол, шырағым. Шаруаны да өзің басқар. Тізгін-шылбырды қолыңа ал, – деп келінін баласындай көріп, титтей нәрсе болса, ақылдасып отыратын болады. Бір жақтан жолаушылап келсе, үлкен кісідей келініне көрген-білгенін айтып, сұрақ қоя сынап, ауылдағы шаруаның жайын әңгімелетіп, үнсіз тыңдап отырады екен. Көп ұзамай-ақ, келіні ел аузына ілікті.

– О, Төкең тегін кісі емес қой. Келінді тауып алды. Шүкірлік, келіні ауыл-аймақ, туғанға түгел ақыл беруге жарайды, – десті жұрт. Төкең сыртта Алты Алашқа билік айтса, қара домалақ келіні ауылдағы ағайын-туғанға билік етті.

ҚАЗЫБЕК БИ

Қаздауысты Қазыбек би – қазақ халқының XVII – XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін Болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы аталары – Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек – есімдері елге белгілі әділ билер болған. Қаздауысты Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен



Ә. Бұхарбаев.
«Қазыбек би»

биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрін, заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі еткен. Би Өз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған. Бидің жас-тық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қонтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтап, күмілжіп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат, тақсыр!» – деп жұлқынып алға шығып: «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзасына жылқының қылын таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз. Бірақ

асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ та, біз – қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір де, біз – көмір, еріткелі келгенбіз, екі еліктің лағын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, біз – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіміз жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөндеп бітімінді айт, бермесең, дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!» – депті. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаздауысты Қазыбек болсын», – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан.

Тәуке хан үйсін – Төле, алшын – Өйтеке, арғын – Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – «Жеті жарғыны» жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдаты. Сөйтіп, ұлы үш бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жерсір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

Ел «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшырап, қатты күйзеліске түскен кезеңде Қазыбек би өзге билермен бірге Сәмеке, Өбілмәмбет хандардың, Барақ сұлтан, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды өзара ынтымаққа шақырды. Орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда, Қазыбек би Абылайды құтқару

үшін қолдан келген барлық дипломаттық айла-әрекеттерін жасаған. Би 1762 жылы Абылай сұлтанға Қытай боғдыханынан іргені аулақ салуға кеңес берген. Қазыбек мемлекет істерімен қатар руаралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Орыс патшасының өктемдігіне қарсы 1740 жылғы башқұрттар көтерілісінің басшысы Қарасақалдың Қабанбай батырға бармас бұрын Қазыбек биге келіп паналағаны белгілі. Ал Барақ сұлтан қысастықпен 1748 жылы 24 тамызда Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріткі салатын қылмыс деп бағалаған.

Би XVIII ғасырдың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қарай көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбектен Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Маңқан (Қамқа) деген бір қыз туған. Қазыбек ұрпақтары ата-баба жолын қуып, сөз ұстаған парасатты әділ қазылар атанған. Баласы Бекболат, одан кейінгі Тіленші, Алшынбайлар да дүйім жұртты аузына қаратқан әділ де тура билер болған. Белгілі әнші-композитор Мәди Бәпиұлы да – Қазыбек бидің ұрпағы. Қазыбек би 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан. Қазыбек бидің қайраткерлік қызметі мен шешендік өнері туралы Алексей Левшин, Шоқан Уәлиханов, Шаһабуддин Маржани, Балтабай Адамбаев, Нысанбек Төрөқұлов т.б. зерттеулері сақталған. Жазушы Софы Сматаевтың «Елім-ай» романында кемеңгер бидің келісімді тұлғасы жасалған. Қарағанды облысында бір ауданға, Алматы, Шымкент қалаларында көшелерге би есімі берілген. Ел ордасы – Нұр-Сұлтанда ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.

КІМ ЖАҚЫН? НЕ ҚЫМБАТ? НЕ ҚИЫН?

Бір адам Қазыбек биге: «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» деген үш сұраққа жауап беруді өтініпті. Сонда би оған былай үн қатыпты:

– Тату болса, ағайын жақын,
 Ақылшы болса, апайың жақын.
 Бауырмал болса, інің жақын,
 Алдыңа тартқан адал асын,
 Қимас жақын – қарындасың,
 Сыбайлас болса, нағашың жақын.
 Адал болса, досың жақын,
 Еркелейтін немерең жақын.
 Жан серігің жас кезіңнен
 Бәрінен де әйелің жақын.
 Алтын ұяң – Отан қымбат,
 Құт-берекең атаң қымбат.
 Аймалайтын анаң қымбат,
 Мейірімді апаң қымбат.
 Асқар тауың – өкең қымбат,
 Туып-өскен елің қымбат.
 Ұят пенен ар қымбат,
 Өзің сүйген жар қымбат.
 Арадан шыққан жау қиын,
 Таусылмайтын дау қиын.
 Шанышқылаған сөз қиын,
 Дәл осындай жағдайда,
 Пана болмас өз үйің.
 Жазылмаса дерт қиын,
 Іске аспаған серт қиын.
 Ақылыңнан адасып,
 Өзің түскен өрт қиын.
 Не істеріңді біле алмай,
 Ашиды сонда бас, миың.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Төле би кім? Ол қай жүздің биі? Өздерің білетін көркем әдебиеттерді және тарихи мәліметтерді басшылыққа ала отырып, Төле бидің көркем әдебиеттегі бейнесіне талдау жасаңдар.



2-тапсырма. «Ердің бақыты – әйел» шешендік сөзінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.



3-тапсырма. «Ердің бақыты – әйел» шешендік сөзінің кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Би	
Алакөз	
Бай	
Данагүл	



4-тапсырма. Хрестоматиядағы «Қазыбек пен Қоңтажы» шешендік сөзімен танысып, Қазыбек би бейнесінің көркем шығармадағы орнын анықтаңдар.



5-тапсырма. Үзіндіні оқып, аталған ұғымдардың адам өміріндегі рөлі туралы өз ойларыңды ортаға салыңдар.

Алтын ұяң – Отан қымбат,
 Құт-берекең – атаң қымбат.
 Аймалайтын анаң қымбат,
 Мейірімді апаң қымбат.
 Асқар тауың – өкең қымбат,
 Туып-өскен елің қымбат.
 Ұят пенен ар қымбат,
 Өзің сүйген жар қымбат.



6-тапсырма. Әдебиеттегі Қазыбек би бейнесінің тарихтағы рөліне талдау жасаңдар.



7-тапсырма. Қазыбек би шешендік сөздерінен айшықтау және көріктеу құралдарын дәптерлеріңе теріп жазыңдар.



8-тапсырма. «Төле би және қазақ шешендік өнері» тақырыбына шығарма жазыңдар.



9-тапсырма. Төле би мен Қазыбек би шешендік толғамдарын салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына талдау жасаңдар.



10-тапсырма. Қазыбек би толғамдарын заманауи тұрғыда бүгінгі күнмен салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.



11-тапсырма. «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» деген шешендік сөз идеясына мән бере отырып, ғаламдық тұрғыдан талдап, «Менің өмірдегі ең қымбат адамым» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



12-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен Төле би мен Қазыбек бидің шешендік сөздерін түркі тілдес халықтардың нақыл-толғамдарымен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазыңдар.



ӘЙТЕКЕ БИ (1644 – 1700)

Әйтеке би Байбекұлы – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Өлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Өмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ жұрты «Синесоф буа» (жаны пәк жан) атаған Сейітқұл өулиенің үшінші ұрпағы. Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі. Есім хан тұсында Самарқанды билеген Жалаңтөс батырдың жақын туысы болған.



Ә. Бұхарбаев.
«Әйтеке би»

Әйтеке бес жасында молдадан сауатын ашқан. Шешендік қасиетінің ашылуына әкесі мен Қосуақ бидің ықпалы тиген. Жеті жасынан бастап Әйтеке Жалаңтөс батыр мен атасы Ақша ханның тәрбиесінде болады. Ол алғаш Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс салдырған әйгілі «Тіллә-кари» (Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде білім алады. Нәтижесінде дін, құқық, аспан әлемі, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шыққан. Ақша бабасынан елшілік, ел басқару жолдарын үйренді. Ал Жалаңтөс батыр әскери қолбасшылық дағдыларына үйреткен. Медресені тамамдаған Әйтеке туған жеріне оралып, әкесімен ел басқару істеріне араласа бастайды.

21 жасында Бұқара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болды. Ал жиырма бес жасында Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлады. 1680 жылы Салқам Жәңгірдің ұлы Тәукені хан етіп сайлауға айрықша атсалысады. Кейіннен Тәуке «Хан кеңесін» сайлағанда, Әйтеке Кіші жүз атынан осы кеңестің мүшесі болған. Осы тұста елге жаңа заң үлгілерін жасау керек болды. Тәуке хан, Әнет баба, Соқыр Абыз, Төле, Қазыбек т.б. билердің қатысуымен 1684 жылы «Жеті жарғы» қабылданды. Бұл заңдар жинағы қазақ қоғамындағы феодализмді нығайту бағытында маңызды рөл атқарды. Әйтеке ресми түрде хан кеңесшісі болады. Ол орталықтандырылған біртұтас Қазақ хандығын құру жолында белсене атсалысты. Төле және Қазыбек билермен бір-

ге Тәуке ханнан Абылайға дейінгі қазақ мемлекетігінің қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. Қазақ елінің үш жүзінің бірлікте, тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршы болды. Әділ би, аузы дуалы шешен, ішкі және халықаралық күрделі мәселелерді шешетін төреші, жоңғар басқыншыларына табанды қарсылық көрсету шараларын ұйымдастырушы, озық ойлы қайраткер ретінде халықтың құрметіне бөленді.

Әйтеке би 25 жасынан бастап Кіші жүздің бас биі ретінде алғашында Ордабасыда, содан кейін Күлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын өткізілетін үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға тұрақты қатысып отырды. Тәуке ханнан бастап дәстүрге айналған бұл жиындарда ұлт бірлігін нығайту мәселелері талқыланып, жүздер мен рулардың арасындағы өзара келіспеушіліктен туындайтын даулар шешілетін болған. Қызу айтыс-тартыстар ушығып кеткен тұста тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні іспетті жұрт тоқтасар бәтуаны Әйтеке би айтады екен. «Жеті жарғыда» Әйтеке ұсынған баптардың ішінде – «Сүйек құны», «Өнер құны» белгілі. 1685 жылы Әлі сұлтан мен қарапайым халық арасындағы үлкен жанжал дауға айналып кете жаздайды. Әлі сұлтанның тентек ұлы бір кедейдің сұлу, ақын, әнші-домбырашы қызына дегеніме көнбедің деп өшігеді. Бір күні қызыл орамал тартып, үйден ұзап шыққан қызға бүркітін шүйілтіп, қастандық жасайды. Бүркіт қыздың басын мылжалап өлтіреді. Ашынған ағайындары төреден құн сұрайды. Әлі сұлтан оларды маңына жолатпай, барған билерді ит қосып қуып жібереді. Ақыры, ел арасы екіге жарыла бастайды. Ең соңында құн сұраушылар жағы Әйтеке биге келіп өтініш жасайды. Ол қасына сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, байбақты батыры Шоланды ілестіріп, Әлі сұлтанға барады. Әйтекенің айбарынан ығысатын Әлі сұлтан амалсыз құн төлеуге келіседі. Әйтеке қыз құнына қосымша оның өнерлі екенін айтып, «өнер құнын» және қыздың жоқтаушыларын келеке қылып, сүйек сындырғаны үшін «сүйек құнын» төлеуді талап етеді. Бұл екі құнның әрқайсысы негізгі құнның жартысына тең екен. Сөйтіп, Әйтекенің қаһарынан қаймыққан Әлі сұлтан толық екі құн төлеуге мәжбүр болады. Бұл оның ата салтына жетіктігімен бірге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді. Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Виді халық «айыр тілді

Әйтеке» деп атаған. Әйтеке қайтыс болғаннан кейін, Нұрата тауы маңын мекендеген төртқара ауылдарының көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен. Одан тараған алтыншы-жетінші ұрпақтары мен аталастары Қызылорда, Ақтөбе облыстарында, бірқатары Өзбекстандағы Нұрата ауылында тұрады. Ақтөбе облысындағы бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары бірігіп, қазір Әйтеке ауданы аталды. Қазақстанның ірі қалаларында Әйтеке би атындағы көшелер бар. Әйтеке би Ташкенттен 75 шақырым жердегі Қауыншы және Шыназ ауылдарының маңында жерленген.

ҚАСҚАКӨЛ ДАУЫ

Бірде Төле би, Әйтеке би және Орта жүздегі Ормамбет би үшеуі Қасқакөл деген көлге таласып қалады. Төле мен Әйтекенің жастары шамалас, ал Ормамбеттің жасы кіші екен. Содан екі қария бірігіп, сәлем жолдайды. Ормамбет оларға хатпен жауап қайырады. Халық жиналып әрі-бері ақылдасады да, ақырында, үй тігіп сөйлесуге келіседі. Сөйтіп, екі жақ бірігіп жиырма үй тігеді. Ормамбет келіп, Төле мен Әйтекеге сәлем береді. Сонда Төле:

– Ай, Ормамбет! Мен әлі тірімін, өлген жоқпын,
 Бұдан бұрын неше сәлем айтсам да, келген жоқсың.
 Ер кетер, жер жетер, Ормамбет!
 Ешкімге опа қылмас дүние боқ!
 Ей, Ормамбет, сен бізден кіші боласың,
 Біз барып қайттық, сен ілгері барасың.
 Біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз.
 Сен жас едің, көңілдегіңді аларсың! – дейді.
 Әйтеке де Төленің сөзін қостап:
 – Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,
 Батыр болсаң, дұшпанға найзаң тисін.
 Бай болып пайдаң тимесе,
 Батыр болып найзаң тимесе,
 Жұрттан ала бөтен үйің күйсін деген.
 Бізге кейінгілер осыны айта ма деп ойлаймын, – дейді.
 Сонда Ормамбет:
 – Екі би, айтқан сөзің жарасады,
 Еншіге әркімдер-ақ таласады,

Бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді,
 Айтқандарың қиянатқа жанасады.
 Қанағатсыз билерді қабан деген,
 Қамшылатқан жүйрікті шабан деген.
 Біреудің ақысына зорлық қылса,
 Ақыретте мұндай істер жаман деген, – дейді.
 – Ей, Ормамбет, сіз бізге Қасқакөлді беріңіз.
 Қасқакөл, рас, сізге жақынырақ.
 Бардан пайда, жоқтан залал деген,
 Не берсе қайырын тілеп көріңіз.
 Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар,
 Өр жерде су ішетін басқа көл бар,
 Үш бөліп енші қылып алысайық,
 Жер жетер, көңіліңді ұстама тар, – дейді Төле.

Үшеуі олай сөйлесіп, былай сөйлесіп келісе алмайды. Ормамбет ырық бермеген соң, Төле қатты сөздер айтады. Дау бітпей, Ормамбет еліне қайтады. Үйіне келген соң, даудың мән-жайын бастан-аяқ айтып береді. Сонда анасы:

– Балам, қарт билерді бекер ренжіткен екенсің. Өлде болса, тілімді алсаң, Қасқакөлді бөліп бер, – дейді. Анасы айтып қоймаған соң, Ормамбет көнеді. Үй тігіп, тоғыз бие сойып, Төле мен Әйтекені шақырады.

Билер келіп мәжіліс құрып отырғанда Төле би:

– Әйел жақсы болса, білім иесі батыр туады,
 Жаман болса, ер бөксе болса да әйел туады.
 Әйел жақсы болса, ердің басшысы емес пе?!
 Бұрынғылар осылай демес пе?
 Қасқакөлді алам деп келіп едім,
 Ормамбет бермеген соң өліп едім.
 Жетпіс жасқа келгенде сөзім жерде қалып,
 Мәңгіге тірілмейтін өлік едім.

Жеңгей, мені тірілттіңіз, енді балаңызға бата берейік, – дейді. Осылайша көлді ынтымақпен бөлісіп, ел риза болып тарқапты.



СЫРЫМ ДАТУЛЫ

(1753 – 1802)

Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы күрескен Кіші жүз қазақтары көтерілісінің көрнекті басшысы, атақты батыр, әйгілі шешен.

Шыққан тегі – Кіші жүздің байұлы тайпасының байбақты руынан. Асқан ақылының арқасында өз ортасында тым ерте танылып, әділдігімен аты шыққан.

XVIII ғасырдың аяғындағы отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің ұйымдастырушысы әрі көсемі. Сырым дүниеден озған кезде оның асында 2000 жылқы, 2500 қой сойылып, 5000 күбі қымыз ішілген және бірнеше жүз ақшаңқан киіз үйлер тігілген. Бұл, бір жағынан, оның байлығын, екінші жағынан, оның халық арасында беделді болғанын білдіреді.

Сырым Датұлы 2000 шаңырақты басқарған. Халқының нағыз патриоты екенін таныта білген және отарлық бұғаудан елді босатуға зор үлес қосқан тұлға. Ол Ресейдің отарлау саясатын жүзеге асырған қазақтарға қарсы соғысты. Сырым бастаған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себебі – патша саясаты мен Жайық казактарының жүгенсіздігі, олардың қазақ халқын қанауы болды. Халық көтерілісін Сырым батырмен бірге Барақ, Тіленші, Оразбай, Жантөре сұлтан сынды елдің беделді азаматтары басқарды. Кіші жүздің байбақты, табын, шекті, кете және шеркес рулары көтеріліске қатысты. Көтерілістің бас кезінде Сырым батырдың 2700 сарбазы, Барақ батырдың 2000 және Тіленші батырдың 1500 сарбазы болды.



БАЛА БИ МЕН СЫРЫМ

Сырым бір жылы Орта жүзге барғанда, сол елдің Бала би деген биіне кез келеді. Сырым мен Бала би екеуі көп әңгімелеседі. Бала би Сырымға бірнеше сұрақ қояды, Сырым жауап береді.

- Сіз ағайынды нешеу едіңіз? – дейді Бала би.
- Мен – ағайынды екеумін, – дейді Сырым.
- Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші едік.

– Сіз түсінбедіңіз, мен Даттан он бір екенім рас, бірақ та олардың маған қанша керегі бар? Менің ағайынды екеумін дегенім: – біреуі өзім, екіншісі – халқым.

– Сөз анасы не?

Су анасы не?

Жол анасы не? – дейді Бала би.

– Сөз анасы – құлақ,

Су анасы – бұлақ,

Жол анасы – тұяқ, – деп жауап береді Сырым.

– Өтірік пен шынның арасы қанша жер, неше шақырым болар? – дейді Бала би.

– Өтірік пен шынның арасы төрт елі. Көз бен көргеннің арасы, құлақ пен естігеннің арасы неше шақырым деп мені алдамаңыз, – дейді Сырым.

– Ақылды қандай адамға айту керек?

– Ақылды ұққанға айту керек.

– Ат не үшін шабады?

Ер не үшін шабады?

– Ат шабысына қарай шабады,

Ер намысына қарай шабады.

– Бұл дүниеде не төтті? – дейді Бала би.

– Аста тұз төтті,

Адамда дос төтті, – дейді Сырым.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Әйтеке би шешендік сөздерінің идеясын анықтаңдар.



2-тапсырма. «Қасқакөл дауы» шешендік сөзінің тақырыбында не туралы айтылады?



3-тапсырма. «Қасқакөл дауы» шешендік сөзі кейіпкерлері туралы деректер жинап, әдебиеттегі көркем бейнелерін анықтаңдар.



4-тапсырма. «...Қанағатсыз билерді қабан деген, қамшылатқан жүйрікті шабан деген, біреудің ақысына зорлық қылса, ақыретте мұндай істер жаман деген», – дейді. Ормамбет бидің осы сөздерін негізге ала отырып, «зорлық», «адалдық» сөздеріне постер құрыңдар.



5-тапсырма. Үзіндіні оқып, аталған ұғымдардың адам өміріндегі рөлі туралы өз ойларыңды ортаға салыңдар.

– Сөз анасы не?

Су анасы не?

Жол анасы не? – дейді Бала би.

– Сөз анасы – құлақ,

Су анасы – бұлақ,

Жол анасы – түйяқ, – деп жауап береді Сырым.



6-тапсырма. Әдебиеттегі Сырым батыр бейнесінің тарихтағы рөліне талдау жасаңдар.



7-тапсырма. Өйтеке би шешендік сөздерінен айшықтау және көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.



8-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен Ормамбет би туралы деректер жинаңдар. «Ормамбет би және оның заманы» тақырыбына шығарма жазыңдар.



9-тапсырма. Өйтеке би шешендік толғамдарын салыстыра отырып, көркемдік құндылығына баға беріңдер.



10-тапсырма. Сырым батыр толғамдарына зер салып, заманауи тұрғыда бүгінгі күнмен салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.



11-тапсырма. Тарихтағы Сырым батыр бейнесін ғаламдық тұрғыдан талдап, «Азамат ердің баласы» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



12-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен Өйтеке би шешендік сөздерін түркі тілдес халықтардың нақыл-толғамдарымен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазыңдар.

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ**(1693 – 1787)**

А. Игембаев.
«Бұқар жырау»

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғасырдағы жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, Абылай ханның ақылшысы. Павлодар облысының Баянауыл ауданында ғұмыр кешкен, Абылай ханның тұстасы. Әкесі – аты аңызға айналған Қалқаман батыр. Шыққан тегі – арғын тайпасының қаржас руынан.

Бұқар жырау Қалқаманұлы жасынан елге танылып, алғыр жырау ретінде атақ-даңқы Алты Алашқа жайылғанға ұқсайды. Кейін оның хан сарайы маңында да беделді ақын, ақылшы би саналуы тегін емес. Ел өміріндегі ірі мәселелерді шешуде ерекше рөл атқарған данышпан. Бұқар жырау арабша сауатты адам болған. Жыраудан қалған мол мұрадан бізге жеткені – 1200 жол шамасындағы жыр, толғаулары. Олар XIX – XX ғасырларда ел аузынан жиналған.

Бұқар жырау шығармаларының әлеуметтік мазмұны өткір. Қалмақ басқыншылығы тұсында жырау елдің басын біріктіріп, жауға тойтарыс беретін басшының қажеттігін түсіне білді. Ол Абылай ханға үлкен үміт артып, оның ел басқарудағы саясаты мен жорықтарын қолдады.

Бұқар жырау Абылайдың іс-әрекеттерін асыра мақтап, оның асқақ бейнесін жасауға дейін («Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» т.б.) барады. Алайда жырау ханның барлық іс-әрекетін, ішкі-сыртқы саясатын түгелдей қостай бермеген. Үлкен мәні бар әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі келелі кеңеске көнбеген тұста ол ханды аяусыз сынап, ащы шындықты бетке айтып отырған. Бұл тұста біз жыраудың көрші орыс елімен соғысуды ойлаған Абылайға тоқтау айтып, болашағы зор елмен тату болуға шақырғанын көреміз.

Бұқар жыраудың болжау-толғауларынан («Ханға жауап айтпасам», «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қа-

сында») заман, дәуір, болашақ туралы қорытынды ой-пікірлерін айқын аңғарамыз. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекең біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. Жырау патша үкіметінің отарлау саясатына күдікпен қарап, оның ішкі мәніне тереңдеп ой жүгірте алмады. Дегенмен Абылайдың орыс елімен достық қарым-қатынаста болуына елеулі үлес қосты.

Жырау толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7–8 буынды, ұйқастары еркін. Толғау музыкалық аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орындалады. Толғауларының поэзиялық сәулеті, қасиеті ерекше және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше.

Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ. Халид, Г. Потанин, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. Мағауин, Р. Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

Бұқар жыраудың есімімен Қарағанды облысының бір ауданы аталған. Қарағанды қаласында Бұқар жырауға арналған ескерткіш қойылған. 2003 жылы 11 маусымда С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда бюст-ескерткіші ашылды.

Тірек сөздер: жыр, жыршы, жырау.

ТІЛЕК

Бірінші тілек тілеңіз:
 Бір Аллаға жазбасқа.
 Екінші тілек тілеңіз:
 Ер шұғыл пасық залымның
 Тіліне еріп азбасқа.
 Үшінші тілек тілеңіз:
 Үшкілсіз көйлек кимеске.

Төртінші тілек тілеңіз:
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз:
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз:
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың
Күнінде ертең біреуге
Тегіннен тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз:
Сегіз қиыр шартарап,
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз:
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз:
Он бармағы қыналы,
Иісі жұпар аңқыған,
Дауысы құдай саңқыған,
Назыменен күлдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармаларының жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.



2-тапсырма. «Тілек» толғауының тақырыбы нені білдіреді?



3-тапсырма. «Тілек» толғауында айшықтау құралдарының қандай түрі бар? Сыныптасыңмен бірге талдап, айтып бер.



4-тапсырма. Бұқар жырау бабамыздың «Тілек» толғауын негізге ала отырып, толғауды өз ойларыңмен аяқтап, жазыңдар.

Бірінші тілек тілеңіз:

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз:

Ең шұғыл пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа.

Үшінші тілек тілеңіз:

Үшкілсіз көйлек кимеске.

Төртінші тілек тілеңіз:

Төрде төсек тартып жатпасқа.

Бесінші тілек тілеңіз:

.....

Алтыншы тілек тілеңіз:

.....

Жетінші тілек тілеңіз:

.....

Сегізінші тілек тілеңіз:

.....

Тоғызыншы тілек тілеңіз:

.....

Оныншы тілек тілеңіз:

.....



5-тапсырма. Төмендегі үзіндіні негізге ала отырып, толғаудың идеясы мен автордың стиліне баға беріңдер.

....Жетінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз:
Сегіз қиыр шартарап,
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа...



6-тапсырма. Бұқар жырау толғауларын басқа қай ақын-жыраулар шығармаларымен салыстырар едіңдер? Ойларыңды дәлелден жазып, ортаға салыңдар.



7-тапсырма. Хрестоматиядан Бұқар жыраудың «Өлемді түгел көрсе де» толғауын оқып, ұрпақтар сабақтастығы, идея өміршеңдігіне баға беріңдер.



8-тапсырма. «Тілек» толғауының идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жаз.



9-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен Бұқар жырау шығармаларын қырғыз ақыны Қалығұл Байұлының «Ақырзаман» толғауымен салыстыра отырып, шағын сын мақала жазыңдар.



Ж. Қайрамбаев.
«Абылай хан»

АЙ, АБЫЛАЙ, АБЫЛАЙ

Ай, Абылай, Абылай,
Жеңбеген жауың қалмады-ау,
Алмаған жерің аз қалды-ау.
Бетке алсаң өсте қоймадың,
Алсаң тағы тоймадың,
Несібеңді елден ойладың.
Атаңды білмес құл едің,
Ататегіңді сұраса,
Арқар ұранды жат едің,
Қай жеріңде төре едің?!
Жұлдызың туды оңыңнан,
Жан біткен ерді соңыңнан.
Он сан Алаш баласын
Жусатып қойдай өргіздің,
Жұмсап жүрсің қолыңнан.
Ай, Абылай, Абылай,
Он бір ғана жасыңда,
Өшейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Өбілмәмбет төренің
Арқада жүріп қаңғырып,
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді-ау,
«Сабалақ» атпен жүр едің.



Ж. Қайрамбаев. «Абылайдың хан сайлануы»

Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында,
Түнде туған ұл едің.
Жиырма беске келгенде,
Бақыт қонды басыңа,
Тақыт келді астыңа.
Отызға әбден келгенде,
Кең дүниеге кенелдің.
Отыз беске келгенде,
Қара судың бетінде
Соқтығып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтын тонға жең болдың.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің бар баласын
Бастап өзің келдің де,
Аттарының бастарын
Бір кезеңге тіредің.
Алпыс жасқа келгенде,
Жақсы болсаң толарсың,
Жаман болсаң маужырап,

Жүнжіп барып соларсың,
Алпыс беске келгенде,
Өрбір атқа қонарсың.
Жұмсасаң балаң тіл алмай,
Әйелің қарсы шабар ұялмай,
Көрген күнің сор болар.
Жетпіс жасқа келгенде,
Жаңылып сөзден қаларсың.
Жетпіс толған жел екен,
Шала ауырғанмен тең екен.
Жетпіс беске келгенде,
Жылуы болмас қойныңның,
Қауқары болмас сойылыңның,
Селкілдеп тірі жүрерсің.
Қатардан шығып аулақтап,
Жан құлазып қаларсың.
Сақал-шашың желкілдеп,
Мүжіліп әбден боларсың...
Сексен деген сор екен,
Шындап ұрған пір екен.
Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзіңді алар,
Аузыңдағы сөзіңді алар,
Бойыңдағы әліңді алар,
Бетіңдегі нұрыңды алар,
Төніңдегі шырынды алар,
Саудыратып тісіңді алар,
Өлмегенде не қалар?!
Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен.
Қарғиын десең ұмтылып,
Екі жағың ор екен.
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне
Түпсіз терең көл екен,
Елсіз жатқан шөл екен,
Келмейтұғын неме екен.

АСҚАР ТАУДЫҢ ӨЛГЕНІ

Асқар таудың өлгені –
 Басын мұнар шалғаны.
 Көктегі бұлттың өлгені –
 Аса алмай таудан қалғаны.
 Ай мен Күннің өлгені –
 Еңкейіп барып батқаны.
 Айдын шалқар өлгені –
 Мұз болып тастай қатқаны.
 Қара жердің өлгені –
 Қар астында қалғаны.
 Өлмегенде не өлмейді?
 Жақсының аты өлмейді,
 Ғалымның хаты өлмейді.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Толғау құрылысына назар аударыңдар, бұнақ, тармақ ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.



2-тапсырма. Толғауда Бұқар жырау мен Абылай хан арасындағы психологизм қалай көрінеді? Бұқар жырау Абылай ханға қандай баға береді?



3-тапсырма. Толғауда баяндалатын Абылай ханның тарихта алатын орны қандай? Өздерің білетін мәліметтер бойынша Абылай ханның жаугершілік заманда ел бастаған білгір хан болғандығы туралы ойларыңды ортаға салып, баяндап беріңдер.



4-тапсырма. Толғаудағы:

Ай, Абылай, Абылай,
 Он бір ғана жасыңда,
 Өшейін-ақ ұл едің.
 Он бес жасқа келгенде,

Өбілмәмбет төренің

Арқада жүріп қаңғырып,

Түйесін баққан құл едің.

Абылай атың жоқ еді-ау,

«Сабалақ» атпен жүр едің, – үзіндісіне назар аударыңдар.

Бұл оқиға қай бидің есімімен тығыз байланысты?

Мұғалімнің кеңесімен тарихи деректерді жинақтап, түсінгендеріңді айтып беріңдер.



5-тапсырма. «Ай, Абылай, Абылай» толғауында баяндалатын жас ерекшеліктеріне назар аударып, толғаудың көркемдік ерекшелігіне әдеби талдау жасаңдар.



6-тапсырма. «Бұқар жырау және қазақ әдебиеті» тақырыбында ой толғап, жыраудың қазақ әдебиетінде алатын орны туралы айтып беріңдер.



7-тапсырма. «Асқар таудың өлгені» толғауынан көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.



8-тапсырма. «Асқар таудың өлгені» толғауы стиліне сүйене отырып, еңбек тақырыбына арнап шағын толғау жазып шығыңдар.



9-тапсырма. Бұқар жырау мен Асанқайғы шығармаларының тақырыптық-идеялық ұқсастықтарын салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.



10-тапсырма. Толғаудағы «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» тармақтарына мән бере отырып, осы ойдың өміршең екендігіне баға беріңдер. Не себептен ғалым адамның еңбектері тарихта қалады? Жақсы адам болу үшін не істеу керек?



11-тапсырма. Толғау идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жаз.



12-тапсырма. «Асқар таудың өлгені» толғауын қырғыз ақыны Арыстанбек Бұйлашұлының «Тар заман» толғауымен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазыңдар.

АЙТЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Айтыс – қазақ халқының төл өнері. Қазақ айтысы – басқа елдердегі сөз сайысына ұқсамайтын, өзіне ғана тән өлшемі мен ерекшелігі бар өнер түрі. Қазақ әдебиетінде айтыстың бірнеше түрі бар: жар-жар, бөдік айтыс, жан-жануарлармен айтыс, өлі мен тірінің айтысы, жұмбақ айтысы, салт айтысы. Салт айтысы екіге бөлінеді. Біріншісі: ақындар айтысы, екіншісі: қыз бен жігіт айтысы. Осы айтыс түрлерінің ішіндегі көркемдігі жоғары және терең тартысқа құрылатыны – ақындар айтысы.

Айтыс – халқымыздың тұрмысымен біте қайнасып, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымен үндесіп келетін төл жанр. Түркі халықтарында айтыс – ежелден келе жатқан өнер. Махмұт Қашқари «Диуани-лұғат ат түрік» жинағында берілген «Қыс пен жаздың айтысы», Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» жинағындағы «Дозақ пен пейіштің айтысы» бұған дәлел. Айтыс өнерінің мың жылдан артық тарихы туралы тарихшы Н. Мыңжани өзінің «Қазақтың көне тарихы» деген еңбегінде қытай деректеріне сүйене отырып: «...түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп, өн шырқап, бір-бірімен өлең айтысады. ...күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ақындар айтысының мұнан мыңдаған жылдар бұрынғы Батыс түрік қағанатының дәуірінен келе жатқан дағдылы дәстүр екенін байқаймыз», – деп жазған.

Қазақ ғалымдарынан айтыс туралы Шоқан Уәлиханов, кейіннен А. Байтұрсынұлы, М. Өуезов, С. Мұқанов, М. Ғабдуллин, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов және тағы да басқалары зерттеген.

Мұхтар Өуезов: «Айтыс өлеңдері – қазақ ауыз әдебиетіндегі ең мол жанрдың бірі. «Айтыс» деген атауы – айтысу, тартысу, дауласу немесе жарысу, сынасу мағынасында қолданылады. Бұрын үлкенді-кішілі даулар кезінде шешендер айтысы болған. Ақындар айтысы – өлеңмен айтысу... Ақындар айтысы көпшілік алдында тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады».

Қазақ әдебиеті тарихында ақындар айтысының қаншама үздік түрлері бар. Олар – халық арасынан шыққан өнер тарландары, ақындардың бүгінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасы. Ақындар айтысына Құлмамбет пен Тезек, Сүйінбай мен Тезек, Сүйінбай мен Қатаған, Жамбыл мен Құлмамбет, Біржан мен Сара, Шөже мен Балта, Кемпірбай мен Шөже, Майкөт пен Құлмамбет, Өсет пен Ырысжан және тағы басқалардың сөз қағыстырулары жатады. Бұл айтыстар қазақ сөз өнерінің классикалық үлгілері дегеніміз жөн. Кез келген айтыстың түйіні – шындық. Себебі небір жүйрік ақындар шындық айтылғанда жалтармай, мойындап, аталы сөзге тоқтаған.

Тірек сөздер: айтыс, айтыс түрлері, «Біржан – Сара».

«БІРЖАН – САРА» АЙТЫСЫ ТУРАЛЫ

«Біржан – Сара» айтысы туралы қазақ әдебиеті тарихында көптеген пікірлер болған. Біржан да, Сара да – тарихта болған өз заманының мықты тұлғалары. Бұл айтыс туралы зерттеулер көп. Біржан сал мен Сара қыздың айтысы қазақ сөз өнеріндегі айтыстың ең үздік үлгілерінің бірі саналады.

Біржан мен Сараның айтысы 1871 жылы Алматы облысындағы Қапал – Ақсу өңірінде өткен. Айтысты ең алғаш 1898 жылы Қазанда «Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы жариялаған. Кейін Зайсаннан екінші нұсқасы табылып, «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» деген атпен Қазанда жеке кітап болып басылды. Айтыстың алғашқы нұсқасы – 969 жол, екінші нұсқасы – 1080 жол. *Әріп Тәңірбергенұлы* жазған тағы бір нұсқасы 1907 жылы жарық көрген. 1918 жылға дейін бұл үлгілер сегіз рет, Кеңес өкіметі тұсында он бір рет жарияланды. Сөйтіп, ел ішіне жазбаша да, ауызекі тілде де таралып келді. Айтыстың жарық көруіне, таралуына, өңделіп сарапталуына Сара, Жүсіпбек қожа, Әріп ақын елеулі үлес қосқан. Біржан мен Сара айтысы сол тұстағы қазақ әйелдерінің бас бостандығы мәселесін, адамгершілік пен әділдікті көтереді. Екі ақын өздері тұрған өңірлердің жақсы-жайсаңдарын кезек-кезек сараптай отырып, олардың адамгершілік қасиеттері мен

келеңсіз іс-әрекеттерін жайып салып, оларға баға беріп отырады. Айтыста халқымыздың эстетикалық талғам-талаптары кең көрініс тапқан. Айтыс – ХІХ ғасырдағы қазақ халқының болмыс-тіршілігін жан-жақты суреттейтін көркем туынды. Осы айтыстың сюжеті бойынша Қ. Жұмалиев либретто жазған. Ал 1946 жылы М. Төлебаев «Біржан – Сара» операсын жазды.

М. Жармұхамедұлы

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы,
Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998. 2-том.

Әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстетикалық қуатын танытатын өте күшті құрал. Әдебиеттану терминдері сөздігінде: «Әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу», – деп анықтама берілген. Сондықтан көркем шығармадағы өмір шындығының басты кепілі – психология да, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық негізі – психологизм болып саналады.

Ғалым пікірі

М. Әуезов: «...психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы».

Б. Майтанов: «...психологизм – сөз өнерінің тектік белгісі... қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудің амал-тәсілдерінің жиынтығы».

Г. Пірәлиева: «...психологизм дегеніміз – кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің кереғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше жүйе. ...әдеби психологизмде автор мен кейіпкердің ой-толғаныстары мен ой ағымдары, сана қақтығыстары қайшылыққа толы болса да жүйеліліктің сақталатындығы... »

Әдебиет теориясы

Көркем шығармадағы психологизм кейіпкерлердің диалогі, монологі, сыртқы портреттік суреттелуі, вербалдық ишараттар, авторлық баяндау, елестету, еске алу, түс көру, кейіпкердің әртүрлі көңіл күйін білдіретін сөздер арқылы беріледі. Сол себепті көркем шығармадағы психологизмді анықтау үшін, шығарманы талдау барысында жоғарыда келтірілген бейнелеу амалдарына назар аудару маңызды.

Психологизм барлық жанр түрлерінде кездеседі. Психологизмнің жанрлық ерекшелігі мен көркемдік әдіске байланысты түрленуі шығарма идеясын ашу жолындағы автордың өзіндік ұстанымына байланысты.

«БІРЖАН – САРА» АЙТЫСЫ

Біржан:

– Бұл үйде Сара бар ма, келсін бері,
 Издеген келіп тұрмын Біржан сері?!
 Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
 Ауылы Тұрысбектің өлер жері.
 Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
 Арғынның Алтай-Қарпық ақтаңгері.
 Барабар сөзі теңдес адам болса,
 Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері.
 Қырандай аспандағы желді күнгі,
 Дауысымның көтерілер шықса тері.
 Болжаған жер шаршысын майталманмын,
 Жасымнан маған мәлім қыз не дері.
 Алтын менен күмістің нақысындай,
 Міні жоқ бізден шығар сөз бедері.
 Шатыр тік, көк майсаға бір тайды сой,
 Кешікпей шықсын үйден болса өнері.
 Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес,
 Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.
 Басайын аптығыңды тез шық, Сара,
 Сен түгіл өкеңдеймен болдым істес.
 Бұл үйде Сара бар ма, отыр неғып?



Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып.
 Жел қабыз, жез тағалы еңіреумін,
 Қара тер шыққан сайын кетем ағып.
 Ғаламға мәшһүр болдым өлең жаттап,
 Қысқартам адымыңды бір-ақ аттап.

Сара:

– Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,
 Сөз білсең, бұ да сенің жамандығың,
 «Қиссасұл – әнбиеден» естімеп пе ең?
 Белгілі мәлім болды надандығың.
 Адамды топырақтан жаратты хақ,
 Надандығың білінсін, бұл сөзге бақ.
 Хауаға бұрын барған Адам ата,
 Жоқ па еді есіткенің мұны да бірақ?
 Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім,
 Арғын да жүр екен ғой жоқты мақтап.
 Найманда екі жүзді наркескенмін,
 Желкеңді қимақ үшін қойған сақтап.
 Тозаңың анда-санда бір бүрқ етер,
 Саулатсам бейпіл желді екі жақтап.

Сонда Біржан сөйлейді:

– Атадан Біржан сал боп тудым артық,
 Ұраным әр қазақта бар Алтай-Қарпық.
 Аққумен аспандағы өн қосамын,
 Қозғасам ащы күйді түптен тартып.
 Қырмызы асыл бекзат бар мінезім,
 Кетер ем еркек болсаң бір-ақ таршып.
 Қыз затты сыйлайтұғын бір мінезім,
 Самғаймын бөйгі атындай артып-артып.
 Көкшетау дуанына даңқың барған.
 Мен Біржан алтын тудай айқынданған,
 Есіткелі, Сара, сені үш жыл болды,
 Сері едім төңірекке құлаш салған.
 Түлкінің жүгірісін қыран байқар,
 Ұялсаң сөзің емес маған айтар.
 Қанды көз май жеп алған ақиықпын,
 Сен түгіл, қасқыр көрсе бір-ақ шайқар,
 Қайтару сұрамаймын келсе аңым.
 Қыз сөзін парық қылмайтын ескі заңым.
 Күнінде он көрінсең де айнымаймын,
 Көк төбет болды деме мені жаным.
 Түстіктен жұрт таңғалар желгеніме,
 Жеңбесем қуанбаймын келгеніме.
 Ақмарал осы жолы жығылмай кет,
 Алтайдың душар болдың мергеніне.

Сонда Сараның айтқаны:

– Әй, Біржан, жасың үлкен, өзің аға,
 Қымбаттығым белгілі білсең баға.
 Қамысты терең көлдің сұқсырымын,
 Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға.
 Сөзбенен жеңемін деп ойламаңыз,
 Бір жерден мүдірер деп көңіл бөліп.
 Аузыңды тарта сөйле, Біржан батыр,
 Жарамас жүдеп қайтсаң іздеп келіп.

Сонда Біржанның айтқан жауабы:

– Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің.
Сөз айтар қандай кісі деген кезде,
Алдымнан Құдай айдап келді кезің.
Бір асқанға бір тосқан бар-ақ деген,
Талайдың қисық деуші ем құрған тезін,
Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,
Сөйлейсің алтындай қып сөздің жезін!

Майысқан сегіз қырлы жүйрік-ақсың,
Қай жерден болжамайсың тынарыңды.
Тез алдырт күйеуіңді, Сара саңлақ,
Көрейін күйеуіңді тиген таңдап.
Жақсыны көрмек үшін деген Сара,
Өзі түгіл елдің қамын жеген Сара.
Мырзаңды ит Жиенқұл шапшаң шақырт,
Ұялып бөгелесің неге, Сара?

Сара:

– Қажеке-ау, мынау қалай шақырады!
Жиенқұл тез келсін деп ақырады!
Көрсетсек асылыңды ап келіңдер,
Ауылыңда ол келгенше отырады.
...Біржанға алдырт, көрсет Жиенқұлды,
Кім сырттан меншікті мал аян болды?
Ұяттан кісі өлмейді сағы сынар,
Қайтейін Құдай қосып ием қылды!
Сыртынан өлеңменен шақырайын,
Біржанға өзімді өзім таба қылмай.
Сәлем де Жиенқұлға келсін жатпай,
Келуге шошынады неден батпай?
Өркімнің қолда бары өзіне алтын,
Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай.

Сонда Біржан сөйлейді:

– Көрейін кісі жібер күйеуіңе,
Көнбейді жаман болса сүйеуіңе.
Шіркінің қандай екен көзім көрсін,
Адамның таласатын біреуіңе!

Мақтамай көрсет көзге келтіріп-ақ.
Сөзбенен жүдеттің ғой өлтіріп-ақ.
Ұялмай осы топқа көріне ме,
Өнерсіз жігері жоқ жетпегір-ақ!

Сараның айтқан сөзі:

– Қажеке-ау, кісі жібер балаңызға,
Өзөзіл болды Біржан арамызға.
Сыртынан мақтасам да керек болды,
Көрсетпей жігітті ұрлап қаламыз ба?
Өзіңнің құла жорғаң барсын оған,
Жиікем Бижан ерін салсын оған.
Біржанды бір қаққаннан қалдырмас ем,
Құдайым мені қайдан қосты соған!
Қажеке-ау, алдыртыңыз қонақ кетпей,
Біржан түр көремін деп сөзі бітпей.
Ажалды кісі таңдап алады екен,
Сол итті неге қойған алып кетпей?
Қонжиып мінер құла жорға барса,
Келе алмас сол шірігің қорғаласа.
Рас, бізді масқара қылар сонда,
Қорс етіп бармаймын деп, үйде қалса!

Біржанның айтқаны:

– Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,
Ербиер ессіз тауға шыққандай-ақ!
Жиенқұл күжірейіп келер ме екен,
Он мата арқасына тыққандай-ақ.
Законда зорлық болмас жақсы адамға,
Жақсыны қор қып болмас бір жаманға,
Және де аят пенен хадисте бар,
Жылатып берме деген еш наданға.
Қажы барған қаптағайдың арыстаны,
Жалғыз сіз осы күнде данышпаны.
Өзіне Құдай беріп қойған шақта,
Дұшпанның топ етеді алысқаны.
Көрмеп пе Сарадай қыз әйел тапса,
Ішінен өнер қысар аузын жапса.
Қор қылып Жиенқұлға жібергеннен,
Қытайша он есе артық басын шапса.

Тұрысбек, Есімбекпен сау тұр аман.
 Таянды қайтар уақытым елге таман.
 Айналып ендігі жыл бір келермін,
 Тысқары топырақтан болсам аман.
 Сараны Жиенқұлға бере көрме,
 Қыз түгіл, ер құнына келер шамаң.
 Бар болса сүйегінде ойларсыңдар,
 Өлі тілін тірі алмас деген заман.
 Байлаулы бала құстай Сара сорлы,
 Жоқ екен осы күнде мұнан жаман.

Сараның айтқан сөзі:

– Сал Біржан жүріп кетті амандасып,
 Екі күн арпалыстың табандасып.
 Шіркінге қимағаннан жорға бердім,
 Басында сөйлесем де жамандасып.
 Қош, Біржан, сау бол дедім сағым-керім,
 Арда күрең жігітсің алым-берім.
 Қашан өзің өлгенше есіл көзел,
 Күнде той, күнде жиын жүрген жерің.
 Жүре көр, ақын Біржан, бізді сұрай,
 Тысқары топырақтан қылса Құдай.
 Аптығып арғынсынып сандырама,
 Көзіңе қыз көрінсе мұнан былай.
 Жолықтым, атағыңа құмар едім,
 Болмаса келместей қып жығар едім.
 Сыйладым сағың жерде қалмасын деп,
 Аттатпай адымыңды бұрар едім.
 Боп қалды бір көргенім кез таныстай,
 Сен дағы жол бермедің бір қалыспай,
 Есекем еркек болса бере қалмас,
 Кісідей қарапайым бір салыспай...
 Ахметкөрімге арнап жазған осы өлеңім,
 Аяйды қолдан келсе кім өнерін?!
 Қайырып баптап алып салсам дағы,
 Көңілге бір жетпейді көк дөненім.
 Бар еді ұлы-қызың ей, қажы аға,
 Қалдым ғой Біржан деген беймазаға.
 Сіздердің шалқып тұрған заманыңда,
 Дені сау кез болмадым бір тазаға.

Арғынды бір дөңгелет деп едіңіз,
 Мен түгіл найман қамын жеп едіңіз,
 Жәкем мен зиярат қып Байтоллага
 Бақтыма есен-аман көп едіңіз.
 Көрмейсіз менің неге көз жасымды,
 Сол жерде Біржан тоқтап сөз басылды.
 Жиылған қаптағайдың жақсылары,
 Басқаға айырып бер, өз басымды.
 Шақыртып неғылады оны Біржан,
 Көруге ынтық емес соны Біржан.
 Арғыннан асып кеткен бай болмайды,
 Жеткенмен Жиенқұлға қолы Біржан.

Сонда Біржанның айтқаны:

– Шырағым, Сара сендей тумас бала,
 Шежіре туармысың мұндай дана.
 Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,
 Жігітің жөндеу екен, ей, бейшара.
 Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан,
 Қиып кеткім келмейді мен қасыңнан.
 Кемітер қай жеріңді дұшпан, шіркін,
 Адамзат озар емес өз басыңнан.
 Жіберме Жиенқұлға шақыруды,
 Өнерсіз үйде білер «аһ» ұруды.
 Қайнар-ау, зығырданым көргеннен соң,
 Алдырма бекер мұнда көпіріңді.
 Білесің арғын, найман тегіс затын,
 Алашқа шығып еді Біржан атым.
 Дұшпаның жамандайды не деп сені,
 Белгіге жарар саған берсем нені?
 Бір басты адам болмас сен өнерлі,
 Айбатың әлемге айқын ай бедерлі.
 Садаға тырнағынан кетсін Сара,
 Сан жүйрік көріп едім мен нелерді,
 Сөз айтты сонда Біржан біздің жаққа,
 Ұмытпан Сара сені әр уақытта.
 Қайырған сөзбен жетіп есіл шіркін,
 Көремін қайта айналып қайсы уақта.
 Ұқпасаң арғын жоқты айтты дерсің,

Есеке-ау, құлағыңа ал осынымды,
 Қылайын көп ұзатпай сөзді қысқа.
 Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста.
 Аты ұрғашы демесең қарындасың,
 Адамның артығы екен осы тұста.
 Шыны мен бапты күнде құға салса,
 Ілеспес ақын түгіл ұшқан құс та.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Әдебиеттегі айтыс жанры туралы жазылған дереккөздерін пайдаланып, айтыстың қазақ сөз өнеріндегі орны туралы хабарлама дайында. Хабарламада айтыс түрлері мен олардың ерекшеліктері, көркемдік және мазмұндық сипаттары туралы өз ойыңды жаз.



2-тапсырма. М. Өуезовтің хрестоматияда берілген айтыс өнері туралы «Айтыс өлеңдері» мақаласын оқып, айтыс түрлері туралы шағын таныстырылым жаса.



3-тапсырма. «Біржан – Сара» айтысының мәтінін топта талқылап, айтысты қарасөз түрінде жазып шығыңдар.



4-тапсырма. Айтыстың сюжетін анықтап, композициялық талдау жаса. Шығармадағы шарықтау шегін анықта. Айтыстың аяқталуына қандай оқиға себеп болды? Біржан не себепті айтыс соңында Сараны жақтап сөз айтты?



5-тапсырма. Айтыстан үзінді келтіре отырып, Біржан мен Сараға мінездеме бер.

Біржан	Сара



6-тапсырма. Айтыстағы ақындардың сөздеріндегі психологизмді анықта. Қандай сөздер психологиялық тартысты білдіреді? Ақындардың қарсылас ақынға өздері туралы айтқан сөздеріне мән бере отырып талда.



7-тапсырма. Берілген аудионы тыңдап, Біржанның өзі туралы бейнелеп айтқан сөздерін тауып талда. Ақын өзін қандай теңеу, метафора, эпитеттерді қолданып таныстырды? **Уақыты – 15 минут.**



8-тапсырма. Сара сөзінен көріктеу құралдарын тауып талда. **Уақыты – 10 минут.**



9-тапсырма. Кестені толтырып, ақындар тартысындағы сөз қолдану шеберлігіне байланысты өз ойыңды білдір.

Кейіпкер сөзі	Кімге айтқан?	Не себепті айтқан?
Алтын менен күмістің нақысындай, Міні жоқ бізден шығар сөз бедері. Шатыр тік, көк майсаға бір тайды сой, Кешікпей шықсын үйден болса өнері.		
Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім, Арғын да жүр екен ғой жоқты мақтап. Найманда екі жүзді наркескенмін, Желкенді қимақ үшін қойған сақтап.		
Жолықтым атағыңа құмар едім. Болмаса келместей қып жығар едім. Сыйладым сағың жерде қалмасын деп, Аттатпай адымыңды бұрар едім.		

<p>Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан, Қиып кеткім келмейді мен қа- сыңнан. Кемітер қай жеріңді дұшпан шір- кін, Адамзат озар емес өз басыңнан.</p>		
--	--	--



10-тапсырма. Ақындардың сөздерін салыстырып, сөз қолдану шеберлігіне байланысты өз ойыңды жаз.

Біржан	Сара	Менің ойым
<p>Атадан Біржан сал боп тудым артық, Ұраным әр қазақта бар Алтай-Қарпық. Аққумен аспандағы ән қосамын, Қозғасам ащы күйді түптен тартып. Қырмызы асыл бекзат бар мінезім, Кетер ем еркек болсаң бір-ақ тарпып. Қыз затты сыйлайтұғын бір мінезім, Самғаймын бәйгі атындай артып-артып.</p>	<p>Өй, Біржан, жасың үлкен, өзің аға, Қымбаттығым белгілі білсең баға. Қамысты терең көлдің сұқсырымын, Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға. Сөзбенен жеңемін деп ойламаңыз, Бір жерден мүдірер деп көңіл бөліп. Аузыңды тарта сөйле, Біржан батыр, Жарамас жүдеп қайтсаң іздеп келіп.</p>	
<p>Майысқан сегіз қырлы жүйрік-ақсың, Қай жерден болжамайсың тынарыңды. Тез алдырт күйеуіңді, Сара саңлақ, Көрейін күйеуіңді тиген таңдап.</p>	<p>Қажеке-ау, мынау қалай шақырады! Жиенқұл тез келсін деп ақырады! Көрсетсек асылыңды ап келіңдер, Ауылыңда ол келгенше отырады.</p>	

<p>Жақсыны көрмек үшін деген Сара, Өзі түгіл, елдің қамын жеген Сара. Мырзаңды ит Жиенқұл шапшаң шақырт, Ұялып бөгелесің неге, Сара?</p>	<p>...Сәлем де Жиенқұлға келсін жатпай, Келуге шошынады неден батпай? Өркімнің қолда бары өзіне алтын, Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай.</p>	
--	---	--



11-тапсырма. Айтыстың қазақ қоғамындағы тұрмыстық-әлеуметтік сипатына баға бере отырып, негізгі идеясын талдаңдар. Шығармадан үзінді келтіре отырып, өз пікірлеріңді дәлелдеуге тырысыңдар.



12-тапсырма. Айтыс идеясындағы негізгі ойды ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жаз. Эсседе қоғамдағы қыз бала тағдыры мен халықтың әдет-ғұрпы туралы және қазақ қызының бүгінгі қоғамдағы орны туралы өз ойыңды жаз. Біржан мен Сара арасындағы қарым-қатынас ағалы-қарындастық байланыс па, әлде бөсекелес ақындар арасындағы тартыс па?



13-тапсырма. «Біржан – Сара» айтысының тақырыбы, идеясы мен көркемдігі жағынан әлем әдебиетіндегі қандай үздік туындылармен салыстыруға болады?



14-тапсырма. Қазіргі ақындар айтысындағы тақырып пен ақындардың сөз қолдануына байланысты өз ойыңды сыни хабарлама түрінде жаз. Бүгінгі ақындар айтысы мен «Біржан – Сара» айтысы арасындағы ұқсастық пен айырмашылық туралы салыстырмалы түрде талдау жаса.





Бұл тарауда Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» дастанымен, Махамбет Өтемісұлының «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Мен, мен едім, мен едім», «Бағаналы терек» шығармаларымен және Шоқан Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделігі» шығармасымен танысатын боламыз.

Тарихи шындық пен көркемдік шешім туралы сөз қозғағанда, әдебиеттің маңызды қызметінің бірі саналатын тарихта болған оқиғаның көркемделіп жеткізілуін айтқанымыз жөн. Ғылыми әдебиеттерде тарихи және көркемдік шындық туралы көптеген деректер бар. Тарихи оқиға ізімен туған көркем шығармада автордың жеке ойы мен идеясы көркемдік шындық немесе көркемдік шешім арқылы көрініс табады.

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілімен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық. Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар, ойдан шығарылған жайлар аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып жүреді. Мәселе шындап келгенде оқиғаның, кейіпкердің өмірде болған не болмағанында емес. Шығарманың барлық мазмұны, оқиғалары, кейіпкерлері көркем ой көрігінен өтіп, жиынтықталып, өзгеше бейнелілік сипат алып шығатындығында.

Әдебиеттану терминдер сөздігі.

Т. Бекниязов

НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ

(1822 – 1883)

Нысанбай жырау Жаманқұлұлы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққошқар елді мекенінде туып-өскен. Ол – «Кенесары – Наурызбай» дастанын жырлаған жырау, ақын. Ақынның бұл дастаны 1875 жылы орыс географиялық қоғамының журналында жарияланды. Сол заманның жыраулық дәстүрі бойынша Нысанбай Жаманқұлұлы көтеріліске басынан аяғына дейін қатысып, тарихи оқиғаны нақтылы түрде баяндап берген деп саналады. Дастанында жырау көтеріліс басшыларын батырлар жыры дәстүрінде бейнелеп, заман шындығын отарлық езгіге қарсы көтерілген халық үнімен шебер қиюластыра білген. Шығарманы 1912 жылы Қазан қаласында Ж. Шайхисламұлы жеке кітап етіп бастырды, 1923 жылы Ташкентте Х. Досмұхамедұлының, 1924 жылы Н. Төреқұловтың алғысөздерімен кітап болып шықты. 1996 жылы «Қазақ халық әдебиеті» атты көп томдықтың 17-кітабында жарық көрді. «Кенесары – Наурызбай» дастаны тарихи жыр болып саналады.

Ғалым пікірі

Тарихи жырдың ерекшелігі нақтылы тарихи оқиғаларға, тарихи адамдарға қатыстылығында ғана емес. Тарихи жыр жанры жаңа кезеңнің, халық болып қалыптасқан тұстың тарихи-өлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедерін көркемдік тұрғыда қорытып бейнелеуге тиіс еді. Сол себепті біз қазақ тарихи жырлары дегенде XV ғасырдан ерте дәуірлерде туған шығармалар жөнінде айта алмаймыз. Тарихи жыр жанрында рулық, тайпалық мақсаттар қағаберіс қалып, жалпыхалықтық, мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Батырлар жыры мен тарихи жырдың атқарған міндеті, тақырыбы, идеясы жағынан күрделі айырмашылықтарымен бірге, көркемдік жүйесінде сюжеттік, композициялық құрылысы мен тіл кестесінде де өзгешеліктер мол болады. Ең көрнектілері: «Қаракерей Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Өтеген», «Райымбек», «Бердіқожа батыр», «Төрт батыр» т. б. XIX ғасырдағы ұлт-азаттық, бостандық жолындағы күрес пен XX ғасырдың басындағы халық көтерілісін бейнелейтін шығармалар да бірталай.

Б. Абылқасымов

Тірек сөздер: тарихи шындық, дастан, Кенесары батыр, Наурызбай батыр.

КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ

(дастаннан үзінді)



Ж. Қайрамбаев.

«Кенесары»

Дүрі жауһар данасы,
Өркімнің Алла панасы.
Жан біткенге несібе –
Дарияның аққан саласы.
Үйсіздерге үй болған,
Би – отанның ханасы.
Кенесары, Наурызбай –
Абылай ханды бабасы,
Әуелгі мекен-тұрағы –
Көкшетаудың даласы.
Жазғы жайлау қонысы –
Ұлытаудың саласы.
Өте залым болмаңыз,
Мұсылманның баласы.
Ақырында олардың
Қырғыздан болды қазасы.

Абылай ханның баласы
Асып туған Қасым-да.
Арғы тегін сұрасаң,
Шынжыр қатар асыл-ды.
Саржан атқа мінген соң,
Төренің бағы ашылды.

Қарсы келген егесіп
 Дұшпанның көңілі басылды.
 Жалғыз Саржан не болар,
 Есенгелді қосылды.
 Кімге апарып теңейміз
 Наурызбай сынды жасынды?!

Тау суындай сарқырап,
 Байұзақ келді төменнен.
 Көңілі бітті айқасып,
 Кенесары зеренмен,
 Тілімдес болып олжаға
 Наурызбай – асыл беренмен.
 Он екі мың әскермен
 Тағы аттанды кемерден.
 Зеңбірегін асырды
 Абылай аспас кезеңнен.
 Құлақ шулап, көз тұнды,
 Ақыл, айла өнермен
 Кенесары, Наурызбай
 Атадан асты дегенмен.

Абылай аспас асудан
 Асамын деп өрледі.
 Оңайлықпен қазаққа
 Асуды қырғыз бермеді.
 Өр жерлерден құралып,
 Қырғыздың қолы кернеді.
 Бесінге дейін атысып,
 Қазақтың әлі келмеді.

Атасы өткен Абылай,
 Тілеуді берген бір Құдай.
 Былтырдан алған басшысы –
 Шапырашты Бұғыбай.
 «Бұғыбай басшы қайда?» – деп,

Шақырып алды Наурызбай!
 – Өй, Бұғыбай, Бұғыбай,
 Қорлық болды бұ қалай?
 Жол таба алмай қамалдық,
 Амал тапшы бұған-ай!

Бұғыбай сонда сөйлейді:
 – Қысылып тұр-ау жанымыз,
 Тау басына жете алмай,
 Болмады, сірә, сәніміз.
 Жауынды шаншып беруге
 Келмейді, Науан, өліміз.
 «Жол тап», – деген сөзіңнен
 Төгіле қалмас арымыз.
 Көп кешікпей, Науанжан,
 Ханға таман барыңыз.
 Баруға көңілің тілесе,
 Ханнан жарлық алыңыз.
 Томағамды сыпырып,
 Қамау тасқа салыңыз.

Мұны естіп Наурызбай,
 Алдына барды Кененің:
 – Түсі суық тартқанда
 Төрт қырланған жебенің,
 Ажал оғы келгенде
 Қорғаны болмас көбенің.
 Қолына толды қырғыздың
 Басы тау мен төбенің.
 Рұқсат берсең, Кенеке,
 Барайын соған деп едім.

Салатұғын алдыма
 Бұғыбай басшы ер еді.
 Өдіре қалған Алатау,
 Асуға қиын жер еді.

Қамалын барып бұзайын,
Кенеке, жауап бер, – дейді. –
Отыз жігіт сайланып,
Қасыма менің ер, – дейді. –
Тау басына барған соң,
Ойынымды көр, – дейді.

Кене хан сонда сөйлейді:
– Дұшпаннан бітсін ар, – дейді. –
Қолдағы өңшең батырдан
Іріктеп бөрін ал, – дейді. –
Көңілің шапса, Науанжан,
Ертерек сонда бар, – дейді. –
Екі-үш жүздей кісімен
Ойынды барып сал, – дейді.
Наурызбай тағы сөйлейді:
– Алладан жәрдем күтейін,
Ата-бабам жар болса,
Бір мұратқа жетейін.
Былтырғы қылған азасын
Қырғыздың бүгін өтейін.
Екі-үш жүз кісі көбірек,
Онша алып, тақсыр, не етейін?!
Әскерден отыз батырды
Іріктеп алып кетейін.
Тәңірі қосса, қырғызға
Бір тамаша етейін.

Қиын жерде хандарға
Болады сүйеу қарашы.
Қысылған жерде әркімнің
Тәңірім болсын панасы.
Көп кісі қаптай шабуға
Арқаның бар ма даласы?!
Аз кісіге жақсы екен
Алатаудың арасы.
– Мақұл, – дейді хан Кене
Наурызбайдың сөзіне.

Сол уақытта Науанның
Жан көрінбес көзіне.
Иесі тілек қылған соң,
Береді рұқсат өзіне.
Қайтармады меселін
Үмтылып тұрған кезіне.

– Қауырсынды, қанатты,
Таудан үлкен талапты,
Ер көңілді, қалма! – деп,
Жұртқа салды санатты.
Қалың қолдан саралап,
Алады өңкей манапты,
Ерегескен соғыста
Тастан қайтпас болатты.
Тауға қарсы түйлікті,
Сұңқардай жиып қанатты.

Отыз жігіт жөнелді
Тамам қолдың беглері.
Бұғыбайды басшы ғып,



У. Жұбаниязов. «Кенесары»

Қиын жолды көргелі;
 Тау басында қырғыздың
 Жазасын барып бергелі;
 Қамалын бұзып, жол салып,
 Бейітін ашып келгелі.
 Жаз жайлауы сары дала,
 Қыс қыстауы Қарғалы.
 Наурызбай кетті бөлініп,
 Тау басына барғалы;
 Қамалып тұрған қырғызға
 Бір бүлікті салғалы.
 Кенесары бастығы,
 Төменде тұрып қалғаны.
 Талап етіп ұрынды
 Жаңадан бір жол салғалы.

Сауысқанның аласы,
 Ағынан көп қарасы.
 Кене хан сонда сөйледі,
 Абылай ханның баласы:
 – Қол көрінбес шаң болды
 Алатаудың арасы.
 Қарағаштай көп қазақ,
 Ханға болдың қарашы.
 Ойда қоқан, қырда орыс,
 Хакім болды қаласы.
 Кімнен таяқ жегендей
 Біздің қазақ баласы!
 Алдырып жүрген дүспанға –
 Аузының аласы.
 Дін мұсылман әлеумет
 Бірге мінсе кемеге,
 Үш Алаштың баласы
 Тізгінін берсе Кенеге,
 Ер басына аяқтай
 Тас көтерсек жебеге,
 Тау басына шығатын
 Жол салмасқа немене?!
 Байұзақ датқа түйсініп

Бұл жауаптың тегіне,
Айтайын деп бір сөзді,
Жетіп барды көбіне.

– Ханның көңілі соғады
Таудан бір жол сапарға.
Бір талапқа бет қойды
Тау басына барарға,
Бекініп жатқан қырғыздың
Қамалын бұзып аларға.
Үят шығар төреден
Бөлініп біздер қаларға.

Сол уақытта қарасақ,
Тау басынан шу шықты.
Қаптаған қара тұмандай
Мұнарланып бу шықты.
Бу десек – мылтық түтіні,
Отыз көкжал бөрімен
Наурызбай төре сол шықты.

Бір кезеңге таластық,
Жау жоғары, біз төмен.
Жеткен екен қамалға
Наурызбай атты сүр берен.
Қарқарадай астында
Байұзақ берген көк дөнен.
Күншығыс жаудың шетінен
Қамалға кірді көлденең.

Ор қояндай бұлтиған
Көк дөнен ат астында.
Қамзол ішік құнтиған,
Ақ орамал басында.
Көрұғлыға бергісіз

Отыз көкжал қасында.
Сол уақытта Наурызбай
Жиырма бес жасында.

Наурызбай кірді қамалға
Жанған оттай бұрқылдап,
Көк дөнен ат астында
Ор қояндай бұлтылдап;
Батырлардың найзасы,
Найзағайдай жылтылдап.
Мұнан кірген батырлар
Онан шықты алқылдап.

Наурызбай гүл-гүл жанады,
Ақ білегін сыбанып.
Жауды аралап қырады,
Қолына жасыл ту алып.
Шын қаһарға мінеді,
Ақша беті қуарып
Бозбалаға сөйлейді,
Ағасын көріп қуанып:
– Абылай аспас асуда
Кенекем дүкен құрғаны.
Батырлардың жараспас
Майданға кірмей тұрғаны.
Кенекем келді біз үшін,
Үш Алаштың қорғаны.
Аянбай бүгін іс көрсет,
Таманың батыр Құрманы!
Кеудедегі шыбын жан –
Ар-намыстың құрбаны.

Жар бола көр біздерге,
Атамыз өткен Абылай!
Осындай қиын жерлерде
Тілеуді бергей бір Құдай.
Сендер едің қанатым,

Меңдібай, Дулат, Ағыбай,
Арғыннан шыққан үш жігіт –
Шәкір, Жәуке, Толыбай.
Үмтылыңдар, ерлерім,
Жан-жағыңа қарамай.

Мылтықтың оғы от алмас
Құлақта дәрі тұтанбай.
Ақ кіреуке көк сауыт
Таза жүрсе, тот алмай,
Мылтықтың оғын жібермес
Шығыршығы жұқармай.
Жаман жігіт тозады,
Жауды көрсе қотандай.
Атақты ердің бірі едің
Иісің шыққан жұпардай.
Аянбай бүгін іс көрсет,
Табыннан Қабан Бұқарбай!

Тайынбай жауға кіріңдер,
Айбынды туған ерлерім!
Мінген атың тобышақ,
Күмісті қылыш белдерің.
Осындайда керек деп,
Көзімнің майын бергемін.
Ат мініп, жарақ асқалы
Бәрі осы ма көргенің!

Дұспаны қайтіп кемітер
Кене хан мен Науанды!
Дабысы кетті күңіреніп
Аспара мен Дуанды.
Қалың жатқан қырғызды
Жеңгеніне қуанды.
Қарақыстақ, Шөңгірге
Ұйысқан қырғыз қалмады.

Мұнарланып шаң болды
 Қызылсудың саласы.
 Бұл сапарда жар болды
 Хан Абылай бабасы.
 Қырғызға лық толыпты
 Алатаудың арасы.
 Қол алдында жүр екен
 Қырғыздың бір данасы.
 Наурызбайға кез болып,
 Тұра қалды жанаса.
 Кәрібоз деген кісі екен,
 Ер Қанайдың баласы.

Кәрібоз сонда сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 – Ей, Наурызбай, ер төрем,
 Қарайып жүрмін қаныма!
 Аза қорлық көрсетіп,
 Қатты баттың жаныма.
 Не жазығым бар еді
 Кенесары ханыңа?
 Бітті деп көңілі тынбады
 Қырғыздағы арына.
 Алмаған ары қалды ма
 Қырғызда оның тағы да?

Кім таласар Құдайдың
 Бендеге берген бағына?
 Қорған болып халқына,
 Өркім шықсын табында.
 Қанайыңа мен қылдым
 Кекті болған шағымда.
 Сенің ақың бар ма еді,
 Андасымның тамында?
 Білмеймісің, Кәрібоз,
 Мойныңдағы жазаңды?

Жанқараш пен Жантайың
Айтып иман, зарланды...
Кәпірге газат қылғандай,
Наурызбай берер сазаңды.

Көп қорқытпа, Наурызбай!
Күнім түссе көрермін,
Бұйрық болып Құдадан,
Қаза жетсе өлермін.
Арманда болып кетпесін,
Бір соғысқа келермін.
Жаппар ием жар болса,
Сазаңды әлі-ақ берермін.

Қырғыздың қолы көбейді,
Өр жерлерден құралып.
Қыстай мінген қазақы ат,
Тастап жатыр тұралап.
Шыдамады Наурызбай, –
Киіміне қыналып,
Түрегелді орнынан,
Шыбықтай белі бұралып.
Қамзол ішік үстінде,
Бауын үзіп белсеніп,
Ақауыз атқа мінді де,
Түсті таудан теңселіп,
Қатуланып жөнелді,
Алғалы жауды еңсеріп.

Жалғыз шапты Наурызбай,
Жауға қарсы еруге.
Арасы алыс дауыстап
«Барма, мұнда кел» деуге,
Шауып барып Бұқарбай,
Ат үстінде көлбеді,

Өткізіп қашты шылбырын
Ер Бидердің белбеуге.

Өзір аса біткен жоқ
Хан Кененің тынысы.
Қара ала атты бір қырғыз,
Жаңқараш бидің інісі,
Жекелеп кірді майданға,
Батыр екен мұнысы.

Наурызбай қарсы шабады
Жеке шыққан батырға.
Тайынбай қарсы келеді,
Қашатұғын әйел ме?!
Жалақтатып найзасын,
Жетіп келді жақынға.
Алақтатып, састырып,
Батырды ұрды қапыда.
Жеке шыққан батырдың
Бәріне берді ақылды.
Орнынан тұрмай жатсын деп,
Найзасын қатты батырды.

Сол уақытта Ақауыз
Жер тарпиды оянып.
Наурызбай жүр үстінде,
Қылышы қанға боялып.
Қанына қырғыз қарайды,
Несіне түрсын аянып?!
Наурызбайдың үстіне
Бәрі келді таянып.
Аллалап жүрген қырғыздың
Желі тұрды оңынан.
Ай мүйізді қошқардың
Бәрі тартты қоңынан.
Ақауыз ат құлады
Қырғыздың атқан оғынан.

Наурызбайға ұмтылды
Қалың қырғыз шоғынан.

Қызылсу мен Дуанның
Аңғарынан шаң асты.
Қырсықтың алды емес пе,
Төреден әркім адасты.
Қырғыз, қазақ – екі жар
Наурызбайға таласты.
Қырымда жүрген Бұқарбай
Атына қамшы бір басты.
Үзеңгісін шығарып,
Наурызбайға жанасты.

– Сені қара басты ма,
Қолыңа найза алмастай?
Жүрегің ұшып кетті ме,
Жауға қарсы бармастай?
Қызметі сенде бар еді,
Артынан тірі қалмастай.

Ала бір таудың жылғасы,
Бауырында ойнар құлжасы.
Тар жерде жолдас болады
Ерлердің найза құрдасы.
Белсеніп жауға шабады.
Жігіттің жанға мырзасы.
Ержан болса қасымда
Бөлекше туған тұлғасы,
Болар ма едім қазаққа
Өзіл сөзің олжасы?!

Балалы арқар баулайды,
Баласыз арқар маңырайды.
Күйік қылмай көзіме,
Жасаған сені алғай-ды!
Сүйегімнен бұл таңба

Өлгенімше қалмайды.
 Ержан жауға түскенше,
 Сен жауға түссең болғай-ды!

Алты ай шауып жол болған
 Шу менен таудың арасы.
 Бұл сапарда қазақтың
 Болмады қабыл тәубасы.
 Рүстем менен Сыпатай –
 Дулаттың нағыз баласы.
 Үндес болды қырғызбен,
 Өне, ауыздың аласы!
 Он екі мың дулатты
 Қашырды түнде, расы.
 Жамандық қылған мұндардың
 Мойнына болсын жазасы.
 Қазақтың көбі қырылды,
 Қанды ма екен табасы?!
 Сол барғаннан төрелер
 Елге қайтып келмеген.
 Үй, жамағат, малымен,
 Халқын, жұртын көрмеген.
 Құтылуға қырғыздан
 Тілегін Құдай бермеген.
 Қырғызда қалды тұтылып,
 Не еткенін ешкім білмеген.

Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің әр кезеңін қамтитын көркем шығармалар көп. Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» дастаны, Көкбай Жанатайұлының «Абылай – Кенесары» поэмасы, М. Сералиннің «Топжарған», Д. Өлімбаевтың «Кенесары» дастаны сияқты т.б. жырлар Кенесары қозғалысының көркем бейнесін көрсететін авторлық шығармалар тізбегін құрайды. Кенесарыға арналған көркем шығармалардың көбі көтерілістен соң, бірталай уақыттан кейін туған. М. Әуезов осы оқиға негізінде «Хан Кене» тарихи драмасын жазды. Тарихшы Е. Бекмаханов Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс туралы зерттеулер жүргізіп, көтерілістің тарихи құндылығы мен қазақ халқы үшін маңызын ашты.

М. Әуезов: «Кенесарының қайғы-өкінішімен біткен жорығы қазақ баласының барлығына да қадірлі, қасиетті әңгімедей болып көп жайылған. Бұл жырдың көп жайылуына екінші бір себеп болған нәрсе – Кенесары ісінің өзге батырлардың ісінен әлдеқайда ірі, әлдеқайда көлемді оқиға болғандықтан туады».



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. «Кенесары – Наурызбай» дастанының сюжеттік-композициялық желісіне талдау жаса. Өз пікіріңді үзінді келтіре отырып дәлелде.

Сюжеттік-композициялық желі	Үзінді арқылы дәлелдеу
Оқиғаның басталуы	
Байланыс	
Дамуы	
Шиеленісуі	
Шарықтау шегі	
Шешімі	
Оқиғаның аяқталуы	



2-тапсырма. Дастан кейіпкерлеріне мінездеме бер. Автордың кейіпкеріне деген ұстанымын білдіретін тұстарын теріп жаз. Әдеби психологизм арқылы берілген кейіпкер әрекетіне баға бер.

Кенесары →
 Наурызбай →
 Бұғыбай →
 Ағыбай →
 Кәрібоз →

Қолбасшы, жау, өз елін ойлаған ер, жауыз адам, батыр, ештеңеден қорықпайды, елі үшін басын бөйгеге тіге алады, досына адал, әрқашан көмекке келетін жақсы адам, халық басын біріктіруді ойлаған адам, Кенесарының інісі, Кенесарының бас батыры, қатігез, ешкімді аямайтын адам.



3-тапсырма. Дастаннан берілген үзіндіні оқып, (асты сызылған сөздер) оқиғаның идеясын тұтастандырушы ретінде қолданылған сөздерді тауып талда.

Үзінді	Менің ойымша...
<p>– Қауырсынды, қанатты, Таудан үлкен талапты, Ер көңілді, қалма! – деп, Жұртқа салды санатты. <u>Қалың қолдан саралап,</u> <u>Алады өңкей манапты,</u> Ерегескен соғыста <u>Тастан қайтпас болатты.</u> <u>Тауға қарсы түйлікті,</u> <u>Сұңқардай жиып қанатты.</u></p>	
<p>Наурызбай кірді қамалға <u>Жанған оттай бұрқылдап,</u> Көк дөнен ат астында <u>Ор қояндай бұлтылдап;</u> Батырлардың найзасы, <u>Найзағайдай жылтылдап.</u> Мұннан кірген батырлар Оннан шықты алқылдап.</p>	
<p><i>Өзің таңдаған үзіндіні қойып талда</i></p>	



4-тапсырма. Хан Кененің сөзін қарасөз түрінде жазып, оның негізгі ойы мен көтеріліске шығу мақсаты туралы айтып бер. Қарамен белгіленген сөздерге талдау жаса.

**Сауысқанның аласы,
Ағынан көп қарасы.
Кене хан сонда сөйледі,
Абылай ханның баласы:
– Қол көрінбес шаң болды
Алатаудың арасы.
Қарағаштай көп қазақ,
Ханға болдың қарашы.**

Ойда қоқан, қырда орыс,
 Хакім болды қаласы.
 Кімнен таяқ жегендей
 Біздің қазақ баласы!
Алдырып жүрген дұспанға –
Аузының аласы.
 Дін мұсылман әлеумет
Бірге мінсе кемеге,
Үш Алаштың баласы
 Тізгінін берсе Кенеге,
 Ер басына аяқтай
 Тас көтерсек жебеге,
 Тау басына шығатын
 Жол салмасқа немене?!
 Байұзақ датқа түйсініп,
 Бұл жауаптың тегіне,
 Айтайын деп бір сөзді,
 Жетіп барды көбіне...



5-тапсырма. Хрестоматияны пайдалана отырып, Наурызбай мен Кәрібоз арасындағы диалогті драмалық формаға түсіріп, топта талдаңдар.



6-тапсырма. Мәтінді тыңдап, құбылту мен айшықтау түрлерін теріп жаз. **Уақыты – 15 минут.**



7-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тарихи және көнерген сөздерді анықта. Автор ол сөздерді қандай мақсатта қолданғаны туралы өз ойыңды айт. **Уақыты – 15 минут.**



8-тапсырма. Дастанды Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» тарихи драмасымен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына байланысты өздеріңнің пікірлеріңді білдіріңдер.



9-тапсырма. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс туралы тарихи деректерді пайдалана отырып, көтерілістің шығуы мен сәтсіздікке ұшырауының себебін дастандағы негізгі оқиғалармен байланыстырып, ауызша хабарлама дайында.



10-тапсырма. «Кенесары – Наурызбай» дастанының идеясын азаттық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарымен байланыстырып, жаңашылдығы мен заманауилығына баға бер. Не себепті Кенесарыны «қазақтың соңғы ханы» деп атайды?



11-тапсырма. Кенесары өмірі мен заманы туралы «Тарих» пәніндегі деректерді қосып, шағын таныстырылым жаса. Дастанда Кенесары өмірінің қай кезеңі алынғанына назар аударып, таныстырылымда үзінділерді пайдалан.



12-тапсырма. «Тарихта терең ізі бар» деген тақырыпта дастан идеясын ғаламдық тұрғыда талдап, әдеби эссе жаз.



13-тапсырма. Азаттық, еркіндік үшін күрескен тағы қандай тарихи тұлғаларды білесіңдер? Олардың өмірі мен негізгі мақсаттары Кенесары Қасымұлының тағдырына ұқсай ма? Қалай ойлайсыңдар? Өз пікірлеріңді баяндап беріңдер.



14-тапсырма. Әлем әдебиетіндегі елінің азаттығы үшін күрескен тұлғалар туралы не білесіңдер? Дастан идеясын басқа көркем шығармалармен салыстырып, сын мақала жазыңдар.



МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ**(1804 – 1846)**

Махамбет Өтемісұлы – қазақтың әйгілі ақыны, күйші-композиторы, Исатай Тайманұлы бастаған (1836 – 1837) көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Жалынды жыршы Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы Ішкі Бөкей ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жасқұс деген жерінде дүниеге келген. Әкесі Өтеміс – елге ықпалды би болған адам. Махамбет – Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Доспамбет сынды тұлғалардан қалған мұраларды ерте жастан көңіліне тоқыған, білімдар, көзі ашық адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін меңгерген. Мұны жазған хаттарынан айқын аңғаруға болады.



Махамбеттің бейнелі де жалынды жырлары – Шалкиіз, Сыпыра, Доспамбет, Қазтуған сияқты батыр жыраулардың үлгісіндегі көтеріліс туралы толғаулар.

Жайылымның тарлығы, орыс империясының Қазақ хандығын жою мақсатындағы іс-қимылдары, сондай-ақ Жәңгір ханның жерді туған-туыстарына бөліп беруі тәрізді жағдайлар халықты әбден ашындырды. Міне, осыдан соң екі жақты езгіге түскен халыққа жаны ашыған Исатай мен Махамбет бұқараны көтеріліске шақырды. Махамбеттің Исатай атынан жазылған «Әй, Махамбет, жолдасым!» атты толғауы, ондағы «Хан баласы жылады-ай, Жанымды қи деп сұрады-ай» деген жолдар хан ордасын қоршауға алған 1837 жылғы соғыс күндерінің шындығын сипаттайды. Осы жылдың қараша айында көтерілісшілер Бекетай құмында өздерінен күші әлдеқайда басым Гекке әскерімен соғысып, жеңіліс табады. Бұл оқиғалар Махамбеттің «Соғыс» жырында бейнеленіп, «Жабығу», «Ереуіл атқа ер салмай» туындыларында жеңілістің күйзелісті күйі шертіледі.

1838 жылы 12 шілдеде Ақбұлақ шайқасында Исатай қазаға ұшырайды. Исатай батыр бастаған көтеріліс жеңіліспен аяқталған соң, Махамбет Жем, Жайық, Маңғыстау, Хиуа елдеріне барып, жасақ жинап, көтерілісті қайта жанданды-

руға күш салады. Бірақ Бөкей ордасында қайтадан қолға түсіп, Орынбор түрмесіне қамалады. Тұтқыннан босағаннан кейінгі өмірін Кіші жүздің батыс бөлігіндегі ел ішінде өткізеді. Алайда елім деп еңіреген жалынды ақын Жәңгір хан өлген соң, ара сұлтан болған Баймағамбет Айшуақұлы жалдаған жендеттердің қолынан 1846 жылы 20 қазанда, Қараой өңірінде қаза табады.

Махамбет шығармаларының тақырыбы. Ол жыраулық поэзияның көркемдік өлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға тырысты. Махамбет шығармалары – бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. «Мұнар күн» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Азамат ердің баласы», «Қара нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі – сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса» т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең өрі шынайы суреттелген. Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы – Исатай батыр. «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс» т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы жан-жақты сипатталды. Оның Жәңгірге, Баймағамбет сұлтанға арнаған өлеңдері – патшаның жергілікті билеуші өкілдері болған хан-сұлтандарға қарсы жазылған жырлар.

Махамбет өлеңдерінің жанры, жарыққа шығуы. Махамбет шығармашылығы қазақ поэзиясы жанрларының қалыптасуына (сатира, элегия, монолог, арнау т.б.), стилінің дараланып, поэтикалық тіл құралдарының артуына, философиялық ойлардың тереңдеуіне үлес қосты. Халық нақылына құрылған философиялық толғаулары мен жігерге толы ерлік жырлары, жауынгер рухты биік өлеңдері ақын шығармашылығын жоғары деңгейге көтерді. Махамбет жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті («Мұңайма», «Желп-желп еткен ала ту», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Ұл туса», «Толарсақтан

саз кешіп»). Ақын жырларында орыс, араб, парсы сөздері көп кездесіп, шағатай тілінде жазылуымен ерекшеленеді. Махамбет жыраулық поэзия дәстүрін шебер дамыта отырып, қазақ өлеңінің табиғатын жаңартты. Махамбет күйші болған. Оның 11 күйі 1982 жылы «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен жарық көрді. Алғаш рет Махамбеттің 100 жолдан астам екі толғауы 1908 жылы Қазан қаласында «Мұрат ақынның Тұмар қажы оғлына айтқаны» деген жинақта басылды. 1911 жылы Орынборда Ф. Мұштақ құрастырған «Шайыр яки қазақ ақындарының басты шығармалары» жинағында Махамбет толғауынан үзінділер берілді. 1939 жылы Қажым Жұмалиев Махамбет өлеңдерінің жинағын шығарды. 2003 жылы ақынның 200 жылдық мерейтойы аталып өтіліп, төрт томдық шығармалары жарық көрді.

Тірек сөздер: «Исатай – Махамбет» қозғалысы, Махамбет шығармашылығы, терме, толғау, жыр.

Ғалым пікірі

ТЕРМЕ – қазақ халық поэзиясында қалыптасқан лирикалық өлең түрі. Фибраттылық мәні бар моральдық идеялар тұрғысынан әр нәрсені теріп айтып, бір нәрседен екінші нәрсеге еркін ауысып отыру – термеге айрықша тән қасиет. Ол нақыл сөз үлгісінде құрылып, әдетте өнегелі, нұсқалы сөздердің тізбегіндей болып келеді. Ырғақтық құрылыс жағынан жеті-сегіз буынды жыр үлгісінде айтылады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жедел қарқынмен дами бастады. Кеңес дәуірінде терме жанрында туған шығармалар мол. Пішіні мен мазмұны толғауға біршама жақын. Толғауда қоғамдық-әлеуметтік сарындар басым болса, термеде көбіне күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жайттар сөз болады.

Б. Абылқасымов

МАХАМБЕТТІҢ БАЙМАҒАМБЕТ СҰЛТАНҒА АЙТҚАНЫ

I

Алайма, сұлтан, алайма!
Астыма мінген арғымақ
Аяңдап түсіп марай ма?

Арғымақ дейтін жығылар,
 Найза бойы жар келсе,
 Жабыдайын жалтаңдап,
 Түсер жерін қарай ма?
 Арғымақ атқа айдай таға қақтырса,
 Кілегей қатқан Еділдің
 Көкше мұзынан таяр ма?!
 Ата ұлының баласы
 Асыл ерге малың бер,
 Малың бер де басын қос,
 Басыңа тарлық түскенде
 Ардақтаған әділ жанын аяр ма?

II

Біз бір енеден бір едік,
 Бір енеден екі едік,
 Екеуіміз жүргенде,
 Бір-бірімізге ес едік.
 Бір енеден үш едік,
 Үшеуіміз жүргенде,
 Толып жатқан күш едік.
 Бір енеден бес едік,
 Бесеуіміз жүргенде
 Алашқа болман деуші едік.
 Өтемістен туған он едік,
 Онымыз атқа мінгенде
 Жер қайысқан қол едік.

III

Еділді көріп емсеген,
 Жайықты көріп жемсеген.
 Таудағы тарлан шұбар біз едік.
 Исатайдың барында,
 Қара қазан, сары бала
 Қамы үшін қылыш сермедік.
 Шабытымыз келгенде,
 Ерегіскен дұшпанды
 Шетінен сүйреп жеп едік.
 Баста дәурен тұрғанда,
 Біздер дағы, Бәйеке,

Оза көшіп, кең жайлап,
Еркімен еркін жатқан ер едік.

IV

Еділ үшін егестік,
Тептер үшін тебістік.
Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылдық,
Теңдікті, малды бермедік,
Теңдіксіз малға көнбедік.
Ханның кірген ақ орда
Бұзуын ойлап кеңестік.
Аламанға жел беріп,
Аса жұртты меңгердік.
Қара қазақ баласын
Хан ұлына теңгердік.
Өздеріңдей хандарды
Қабырғасын сөгілтіп,
Қабырғадан аққан қан
Ат бауырына төгілтіп,
Өділ жаннан түңілтіп,
Ат артына өңгердік.

V

Кешегі Исатайдың барында,
Алақандай Нарынды
Бастаушы едім құлаштай.
Жәбір беріп жала етсең,
Былғанған басым ласқа-ай.
Мен бір шарға ұстанған
Қара балта едім,
Шабуын таппай кетілдім,
Қайраса, тағы жетілдім.
Көрмес, келмес деп едім,
Өз еркіммен бетімді-ай.
Есігіңнің алдына
Ұрмай, соқпай келтірген,
(Арманың бар ма Құдайға)
Мынау Махамбет сынды «жетімді-ай»!

VI

Ханнан кегімді ала алмай,
 Арқаның алпыс екі саласына барғанда,
 Айдаһардай арбадың,
 Арбадың да қалмадың.
 Қайрат қылар ер біз болсақ.
 Заманымда болған «сұлтаным»
 Бізді жіпсіз байладың.

VII

Еділ мен Жайық жер еді-ау,
 Мекен еткен шаруаға,
 Жағасы қорған жай еді-ау.
 Жай-қоныстан айырылып,
 Біз бір қаңғып жүрген қарашы.
 Қайта-қайта іздетіп,
 Менде қандай ауыр ақың бар еді-ау?!

VIII

Мен ақ сұңқар құстың сойы едім,
 Шамырқансам тағы кетермін,
 Кетпей де нешік етермін?
 Бұл барғаннан барармын,
 Қиядан орын алармын,
 Өтініп алып от жақпан,
 Дұшпанға қылыш ұрармын.
 Жазға бір ай қалғанда,
 Ала сапыран болғанда,
 Бөліне көшкен еліңді
 Бөріккен қойдай қылармын.
 Жарыла көшкен еліңді,
 Жаралы қойдай қылармын.
 Мен кеткенмен тек кетпен,
 Сізден артық табармын.
 Ашуыма көп тисең,
 Өзекті жанға бір өлім,
 Ордаңды талқан ғып шабармын.

IX

Беркініп садақ асынған,
 Біріндеп жауын қашырған.
 Құйқылжыған құла жирен ат мінген,
 Құйрық, жалын шарт түйген,
 Мен кескекті ердің сойымын,
 Кескілеспей бір басылман.
 Алдыңа келіп тұрмын деп,
 Ар-намысым қашырман.
 Сүйегім тұтам қалғанша,
 Тартылмай сөйлер асылмын.
 Ей, тақсыр-ау, ей, тақсыр,
 Бойың жетпес биікпін,
 Бұлтқа жетпей шарт сынбан!
 Айта келген сөзім бар,
 Не қылсаң да жасырман.
 Шамдансам жығар асаумын,
 Шамырқансам сынар болатпын,
 Көр қылар деп, «тақсыр-ау!»
 Аяғыңа бас ұрман.
 Бәйеке «сұлтан», ақ сүйек,
 Қыларың болса қылып қал,
 Күндердің күні болғанда,
 Бас кесермін, жасырман!

БАҒАНАЛЫ ТЕРЕК

Бағаналы терек жарылса,
 Бақыраш жамап болар ма?!
 Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,
 Еменге иір бұтақ бітсейші,
 Қыранға тұғыр қыларға.
 Ханнан қырық туғанша,
 Қарадан бір-ақ тусайшы,
 Халықтың кегін қусайшы,
 Артымыздан біздердің
 Ақырып теңдік сұрарға!

МЕН, МЕН ЕДІМ, МЕН ЕДІМ

Мен, мен едім, мен едім,
 Мен Нарында жүргенде
 Еңіреп жүрген ер едім.
 Исатайдың барында
 Екі тарлан бөрі едім,
 Қай қазақтан кем едім?
 Бір қазақпен тең едім.
 Өздеріңдей хандардың,
 Қарны жуан билердің,
 Атандай дауысын ақыртып,
 Лауазымын көкке шақыртып,
 Басын кессем деп едім.

Еділдің бойы ен тоғай,
 Ел қондырсам деп едім.
 Жағалай жатқан сол елге
 Мал толтырсам деп едім.
 Еңсесі биік ақ орда,
 Еріксіз кірсем деп едім.
 Керегесін кескілеп,
 Отын етсем деп едім.
 Туырлығын тескілеп,
 Тоқым етсем деп едім...
 Хан сусыны – сары бал,
 Сұраусыз ішсем деп едім.
 Ханның киген кіреуке
 Үстіме кисем деп едім.
 Қаныкейдей көріктіңді
 Қалыңсыз құшсам деп едім.
 Тінікейдей тектіңді,
 Ителгі көзін төңкертіп,
 Күшіктей дауысын қыңсытып,
 Аш күзендей белін бүгілтіп,
 Өділ жаннан түңілтіп,
 Ат артына үңілтіп,
 Артыма салсам деп едім.

Тілекті Төңір бермеді,
Өздеріңдей хандарды
Осылай бір қылсам деп едім.

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Ерегiскен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім.
Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім.
Ерегiскен дұшпанның
Екіталай болғанда
Азыққа етін жеп едім.
Хан баласы ақсүйек
Ежелден табан аңдысқан
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас!
Хан баласы ақсүйек –
Байеке сұлтан сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем!

Ғалым пікірі

Өтемісұлы Махамбет – Исатай қозғалысының ең ірі адамының бірі, Исатайдың нағыз қанды көйлек жолдасы екен. Туысы – беріш руынан. Атасы – Өтеміс. Өтеміс Айшуақ, Бөкей деген Кіші жүз хандарының тұсында қабырғалы би атанған. Махамбеттің Бекмағамбет деген ағасы Жәңгір ханның үлкен биінің бірі болған. Ол Исатай мен Махамбеттің Жәңгірге қарсы шыққан көтерілісіне қосыл-

май, бұларға қарсы қимыл істеген. Махамбеттің өзі де жас күнінде Жәңгір ханның нөкерінде болған. Бірақ Исатай ханға қарсы шығысымен, бұл барып соған қосылған.

Махамбет жаратылысында әрі батыр, әрі жырау-ақын, әрі күйші-домбырашы болыпты. Мінезі өте қызу, әдіс-шеберлікті көп ойламайтын, бет алған жағынан қайтпайтын, қайсар, ер адам болған. Соғыс үстінде де ерекше ер, айлакер. 1838 жылы Ресей жерінде Исатай отыз жолдасымен жатқанда, әскер қамайды. Махамбет өзгеден бұрын Исатай құтылсын деп, екі жолдасымен оны қашырып жіберіп, өзі қалған серіктерімен бірқатар уақыт соғысып тұрып, артынан қаша ұрыс салады. Бір кезде бұны көздеп қуған әскер жақындап ұстауға айналады. Сонда Махамбет астындағы көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамықты жақындап қалған қуғыншылардың көзіне шашып құтылып кетіпті деседі.

Соғыста батыр, сөзде «от ауызды, орақ тілді» дегендей, жалындаған ақын, алғыр шешен болған Махамбет – Исатай қозғалысының ең көрнекті кісісінің бірі. Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс.

М. Әуезов



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Махамбет толғаулары тақырыбында не туралы айтылады? Терме мен толғау, жыр жанрының қандай айырмашылықтары бар? 8-сыныпта өткен білімдеріңді еске түсіріп, талдап беріңдер.



2-тапсырма. «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» шығармасында автор психологизмі қай тармақтардан көрінеді?



3-тапсырма. Махамбеттің стиліне төн сөз қолданыстарын тауып, қандай көріктеу құралдарына жататынын анықтаңдар.



4-тапсырма.

Жазға бір ай қалғанда,
Аласапыран болғанда,
Бөліне көшкен еліңді
Бөріккен қойдай қылармын.
Жарыла көшкен еліңді,
Жаралы қойдай қылармын.
Мен кеткенмен тек кетпен,
Сізден артық табармын.
Ашуыма көп тисең,
Өзекті жанға бір өлім,
Ордаңды талқан қылып шабармын.

Берілген үзіндіні оқи отырып:

Бөліне көшкен еліңді,
Бөріккен қойдай қылармын,
Жарыла көшкен еліңді,
Жаралы қойдай қылармын, – деген сөз қолданыстарына назар аударыңдар. Осы сөз қолданыстарын негізге ала отырып, сол кезеңдегі халық тұрмысы мен жағдайын тарихи тұрғыдан баяндап беріңдер. Түсінгендеріңді көркем әңгімеге айналдырып жазыңдар.



5-тапсырма. «Бағаналы терек» шығармасында қолданылған автордың стиліне мән бере отырып, поэтикалық құрылысына талдау жасаңдар.



6-тапсырма. «Мен, мен едім, мен едім» жырындағы қайталау түрлеріне назар аударыңдар. Мұғалімнің көмегімен қайталаудың қандай түрлеріне жататынын талдап айтып беріңдер.



7-тапсырма. Берілген шығармаларда Махамбет бейнесі қалай көрінеді? Махамбет Өтемісұлы туралы берілген деректерді негізге ала отырып, әдебиетте алатын орнына баға беріңдер.



8-тапсырма. «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Бағаналы терек» толғауларын оқи отырып, метафораларды тауып, дәптерлеріңе жазыңдар. Ақынның

шығармашылығына ғана тән метафораларды қолдануына мән беріңдер.



9-тапсырма. «Мен, мен едім, мен едім» шығармасында кім туралы айтылады? Автордың стилін негізге ала отырып, тарихтағы тұлғалық бейнесіне баға беріңдер.



10-тапсырма. «Мен, мен едім, мен едім» шығармасындағы авторға тән сөз қолданыстарына назар аударып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар. Көркемдік құралдардың қайсысына жататынын анықтап, талдап беріңдер.



11-тапсырма. «Мен, мен едім, мен едім» шығармасында автор позициясы қалай көрінеді? Дәлелдеп, айтып беріңдер.



12-тапсырма. Махамбет толғауларында баяндалатын тарихи оқиғалар желісімен түсірілген көркем, деректі фильмдер топтамасын жинақтап, сыныптастарыңа әңгімелеп, көрсетіп, айтып беріңдер.



13-тапсырма. Махамбет жырларының өміршеңдігіне қандай баға берер едіңдер?



14-тапсырма. «Махамбет – өршіл ақын» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



15-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен Махамбет музейіндегі деректерді негізге ала отырып, шағын сын мақала жазыңдар.



ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

(1835 – 1865)

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақ халқының тұңғыш ғалымы. Қазақтың ең алғаш еуропаша оқып, жоғары дәрежелі білім алып, ғылым қызметіне араласқан адам. Ол – қазақ халқын Еуропа, орыс мәдениетіне жетілдіру жолында көп қызмет еткен, қазақ халқы мен орыс халқының тағдырлас екенін біліп, солардың туысқандық, достығын көксеген ағартушы-демократ. Шоқанды жақсы білген жазушы Н. Ядринцев:



«Қазақ халқын орыс халқына таныту, осының негізінде өз халқын Еуропа мәдениетіне жеткізу – Шоқан өмірінің мақсаты», – дейді.

Шоқан бүкіл Орта Азия халықтарының, әсіресе қазақ халқының тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, әдебиетін зерттеуде көп еңбек сіңірген. Өз тұсында жаңа пікірлер айтқан асқан ойшыл, тарихшы, зор әдебиетші. Оны жақсы білген тарихшы ғалым Н. Веселовский: «Шоқан күншығысты зерттеу ғылымының жарық жұлдызы болып көрініп еді. Тек жарқ етті де сөнді», – дейді.

Тірек сөздер: Шоқан Уәлиханов, күнделік, жазба.

Ғалым пікірі

Шоқанның шыққан тегі – атақты Абылай хан. Абылай хан – 1711–1781 жылдар арасында өмір сүрген тарихи тұлға. Ол әуелі Орта жүзге, кейін бүкіл қазаққа хан болған. Өз тұсында қазақ халқының тәуелсіздігі, елдігі, бірлігі жолында күрескен.

Абылай өлген соң, Орта жүзге оның баласы Уәли хан болды. Ол 1819 жылы қайтыс болды. Уәлидің орнына біраз уақыт оның жесірі Айғаным ел билейді. Өйткені ол кезде баласы Шыңғыс әлі жас еді. Патша үкіметі 1822 жылы хандықты жойып, қазақ арасында аға сұлтан тәртібін орнатты.

Осы тәртіп бойынша ержеткен соң, Шыңғыс Аманқарағай, Құсмұрын округтеріне бірсыпыра уақыт аға сұлтан болып тұрды.

Патша үкіметі қазақ даласын меңгеруге кіріскеннен-ақ, қазақтың ақсүйектерінен өздеріне тірек, жәрдемші өзірлеу жұмысын қолға алды. Хандардың, төре-сұлтандардың балаларын орыс мектептерінде оқытып, еуропаша тәлім-тәрбие, білім беріп, қазақ халқын солар арқылы (*солардың көмегімен*) билемек болды. Осы ретпен Шыңғыс жасында Омбы қаласындағы офицерлер мектебінде оқып, білім алған кісі еді.

Шыңғыс та Шоқанды орысша оқуға бергенде, патша үкіметіне қызмет қылып, шен алсын, өзімдей сұлтан болсын деген оймен береді. Бірақ ол әкесінің ойынан шықпайды. Шенқой чиновник болмай, ғылым қайраткері болып шығады. Атаның ұлы болмай, адамның ұлы болады.

Шыңғыстың ең үлкен ұлы – Шоқан. Шоқанның шын аты – Мұхамедқанапия. Оны жұрт Шоқан деп атап кеткен. Шоқан 1835 жылы туған. Шоқан туып-өскен кезде Шыңғыстың ауылы Тобыл өзенінің күншығыс жағындағы жалаң құба жон, құлазыған даланы мекен етеді екен. Кейін Көкшетау жағына ауып, қазақтың ертедегі ақындары мен әншілері сұлулығын айтып, ауыздарының суы құрыған атақты Сырымбет даласына орналасады. Шоқан оқуда, қызметте жүрген кезінде демалысқа осы Сырымбетке келіп тұрады. Бірақ ол бала күнін есіне түсіріп әңгіме айтқанда, үнемі Құсмұрынды сағына сөйлеп, сонда көрген-білгенін әңгімелейді екен. 1847 жылы күздігүні Омбы қаласына келіп, сондағы кадет корпусына оқуға түседі. Оны оқуға алып келіп, орналастырушы сол кездегі қазақ істерін басқарушы комиссия тілмашы В. Добшинский деген кісі болады.

Бұл корпусың оқушылары ол кезде екі топқа бөлінеді: бірі – «рота» деп аталады. Онда тек чиновниктердің, жаяу әскер офицерлерінің балалары ғана оқиды. Екіншісі – «эскадрон» деп аталады. Онда кілең казак-орыстардың балалары оқиды.

Мектептің бастықтары Шоқанды хан тұқымы бола тұрса да эскадронға алады. Олар мұны: қазақ пен казак-орыс кәсібі, тұрмыс-тіршілігі бірыңғай – екеуі де мал өсіріп тіршілік етеді әрі казак-орыс балаларының арасында қазақ тілін білетін балалар бар, Шоқан жалғызсырамайды, солармен әңгімелесіп жүреді деп дәлелдейді.

Шоқан өте алғыр, зерек болады. Ол мектепке түскенде, түк орысша білмесе керек. Аз уақыт ішінде орыс тіліне әбден жетіліп алады. Сабақты жақсы оқиды. Саяси-әлеуметтік ғылымдарды, тарих, география сабақтарын өте жақсы меңгереді. Ақылды, сөз тапқыр шешен, өткір тілді, әзілқой болады. Ол оқып жүрген кезінде немесе қызмет етіп жүрген кезінде болсын неше түрлі қызық, күлдіргі, сықақ әңгімелер шығарып, жұртты күлдіріп, көңіл көтереді. Пасық адамдарды, олардың сүйкімсіз мінездерін сынайды.

Ол кезде корпусның оқытушылары арасында озат идеялы, білімді, жаңа пікірлі кісілер (*Ждан – Пушкин, Костылецкий, Гонсевский т.б*) болады. Бұлар сабақтарында оқушыларға айтуға болмайтын шығармаларды астыртын оқытатын. Мысалы, Батыс Еуропа елдеріндегі буржуазиялық революциялар жайын айтады. Герцен, Белинский, Салтыков-Щедриннің шығармаларын оқытады. Сөйтіп, оқушылардың көзін ашып, көңілін оятады.

Шоқан кадетте жүрген кезінде де, қызмет істеп жүрген кезінде де Күншығыс, Орта Азия, Қазақстан тарихын көп зерттейді. Ол қазақтың мақалдары мен аңыз-әңгімелерін, Күншығыс философиясын жақсы меңгереді. Жолдастары шеше алмаған мәселелерді жүйелеп шешетін, көп реттерде терең ғылыми жаңа пікірлерді айтатын дәрежеге жетеді. Сондықтан ұстаздары Шоқанды Күншығыс тарихы жөнінде зор жаңалық ашатын үлкен ғалым болады деп ойлайды.

Осы ретпен Шоқан 1853 жылы кадет корпусын бітірген соң, Омбыда қызметке қалдырылады. Ол сонда Батыс Сібір генерал-губернаторының адъютанты болып, төрт-бес жыл қызмет істейді. Шоқан қызмет істеген мекемеде қазақ халқының ұлт бостандығы жолындағы күресі жөніндегі істердің арасында «заттық» айғақ ретінде Қасымұлы Кенесарының

бас сүйегін күзетуге тура келеді. Бұл оның жүрегіне жазылмас жара салады.

Омбы қаласы – тоғыз жолдың торабы. Шоқан оқып, қызмет істеп жүрген кезде орыстың Күншығысты, қазақ даласын, Сібірді зерттеуге шыққан ғалымдары соқпай кетпейді. Сібірде қазақ даласында айдауда болып, тұтқында жүрген декабристер, петрашевшілер әрлі-берлі Омбы арқылы жүреді. Бұлардың кейбіреулері сұранып, туған-туысқандарымен, жора-жолдастарымен Омбыда ұшырасатын еді. Осы жағдаймен Омбыда күншығысты зерттеуші атақты ғалым П. Семенов, орыс анархистерінің атасы Бақунин, петрашевшілердің басшысы Буташевич-Петрашевский, ұлы орыс жазушысы Ф. Достоевский, ақын С. Дуров т.б болды.

Шоқан осылардың көбімен кездесіп, сөйлесіп жүреді. Таныс-біліс, жақын жолдас, дос болып кетеді. Осылар арқылы Ресейдің орталығында болып жатқан хал-жағдайды, хабарды біліп отырады. Саяси көзі ашыла түседі.

Бұл адамдардың ішінде Шоқанның әсіресе жазушы Ф. Достоевский мен ақын С. Дуровпен қатынасын, достығын баса айту керек. Өйткені Шоқан бұлармен өте жақын жанашыр дос болады, кейін де көп уақыт араласып, хат жазысып, пікір алысып жүреді. Ол осы жандар арқылы (*өте-мөте Ф. Достоевский арқылы*), кейін 1860–1861 жылдары Петерборда болғанда орыс халқының А. Майков т.б. ақын-жазушы, ғалымдарымен танысады. Олардан көп нәрсе үйреніп, біледі. Бұл ортамен араласу, достасу Шоқанның саяси көзқарасының қаншалық өрісті болғанын аңғартса керек. Ф. Достоевский мен ақын С. Дуров – Буташевич-Петрашевский бастаған топта болған адамдар, шаруаларды азат ету жолында күрескен орыс халқының адал ұлдары, озық ойлы жазушылары еді. Сол үшін оларды патша үкіметі жазаға тартып, абақтыға жауып, Сібірге айдаған. Алайда бұлардың жүрегінде патшалық-әкімдікке деген өштік пен жиіркеніш аса күшті еді. Еріксіз солдаттықта, айдауда жүрсе де, олар қалың орыс бұқарасы мен шаруасының құлдық-қорлық халін ойлайтын. Патшалықты кешпейтін. Сонымен қатар олар Сібірде, Қазақстанда патшалық Ресейдің

колониясына айналып жүрген барлық бұратана халықтарға да үлкен достықпен, зор бауырмалдықпен қарайтын. Олардың анық ұғынып, әбден бойлаған бір жолы патшалықпен күрескенде орыс бұқарасы мен бұратана халықтар өзара достасып, күштерін біріктіруі шарт деп білді. Сондықтан олар қараңғы бұратана халықтарға іштартып қана қоймай, патшалық Ресей әкімшілігіне қарсы үгіттеп, көзін ашты. Сол себепті олар жүрген жерлерінде әр халықтың Шоқан, Абай секілді оқыған білімді, ел қамқоры атанған азаматтарын орыс мәдениетімен, орыс халқының адал ұлдарымен таныстырып отырды. Өз саяси көзқарастарын ұғындырды. Оларға алдағы мақсат, міндетті түсіндіріп, бағыт-бағдар сілтеді.

Ф. Достоевский Шоқанға жазған бір хатында: «Өз халқының маңдайалды адамы болып, Ресейге даланың мән-жайын ұғындыру, өз халқыңа Ресейдің мән-жайын түсіндіру, сонымен қатар өз Отаныңа оның білімді қамқоры болып, қызмет ету ұлы мақсат, құрметті іс қой», – дейді.

Сонымен, жүректегі жазылмас жара орыс халқының үлкен ғалымдары мен ұлы ақын, жазушыларынан, халықшыл-революцияшыл адамдарынан алған әсер, көрген үлгі зерек, ақылды, білімді Шоқанға қатты әсер етеді. Оның халықшыл ой-пікірі қалыптасып, халыққа қызмет етуге деген ықыласы әбден күшейеді.

Шоқан 1858–1859 жылдары Қашқар жағына барып қайтады. Мұның мәні былай: ол кезде ғылыми орта (*саяси әкімшілік те*) Қашқардың Алтышаһар мемлекетінің тұрмыс-жайын, тарихын зерттеуге ықыласты еді. Бірақ ол шаһарға шеттен, бөтен халықтан ешкім бара алмайды. Бірді-екілі барғандарды өлтіріп тастайды. Сондықтан үкімет Қашқар сырын ашу тек Шоқанның ғана қолынан келеді деп соны жұмсайды.

Бұл жұмысқа Шоқаннан басқа Семейдегі Бұқаш деген бір саудагер де жұмсалады. Бұқаш мынадай жағдайды біледі екен. Ертеде Алтышаһардан Семейге бір қазақ саудагері келеді. Оның қасына Әлім деген бір жас бала ере келген екен. Ол саудагер Семейде біраз уақыт болып, Сарытау (*Саратов*) жағындағы туғандарына кетеді. Сол саудагер Алтышаһар жағына әлі қайтпаған екен. Сондықтан Бұқаш жай саудагер,

керуен басы, Шоқан оған еріп, Алтышаһардағы туғандарын көруге келген Әлім кейшіне енеді. Сыр бермес үшін Шоқан шашын алдырып, қашқарлықша киінеді.

Осылай, туысы қазақ, шені орыс әскерінің офицері, киімі қашқарлық Шоқан Әлім болып, ағайын-туғанын, тамыртанысын, құда-жекжатын қыдырып жүріп, Алтышаһардың географиялық жайын, этнографиялық тұрмыс-салтын, әлеуметтік саяси тілін жете зерттеп, әбден біліп қайтады. Сапардан Шоқан Қашқарды тұңғыш зерттеуші, жаңалық ашушы ғалым болып оралады. Тарихқа да солай енеді.

Ш. Уәлиханов 1860–1861 жылдары Петерборда болады. Сонда ол бір жағынан университеттің шығыс бөлімінің сабағына қатысып, білімін тереңдетеді де, екінші жағынан, әлгі Қашқар жағынан жинап, зерттеп қайтқан материалдарын ғылыми жүйеге түсіріп, кітап етіп жазады. Қытайдың, Орта Азияның картасын жасасады. Осы уезде ол қазақ жайынан біраз еңбек жазады.

1861–1864 жылдар аралығында Шоқан Көкшетауда – өз ауылында тұрады. Өйткені ол кадет корпусының өзінен-ақ құрт ауруына шалдығып шыққан еді. Кейін сапарда жүргенде, әсіресе Петерборда тұрғанда осы ауруы меңдейді. Дәрігерлер оған туған жеріңе барып, қымызбен емдел деп кеңес береді. Шоқанның Көкшетауға, Сырымбетке келу себебі осындай. Шоқан ауылда жүріп, қазақтың ауыз әдебиетін, шежіресін жинап, елдің тұрмыс-тіршілігін зерттейді. Кейбір ауыз әдебиеті нұсқаларын орыс тіліне аударады. Фольклорды зерттейді. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, жалпы қазақ тұрмысы жөнінде мақалалар жазады. Сол кезде А. Майковке жазған бір хатында Шоқан қазақ ертегілері, батырлар жырын бастырудың жөні қалай болатынын сұрайды. Осылай досы Ф. Достоевский айтқан кеңесті қабылдап, орыс халқын қазақтың ауыз әдебиетімен, тұрмыс-салтымен таныстыру, қазақ халқына орыс халқының мәдениетін таныту шарасын істейді.

Бұқара халқының ауыр тұрмысын көзбен көрген Шоқан халықтың оны Атбасар жағына аға сұлтан етіп сайлауына қарсы болмайды. Егер атқамінер пысықтар өткізсе, сайланбақ болады. Бірақ бұл ырқымызға көнбейді деп, қазақтың шынжыр балақ, шұбартөс байлары мен патша үкіметінің парақор чиновниктері сайлатпай қояды. Халық сайлаған

жерден губерниялық әкімдерге пара беріп, сайлауды бұзды. Бұл жөнінде Шоқан Достоевскийге жазған бір хатында: «Бір кезде менің сұлтан болуға зауқым соқты. Ондағы ойым – халқыма пайдалы қызметкер болу, халқымды чиновниктердің, байлардың зорлығынан арашалау еді. Сонымен қатар мен халқыма оқыған сұлтан правительдің үлгісін көрсетпек болдым. Орыс чиновниктердің қылығына қарап, орыс тәрбиесінен шошынатындарға ойының қателігін аңғартпақ болдым. Сондықтан мен Атбасар округіне аға сұлтан болып сайлануға ризалық білдірдім. Бірақ сайлау чиновниктердің айласынан өте алмады. Облыс маңайындағы тақсырлар, приказниктер маған қарсы болды. Олардың қарсы болған себебі – сұлтандардан мыңдап алатын парасынан айырыламыз деп қорықты. Ал приказниктер, егер мен сұлтан болсам, мойындарына дорба салып, қайыр сұрап кетер еді», – дейді.

1864 жылдың басында патша үкіметінің Черняев бастаған әскері Семейден Алматының үстін басып, Орта Азияға, Ташкентке өтеді.

Черняев өзіне еруге көптеген ғалымдарды, жазушыларды шақырады. Соның ішінде Шоқан да бар. Ол біраз уақыт Черняевпен бірге жүреді.

Пішпек, Әулиеата жерінде орыс әскері мен Қоқан әскері кездесіп сұрапыл ұрыс болады. Халық көп қырғынға ұшырайды. Қоқандықтар жағында Кенесарының баласы, Шоқанның немере інісі Сыздық болады. Ол көп ерлік көрсетеді. Сыздықтың ерлігіне орыс офицерлері де таңғалады. Қырғын ұрыс, халықтың қырғынға ұшырауы Шоқанның жаралы жүрегін онан бетер ауыртады.

Сонан кейін Черняев отрядынан бөлініп, Қапал жағындағы ел арасына кетеді. Ел деп еңіреген ер не істемейді? Шоқанның Черняев отрядынан кетудегі мақсаты – тағы да халқына пайда келтіру, мәдениетке үгіттеу, көзін ашу, көңілін ояту еді.

Шоқан Қапал жағына Ұлы жүздің албан руын билеп тұрған Тезек төренің ауылына барып, соның қарындасына үйленеді. Тезек төре де Абылай тұқымы, Шоқанмен тектес болуы керек. Өйткені ол Сүйінбай ақынмен айтысқанда: «Арғы атам Шыңғыс төре Абылайдан...» – дейтіні есімізде.

Халқына адал қызмет еткен ойшыл ғалым Шоқан Тезек төре ауылында 1865 жылы өзінің ежелгі кеселі құрт ауруы-

нан қайтыс болады. Оның сүйегі Алматы – Қапал арасындағы үлкен жолдың Қоянкөз деген бекетінен бес шақырым шамасындағы Көшентоған деген жерге қойылады. Зиратына әуелі ағаштан ескерткіш тұрғызылады. 1881 жылы ол ескерткіш жаңартылып, кірпіштен қайта салынады. Зираттың үстіне ақ мрамор тас қойылып, оған орыс-қазақ тілдерінде сөз жазылады.

Шоқан небәрі 30 жасында өмірден өтті. Ол өз бойындағы дарын-қуатын түгел жарыққа шығара алмай, ойына алған ұлы мақсаттарын, халқыма жасасам деген ізгі ойларының көпшілігін орындай алмай кетті. Оған тағдыр мүрсат бермеді. Бірге оқып, бірге қызмет істеген досы Г. Потанин: «Шоқан болашақты, халқының тағдырын көп ойлаушы еді. Алайда ол халқының болашағы үшін көп істындыра алмады. Ол не істер еді? Ол халқының тарихын жазған болар еді, халқының ертектерін жинап бастырған болар еді, халқының тұрмыс-салтын суреттеп, мақалалар жазған болар еді. Бұл сияқты ұсақ-түйек жұмыстар Шоқан сияқты кең өрісті адамды қанағаттандырмас еді. Шоқан қазақтың публицисі, әдебиетшісі болуға жаратылған адам еді. Тұрмыс оны Күншығысты зерттейтін ғалым етпек, яки қазақ туралы жазатын орыс әдебиетшісі етпек болды», – дейді.

Шоқан ғылыми-зерттеу жұмысымен небәрі жеті-сегіз-ақ жыл айналысты. Бірақ соның өзінде ол көптеген күрделі мәселелерді жете біліп, кең шолып, терең зерттеп, олар жөнінде өзінің көзқарасын, ой-пікірін айтып үлгерді. Мысалы, ол Орта Азия мен Қазақстанның, Жоңғар мен Қашқардың географиясын, жаратылыс жайын, тарихын, ертедегі мәдениетін, дін, ғұрып-әдетін, өз тұсындағы әлеуметтік, саяси-шаруашылық хал-жайын зерттеп, бай, тамаша ғылыми еңбек қалдырды. Ғалым, зерттеуші атына ие болды.

Шоқанның еңбектерінің біразы аяқталмай, алғашқы жоспар-жоба, эскиз күйінде қалған. Бұл – бір. Екінші – Шоқанның еңбектері жарыққа әлі тегіс шыққан жоқ. Оның біраз еңбегі ауылда қалып, жоғалып кеткен, біраз еңбегі жазба күйінде түрлі кітапханалар мен музейлерде сақтаулы жатыр. Ал енді біразы 1904 жылы орыс тілінде үлкен бір кітап болып басылып шыққан. Көп жұрттың білетіні – Шоқанның тек осы кітапта басылған еңбектері ғана.

Шоқанның бұл кітаптағы әрі көлемді, әрі тұтас еңбектері: 1) «Абылай», 2) «Шаманизмнің қазақ салтындағы қалдықтары», 3) «Қазақтың ертедегі қару-жарақтары», 4) «Жоңғария очерктері», 5) «Алтышаһардың яки Қытайдың Нан – Лу (*Kishi Buxara*) өлкесінің шығыс жағындағы алты қаласының 1858–1859 жылғы хал-жайы», 6) «Сібірге қарайтын қазақтардың арасындағы сот құрылысының өзгерісі туралы», 7) «Қазақтың көші-қон жерлері туралы» деген мақалалары. Шоқанның бітпей қалған еңбектері көбінше қазақ-қырғыз халықтарының түп-тегі, ауыз әдебиеттері жөнінде болып келеді.

Шоқан зерттеген мәселелері жөнінде өзінен бұрынғы ғалымдарға, зерттеушілерге қарағанда есепсіз көп, бай материалдар, дәлелдер келтіріп, жаңа, терең, ғылыми халықшыл пікірлер айтады.

«Қазақтан оқушысы болғанда қазақ халқының данышпаны болатын еді, халқының әдеби өркендеуіне негіз болатын еді», – дейді Потанин.

«Оқып жүргенде Шоқан Орта Азияны кезді арман етер еді. Біздің мектептің екінші есігі Ертіс өзеніне қараған еді. Осы есік алдына шыққанда өзеннің арғы жағы жапан дала, құла дүз болып жайылып, көкжиекке ұштасып жатып еді. Оны көргенде Орта Азияның мидай даласының, сыры ашылмаған жұмбақ даланың қақпасы алдында тұрған төрізді болар едік. Бір күні Шоқан осы есік алдында тұрып, өзінің Орта Азияны саяхаттау жолындағы қиялын, жұмбақ даланың сырын ашуға ынтық екенін айтты. Өте қызық етіп әңгімеледі, жұртты еліктіріп әкетті», – дейді Потанин.

Ақырында, Шоқанның бұл қиялы орнына келді. Ол 1855–1856 жылдары екі-үш рет Жетісу жағына сапар шегіп, экспедицияға қатысты. 1858–1859 жылдары Алатауды асып, Қашқарға барып қайтты. 1864 жылы Черняев жорығында болып, қазіргі Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан жағын аралады. Осылайша, ол Орта Азияны тегіс дерлік кезіп шықты. Жай кезбей, зерттеп, материал жинады. Жүрген жері, жол-жөнекей көрген-білгені жөнінде көптеген көркем очерктер, қызықты жол көріністері, күнделік жазып жүрді. Сөйтіп, Орта Азияны ашып, ғылым әлеміне танытты.

Шоқанның ендігі бір қиял-арманы Күншығыстың кексе, ескі тарихынан жаңалық ашу болды. Өйткені барған сайын Күншығыс тарихының қалың ортасына еніп, бірталай жұмбақ жағдайды, тың жатқан мәселелерді көзі шалды. Ол Орта Азияда ерте заманнан бері сапырылысып көшіп жүрген көптеген ру халықтарының бастапқы мекені, ертедегі мәдениеті, қазақ халқының түп-тегі, мекені тағы-тағылар еді. Ол осы жұмбақтарды шешу керек деп білді.

Ақырында, Шоқан бұл арманына да жетті. Орта Азияда сапырылысып жүрген көптеген ру, ұлыс халықтардың бастапқы ерте замандағы мекені Жетісу болған. Өйткені бұл өлке мал өсіріп, көшіп жүрген, тірлік еткен елге қай жағынан болсын өте қолайлы. Онда жаз жайлау болатын оты, суы көп, шыбын-шіркейі жоқ, қоңырсалқын таулар, тау алаптары бар. Қыс қыстау болатын ығы, шөп-суы мол шоқы құмдар, өзен-сулар бар. Осымен қатар күз күзеу болатын, қала берді, егін салуға болатын жазық жерлер де бар.

Бұл өлкеде мал өсіріп, көшіп жүріп тірлік етуші халықтарымен қатар, отырықшы, егін салушы, түрлі кәсіп істеуші халықтар да болды. Жетісу бір кезде Орта Азияның өте мәдениетті өлкесі болған. Өте-мөте Іле, Шу, Талас бойлары, Ыстықкөл маңы иін тірескен отырықшы ел, тұтасқан егінжай, шүпірлеген қала болған. Тараз, Алмалық, Қонақай, Алматы, Ақсу тағы басқа қалалар болған. Осылар арқылы өлкенің елі Генуя, Қытай, Қыпшақ елдерімен қарым-қатынас жасап, сауда-саттық жүргізіп тұрған.

Арғы замандағы ғұндар қозғалысы, бергі жердегі моңғолдардың жорығы бұл өлке халықтарын көп бүліншілікке, қуғын-сүргінге ұшыратты, атақонысын түрлі жерлерге ығыстырып, ұзаққа ілестіріп алып кетті. Сөйтіп, оларды сапырылыстырып жіберді.

Бұл жағдайды қырғыз халқы тарихынан байқауға болады. Ол VII ғасыр шамасында Енисей өзенінің бойында болған. Енисейдің сол кездегі аты Кем-Кемжүт деп аталған. Сол осы күнгі орнына әлгідей қозғалыс, жорық ретімен XV ғасыр шамасында ығыстырылып келген еді.

Осы сияқты Шоқан: «Қазақ арасындағы үйсін, қаңлы, керей, найман, қыпшақ рулары – тіпті ескі рулар, бағзы заманнан бері бар рулар. Бұлардың бірсыпырасы (*үйсін*,

қаңлы, керей, найман) арғы заманнан моңғолдар жорығына дейін Жетісу өлкесін (*әсіресе Ыстықкөл маңы, Іле, Шу, Талас өзендері бойларын*) мекен еткен. Кейбіреулері (*қыпшақ*) VII ғасыр шамасындағы Оғыз хан заманынан моңғолдар жорығына дейін Каспий маңын мекен еткен. Ол өлке «Қыпшақ даласы» деп аталған.

Қазақ рулары ғұндар қозғалысы кезінде тозғындап кеткен. Сөйтіп, көп уақыт әрқайсысы әр топқа қосылып, әр жерді мекендеп жүрген. Сонан ол XV ғасырда Алтын Орда ыдыраған кезде, соның қарамағында болған түрлі халықтардан іріктеліп шығып, қазақ одағын құрды, өз алдына қазақ хандығы болды», – дейді.

Шоқан бұл пікірлерінің қай-қайсысын болсын көптеген дәлелдермен, айқын сипаттармен, айқын сөздермен нанымды дәлелдеді. Оның бұл айтқаны – кезіндегілерге зор жаңалық, кейінгілерге даңғыл жол болып қалды.

Сөйтіп, Шоқан Орта Азияны тек географиялық жағынан ашқан жоқ, тарихи жағынан да ашты.

Шоқан – тек тарихшы ғана емес, әрі әдебиетші. Ол – Орта Азия халықтарының, көбіне қазақ, қырғыз халықтарының, ерте замандағы дін-салттарын, мифтерін, ауыз әдебиеті үлгілерін жете зерттеген, сол жөнінде бағалы ғылыми пікір айтқан ғалым.

Шоқан Уәлиханов өзінің қазақ, қырғыз халықтарының ауыз әдебиеті үлгілері жайында жазған еңбектерінде оқушыларына алдымен сол халықтардың шығармашылық (*творчестволық*) – ақындық, жыршылық қасиетін аңғартады. Ол өз тұсындағы Еуропа жұртшылығының Шығыстағы көшпелі ру, ұлыстарды қатал, тағы, ешбір жөн білмейтін, дөрекі, надан деп түсінетінін айта келіп: «Асылында, осы надан, тағы аталған халықтардың өте бай ауыз әдебиеті, ертеден келе жатқан жазба әдебиеті бар... Көшпелі рулардың қай-қайсысының болсын бір өзгешелігі – олар өлең-жырға, суырыпсалма ақындыққа шебер келеді. Бәдәуилердің ақын келетіні, олардың суырыпсалма ақындары еуропалықтарға мәлім. Арабия даласын кезгендердің бәрі жалаңаш жас баланың берілген сұраулардың бәріне қисынды ұйқасты өлең-

мен жауап қайтарғанын айтып, ауыздарының суы құриды. Моңғол, түрік тектес рулар да дәл осындай...» – дейді.

Мұнан әрі ол өзінің пікірін көптеген материалмен сипаттайды. Көшпелі халықтардың бай әдебиеті бар дарынды халық екенін дәлелдеп көрсетеді.

Онан соң, Шоқан көшпелі халықтардың әдебиетін талдайды. Оның әдебиетті зерттеу, талдау әдісі тіпті тамаша! Ол әдебиетті сөз еткенде жалпылама сөз етпейді, оның әр саласын, жеке нұсқасын нысанаға алып талдайды. Оны басқа халықтар ауыз әдебиетінің тиісті салаларымен, тиісті нұсқаларымен салыстырады. Оның көркемдік құнын, қоғамдық-әлеуметтік мәнін соған шамалап бағалайды. Мысалы, ол қазақ, қырғыз халық ертегілерін зерттегенде оны Еуропа халықтарының, көбінесе славян халықтарының ертегілерімен салыстырып талдайды. Бұл жөнінде ол: «Мен қазақ, қырғыз халықтарының ертегі, мифтерін көптен бері жинап, зерттеп жүр едім. Осы зерттеуде мен бір нәрсеге таңғаламын: қазақ, қырғыздың ертегілері мен мифтерінің сарыны, сюжеті, мотиві Еуропа халықтарының, әсіресе славян халықтарының ертегілері мен мифтерінің мотивіне, сюжетіне тіпті ұқсас. Мен орыстың Афанасьев жинап, бастырған ертегілерінен қазақ, қырғыз халықтарында мотиві, сюжеті жоқ алты-ақ ертегі кездестірдім», – дейді.

Ал мұның ұқсастығының себебін Шоқан нағыз ғылыми жөнмен түсіндіреді: бірінші, бұл халықтардың бір-бірімен көрші, аралас жүргендігінен, екінші, бұл халықтардың жасаған орталықтарының ұқсастығынан деп біледі.

Шоқан қырғыз халқының батырлық жыры «Манас» дастанын жете зерттеп, аса жоғары бағалаған. «Қырғыз халқының батырлар жыры біреу ғана. Ол – «Манас». Бұл – өте көлемді жыр, өзі бір энциклопедия. Қырғыз халқының мифтері, ертегілері, аңыз-әңгімелері – бәрі осы «Манас» дастанында. Мұнда қырғыз халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы, ауруға істейтін емі, халықаралық қарым-қатынасы – бәрі бар... Бұл – дала халқының «Иллиадасы», – деген.

Осы сияқты Шоқан қазақ тіліндегі батырлар жырын да жете тексеріп, көп сөз етеді. Қазақ тілінде Едіге, Ер Көкше, Орақ, Мамай, Шора туралы жырлардың бар екенін айта келіп, «Олар – халықтың тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын

көрсететін, әрі ақындығын, тіл байлығын сипаттайтын тамаша шығарма, бай әдеби мұра», – деп бағалайды.

Бір сөзінде Шоқан қазақ халқының өлең-жырын, поэзиясын араб поэзиясымен салыстырады: «...Қазақтың ақын, жырауларының өлеңдеріндегідей нақышты қисын, шебер ұйқас жоқ сияқты. Дегенмен бұлардың өлеңдерінде де белгілі қисын бар. Қазақ тілі – түрік тілдерінің ішіндегі ең жақсы тіл. Бірақ ол әлі жөнге салынып, ұстартылмаған. Қазақ тіліндегі поэзия араб тіліндегі поэзиядай бола бермес. Өйтсе де, дала өмірін жырлаған поэзия болғандықтан, осы екі халықтың поэзиясы бір-біріне ұқсайды: екеуінде де көшпелі тұрмыс, сұлу табиғат, рулардың қарым-қатынасы, талас-тартысы суреттеледі», – дейді. Міне, осы еңбектеріне қарап, Шоқанды қазақ халқының тұңғыш әдебиет сыншысы, қазақ, қырғыз халықтарының тұңғыш зерттеушісі деуге әбден болады.

Шоқан өзінің туған елін, туған жерін отаншылдық, бауырмалдық, адамгершілік жағынан мейлінше сүйген. Ол өзінің туған елі, туған жері туралы жолдастары сұрағанда: «Мен, алдымен, өзімнің қазақ халқымды, онан кейін бүкіл адам баласын сүйемін. Егерде орыс қазақты ұрып жатса, қазаққа болысам, француз орысты ұрып жатса, орысқа болысам», – дейді екен.

Шоқанның қазақ халқын мейлінше сүйгеніне, еркін, бақытты өмір сүруін көкसेп, сол жолда қызмет еткеніне оның жоғарыда қысқаша айтылған өмірі, ісі, ғылыми еңбектері айғақ. Сол үшін халқымыз ұлы ғалымын құрметтейді, мақтан етеді.

Бейсенбай Кенжебаев

Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Шоқан Уәлиханов кім? Шоқанның қандай шығармаларын білесіңдер? Белгілі ғалым Б.Кенжебаев Шоқан жайлы қандай пікір білдірген?



2-тапсырма. Мақаланы оқып, түсінгендеріңді жинақтап, «Шоқан – әдебиеттанушы», «Шоқан – ғалым» деген тақырыптар бойынша әйгілі тұлғаның қазақ әдебиеті мен ғылымына қосқан үлесі жайлы айтып беріңдер.



3-тапсырма. Мақала қай стильде жазылған?



4-тапсырма. Берілген пікірді негізге ала отырып, «Шоқанның арманы» тақырыбында шығарма жазыңдар.

«Оқып жүргенде Шоқан Орта Азияны кезуді арман етер еді. Біздің мектептің екінші есігі Ертіс өзеніне қараған еді. Осы есік алдына шыққанда, өзеннің арғы жағы жапан дала, құла дүз болып жайылып, көкжиекке ұштасып жатып еді. Оны көргенде, Орта Азияның мидай даласының, сыры ашылмаған жұмбақ даланың қақпасы алдында тұрған төрізді болар едік. Бір күні Шоқан осы есік алдында тұрып, өзінің Орта Азияны саяхаттау жолындағы қиялын, жұмбақ даланың сырын ашуға ынтық екенін айтты. Өте қызық етіп әңгімеледі, жұртты еліктіріп әкетті», – дейді Потанин.



5-тапсырма. Ғалымның Шоқан туралы мақаласында қандай тарихи әдеби деректер келтірілген?



6-тапсырма. Орта Азия халықтары тұрмысын зерттеу барысындағы Шоқанның идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасаңдар.



7-тапсырма. Мақала мазмұнына зер сала отырып, мақаланы бөлімдерге бөліп, баяндап беріңдер. Түсінгендерің бойынша автор стиліне баға беріңдер.



8-тапсырма. Мақала мазмұнын негізге ала отырып, «Жарық жұлдыз» тақырыбына шығарма жазыңдар.



9-тапсырма. Шоқан зерттеулерін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.



10-тапсырма. Мақала идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, «Шоқан – зерттеуші» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



11-тапсырма. Қазақ әдебиеті зерттеулерін негізге ала отырып, мұғалімнің көмегімен қырғыз, орыс әдебиетіндегі Шоқан туралы деректермен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазыңдар.

КҮНДЕЛІК – әр күнгі уақиғаны, жай-жағдайды тізіп отыратын жазу дәптері. Күнделік болған уақиғаның ізімен күнбе-күн жазылатындықтан, нақтылық, деректілігі мен адамның өзі көрген-білген нақтылы жай-жағдайдан, болған істен алған әсерін танытатын сыршылдық сипатымен де айрықша құнды болады. Әдебиет қайраткерлерінің күнделіктерінен дәуір тынысын, қоғамдық қарым-қатынастарды, әртүрлі адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін байқататын көптеген деректер, ой-түйіндерді табуға болады.

Ө. Құмісбаев

ЫСТЫҚКӨЛ САПАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІГІ

Семейден шыққанда...

Сәуірдің 18-жаңасында Семейден біз Аягөзге аттандық. Жол суыз сортаң далада анда-санда бір кезігетін казак бекеттері арқылы өтеді екен. Алғашқы көкті де біз сол станциялардан ұшыраттық. Жолға шыққан күніміз жайма-шуақ болып, бозторғайлар шырылдап, әдеттегі әніне басып тұрды. Саздауыт шабындықтардан, көлшіктерден үйректің талай тұқымын кездестірдік, әсіресе Атырау өлкесінде кең тараған тұрпаң аталатын үйректер көп-ақ. Бұлардың өзі кермек суды жақсы көреді. Ал қырда ондай су аз кездеспейді ғой. Өсімдік дегеннен пішендік шөптер баршылық, сәбізжапырақ пен бақбақ жиі. Тобылғы мен қараған әжептәуір екен, бірақ әлі жапырақ жайып үлгермепті.

Аягөзде...

Аягөз қасқа жолының бойындағы бекеттердің барлығы құдық суын пайдаланады. Аягөздің өзіне дейін ғана алты құдық бар.

Осынау сортаң дала Аягөзге қарай жоталанып, Арқат тауына ұласады да, одан әрі тағы еңіске қарай құлдилаиды. Қалай айтқанмен де, Аягөз жотасы Ертіс қырқаларынан биігірек. Арқат тауларының тік шаншылған шыңдары мұнартып алыстан көз тартады. Сонысымен біркелкі сүреңсіз жолға тың бір серпін береді. Арқат тауларының мал отының молдығымен аты шыққан. Сондықтан Аягөз дуанына қарасты найман мен уақ болыстарының қыстақтары соның баурайына шоғырланған.



Қозы Көрпеш – Баян сұлу мазары

...Айдың 20-жаңасында түнделетіп, біз Аягөзге келдік. Аягөз дегенің – шағын ғана станица. Мұнда дуанның найман руын басқаратын әкімі тұрады. Кенттің негізі 1824 жылы қаланған.

Кешкісін біз Аягөзден шығып, Аягөз өзеніне құятын Тұмырзаның ағысын бойлай отырып, өзеннің оң жағалауымен күз-жартасты қырқаларды басып, Қапал жолының бойындағы бірінші бекет – Көне Аягөзге келдік.

Аягөзді жағалай отырып, біз табиғаттың тылсымына әбден бойладық. Дала теп-тегіс, жап-жасыл кілем жауып тастағандай. Қараған мен тобылғының және шіліктің жапырақтары жайылып, маужырап тұр. Шамасы, түстікке төн шуақты күннің қызуы табиғатты түгел исіндірген сияқты. Тау арасындағы сай-жылғаның барлығы қаулап өскен сөбізжапырақтан көрінбейді. Жиде, итмұрын, сөмбіталмен көмкерілген өзен жағасындағы тоғайдан көктеректер андағайлап, үш күн сортаң даламен жүріп құлазыған көңілге төтті бір сезім себелегендей. Сортаң далада анда-санда бір ұшырасқан түп-түп ши мен қараған, тобылғыдан басқа ештеңе көзге түспеп еді. Жағаның көгөрай шалғыны таптырмас жемшөп, ал тоғайлар қысқы боран мен бұрқасыннан күшті қорғаныш. Қазақтың аңыз-әңгімелерінде Аягөздің ағысы жырға қосылуы тегін де емес қой.

Айнала қырдың айтақыр шөлейт екеніне қарамастан, Аягөз, шынында, да жұмақ сияқты көрінеді. Биігірек келген сол жағалауы шалғыны ат бауырынан келетін жылғалар мен шұрайлы шабындық. Сондықтан да ол орыстар келіп, бекеттері түспей тұрғанда қазақтардың тұрақты жайлауы болған. Қазақтар казак-орыстардың көршілігінен қорқады. Мұның нендей себептен туғанын қазір тап басып айту қиын. Өйткенмен, өзін-өзі сақтау сезіміне жететін не бар! Өз басым Аягөзге таңдай қағып, таңырқап қатты құмартамын. Бәлкім, бұл айдай ару Баянның алтын басты Қозы Көрпешке ғашықтығы жөніндегі жыр-дастанның әсері болар. Ол оқиғаның осы өзеннің бойында өтуінің маңызы аз болмасқа керек. Біз оған (Қозы Көрпеш мазары) ертеңгілік жетіп, сәресі шайын мазардың түбінде ішкіміз келді. Жол-жөнекей шайды көбіне қираған кенттің жұртында немесе ежелгі мазарлардың түбінде ішіп келеміз. Мұның өзі өткенді ой елегінен өткізіп, ертеңге көз жіберуге итермелейді. Сол мақсатпен ат айдаушыға алдын ала тапсырма беріп қойғанбыз. Күн шашырап шығып, бозторғайлар шырылдап алғашқы әніне басқанда, қараңғылық сейіліп, түнгі бұлт терістікке қарай жөңкіп, шығыстан

арайланып алтын күн шапақ шашқанда, ағаштардың басы нұрға шомылып, судың бетіне алтын шашырағандай болған ғажайып бір сәтте мазарға жететін болайық деп шешкенбіз.

Адам ойланады да, Алла оңғарады ғой әманда. Түні бойы сабалап жаңбыр жауып, тарантастың шатырын ұрғылады да тұрды. Болдырған аттар сазда тайғанақтап, аяңмен әрең ілбіп отырды. Қамшының шартылы мен шаршаған аттардың пысқыруы, жәмшіктің шу-шуі ғана жаңбырдың біркелкі тысырын арагідік бөліп қояды.

Түн сұмдық болды. Жол жүру де қиындай түсті. Жаңбыр алдын ала ойластырған жоспарымызды бұзып кетпес пе екен деген күдікпен әлденеше мәрте ат айдаушыдан: «Қалай, жаңбыр басылатын емес пе, күннің айығатын түрі бар ма?» – деп сұрадым. Бақайшағына дейін малшынған делбеші: «Жоқ», – деп бір бұрқ етеді де: «Бұл ауа райына не қыларсың, брр!» – деп етегіндегі суды бір сілкіп тастайды. Ат айдаушыны жаным аяп келеді. Шапшаң жүріп отырсақ қой, баяғыда-ақ жылы пештің үстінде қорылдап ұйықтап жатар ек? Баян сұлудың ескерткішін көре алмай қалсақ қой, өкініштің көкесі – сол.

Осылай біз бір сағат жүрдік.

– Жоғары мәртебелім, – деді бір мезгілде делбеші, – Міне, мазарға да жеттік.

Сыртқа басымды шығардым. Бұлыңғыр күн жабырқау бұлттың арасынан сығалай бастапты. Аспанды түп-түгел алба-жұлба, айбақ-сайбақ қара бұлт торлап алған. Бұрынғысынша себелеп жаңбыр жауып тұр. Ақ көбікке оранған аттар саздауыт жердің сортаң балшығынан аяғын әрең алып келеді. Сол жақта өзеннің арғы бетіндегі бәйтеректердің арасынан мазардың тік шаншылған мұнарасы көзге шалынды. Мазар қызыл кірпіштен өріп қаланған сияқты. Мұндай күнде шай ішіп ауыз жылыту жөнінде де, тіпті мынау қазақтың ежелгі мұрасын қызықтау жөнінде де ойлаудың өзі әбес.

– Зайыры өзен тасып кеткен-ау деймін, жоғары мәртебелім. Арғы жаққа өте алмайсыз, – деді менің ішкі пікірімді сезіп тұрғандай, ат айдаушы.

– Онда алға жылжи бер, қайтар жолда көрерміз, – деп тонымды қымтанып, оң жамбасқа аунап түстім де, ұйықтап алғалы көзімді жұмдым.



Лепсі өзені

Лепсі мен Ақсу бойында

Станицаның жарты жолында Лепсіге таяу Арғанатыдан Лепсі бекетіне дейін бірақ таулар сілемі жатады. Оның арғы жағында жер сипаты мүлдем өзгереді. Бұл тау сілемдерінің түстігінде айналасын қамыс басып кеткен көл жатыр. Жазда ол құрғап қалатын сияқты. Көктемде Лепсі суының жайылуына орай айнадай жарқырап жатады.

Оған біз күн батар алдында жеттік. Қаздардың қаңқылы құлақ құрышын қандырады. Ал бұл өңірде аса көп құрбақаның айрықша бір түрінің үні құлақты жарады. Сондықтан біз құлағымызға мақта тығып алдық. Өзеннің жағасында тауға қарай Лепсінің сағасына таман қазақ бейіттері көрінді. Оларда тіпті сан жоқ. Қыстаулардың жұртын жолда көргенбіз. Ал бұл өңірде ауылдар бар. Бейіттерге қарағанда осы өңір рулардың жиынтық қонысы болған сияқты. Дәл қазір қазақтар Балқаштың қамысын қыстап отыр. Ал жазда тауға тартады. Бұл араға көктеу мен күздеуде он шақты күн тыныс алып тынығып кету үшін ғана тоқтайтын төрізді. Бұл көлдің арғы жағында Лепсінің дәл өзіне дейін бұйрат-бұйрат құмдар. Құмы және сусымалы. Қамыс пен ши жеткілікті. Ара-тұра көкпек, шеңгел, ақтаспа ұшырасады. Өсімдігінің бар болғаны – осы. Құмда тасбақа мен жылан өріп жүр.

Осы тұстан Лепсінің айдын ағысы ашылды. Асылы, Лепсі Алатау жоталарынан бастау алып, Балқашқа құяды. Оның суы терең. Жағасында қалың тоғай өседі. Шынар, көктерек, қызылтал, жиде, шілік сияқты бұталы ағаштар көп. Сағасы

қалың нар қамыстан көрінбейді. Қамыстың арасы – бықыған құс. Ара-тұра жолбарыс та ұшырасады. Бірде жолбарыс бекеттің күзетшісін жарып кетіпті.

Бұл өңірдің ауа райы әрқалай. Ақпанның аяғына таман қар болмапты. Пасха мейрамының алдындағы аптада бекетшілер қаз жұмыртқасына лық тойса керек. Бұл жазықта кесіртке мен бүйілер көп деп сендіреді. Бұдан бірнеше жыл бұрын осы өзен орыс иелігінің түстіктегі шегарасы болыпты. Сондықтан бұл арқылы өтуге тыйым салынған екен. Ал қазір... қазір мәселе басқаша.

Түнде Басқаннан өтіп, ертеңгілік Ақсуға жеттік. Лепсі сияқты Ақсу арқылы өтетін де өткел бар.

Ақсу өзенінің ағысы қатты. Жағасы қызыл талға бай, әрі бір тегіс. Тақтайдай тегіс дала Лепсіге дейін созылып, одан Қисықауыз тауларына ұласады.

Ақсудан көзімізге Алатаудың таулы шыңдары шалынды. Одан әрі көгілдір таулар асқақтап, бұлтпен астасып кетеді екен. Өредік шыңдар бұлт арасынан жалт етіп шығып, көтеріліп келе жатқан күннің арайымен алтын қызыл реңкке боянады. Суреті көз қарықтырардай ғажайып. Ал мынау Қисықауыз болса, Алатауға қарағанда, жүз жасаған еменнің түбінде өсіп тұрған шөп сияқты. Біз жүріп келе жатқан дала теп-тегіс. Жусаннан басқа қылтанақ жоқ деуге болады. Оң жақта да, сол жақта да бекініс сияқты бейіттер көз алдырмайды. Көбі төрт құлақты зираттар. Жол-жөнекей жайылып жатқан үйір-үйір жылқылар, отар-отар қойлар, қазақ үйлері көзге шалынады. Бізді көрген бойда қазақтар көзге түспей жедел кетіп қалуға тырысты.

Шелекте

Мамырдың 15-жаңасы. Шелек өзенінің жағасында түнедік. Шелек өзені Алатаудың кіндік шыңдарының бірінен бастау алады. Өзімен бірге бастау алған Талғар өзені сияқты кейін ол да Жіңішке өзегі келіп құйғанша батысқа қарай ағады. Содан терістік шығысқа ойысып, Іле өзеніне құяды. Оған құятын салалар көп-ақ. Оң жағынан келіп Көгентөр, Делеқарағай бұлақ, Сүттібұлақ, Үшбайсоры, Күдерге, Күрметі, екі Сарыбұлақ (Келді-Сарыбұлақ, Асу-Сарыбұлақ), Саты және Қарабұлақ: сол жағынан – Үшбұлақ, Текежон, Жіңішке, Сарыбұлақ және Асы өзендері келіп құяды. Шелектің ағысынан мынадай өткелдер өтеді. Оларды Асу деуге де болады.



Шелек өзені

Көгентөр, Делеқарағай, Шелекке құятын және басқа шағын өзендердің бастауында асу бар. Шілде мен тамызда түйелер тек Күрметі арқылы өтеді.

Шелек өзенінің ағысы әжептәуір шапшаң. Оның суы жыл бойы тартылмайды. Және едәуір өңірге жайылады. Маусымның аяғында тау қары еріген тұста су тасып төңірекке жайылып кетіп, тамызға дейін молшылық болады. Бұл тұсты қазақтар тары жинау кезеңі дейді. Шелектің жоғарғы ағысы – қазақтардың тұрақты қыстағы. Баяғы заманда Қарабұлақтан Үшбайсорыға дейін сарбағыштар алып жатыпты. Қазір ол араны албандардың қызылбөрік руы қыстайды. Қатал қыстан малды аман алып шығу жөнінен Жіңішке мен Сарыбұлақтың арасындағы Бақалы аңғарының даңқы айрықша. Бақалы деген – «бақасы көп жер» деген сөз. Қырғыздардың сарбағыш руынан шыққан бір азамат мені өз манабы Үмбетәлі қыстаған кезде сол өңірде қыс бойы бақа бақылдап шықты деп сендірді. Оның айтуынша, бұл жердің бақасы ақ келеді, үлкендігі алақандай. Бұл сөзді қазақтар да бекіте түседі. Шелектің жоғарғы жағында бетегеден басқа шөп өспесе де, қандай қары қалың қатты қыстың өзінде мал шығыны болмайды. Ешқандай боран болғанын сексен жылдан бері қариялар білген емес. Шелек бойындағы Алатау жоталарын шыршалы орман әдіптеп жатыр. Шелек жағасындағы жазықта жусан мен қызғалдақтан басқа мал азығындық шөп шамалы. Оның есесіне жаға шілікке, жидеге, тобылғы мен жыңғылға, итмұрын мен талға сыңсып тұр. Бұл бұталар өзеннің екі жағынан жасыл алқап жасайды. Өзеннің орта ағысына таман оны қоршап тұрған шілік тал биік тоғай

құрайды. Оны қазақтар Бауағаш атайды. Илеге барып құяр тұста бұл тоғайды қамыс пен сексеуіл басып кетеді. «Шелек пен Іледен құралатын Қаратұрыққа дейінгі мүйісте жағалауға жақын жақсы шабындық болады» дейді жергілікті жердің адамдары. Тауға таман бұл алқапта тек шеңгел мен ши ғана өседі.

Қаратұрықтан Шелекке дейін сол жақ қолда, қазақтар белгілі батыр Қорамның бейітіне байланысты Қорам атап кеткен, жылап ағып жататын жылға бар. Жолды жағалап жүріп отырады да, аяғы келіп Шелекке жақындағанда сазға айналып, елді шабындыққа кенелтеді. Оның құрғақ екінші басында бекіністердің жұрты, былайша айтқанда, жар жатыр. Оның түбінен құдық қазылған. Қазақтардың аңызына қарағанда, бұл арада қалмақ бекеті болған. Абылай хан ол бекетті талқандап, Шелек алқабын дінсіздерден тазартқан. Шелектің өзінде Бауағаштан жоғарырақ тағы бір әйдік қорғанның жұрты жатыр. Сарбағыштар маған марқұм Орман батыр бұл жерді қоныстанған кезде әйелдер мен балалар меруерт-маржан алқа және басқа заттар тапқанын айтты. Ал өзім болсам, алғашқы қорғаннан балшық құмыралардың сынығын таптым.

Шелектен Ыстықкөлге қатынайтын керуен жолы Темірлік арқылы Қарқараға түседі. Екінші бір жол бұдан қолайлырақ. Ол Шелектің жоғарғы жағынан Сөгеті тауын бойлап, Сөгеті асуынан асып, Торайғыр тауына тартады. Сөйтіп, Үш Мерке арқылы Қарқараға түседі. Шарын жазығында Қарқараға баратын Темірлік жолы Меркімен ұштасып, бірден-бір өткел Санташ арқылы өтеді.

Темірлік жолы қолайлырақ. Тіпті дөңгелекті көлікпен жүруге де болады. Бір ғана бөгет – Темірлік өзенінің ағысынан пайда болған сай ғана. Сөгеті мен Мерке арқылы өтетін жол түйе керуеніне қолайлы болғанымен, доңғалаққа қиын. Ал біздің жасағымызда бір арба мен бір шағын зеңбірек болатын. Сондықтан да зеңбірек пен арбаны түйеге теңдеп, Сөгеті арқылы өтетін жолды таңдадық.

Торайғыр тауы

Маусымның 17-жаңасы. Торайғыр тауының теріскей жағы. Айыр асуы және сол аттас бұлақ.

Сөгеті тауынан тау сілемдерін көктей өтіп, Торайғырға Айыр асуы арқылы астық. Асуға жете бергенде жаңбыр бізді еріксіз тоқтатты. Біз Торайғыр тауының теріскей баурайында түнедік. Күнгей жағына өту қиын болмаса да, әдейі солай

жасадық. Теріскей деген – бұл таулардың терістік-батыс баурайының жалпы атауы. Ал Күнгей – түстік жағының жалпы аты. Таулардың арасындағы бұл жіңішке жазықта Сөгетіге қарай рауғаш тым көп екен. Ал Торайғыр тауларының баурайына қарай бетеге мен жусан тұтасып жатыр. Рауғаштың жапырағы солып, қызғылт тартқан. Біздің жолымызға жарыса жалғасып оң қол жақта Шелек өзені келеді. Сөгеті мен Торайғыр тауының арасындағы өзеннің бұл ағысын қазақтар Бартоғай атайды. Сол жақтан жолмен жарысып келе жатқан жазықтың аты – Шарын.

Бұғыты мен Торайғыр тауларының тамамдалған тұсындағы Шарынның бұлағын қазақтар Сартоғай деп атайды. Ал бірінші Меркеден Сартоғайға дейінгі ағыстың аты – Ақтоғай. Бұл түні салқын болды. Күздегідей ысқаяқ жел есті. Түні бойын күшті қар жауып, Алатаудан Іле алқабына дейінгі жазық қыстағыдай ақ көрпе оранды. Суық күшті болған соң тон киіп, киіз үйге от жақтық. Суықтық 5 градус. Көз алдымызда қарға оранған Торайғыр тауы мұнартып жатыр.

Торайғырдың аты «торы айғыр» деген сөзден алынған. Қазақтардың аңызына қарағанда жоңғар қалмақтарын осы өңірден қуған кезде бір торы айғыр тауда қалып қойыпты. Торайғыр – албандардың ең жақсы қыстауы. Айтуларына қарағанда, бұл төңіректе қыс болмайды деуге де сияды. Ал қыс болса да көп ұзамай қар кетіп қалады. Қытымыр қыстың өзінде мал азығы тапшы болса да, жалғыз қынаны ғана азық қып мал қоңын түсірмей аман шығады. Жалпы бұл араның жері құнарлы, шөбі шүйгін. Малға жұғымды жер дейді қазақтар. Дәл мамыр айының өзінде сол мақтаулы жерден Құдайдың бізге қарды жіберуін көрмейсің бе?! Қардың көптігі сондай, оның түгел еріп кетуі үшін табаны күректей үш шуақты күн қажет болды. Ал біз үшін уақыт қандай қымбат десеңізші. Ертеңгісін-ақ біз жолға шықтық. Торайғыр тауының күнгей жағындағы Сұлу Қарашоқы деген жерде аз-кем аял жасадық.

Меркеде ...

Маусымның 19-жаңасы. Бірінші Мерке өзені.

Алатау мен Құлық жотасын қосып тұрған иінге көтерілгенімізде, біздің қарсы алдымыздан жартасты биік жылға шыға келді. Оның етегінде табанымыздың астында зымырай ағып Мерке өзені жалтырап жатты. Жоғарыдан қарағанда өзеннің ағысы тым тамаша көрінді. Жап-жасыл бір тегіс

жылғада ағып жатқан өзен екі жағынан маужыраған сәмбі талдар көмкеріп тұрған көк лента сияқты көрінді. Үш Меркенің үшеуі де бастауын Алатау жоталарынан алып, иіннің өн бойымен зырлап отырып терең аңғар жасап, Шарынға барып құяды. Ал Шарын болса арнасын кеңітіп, иінді жарып, Қулық тауын белдеулей өтіп терістікке тура тартады да, Ілеге құяды.

Біз бірінші Меркенің Шарынға құятын тұсында түнедік.

Меркеде арқар мен жабайы ешкілер көп. Оларды аулайын деп едім, бірақ ол қарекетімнен ештеме өнбеді. Арқарлар ерте төлдейді. Мен оның қодығасын Қапалда-ақ көргенмін. Тау ешкілері лағын ертерек, сәуірдің соңына қарай тастап кететін сияқты. Жалпы Алатау жоталарының таутекесімен, арқарымен, маралымен аты шыққан. Қарақұйрықтар жазықта ғана кездеседі. Құстардан мен қараторғайларды, жабайы кептерлерді, қара қарғаларды (қазақтар оларды құзғын атайды), кекіліктерді, шілдерді, қызыл қанатты торғайларды кездестірдім. Жыртқыш құстардан біздің төңіректе қарақұстар, қозышы, қара және қызыл сирақты күшігендер ұшып жүрді.

Мамырдың 20-жаңасы. Шырғанақ өзеніндегі түн.

Бірінші Меркеде киіз үй тігу үшін қарды күреуімізге тура келді. Кешкісін аспан ашылып, бұлт ыдырағанымен, терістік шығыстан ысқаяқ жел тұрып, күн суық болды. Ертеңгілік тұрғанда төңіректі түгел қар басып қалыпты. Бірақ күн шайдай ашық, жақсы екен. Ақ қарға шағылған күн шапағы көзімізді қарықтырып, айналаға қараудың өзі қиын болды. Оппа қарды кешіп, Үш Мерке жылғасынан өту де оңайға түскен жоқ. Жасақтың көптеп-көмектеп күш-жігер жұмсауы арқасында артиллериямызды арқанға асып жоғары көтердік-ау, әйтеуір.

Екінші Меркенің құз-жартасты қақ жарып Шарынға құяр тұсының табиғаты таңғажайып. Алып жартастардан қаланғандай жағалаудың тік жары, тас кеудесін қарс жарып құзға өскен күмбезді шыршалар көздің жауын алады. Төменде сыбыр қағып шуылдап ақ көбік атып, Шарынның жасыл толқыны зымырап барады.

Екінші Меркенің арнасы тар, ағысы да өте баяу. Одан өтетін асу онша тік емес. Ал Үшінші Меркеге жеткенде аттарымызды шалдырып, түстік жасап алдық. Үшінші Меркенің ағысынан пайда болған жазық әжептәуір және саздауыт екен. Бұл Бірінші Меркеден тереңірек әрі суы мол. Жағаға

өскен сөмбі талдар да басқаларынан қалың. Бұл арада өсетін бұталар жапырағына қарағанда талға ұқсайды. Бірақ долана сияқты тікенді. Қабығы да доланаға ұқсағанмен, күңгірттеу. Қазақтар мұны шырғанақ атайды. Ағашы қызғылт түсті. Сондықтан қазақтар одан мылтыққа дүм жасайды екен. Оның мәуесі де шырғанақ сияқты.

Үшінші Меркеге көтерілу өте жеңіл болды. Бірінші және Үшінші Меркенің арасындағы жартастарда ырғай, сарыағаш, сары гүлді райхан, биіктігі әжептәуір қарағандар өседі. Жапырағы ұсақ бұл бұталарды қазақтар бозқараған атайды. Итмұрын, қылша да аз көрінбейді. Жергілікті халық қылшаны отқа жағып, күлін насыбайға салады. Мерке биігінің маңындағы Асыға дейінгі тауларда қарды жиектей отырып, құрылысқа жарамды шыршалар өседі. Биікті басып иіннен өрі асқанда оң жағында – Қулық, сол жағында Алатаудың негізгі жотасы жатады. Қулықтың етегін Шарын өзені сипай ағады. Өзеннің кемері таудың шығыс жағынан басталатын сияқты. Үш Мерке Шарынға дәл осы мойнақта келіп құяды.

Алатау қырғыздары жыршысы

Мамырдың 26-жаңасында маған Алатау қырғыздарының жыршысы келіп кетті. Ол «Манас» дастанын жатқа айтады. Дастанның тілі ауызекі сөзге қарағанда әлдеқайда түсінікті. Жырдың қаһарманы Манас – ноғайлы. Тек оның мінез-құлқы шығыс халқына ұқсамайды. Ол әкесіне тіл тигізіп, малын айдап кетеді. Үлкенді сыйлап, сыпайылық таныту жағы нашар. Мұнысы бір ғажап. Жалпы көшпелі жұрт қарттықты қастерлеп, қарттарды сыйлайды, олардың арасында ақсақалдан құрметті кісі жоқ. Дастанда Шу, Ташкент, Іле және Ыстықкөлде үш бірдей халық ноғайлар, қазақтар мен қырғыздар тоқайласады. Зайыры, олар бұрын жақындаспаған сияқты. Барлығының да көлдің төңірегіне қоныстануы, айтуға қарағанда, жетпіс жылдан көп аспайды. Тау қырғыздарына ноғайлылардың аңыздары ежелден әйгілі болса керек. Олар Едігені жақсы біледі. Өңгімесі де қазақтардыкіне ұқсас. Олар да:

Орманбет би өлгенде,
Он сан ноғай бұлгенде,
Қара орманды өрт шалды,
Көкіректі дерт шалды, –

деп жырлайды.

Бір ғажабы, ноғайлылықтар Орта Азияның барлық көшпенділерінің күллі аңыз-әңгімесінде қоса жүреді. Ташкент ноғайлары «Манас» жырында да кездеседі. Жәнібек пен Асанқайғы мұнда да мәшһүр. Елді бөріктіріп, бүлдірген қазақтардың Ала тайы бұларда да бар. Ноғайлылар жөнінде жыр да жеткілікті.



Тобылғыты жазығынан біздің көзімізге арнайы іздеп келе жатқан Ыстықкөл жарқ ете қалды.

Саяхатымызға айдан асқанда, мамырдың 28-жаңасында, алғаш рет сона мен масаны кезіктірдік. Санташтан көлге қарай құлдилағанда күн әжептеуір ысиын деді. Тауға кіргелі бірде-бір жақсы күнді көрген жоқ едік. Шыбын-шіркейді де өте сирек ұшыратқанбыз. Сол күні кешкісін шыбын-шіркейді көп кездестірдік. Мұнда күндіз ыстық та, түнде тым салқын болады екен. Айтуларына қарағанда, көлдің айналасы ұдайы ыссы. Сондықтан жаңбыр «тілеуге» тура келеді дейді қазақтар.

Олардың арасында зікір салып, жауын-шашын шақыратын бақсылар болады екен. Оларды *жайшы* атайды. Бұл нағым ежелгі түркілерге тән.

Алтын Емел

Маусымның 18-жаңасында, күн батар алдында, Шеңгелді арқылы өтіп, суқұбырын көріп, оның бір тұрбасын алдым. Түнде Қарашоқы бекетіне тарттық. Оған бес шақырым жерде бұл өңірде Қалыптас деген атпен әйгілі тас кеніші бар. Кеніштің айнала шеңбері – бірнеше аршын. Қазір одан қызыл және қоңыр қалыптас ашыпты. Қоянкөзден өтіп, ертеңгілік Алтын Емелге келдік. Алтын Емел – моңғол атауы. Бұл өңірде күні бүгінге дейін қалмақ атауымен жүрген жерлер көп-ақ. Сағанбұғы, Шөлтөпе, Лабасы және басқалар.

Бұл атаулардың қайдан пайда болғанын түсіндіру үшін қазақтар маған аңыз-әңгіме айтып берді. Қонтайшы бүркітпен аң аулауға шығып, Алатаудың Талғар өзенінің жоғары жағындағы Топшық тұсындағы биік нүктесіне көтеріліпті.

Бүркіт қойды көріп қолға тұрмайды. Хан қыранның томағасын сыпырып қоя береді де, тұлпарын тебініп соңынан ереді. Бүркіт Сағанбұғыда ақ киікке түсіп, Шөлтөпеде таутеке алады. Сол шабыста ханның аты Іледен қарғып өтіп, артқы аяғының бір тұяғы суға тиеді. Хан сонда мынау бұлақты қаперге алу керек екен дейді. Өңгімеші маған Топшықта көреген қонтайшының ізі күні бүгінге дейін сақталған. Оның керемет шахматының қалдықтары әлі жатыр деді.

Алтын Емелде Тезек төренің ауылы Күреңбелде отырғанын естіп, Терісаққан бекетіне жақын жерде деп соған бағыт алдым. Алтын Емелге мен алғашқы келгенде бүкіл дала қызғалдаққа малынып, қып-қызыл болып тұр еді. Қазір қызғалдақтар солып, оның есесіне бетеге, ебелек және шытыр бойлай өсіпті.

Тезек төренің ауылында бес күн болдым. Мен болғанда бұл ауылда үш бәйге, бір той өтті.

Маусымның 23-жаңасында сағат 9-да Тезектің ауылынан аттандық.

Шоқанның «Ыстықкөл сапарының күнделігі» жазбаларындағы суреттер «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналынан (№3 (15) шілде-қыркүйек 2018) және almatyregion-tour.kz сайтынан алынды.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Шығарма қай жанрда жазылған? Күнделік жанрының ерекшеліктері мен принциптеріне тоқталып, баяндап беріңдер.



2-тапсырма. «Семейден шыққанда...», «Аяғезде...» бөлімдерін оқыңдар. Жолаушы психологиясы мен көңіл күйін талдап айтып беріңдер. Шоқан жолда қандай көңіл күйде болды?



3-тапсырма. Делбеші мен Шоқан диалогіне назар аударыңдар. Шоқан жолға шыққалы оған қандай тапсырма берді? Не себептен ескі мазарларды көргісі келді?



4-тапсырма. Үзіндіні оқи отырып, Лепсі табиғатына зер салыңдар. «Туған өлкем, қандай көркем» тақырыбында өздерің тұрған жердің табиғатын әңгімелеп айтып беріңдер.

Оның суы терең. Жағасында қалың тоғай өседі. Шынар, көктерек, қызылтал, жиде, шілік сияқты бұталы ағаштар көп. Сағасы қалың нар қамыстан көрінбейді. Қамыстың арасы – бықыған құс. Ара-тұра жолбарыс та ұшырасады. Бірде жолбарыс бекеттің күзетшісін жарып кетіпті...



5-тапсырма. Шелек, Торайғыр тауы, Мерке жерлеріндегі табиғат көріністерін суреттеуде автор қандай тәсілді қолданады? Түсінгендеріңді баяндап айтып беріңдер.



6-тапсырма. Алтын Емел және қырғыз халқы туралы Шоқанның жазбаларында қандай деректер бар? Шоқанның экспедиция барысындағы мақсаты қандай болды?



7-тапсырма. Табиғат көріністерін суреттеуде қолданылған эпитеттерді тауып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.



8-тапсырма. Күнделік мазмұнын негізге алып, стиліне мән бере отырып, өздерің күнделік жазыңдар.



9-тапсырма. Ыстықкөл сапары туралы толық деректерді хрестоматиядан оқып, Шоқан мұрасының неліктен өз құнын жоймайтынына талдау жасаңдар. Күнделіктің өміршеңдігіне ғылыми дәлелдемелер арқылы баға беріңдер.




10-тапсырма. «Алатау қырғыздары жыршысы» бөлімшесі мазмұнына зер салыңдар. Жыр дәстүрі қазақтардан басқа қай халықтарда бар? «Қазақ-қырғыз әдебиетіндегі ортақ, ұқсас жанрлар» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



11-тапсырма. Шоқан туралы қазақ әдебиеті зерттеулерін негізге ала отырып, Шоқан жазып қалдырған «Манас жыры» туралы және оның зерттелу ерекшеліктері туралы шағын сын мақала жазыңдар.

АДАМ ЖАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ



Бұл тарауда Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы кейіпкер Ақан мен автордың ішкі әлеміне назар саламыз. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаясындағы Шұға мен Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы Ұлпан арқылы қазақ қызының бойындағы тамаша қасиеттерді ұлттық дүниетаныммен ұштастырып талдаймыз. Ал лирикалық өрнектегі ақынның рухани әлемі мен ішкі толғаныстарын Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш», Фариза Оңғарсынованың «Өлең, мен сені аялап өтем...» өлеңдерін оқу арқылы зердемізге түйеміз.



ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

(1894 – 1938)



Ілияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің барлық жанрына қалам тартып, елеулі туындылар берген ақын, аудармашы, жазушы. 1894 жылы мамыр айында қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. Ақынның шығармашылығы қазақ әдебиетінің классикалық мұрасы ретінде бағаланады. Ол – поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем

шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Оның шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларынан өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерін көреміз. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті – оның шығармаларының алтын арқауы. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэмалары қазақ поэзиясының інжу-маржаны болып табылады. І. Жансүгіровтің

прозалық шығармаларының ішіндегі көлемдісі – «Жолдас-тар» романы. Мұнда қазақ сахарасындағы еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігін, азаттықты көксеген арман-аңсарын, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің дүмпуін суреткерлікпен ашып көрсетеді. Қаламгер өдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді еңбектенді. А. Пушкиннің көптеген өлеңдерімен қоса, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай-ақ М. Лермонтовтың, А. Горькийдің, Н. Некрасовтың, В. Маяковскийдің көптеген шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады.

Тірек сөздер: Құлагер, Сағынай асы, Ақан сері, бөйге.

Айшықтау немесе фигура. Өдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де әжептеуір қажет тәсіл. Яғни сөз тіркестерін айрықша айшықпен құру. Мұндағы мақсат – сөздерге ерекшелеп, екпін, тыныс беру, сөйтіп олардың оқырманға әсерін күшейту.

З. Қабдолов

3. Қабдолов айшықтаудың 7 түрін көрсетті.

Өдеби термин	Анықтамасы
Арнау	Жазушы не өзіне, не біреуге, не көпшілікке қайырыла сөйлесе арнау дейді. Ахмет Байтұрсынұлы арнауды үшке бөледі: жырлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау.
Қайталау	Белгілі ұғымға назар аударту үшін сөзді не сөйлемді қайта-қайта айту. Қайталау түрлері: жай қайталау, анафора – өлеңнің өр жолы бір сөзден басталып отыруын айтады, эпифора – белгілі бір сөз, тіркес жол алғанда қайталанатын. Алдыңғы пікірді соңғы пікірге қатыстырып, қайталап айту – еспе қайталау.

Инверсия	Сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстыру, өзгеше тіркестер құру.
Шендестіру	Мағына жағынан біріне-бірі қарсы, аралары алшақ жатқан екі нәрсені бетпе-бет қоюды шендестіру (антитеза) дейді.
Дамыту	Сөйлегенде алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы оқиғадан соңғы оқиғаны күшейтіп айтуды дамыту дейді.
Эллипсис	Сөйлем құруда айтылуға тиісті кейбір сөздерді тастап жазуды эллипсис дейді. Бірақ тастап кеткен сөздің мағынасы оқушыға анық болып тұрады.
Егіздеу яки параллелизм	Екіұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу.

ҚҰЛАГЕР

(поэмадан үзінді)

Туған жер

Қазақтың әсем жері Арқасында,
Арқаға жетер Арал, Балқашың ба?
Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар
Арқаның тізілгендей алқасына.

Арқаның алқа қонған даласына,
Ауылдай таулар отыр жарасымда.
Алапқа бетегедей киіз төсеп,
Оранған орманды тау ағашына.

Бұлақтың төттісі де, тазасы да,
Көлдердің кең, мөлдірі тап осында.
Айдыны алашұбар, құс қиқулар,
Ауыл, мал, масаты көл жағасында...

«Ауылы Сырымбеттің саласында,
Ақсұңқар ғашық болып баласына».
Құмар боп жерден жүйрік, көктен құсқа,
Тұр таулар өн шырқалған арасында.

«Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр,
Дүниеден аулақтанған дабыр-дүбір,
Қара шал қайыңды отыр көлеңкелеп,
Бір қу бас шал үстінде ілулі тұр.

Неткен жан, әлде даңғыл, әлде мұңғыл?
Бұл өзі өн күңіrentіп айтады жыр».
Осылай ертегі қып кетуінде
Елдің де ескі аузында жоқ па екен сыр?

Салғанда шалқып, шырқап өртүрлі өнге,
Осы шал ұқтырғандай көп әңгіме.
Жетісу, Ертіс, Арқа жүрген жаттап,
Байбайлап салған өнін «Құлагерге»...

Қазақта Құлагерді көп айтады,
«Серінің серігі еді», – деп айтады.
«Ат сыры иесіне мәлім», – деп жұрт,
Тегінде мал көрмесе, неге айтады?

Заманда сонау сарсаң Ақан тұрған,
Ол заман – ерге тұсау, зорға думан.
Жалмап жеп айналасын аш кенедей,
Семірген жұрт қанына нелер жуан...

Тегінде тегін бе екен Ақан сері,
Бұл да бір емес пе екен елдің ері?
Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді?

Туғаны Арқадағы арғын елі,
Өскені Көкшетаудың шалғын жері;
Ащы тіл, асау мінез қылығынан
Атанып кетпеді ме «азғын», «пері»?

Лақабы – әлде әулие, әлде пері,
 Арқаның атақтысы Ақан сері.
 Көкшеде сұлу сүйіп, өлең айтқан,
 Бұлаңдап тақымында Құлагері.

Көкшеге жаз көк жібек жапқандайын,
 Көкшеге қыс ақ күміс шашқандайын.
 Көкше қыз күзде киіп қырау ішік,
 Көк айна – көлі қыста қатқандайын.

Жамылған қыста ақ үзік ақ қардайын,
 Төселген жазда кілем мақпалдайын,
 Қырдағы ел «Құлагердің» өнін тыңдап,
 Былайша әңгімелер Ақан жайын:

Ақан

Бурабай бір таза жер «пері» жүрген...
 Онда жоқ жын мен сайтан өріп жүрген.
 Ағашқа атын байлап көлеңкелеп,
 Ақан ғой анда-санда келіп жүрген.

Ақандай осы тауда сері жүрген,
 Су ішіп, тауда шие теріп жүрген.
 Қайыңдай мінсіз, таудай таза жігіт,
 Көң-қоңыр, былапыттан жеріп жүрген.

Жасынан иеленген баласындай,
 Талпынып Көкшетауға анасындай.
 Көліне бетін жуып, ат суарған,
 Арқаның бір сиқырлы айнасындай...

Төренің тұсындағы қасына ерген,
 Өзін ел құрмет қылған көрген жерден.
 Жерлерді тоқты сойған топыр қылып,
 Сал сүрей, саңлақ мініп, сұлу сүйген.

Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен
 Өмірді өткізген жан өз ырқымен.

Өмірдің ащы емес, тұщысын да
Қызықтап жігіт ойын, қыз күлкімен.

Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден,
Көп сұлу көзін сүзген күнді өткізген.
Қызықтың айдынына құлаш ұрып,
Армансыз қаздай қалқып, қудай жүзген.

Солардан келе-келе жаны безген,
Өмірде әлсіздігін әбден сезген.
Сезгір жан, нәзік көңілін азап алып,
Жабырқап жапан түзді жалғыз кезген...

Ас

Басталды әңгіменің былай басы,
Болды оған жетпіс, сексен жыл шамасы.
Арқада Ерейменді мекен еткен
Керейде Сағынайдың болыпты асы...

Өр елдер тұрғы-тұрғы, алыс, жақын
Жаратып келіп жатқан дәмелі атын.
Бас қосқан неше дуан ақтарылды ас,
Жалпақ жұрт түгел естіп жатты даңқын...

Қараөткел келіп жатыр, Қарқаралы,
Кереку, Баян, Семей, Торғай – бәрі.
Жетісу осында кеп құйып жатыр,
Арқаға аунап шөкті Қаратауы.

Өр жақтың қошқарлары, марқалары,
Өр жерде ауыр қотан алқалады.
Жиылды Сағынайдың сорпасына,
Асын жеп, аты шауып тарқағалы...

Осындай болып жатты ұлы жиын,
Жиынның мыңнан бірін айту қиын.
Еті тау, қымызы көл деуге болар
Айтқанда тартыңқырап астың сыйын...

Құлагер

Қайырып қыстай баптап Құлагерді,
Осы астың дақпыртына Ақан келді.
Мінгізіп бөйге бала жайтаңдатып,
Ауылына ас бергеннің тақау келді.

Араға алты қонып, алыс жерді
Алып ед жайлап жүріп Ақан сері.
Хабары Құлагердің осы жаққа
Келуші ед еміс-еміс көптен бері.

Көз тігіп, тұрған күтіп Көкшетауға,
Даяшы шапты алдынан қарсылауға.
«Қош келдің, сері!» деген сөлемменен
Түсірді Ақанды әкеп ақ отауға.

Дегендей: «Шешен – дауға, батыр – жауға»,
«Жүйрікті – бөйгеге» деп бағалауда.
«Дүлдүлі Көкшетаудың келді, – десті, –
Топ жарған талай елге салған сауға».

Кермеге қойды байлап Құлагерді,
«Маңайдан жан жүрмесін», – деді сері.
Көзінен неге таса қылсын Ақан,
Іргені ат жақтағы түргіздірді.

Дегенге «Көкшетаудан Құла келді»,
Көруге ынтызар боп ел жүгірді.
«Біреудің тіл мен көзі тимесін», – деп
Дұға оқып, Ақан жерге түкірінді...

Сыншының келіп көрді отыз-қырқы,
Күреңбай көріп деді: «Жаман сұрқы,
Алдынан ұмтылғанда аң құтылмас,
Артынан жөнелгенде жетпес жылқы!»

Сөзіне Күреңбайдың жұрт таңғалды,
Не сыншы, не сұңғыла ортаға алды.

Жылқының қырағысы, шежіресі –
Күреңбай көзін сүзіп тұрып қалды.

Күреңбай көзі тұнып көп қадалды,
Айналып алды-артына көзін салды.
Естуге Күреңбайдың байлау сөзін
Тарқамай көптің тобы тұрып қалды.

Күреңбай көріп тұрып артын, алдын:
«Жануар жүйрігі екен жылқы малдың,
Жері ұзақ, күші алдында өрен жүйрік,
Бітімі өзі айтып тұр жануардың.

Келіскен кескін мынау, омыраудың
Өзі айтар: «Қаратам, – деп, – қазақ қауымын».
Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ
Тасындай шұбар ала Көкшетаудың.

Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ,
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, қос шынтағы қалқыңқырақ.

Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік,
Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық;
Құндыздық қалай біткен құйрыққа дүп?

Шүйделі, шоқтығы өргек, шідерлігі,
Серке сан, желмаядай тілерсегі;
Тау желін тартса жұтқан талыс танау,
Тынысты кеңде жатыр кеңірдегі.

Жүрсе де жаздай құры болмайды тоқ,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.
Қақпан бел, қалбағайлы, үңгір сағақ,
Шапса жел, мінсе жайсаң, тұрса селсоқ.

Қанында шығысың мен батысың жоқ,
Ағылшын арғымақтың шатысы жоқ.
Қашаннан қазағымның қолтумасы,
Араптың дүлдүлінің қатысы жоқ...

Екпіні үй соққандай пысқырғанда,
Шалдырмас көктен құсқа, жерден аңға.
Жықпаса жалғыз қазық жануарды,
Бұл өзір жеткізбей тұр жылқы малға.

Бұл тұлпар келіп тұрған әбден бабы,
Салбырап тұрғанына деме «жабы».
Маңдайы жарқырап тұр жануардың,
Ашылып тұр осы аста мұның бағы»...

Соны айтып кете барды сол Күреңбай.
Ақанды ортаға алып би менен бай:
– Жарқыным, жалғызбысың?
– Елің қайда? –
Деп жатыр жабырласып жөнін сұрай.

– Еліңе сауын айттық біздер ұдай,
Тоймадық келісіңе сенің мұндай.
Жетелеп жалғыз атты жеке кепсің,
Ешкімді Қарауылдан жолдас қылмай.

«Елі емес, Көкшетаудың аты келді,
Не керек онан басқа? – деді Сері. –
Құлагер қосатыным, атым – Ақан,
Таратсын, жаршы қайда, шақыр бері!»...

Алтайда ұрпағы бар Бегайдардың,
Бұлар да бір биігі біткен нардың.
Баласы Бегайдардың Батыраш бар –
Өр көңіл, жуан кеуде, бірі аусардың.

Атты айттық жоғарыда бір Көктүйғын.
Өкелген асқа Батыраш сол жүйрігін.
Қағатын қанаттыны өрен жүйрік,
Қоймаған қырдан жылқы бұл бір қырғын.

Шулатқан арғын елін, Арқа халқын,
Естіген Батыраш та Құла даңқын.
Сатылап сұрап еді кісі салып
Қолына түсіруге Ақан атын.

Жамбыға, жесір, малға шағып нарқын:
«Болам, – деп – құда, тамыр көңіл жақын».
Қызығып Құлагерге неше жылдай,
Жіберіп Жексенбайды қолқалайтын.

Жүрегі жаралған ер жүйрікпенен,
Сері Ақан сұрауына илікпеген.
Сонан соң кегін сақтап кеткен Батыраш,
Үкілеп Көктүйғынын «жүйрік» деген,

Көк, Құла – екі арыс та жүйрік деген,
Дәл мұндай өзге жерде килікпеген.
«Келіпті Құлагер ат» дегенінде,
Мәні сол Батыраштың күйбіктеген...

Көмбе

Тауысып көл қымызды, таудай етті,
Неше күн Ереймен тау етке бөкті.
Күтіліп келген мейман тойынған соң,
Ат шауып, бөйге үлесер мезгіл жетті...

Өркім-ақ әлем байлап жүйрігіне,
Құйрығын сөйгүліктің тұйді, міне.
Жапсар ел жақын көңіл, тілектес боп,
«Бәйгелі болсын!» – деп жүр бір-біріне...

Ат саны барған сайын бірден өсті,
Атқа еріп тамашалап халық көшті.
Аттарды жазып-сызып керешілер
Санақшы санын бір мың үш жүз десті...

Ат айдау

Ақан да алып шықты Құлагерін,
СалпITYп сапты аяқтай төменгі ернін.
Жай тастап төрт аяғын келді тұлпар,
Оңаша жұрттан аулақ тұрды Серің...

Батыраш бала жастан атқа құмар,
Айқайшыл ат әперген баққа құмар,
Арам ой, ата намыс ұр-шоқпары,
Кір көңіл, сарайының батпағы бар...

«Отты екен жануардың екі көзі!
Перінің пырағы ма мұның өзі?»
Түтігіп, қап-қара боп тұр Батыраш,
Жалғыз-ақ «Қап! Қап!» болып айтқан сөзі.

Осылай айтпағанмен ішінен сыр,
Томсарып Батыраш кеп толғатып жүр.
Кек қайнап, ыза кернеп, жауыққандай,
Қалып тұр, қаны қашып, сүлдесі құр...

Қалың ат, көп баланың арасында,
Құшақтап Ақан сүйді баласын да.
«Қош, аман келгеніңше күтемін», – деп,
Мойнынан құшақтады Құласын да.

Алуан ат – торы осында, қара осында,
Не саңлақ, сәйгүліктің бәрі осында.
Күңірентіп, кең даланы дүбірлетіп,
Төгілді ат Ерейменнің саласына...

Ат қайтқанда

Шаңы – бұлт, екпіні – жел, аттар – қаңбақ;
Балалар ұран салып, безді зарлап.
Шапқан ат, салған ұран – күңіренді Арқа,
У да, шу, ұлан-асыр болды жан-жақ...

Жер бетін қағып ұшқан құстай шүйгіп,
Адақтап барған сайын шықты жүйрік.
Төртеудің мың үш жүзден мойны озып,
Құлагер келе жатты тістеп құйрық.

Артында төртеуінің мың ат қалды,
Балалар барған сайын шулап қалды.
Жер шіркін барған сайын бауырын жазып,
Шаң шіркін барған сайын будақталды...



Ат шаңы

Бүрқ етті кезең асып шұбалған шаң,
Қобалжып қозды құрты астағы жан.
Ойысты үш-төрт қара үздік-создық,
Алдыңғы ат бірі – қылаң, бірі – бараң.

Көргенде көз ұшында келе жатқан
Қараны қоя ма көз күн-түн баққан?
Жасаурап екі көзі тұра алмады,
Құласын құлдыраған танып Ақан...

Сорғалап сол өзекке ат құлап,
Жоғалды жұрт көзінен келе жатқан ат.
Өзектен үздік-түйдек үш ат шықты,
Алдында қылт еткендей болды бір ат.

Елде жоқ осы кезде ұшар қанат,
Қайтсын-ау қазақ, көңіл құмарланад.

Ақанның не болғанын білгеміз жоқ,
Алдыңғы ат баранданбай қылаңданад...

Жұрт көрді ат үшеу-ақ, бірі қалды;
«Баран жоқ бағанағы!» – деп шулады.
Тырмайсан төске таман үш желді аяқ,
Дегенше әні-міне келіп қалды...

Ұрандап мың үш жүзден үшеу өтті,
Қара жоқ өзгесінен, қайда кетті?
Аспан шу, жердің бетін шаңыт борап,
Біреуді біреу тіпті білмей кетті...

Жалғыз қазық

Шапқан ел жетті қаптап Қусақ көлге,
Өлгі өзек, ат көрінбей кеткен жерге;
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болып,
Айталық не болғанын Құлагерге...

Қара жоқ, мыңдаған ат қалды артта,
Өзге аттар әлдеқайда бұл мезетте.
Құланың басын қоя бермек еді,
Кезікті бір тосқауыл осы өзекте.

Қусақтың осы қылта мойнында,
Аттардың шауып өтер жолы мұнда.
Кек кернеп, жасырынып тұрды біреу,
Бір жаман осы өзекте ой қылуға.

Айбалта ырғай сапты қойынында,
Сол еді мылтығы да, сойылы да.
Алтайдың ақылынан ашуы көп,
Арғынның ес болмайды дойырынды.

Ақ мылтық – үшқыр боз ат бар астында,
Жау тұрды жасырынып жар астында.
Жол үсті тасқа біткен қарағанның
Өлгі тұр атты күтіп дәл астында.

Мінгені боз, кигені қара үстінде,
 Құлагер тізгіндеген бала үстінде.
 Мылтықтың аузына ұшқан құстай,
 Ағызып жетті жаудың дәл үстіне...

Сияқты Көкті соғып, Құла аларға,
 Тосқауыл мұны көрген тұра алар ма?
 Көмбеге көрінім жер қалған кезде,
 Құла алса қорлық қатты мұнан бар ма?...

Суық қол, оқтан ұшқыр, тастан қатты,
 Ол өткір аспаһанның көк болаты.
 Қызғаншақ, қиқар, кесел, ұрыншақ, өр,
 Қаскүнем қара көңіл жаман таты.

Тұрғаны тығырықтау жердің шаты,
 Ақ мылтық – астындағы ақбоз аты.
 Ұрымтал жерден оқтай ұмтылғанда,
 Бала да білмей қалып, болды қапы.

– А, құдай-ай! Бере көр! – деп ұмтылды,
 Ұйтқып кеп соқты өкпеден жел сықылды.
 Қыспақ жол, Жыландының жырасында
 Қақтығып бір-біріне ат тығылды.

Сап етіп бір бүйірден кеп ұрынды,
 – Бере бер, балам, бері шылбырыңды!
 Жанасып Құлагерге қалғанында,
 Сақ етіп айбалтасы Құланы ұрды...

«Бай-бай, Құлагерім!...»

Қорқырап Құлагер ат жатыр құлап,
 Шүмектеп шекесінен қан бүрқырап.
 Шіреніп төрт аяқты, танау қағып,
 Ыңқылдап өліп барад ат қорқырап...

Көргенде ол мынадай сүмдық істі,
 Үстіне Құлагердің құлап түсті.

Білмеді не болғанын, айырылды естен,
Аймалап Құлагердің басын құшты...

Аттың азалы өні

«Қош, енді қалдың кейін, Құлагерім!
Тұрмадың, жығылғаннан жылап едім.
Жалғанда саяқ жүріп таяқ жедім,
Көретін күнім шығар бұ да менің...
Бай-бай, бай-ай,
Бай-бай, бай-ай...

Құлагер, қоштасқаным ел алдында,
Жемтігің қалды сенің Жыландыда.
Айырылып жанындағы жалғыз сенен,
Қайтты иең, тұрмаған соң жылады да.

Құлагер, жануарым, пырағым-ай,
Қалдың-ау Ерейменде шырағым-ай!
Сенікі, менікі емес, қарға, құзғын!
Оқи бер Құлагерге Құраныңды-ай...

Көзіңнен айналайын тостағандай,
Қияр ем сені не ғып тастағанға-ай;
Басынды итке неге иіскетейін,
Ерте-кеш құшақтамай жас баламдай!

Құлагер, қош-қош атым, жолдасым-ай!
Мен білдім түнесем де тұрмасыңды-ай.
Тигізбей топыраққа жоғары іліп,
Сақтармын өле-өлгенше қу басыңды-ай».

Соны айтып Құлагердің басын кесті,
Көрген жан: «Қайтсін, шіркін, асыл!» – десті.
Достары: «Қайран ер-ай, обал-айлап»,
Қастары: «Сол сыйымен барсын!» – десті.

Алда бас, арт жағына үл мінгесті,
Бөйгені өзге қалған жан үлесті.

Бір салып атты бұтқа Ақан сері,
Жамылып жүріп берді қоңыр кешті.

Жеделдеп жетім үлмен жүріп кетті,
Ұйқысыз ұзақ таңға бүлкілдетті.
Ұзын жол, жұлдыз жарық, жазғы түнді
«Құлагер» деген әнмен күңдірентті.

Әнімен шығаруға ішкі дертті,
Шырқатып ащы үнімен шерін шертті.
Болады салған әні су сепкендей,
Сендіре алмаса да жанған өртті.

Ащы зар, ауыр шері айғайлатты,
«Құлагер» айтқан сайын қайғы ойлатты.
Ұйқышыл, керең қырға маза бермей,
Күрсінтіп соқыр түнді бай-байлатты...

Бай-байлап «Құлагер» ән бебеу қақты,
Талда құс, белдеулерде бедеу қатты.
Зарлы әнін «Құлагердің» жылқышылар
Сүйеніп құрығына тыңдап қапты.

Жолшыбай жол көп елді аралатты,
Бұрылмай бас өңгерген баран атты,
Керең түн кең даланы күңдірентіп,
Бай-байлап «Құлагерге» бара жатты.

Көргенде Көкшетауды дерті қатты,
Жүрген жер Құлагермен жанға батты.
Кетер түн Құлагердің жатқан жерін
Құшақтап, жер бауырлап, жылап жатты.

Тау мен тас жоқтағандай Керқұла атты,
Бар бұлақ көлге суын бауырымдатты.
Кірсіз жер, кінәсіз жел жылы ұшырап,
Құланың қазасына көңіл айтты.

Ардақтап ат байлаған бір ағашын,
Қастерлеп Құлагердің ілді басын;

Аңырап ағыл-тегіл боп отырды,
Көзінің омырауына құйып жасын...

Сорлы Ақан «Құлагер» деп жылап, күйген,
Елдің ол құлағына жылы тиген,
Болса да мейлі сері, мейлі пері,
Ақанның аты мен жұрт өнін сүйген.

Аты өліп, астан Ақан шаршап қайтты,
Ауылға оның өнін малшы ап қайтты.
Ел-елден Ерейменге жиылған жан,
Еліне «Құлагер» деп өн сап қайтты...



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Поэмаға сюжеттік-композициялық талдау жаса. Шығарманың шарықтау шегі мен шешімін тауып, автор идеясын түсіндір.



2-тапсырма. Ақан бейнесіне талдау жаса. Ақын мен автор арасындағы қарым-қатынасты білдіретін тұстарын тауып, психологизмдерді анықта.



3-тапсырма. Күреңбай сыншының Құлагерге берген сын оқып, аттың жүйріктігін білдіретін ерекше қасиеттеріне назар аудар. Абайдың «Шоқпардай кекілі бар...» деген өлеңімен салыстыр.

Абайдағы аттың сыны	Өз пікірім	Ілияс Жансүгіровтегі аттың сыны



4-тапсырма. Берілген үзіндіге талдау жаса. Ақынның табиғат суретін беруде қолданған көріктеу құралдарына назар аударып, өз өлкеңнің табиғатын суреттеп, қарасөз немесе поэзия түрінде шығарма жаз.



5-тапсырма. Поэманы оқып, пролог пен эпилогке мән бер. Ақын поэманың басталуы мен аяқталуында қандай композициялық амалдарды қолданған? Шығарма идеясын ашуда бұл амалдардың рөлі қандай?



6-тапсырма. Мәтінді тыңдап, үзіндіні қарасөз түрінде жаз. Үзіндіден арнау, инверсия және қайталау түрлерін тауып талда. **Уақыты – 25 минут.**



7-тапсырма. Мәтінді тыңдап, берілген кестеге көріктеу құралдарын толтыр. **Уақыты – 20 минут.**

Эпитет	Метафора	Теңеу	Қайталау



8-тапсырма. Поэма кейіпкерлеріне мінездеме бер. Кестеге шығармадан үзінді алып толтыр.

Кейіпкер	Мінезі	Поэмадан үзінді
Ақан		
Күреңбай сыншы		
Батыраш		



9-тапсырма. Құлагер қатысқан ат жарысы бүгінгі күні өтіп жатса, Ақанға, Батырашқа қандай сұрақтар қояр едің? Өз ой-пікіріңді білдіріп, шағын репортаж дайында. Репортажда поэма сюжетінен алыстамай нақтылы үзінділер келтіріп отыр.

Ақанға қойғым келетін сұрақ	Батырашқа қойғым келетін сұрақ	Поэмадан үзінді



10-тапсырма. Автор стиліне байланысты өз ойыңды жаз. Ақынның сөз қолдану ерекшелігі мен кейіпкеріне деген авторлық ұстанымын білдіретін тұстарын айтып бер.



11-тапсырма. Поэма оқиғасын өзің қалай аяқтар едің? Ақын ойын жалғастырып, поэманың оқиғасын өз сөзіңмен қайта баяндап шық. Не себепті поэманың сюжетін өзгерткеніңді түсіндір.



12-тапсырма. Поэмадан жылқы түстеріне байланысты айтылған жерлерін тауып, кестеге толтырыңдар. Ақын сипаттаған жылқы түстері туралы өз ойларыңды жазыңдар.

Поэмадағы жылқы түсі	Менің ойым...



13-тапсырма. «Құлагер-тағдыр» тақырыбында әдеби эссе жаз. Эсседе поэма идеясындағы негізгі ойды жалғастырып, Құлагер – Ақан – Батыраш жүйесіне байланысты өз ойыңды білдір.



14-тапсырма. «Қазақ жылқысы» тақырыбында сын мақала жаз. Мақалада қазақ жылқысының тарихы, қазақ ат баптау өнері туралы деректерді пайдалан.



БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН**(1894 – 1938)**

Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин – қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Ол 1894 жылы Қостанай облысы Таран ауданы Ақтөбе ауылында (қазіргі Майлин атындағы ауыл) дүниеге келген. Өкеден ерте жетім қалған бала жалшылықта жүріп, ауыл молдасынан сауат ашып, хат таниды. Кейін көрші ауылдағы медреседе екі жыл оқиды. 1913–1914 жылдары Троицкідегі



«Уазифа» мектебінде, оны бітіргеннен кейін Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Медресе қабырғасында талапты жастармен бірге «Садақ» қолжазба журналын шығарысады. Алғашқы тырнақалды туындысы – «Шұғаның белгісі» хикаясы осы журналда жарияланады. Медреседе белгілі татар жазушылары Мұхит Ғафури, Ғалымжан Ибрагимовтен сабақ алады, башқұрт ақыны Сайфи Құдашпен бірге оқиды. Денсаулығына байланысты оқуын аяқтай алмай, ауылға оралып, 1916–1919 жылдары ұстаздық етеді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Бейімбет халық жағында болып, өлеңдер жазады. Жаңа үкімет тұсында, 1919–1921 жылдары ауылдағы кеңес жұмысына қатысады. Қазақтың сауатсыздығын толық жоюды мақсат еткен Бейімбет «Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабын» (1929), сауаттылығы төмендерге арналған «Күш» деген оқулықты (1930), «Жаңаша оқы және жаз» құралын (1931), Ғабит Мүсірепов және Ө. Ситдықовпен бірге «Сауатсыздарға арналған әліппені» (1935–1936) жазып шығарды.

Бейімбет Майлиннің «Байдың қызы», «Рәзия қыз», «Қашқын келіншек», «Зайкүл», «Маржан», «Өтірікке бөйге», «Хан күйеуі» «Кемпірдің ертегісі», «Беліс», «Мырқымбай» деген поэмалары бар. Ол проза саласында да қазақ әдебиетіне жаңа стильдегі шығармалар әкелді: «Шұғаның белгісі», «Раушан – коммунист», «Азамат Азаматыч», «Қара шелек», «Күлпәш», «Айт күндері», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Сары ала тон», «Сексен сом», «Ұлбосын», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Қызыл әскердің үйі», «Өміржанның әңгімесі», «Берен», «Қырманда» т.б. туындылары бар.

Жазушының драматургия саласында жазған «Майдан», «Келін мен шешей», «Жасырын жиылыс», «Протокол», «Неке қияр» т.б. пьесалары бар. «Қыздың сәлемі», «Қашқын келіншек», «Ақсуаттың жанында», «Азат әйел», «Ғазиза», «Шал мен қыз», «Ажар» сияқты өлеңдерінде қазақ әйелінің тағдырын суреттеді.

1925–1934 жылға дейін баспасөзде және баспа орындарында әртүрлі қызметтер атқарады. 1934–1937 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болып істейді. 1938 жылы репрессия құрбаны болды.

Тірек сөздер: стиль, «Шұғаның белгісі», хикая.

СТИЛЬ – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы. Көркемдік стиль жазушының өмірлік тәжірибесі негізінде, оның суреткерлік талантының табиғатына сәйкес қалыптасып, дамиды. Жазушының стилі дегенде, біз оның өмір шындығын өзінше тани білу, сезіну, тақырыпты өзінше игеру, өзінше ой толғап, бейнелеп айту – міне, осындай маңызды сипаттар танытатын, басқаға ұқсамайтын суреткерлік шеберлігін, дара қолтаңбасын айтамыз. Өрине, аталған қасиеттер жазушының тіл ерекшеліктерінен, сөз қолдану, баяндау тәсілінен айқын сезіліп тұрады. Бірақ сөздік, тілдік ерекшеліктерді жазушының өмір шындығын тап басып танитын көрегендігіне, сезім-талғамына, бейнелеу шеберлігіне тығыз байланыстыра қарау, өрине, әлдеқайда ұтымды.

З. Ахметов

ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ

(хикаядан үзінді)

I

Біз екеу едік.

Менің астымда жортақылау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер-тоқымы. Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығымдағы жыртығынан жел өтіп мазамды алыңқырап ке-

леді. Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал-мұрты бар; қара бұжыр, күлімсіреп дөңгеленіп тұрған қара көзді, пішініне қарағанда бір түрлі сөйлемпаз адам секілді. Астында қойшылар мінген қаракер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса кейін қалып қала береді.

Жүрген сайын жер өнбегендей, сол ұшы-қиыры жоқ елдің жайлауы бітпейтіндей көрінді...

Милығына түскен бөркін жоғарырақ көтеріп қойып, қаракерді бір тебініп шаужайлап жіберіп маған қатарласып:

– Тым бері бұрыла бермеңіз, күнбатысқа таман жүрейік, – деді.

– Сіз кейін қалған соң, мен алдыңызды орағыта беремін.

– Жамандатқыр мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді, – деп қамшымен салып-салып жіберді.

Менімен қатарласып алған соң қаракерге деген ашуы біткен тәрізденіп, азырақ жадыраңқырап маған қарады.

– Мынау алдымыздағы үлкен көл «Қамысақты» ғой: осының сол жағын ала жүріп ана шаңырқай көрінген Обаның белесінен тура ассақ, алдымыздан бір кішкене сүрлеу келеді. Сол сүрлеумен барып «Шұғаның белгісінен» қара жолды қиып аламыз, – деді.

Өңгіме азырақ ой бөлейін деді. Аттың жортысына шайқалып ауырып келе жатқан іш те ұмытылғандай болды. Жол қысқарту үшін жолдасыммен сөйлесуді мен өзім де тілеп келе жатыр едім. Бірақ бұрын сырлас адамым болмаған соң, өңгімеге қандай жайының барын анық біле алмай, сөз ашпап едім. Және менің бір әдетім, жолда келе жатқанда өзім сөйлегеннен де, біреуді сөйлетіп, тыңдауды артық көруші едім.

Жолдасым жол өңгімесін бітірсе, «тағы да бар, тағы да бар» деген кісі тәрізді сөз сөйлеуге ыңғайланып тұрды. Мен өңгімені неден бастарымды білмедім, жол жайын айтып өткен «Шұғаның белгісі» дегені бар еді. Одан пәлендей сөз туады деп дәмеленбесем де, бастауға себеп болсын деп ойлап:

– «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма? – дедім.

– Жоқ, әшейін, бір обашық, – деді. Кейін қалып бара жатқан соң тағы тебініп қатарласып:

– «Шұғаның белгісін» сіз білмейтін шығарсыз-ау, – деді.

– Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім, – дедім.

– Білмессіз... сіздер жассыздар ғой, – деді. Маған қарағанда өзі недәуір көпті көрген үлкен адам болып көтеріліп қойды.

– Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның өңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау, – деді.

Жолдасымның бұл сөзінен мен Шұғаға ынтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

– Шұғаның өңгімесін айтсаңыз қайтеді, жол қысқарсын, – дедім.

– Айтайын, – деді. – Бұл қызық өңгіме, тыңдаңыз, – деді.

II

Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... ол да бір дәурен... иә... бұл ауылдың күзге қарай қонатын жері, жазғытұрғы августқа дейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де «Шұғаның белгісі» атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Үлкен көл, маңайы толған шорқынды су... ол уақытта жердің берекесі қандай?! Біздің Беркімбай дейтін жақын ағаларымыз болады. Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы – жаппас Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей, Құдай тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе, Шұға. Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін...

Шұғаның әке-шешесінің бір артық жері, он алтыға келгенше Шұғаны күйеуге бермейді. Уақытында талай мырзалар айттырды, бәріне де нәсіп болмады. Ат жетер жердегі бай балалары мүлде түңіліп болды. Артынан есіттік, Есімбектің бермеудегі мәнісі, өзі жас кезінде Қали дейтін құрдасымен серт байласқан болса керек: «Бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, екеуіміз құда болайық», – деп.

Сол сертін күтеді екен ғой... Иә...

Қамысақтының басына түсіп, азырақ кідіріп ер-тоқымымызды дұрыстап ерттеп, тағы да жүріп кеттік. Қаракерді бірекі бауырлап алып жолдасым тағы сөзге кірісті.

III

Бір жылы майдың 20-сы күні жайлауға барып қондық. Жаңбыр көп. Шөптің шығысы да жақсы еді. Бозбаланың басы құралған соң, ертелі-кеш асыр салып ойнау, есіл-дертіміз жаппас. Есімбектікі қашан келеді?.. Етке қашан тоямыз дейміз...

Бір күні таң ата келе жатсам, ұйықтап қалған екенмін, әжем оятады:

– Жаппас келіп қонып жатыр. Базарбаймен көрісіп қарағымды сүйіп келдім, – дейді.

Жалма-жан тұра сала далаға шықсам, сәске түс болып күн ыси бастаған екен... Мен келсем, менен әлдеқашан бұрын жұрт жиналып қалған екен. Тоқты сойылып, қазан асылып, қайнап та жатыр.

Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп айдай қызды-қызды болып жатыр екен. Мен тегіс араладым. Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым. Апырым-ай, адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!.. Аққудың көгілдіріндей осы аппақ. Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгіштермен безеп тастаған қызыл пүліш қамзол, басында үкі таққан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды мүлде одан жаман жандандырып, құбылдырып тұрды.

Маған қарап Шұға күлді.

– Мезгілімен келіп көрістіңіз-ау, – деді. Мен не айтарымды білмедім. Бұрын өзілдесіп сөйлесе беруші едім, бұл жерде тілім байланды.

– Мынау аттан түсіп жатқан кім? – деді Шұға.

Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп аттарын байлап жатыр екен. Біреуі орышалау киінген.

Тани кеттім.

– Әбдірахман ғой, – дедім.

– Әбдірахманың кім?

– Қазақбайдың баласы.

– Иә, әлгі учитель баласы ма?

– Иә.

– Жап-жас жігіт екен ғой, – деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.

Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауығынан Шұғаның бізге сығалап қарап тұрғандығы білінді.

IV

– ... Сіз білмейсіз ғой... – деп жолдасым қаракерді шау-жайлап қатарласты. Сіз білмейсіз ғой... бізбен ағайын, жасы менімен түйдей құрдас Әбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай учитель болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң мектепті бітіріп шығыпты.

Әбдірахман мектепті бітіргенде дыбысы жер жарды. Өте зерек болған ғой, учительдері де мақтаса керек. Дуандағы нәшәндік «тілмаш бол» деп өтінген екен, болмай елге келді. Нақ сол кезде болыстың пәсірі өліп, пәсірсіз түр еді. Әбдірахманға «пәсір бол» деп жабысты, оған да болмады. Жамантік болысындағы бір байдың школына барып бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. Сол жылы июньнің бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірахманды көргенім. Маған: «Маған көріспейсің бе?» – деп қалжыңдады. Өзілдесіп үйге кірдік. Үй ішімен Әбдірахман тегіс амандасты, Есімбек бай онша жақсы көрмеген адамның қалыбын істеді.

Мен ауылға қайтқанда, Әбдірахман Есімбектікінде қалып қойып еді. Менің артымнан іле-шала келіп, Беркімбайдың үйіне түсіпті.

Мен тұрып, Беркімбайдың үйіне бардым. Әбдірахман шынтақтап домбыра тартып жатыр екен.

– Жоғары шық, – деді.



Өзілдесіп отырдық. Көп ұзамай, әңгіме Шұғаға көшті. Әбдірахманның ойын білу үшін мен: – Шұға қалай екен, көрдің бе? – дедім. Әбдірахман күлімсіреді.

– Көрейін деп барып едім, көре алмадым, – деді.

– Иә, сен атыңды байлап жатқанда, отаудың есігінің алдында түр еді ғой.

– Сыртынан көрген бола ма, ауызба-ауыз сөйлеспеген соң.

– Ендеше, бүгін алтыбақан құрады. Ауызба-ауыз сөйлес.

– Шын айтасың ба, – деп Әбдірахман басын көтеріп алды.

– Есімбектің келіндерімен қалжыңдасып сұрағанымда, кешке алтыбақан құрамыз десіп еді, – деп анығын айттым.

...Ас-су ішіп Әбдірахман екеуіміз үйден шыққанда, елдің алды жата бастап еді. Түн тастай қараңғы. Аяндап келе жатырмыз. Есімбектің ауылының сырты қым-қуыт, Әбдірахман жылдамдай басып менің алдымды орай береді.

Алтыбақанға жақындадық. Сөйлеген сөз, ойнаған ойын, қараңдаған адам – бәрі де анық көріне бастады. Нақ біздің келуімізді күткендей екі қыз арқанға асылып ырғалып ән салды.

– Шұға құдашаларың әнді бастады, – деді Маржанбике. Нақ сол минутта шыққан ән, шынында, Шұғадан басқаға лайықты емес еді. Сондағы айтқан өлеңі әлі құлағымда.

«... Не мұндық, бұл дүниеде қыздар мұндық,

Атадан болып мұндық неге тудық?

Атадан мұндық болып тумас едік,

Бұрынғы ата-баба жолын құдық...»

...Әбдірахман ойыннан көңілсіздеу болып қайтты. Шұғамен сөйлескен сөзін, жай-күйін айтып мұңайды.

– Осы менің кедейлігім-ау, бай баласы болсам, Шұға сөзсіз қабыл алар еді, – деді.

Өзілдесіп тұрып Әбдірахман көңілін білдірсе, Шұға түсінбегенге салыныпты. Салған жерден бола қоймады деген мұныкі де тентектік қой...

Қалтасынан бір бүктеулі қағазды алды да:

– Мына хатты Шұғаға жазып отырмын. Менің ойым, Шұғамен көңіл қоссам, алып қашып кету еді. Болмаса, мың жылда Есімбек маған қызын бермейді де және оған беретін менде мал да жоқ. Не жауап қайтаратынын қайдан білейін, – деп күрсінді. Ажарында бір түрлі кейістік бар еді...

Түсте қойдан келгенде, Базарбайды шақыртып алып хатты бердік.

Біз орнымыздан тұра бергенде, Есімбектің ауыл жағынан жүгіре басып келе жатқан Базарбай көрінді. Әбдірахман бәйек тауып тұра алмады. Жақындаған сайын Базарбайдың бет-ажарына қараймыз... Арсалаңдап күліп жетіп, етігінің қонышынан бір жапырақ қағазды шығарып, Әбдірахманға берді. Қолы дірілдеп Әбдірахман ашып оқыды:

«Құрматлу мырза Әбдірахманға сәлем соңында айтарымыз: хатыңызды алдық, қазір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бұйырмаңыз. Жазушы Шұға».

V

...Хат жазысқан соң, көп ұзамай-ақ Әбдірахман Шұғамен жақындасып кетті.

Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сүйіспендік бірден бірге жайылып, бүкіл ел хабарланды. Жалпы жұрт пәлен дегенмен, Айнабай тыныш қалмады. «Шұға мен Әбдірахманның көңіл қосқан қалпын есіткенде, Күлзипа жылапты» деп әйелдер өсек қылып жүрді. Үміттеніп жүрген адамы қызын менсінбей тастап кеткен соң, Айнабай не қыларын білмей, Есімбекке хабар тигізіпті: «Қызы бұзылды, Әбдірахманмен бір күні кетейін деп жүр», – деп.

– Орысша оқыған дінсіз неме, көптің сөзін аяқасты қылды, – деп шалдар Есімбектің жағында болды... Айнабай Есімбекті құтыртқанымен қанағаттанбай, Әбдірахманды басқа жөнмен мүдіртуге де кіріскен, «Түріктерге жасырын ақша жиып жүр...» деп Әбдірахманның үстінен арыз беріп жүр деген еміс-еміс хабарды есітіп, шошынып жүрдік. Әбдірахман ойына еш нәрсе де алмады, біздің үйде жатты да қойды. Ертелі-кеш азабы Шұғаға қалай жолығу, қалай сөйлесу... Бұрынғыдай хатын таситын Базарбай да жоқ, Зәйкүлді екі бастан көре алмаймыз, әй, қиын-ақ болды-ау...

Бір күні кешке жақын ауылдың сыртында белеске шығып отырдық. Ветіміз – Есімбектің ауыл жағында, көз ұшында бұлдырап көрінген адамдардың әйел екенін, еркек екенін айыра алмаймыз. Есімбектің үйі – ауылдың орталығында. Сол маңайда жүрген адам Әбдірахманға Шұға болып көрінеді...

Әбдірахман сөз бастап:

– Шұғадан бүгін хат алдым-ау, – деді.

– Не жазыпты?

– Сағындым депті. Үйдің ішінің бәрі де қас көрінеді. «Басым қатты ғой, құтылудың амалы не?» депті.

– Жаздым. «Кетейік» дедім. Хатты жіберетін адам табылмайды ғой, егер анық уәдесін алсам, ұзамай кетер едік...

Біздің өңгімеміз аяқтала бергенде, екі ауылдың ортасындағы ағытқан қалың жылқының арасынан жіңішке жолмен шаңдатып бір пар атты шыға келді... Біз сөзді қойып, арбалыға қарадық. Жақындаған сайын адамы айқындалды.

Біреуі орыс секілді, менің жүрегім тас төбеме шықты.

Әбдірахман да сұрланыңқырап кетті. Аяндап үйге қарай жүрдік. Орысы қарғып түсіп «осы ма» деген адамға ұқсап бізге қарсы тұра қалды.

– Әбдірахман кім?

– Мен.

– Әйда, киін, болысқа барамыз, – деді орыс. Стражник екен. Мойнында қылышы, маңдайында жарқырауығы бар.

– Мені қайтесің? – деді.

– Мен білмеймін, пристоп шақырады.

Қарсыласар дәрмен жоқ, естен танып қалдық.

...Күн бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз – пар ат. Делбені өзім ұстадым. Жол Есімбектің ауылының үстінен баса жүреді. Қатты шыққан қарқынымызбен келіп қалдық. Әбдірахманның екі көзі алдында. Алдымызда жүз саржын шамасында Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Шіркін-ай, сүйіспендік те қиын ғой.

Жаңа жеккен ат басымен алысады. Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз. Бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей берем. Кім біледі, бұдан кетсе, Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас, яки көрсе де, біраз уақыт сағынуға тура келер деген ой елестейді. Бірімізге біріміз сөйлеспесек те, біріміздің ойлағанымызды екіншіміз біліп келеміз... Бұрын түнде барғанда маңынан жүргізбейтін Есімбектің аю төбеттері үріп алдымыздан шықты. Басына кимешек киген Шұғаның үлкен жеңгесі қараша үйдің белдеуіне ботаны байлап, түйе сауып отыр. Үлкен үй мен отаудың арасында бәйбіше теңселіп жүр. Бірақ Шұға жоқ...

Әбдірахман кенет:

– Айда! – деді.

Ат тоқтауға айналған екен. Делбені жиыңқырап ұстап, айдай бергенімде, ауылдың сырт жағындағы құдықтан келе жатқан екі әйел көрінді. Біреуі – Шұға! Апырым-ау, жаман қуандым. Көзімнен жас шығып кетті. Қатарласып келгенімізде, бізді танып екеуі де сұстиып тұра қалды. Зәйкүлдің иығында шелек, Шұға жанында бос еріп келе жатыр екен. Әбдірахман арбадан қарғып түсіп жүгірді.

– Апырым-ай! Қайда барасыңдар? – деді Шұға.

– Болысқа айдап барады, – деді Әбдірахман.

Шұғаның көзінен жас мөлдіреп қоя берді. Арбаның үстіндегі мен де еріксіз жыладым. Зәйкүл шіркін қорқақтау еді, жалтаң-жалтаң қарады да:

– Ойбай, тентекжан-ау, жүр, ауылдың адамдары жүгіріп келеді, – деп шелегін жерден көтеріп-ақ алды.

Айырылмай амал жоқ екенін екеуі де сезеді. Бірінің көзіне бірі қарап қатты да қалды... Арт жағымызда – айқай-ұйқай, боқтау, жүгірген адамның аяғының дыбысы. Алдымызда біраз жер барып тоқтап бізді күтіп, стражник ойбай салып жатыр.

– Өбдірахман!

– Қош! – деді.

Теңселіп келіп арбаға мінді. Көзінің жасы мөлдіреп ағып бетін жуып кетті. Біз атты айдай бергенде қарлыққан дауыспен:

– Қош, қалқам, қалқам!.. – деді Шұға.

Кемсеңдеп жылап отыра кетті.

VI

...Өбдірахманды пристап дуанға алып кетті. Мен жылап-жылап қайттым. Жанымда «Шұғаға тапсыр» деген хаты бар. Елге келгеніме 5–6 күн болса да, ретін тауып бере алмадым.

Біз елден кететін күні кешке жақын далада сөйлескенді шам көріп, Есімбек Шұғаны жаман сөгіпті. Ағалары да қатаңдық қылған білем. Содан бері Шұға жылауда, тамақпен жұмысы жоқ десіп жүрді. Бірер күннен соң «Шұға ауру екен, төсек тартып қалыпты» дегенді есіттім. Ауыл арасы жақын болғанмен, бұрынғыдай барып сөйлесетін күн жоқ. Жасырынып жүріп Өбдірахманның хатын Шұғаға зорға тапсырдым...

Шұға шын ауруға айналған соң, Есімбек жұмсайын деді, бақсы-балгер алдырып ем қылдырып еді, жазылмады, науқасы күннен-күнге үдеп, есінен танып сандырақтауға айналған: сандырақтағандағы айтатыны Өбдірахман болды.

Шұға шақырады деп бір күні Есімбектің түйешісі келді. Төбем көкке тигендей болып қуандым. Келдім. Үлкен үйінде кілемнің іргесін түргізіп, Шұға жатыр екен. Маған көзі түсіп кетіп қамықты.

– Қарағым, – деп шешесі бетінен сүйіп, Шұғаның көзіндегі жасты орамалмен сүртіп алды.

– Жылама, қарағым, бір сенің ризалығың үшін әкеңнен есітпеген сөзім жоқ. Қайтейін, билік менің қолымда болса, бұл күйге я түсер ең, я түспес едің...

Бәйбіше де қамықты. Үйде басқа адам жоқ еді.

Шұға шешесіне:

– Әже, – деді.

– Өу, қарағым.

– Мені оңаша қалдыршы.

– Қалдырайын, қарағым, – деп бәйбіше шығып кетті.

Мен Шұғаға жақындадым.

– Жайың қалай? Тәуірмісің? – дедім.

– Тәуір емеспін, – деді. Көзіме көзі түсіп кетіп, қамыққандай болды... – Тәуір емеспін... Тәуір болуды тілемеймін де... Сәлем, сәлем айт... – деді. Жылап қоя берді. Жастығының астына тығулы орамалмен көзін сүртті.

– Тірі келсе көресің ғой, бірақ мен...

Тығылған жасқа булығып сөзін айта алмады.

– Құдай жазған болса бәріміз де көреміз. Ажарыңыз тәуір ғой, жазыларсыз, – дедім.

– Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аяп отыр. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда «Шұғам!» – деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер ем... әй, жоқ қой! – деді.

Ауыр күрсінді.

Кешке шейін отырып, мен елге қайттым.

Мен үйге келсем, Әбдірахманның қаладан келгенін естіп үйдің іші қуанып отыр екен. Шұғаның халін көріп қайғырып қайтсам, Әбдірахманның келгенін есіткен соң, тасып кеттім. Менің қуануым ынтық болып жатқан Шұғаға Әбдірахманды әкеліп бір көрсету еді. Атқа міне салып барсам, ол ел де қуанышты екен, сөйлескеннен-ақ Әбдірахман Шұғаны сұрады. Ауруын бұрын да есіткен екен. Мен «тәуір» деп көңілін жұбаттым. Түнімен ұйқы көрмеді...

Айдалып бара жатқанда Шұғаға шығарған өлеңім еді деп өн салды:

«... Жүзі – құбыла, сөзі – Құран Шұғаның,
 Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын.
 Кетерімде арманда боп сүйе алмай,
 Еңіреп жылап, «Қалқам» деді-ау шырағым...»

Біз ауылға жеткенде, Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп аяңдап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенімде бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып кейін жүріп кетті. Не айтқанын есіте алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады... Жүгіре басып жандарына келгенімде «Құдай рақмет етсін!..» – деп беттерін сипап бата қылысты. Мен аң-таң болдым. Айтбай маған қарап:

– Есіттің бе, Шұға қайтыпты-ау, – деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым. Жиылған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты.

– Ой, Шұға десе, Шұға еді-ау... – десті.

Ауылдың адамдары жиылған қалпымен келіп Әбдірахманға естіртті. Әбдірахман жыламады, сүп-сүр болып қатты да қалды. Бәріміз де көңіл айтқан болдық.

VII

Сондағы Шұғаның өлерде жазған хаты:

«... Өуре боп неге біткен ажар-көрік,
 Ішіңе от түсірдің қалқам көріп.
 Гүлдену жас өмірде мақсұт боп ед,
 Серттесіп, қол алысып, уәде беріп.

Жолыңа құрбан қып ем жан мен тәнді,
 Дарига, айтылған серт болмай қалды.
 Көре алмай ақтық минут дидарыңды,
 Арманда жан тапсырған мен бір зарлы!..

Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,
 Есіңе ал, дұғаңа мен ынтызармын.
 Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,
 Астында ақ туының пайғамбардың!..»

Келер жыл «Өгіз сойғанның» басына келіп қонған соң, ел жиылып асын берді. Сонда тұрғызған белгі еді... – деп сөзін бітірді...

– Өне, – деді жолдасым, – өне, «Шұғаның белгісі» көрінді...өй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!.. – деп қойды.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Хикаяның толық нұсқасын хрестоматиядан оқып, композициялық жүйесіне талдау жаса.



2-тапсырма. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме бере отырып, психологизмді анықта. Психологизм қандай тәсілмен берілгенін тауып, теріп жаз.

Кейіпкерлер	Мінез ерекшелігі	Психологизм
Жолаушы		
Шұға		
Әбдірахман		
Есімбек		



3-тапсырма. Хикаяның идеясын анықтап, кейіпкерлерінің идеяны ашудағы орнын белгілеңдер.

Идеясы:	
Шұға	
Әбдірахман	
Есімбек	
Өңгімеші	



4-тапсырма. Берілген үзіндіні пайдаланып, шығарманың басталуына ой жүгіртіп, топта ақылдаса отырып, қайта жазып шығыңдар. Не себепті өзгеріс енгізгендеріңді түсіндіріңдер. Ал егер жазушының оқиғаны баяндау стилімен келіссеңдер, оны да айтып беріңдер.

Біз екеу едік.

Менің астымда жортақылау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер-тоқымы. Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығымдағы жыртығынан жел өтіп, мазамды алыңқырап келеді. Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал-мұрты бар; қара бұжыр, күлімсіреп дөңгеленіп тұрған қара көзді, пішініне қарағанда бір түрлі сөйлемпаз адам секілді. Астында қойшылар мінген қаракер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса кейін қалып қала береді. Жүрген сайын жер өнбегендей, сол ұшы-қиыры жоқ елдің жайлауы бітпейтіндей көрінді. Бір белеске шықсаң, алдында екінші белес. Мен шықтым. Манағыдай емес, атқа жортқан соң денем жылынып, ептеп маңдайымнан тер де шығайын деді. Жолдасымның басында желпен. Елден шығарда бауын мықтап байлап алған. Шабан қаракер үсті-үстіне ұрғызған соң о да бусанайын деді білем, желпенін шешіп алып беліне байлады.



5-тапсырма. Шығармада берілген портреттік суреттеулерді тауып, кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Портреті	Мінезі



6-тапсырма. Хикаядағы автор бейнесіне назар аудар. Автор қай жақта сөйлейді? Оқиғаға автор қалай араласады? Шығарма идеясын ашудағы автордың рөлі қандай? Топта әңгімеден үзінді келтіре отырып, шағын таныстырылым жасаңдар.



7-тапсырма. Мәтінді тыңдап, Шұғаның мінез ерекшелігі туралы айтып беріңдер. **Уақыты – 10 минут.**



8-тапсырма. Шұғаның соңғы жазған хат-өлеңін тыңдап, қыз басындағы трагедиялық жағдайды білдіретін сөздерді теріп жазыңдар. **Уақыты – 15 минут.**



9-тапсырма. Хикаядағы айшықтау түрлерін теріп, кестеге толтырып жазыңдар.

Мәтіннен мысал	Айшықтаулар



10-тапсырма. «Шұғаның белгісі» хикаясы мен Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын салыстырып, екі шығармадағы қыз тағдыры туралы өз ойларыңды жазыңдар. Ойларыңды шығармалардан үзінділер келтіре отырып дәлелдендер.



11-тапсырма. Хикаяның сюжетіне өзгеріс енгізу мүмкіндігі болса, қай оқиғасын өзгертер едің? Не себепті?



12-тапсырма. Шұға мен Әбдірахман хаттарына жауап ретінде хат жазыңдар.



13-тапсырма. Хикаядағы негізгі оқиғаны заманауи тұрғыда бағалап, өз ойларыңды шағын хабарлама түрінде айтып беріңдер.



14-тапсырма. «Қыздың жолы» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар. Эсседе қазақ қызының тарихи кезеңдердегі өмір ерекшеліктері мен бүгінгі қазақ қызының бейнесін ашып көрсетіңдер.



15-тапсырма. «Шұғаның белгісі» хикаясын өлем әдебиетіндегі қыздардың тағдыры суреттелетін шығармалармен салыстырып, сыни хабарлама дайындаңдар. Мысалы, орыс әдебиетіндегі Н. Карамзиннің «Сормаңдай Лиза» (Бедная Лиза) повесімен салыстыруға болады. «Сормаңдай Лиза» повесін қазақша поэма түрінде аударған Қайым Мұхамедханов.



ФАБИТ МҮСІРЕПОВ (1902 – 1985)



1902 жылы 22 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Жаңажол ауылында дүниеге келген. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1958). Социалистік Еңбек Ері (1974). Қазақстанның халық жазушысы (1984). Тоғыз жасқа дейін өз ауылында оқып, хат таныды. 1916 жылы екі класстық ауылдық орыс мектебінде бір жыл, одан кейін төрт жыл орыс мектебінде оқып, оны 1921 жылы бітірді.

1923 жылы Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне (рабфакқа) түсіп, онда үш жыл оқыды. С. Сейфуллинмен танысты. 1926 жылы рабфакты бітірген соң, Омбыдағы ауылшаруашылығы институтында бір жыл оқып, 1927–1928 жылдары Бурабай техникумында оқытушылық қызмет атқарды. Тұңғыш шығармасы «Тулаған толқында» повесін осы тұста (1927) жазды. Он жыл бойы баспа орындарында, кеңес, партия мекемелерінде жауапты қызметтер (баспа директоры, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің бас редакторы, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Өнер істері басқармасының бастығы қызметін) атқара жүріп, әдеби шығармашылығын үдете түсті. 1938–1955 жылдары бірыңғай жазушылық жұмыспен шұғылданды. 1955–1966 жылдары «Ара» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, 1958 жылдан бастап КСРО Жазушылар одағы басқармасы хатшыларының бірі, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Бүкілодақтық комитеттің мүшесі болды. Екінші дүниежүзілік соғысының аяғына қарай «Қазақ батыры» (1945) повесін (кейін «Қазақ солдаты» романы) жазды. Бұдан кейін жарияланған «Оянған өлке» (1953) романы қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған шоқтығы биік туынды еді. Атақты романдарымен қатар, Ғабит Махмұтұлы прозаның шағын жанрында да еңбек етті. Ондаған очерк, әңгіме, повес-

тер жазып, жариялады. «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін 1968 жыл Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. ҚР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының (1977) лауреаты болды. 1974 жылы «Ұлпан» романын жариялады. Ал «Оянған өлкенің» заңды жалғасы «Жат қолында» романы арада ширек ғасырдай уақыт өткен соң, 1984 жылы ұсынылды. Отызыншы жылдарда драматург ретінде де бой көрсетті. Оның драматургиядағы тырнақалдысы – сахнада мың реттен аса қойылған «Қыз Жібек» операсының либреттосы (1935) еді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы да (1939) халық эпосының сарынында жазылған. Жазушының қоғамдық, публицистикалық, журналистік, сыншылдық еңбектері «Суреткер парызы» (1970), «Заман және әдебиет» (1982) атты кітаптарына енген.

Тірек сөздер: кейіпкердің психологиялық портреті, роман, «Ұлпан», ұлттық характер.

Кейіпкердің психологиялық портреті дегеніміз – көркем бейненің сыртқы бейнесімен қоса мінезі, іс-әрекеті және кейіпкердің өзі өмір сүріп отырған қоғамына әсер етуі арқылы оқырман санасында қалыптасатын тұлға бейнесі.

Ғалым пікірі

Бүгінгі таңда суреткер үшін басты нәрсе – характер, адам мінезіндегі даралық сипат, оның түрлі сезім иірімі, психологиялық көзге шалынбайтын нәзік сәттері.

Рымғали Нұрғали

Портрет образдың құрамдас бөлігі және көркемдік тәсіл ретінде қаламгер шығармашылығынан терең орын алады. Жазушы түрлі жолмен (авторлық баяндау, диалог) берілген портрет арқылы кейіпкерінің жан дүниесін, психологиясын жайып салады. Сонымен қоса портрет даралаушылық

әрі жинақтаушылық қызмет атқарады. Психологиялық портрет авторлық баяндау арқылы және диалог арқылы неғұрлым ұтымды беріліп, портрет-деталь қайталана отырып, сол арқылы кейіпкер бейнесі әр қырынан танылады. Кейіпкердің рухани әлеміне үңілу, жан дүниесіндегі құбылыстарға психикалық талдау жасау – жазушы шеберлігінің айқын айғағы.

ҰЛПАН

(романнан үзінді)

Алғашқы кездесу

Еснейдің төрт қос жылқысы «Қаршығалы» шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді. Тақырланып қалған жазғы жайлаудан келе жатқан жылқы қарауытқан қалың орманды, өзекті-шілікті өңірге тұяғы тиген соң-ақ ұстарадай өткір тістерін жерге қадай бастады...

Есней қазір қаптап-қапталдап, жер түгін тістелей жылжып келе жатқан байлығының алдында едәуір жерде биіктеу жотаның қырқасында ат үстінде тұр. Көз жетпес жиекке дейін созылып-керіліп жатқан кең алқап шын-ақ мақтағандай екен. Жота-жота қалың ормандар. Өзекті-шілікті, тың жатқан қара отты кең шиыр. Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар жердің шөбін әлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп ірге тепкеніне байдың көңілі әбден тояттап тұр.

Еснейдің қасында төрт адам жолдастары бар еді: ең сенімді серігі – жамағайын түрікпен Мүсіреп, алдай елінен – аңшы Мүсіреп, руы басқа болса да Еснейдің қоныстасы Бекентай батыр және Еснейдің қосалқы атын жетелеп жүретін жас жігіт, түрікпен Мүсірептің туған інісі – Кенжетай. Түрікпен Мүсіреп аздап сыбызғы тартады. «Боз іңген», «Боз мұнай», «Сүйір батыр», «Алқа кел», «Алғашқым» деген күйлері бар. Одан соңғы құмары бір жақсы ат, қонымды киім, серілеу адам. Қалталарында қалампыр жүреді... Өлі ақ кірмеген сақал-мұртын жарасымды қырқып ұстайды.

Алдай Мүсіреп – аңшы адам. Балдаққа сүйеген оң қолында «түлкі перісі» атанған томағалы қара бүркіт, арқасында

жалғыз оқ, аяқты шиті мылтық. Азырақ асыға сөйлейтін, азырақ асыра сөйлейтін адам.

Күн кешкіре келе бұлыңғырланып тұр еді, ұзамай қар жапалақтай бастады. Есеней алыстан көз тігіп келіп тоқтаған жерін мақтап-мақұлдауларын күткендей жолдастарына қарады...

– Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр. Бірақ осы күні иесіз жер бар ма, бір иесі бар шығар, – деп түрікпен Мүсіреп аз кідіріп қалып еді, аңшы Мүсіреп тағы киіп кетті:

– Жоқ, жоқ! Иесіз жатқан жер! Бұл өңірде мен білмейтін жер бар ма, төдірі! Қасқыры мен түлкісінің ен-таңбасына дейін білемін. Құдай біледі деп айтайын, «Қаршығалыда» үш мың қасқыр, бес мың түлкі, он екі мың күзен, жеті мың қоян бар!..

Түрікпен Мүсіреп ағасына қарап қағытып қалды:

– Ақ құр, қара құрларын санамаған екенсіз, Мүсеке!

– Үш мың қасқыры болса, менің жылқымды бір қыста жеп тауыспас па екен? – деп Есеней де қалжыңдады.

Кенжетай ағасына қарап ну орманның орта тұсын көзімен нұсқады. Мүсіреп інісінің нұсқаған жағына қарап:

– Сонау қалыңның орта тұсында үш жерден түтін көріне ме деймін, – деді Есенейге бұрылып. – Өне, бір салт аттылар да көрінді.

Үш салт атты қатты жүріп келеді. Біреуі – алдырақ, екеуі – кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу аяқ желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып ілесіп келеді.

Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қырқасында тұрған топтың алдына жақындап келіп сөйлеп кетті:

– Армысыздар, ағалар!.. «Қаршығалы» шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме күрлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескен деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен...

Аңшы Мүсіреп Есенейге жарамсақтанып жігіттің арызын аяқтатпай киіп кетті:

– Сүйреңдемей тоқта, бала, тоқта деген соң! Ауылыңа сәлем айт: Есеней аға сұлтанның ат тұмсығын тіреген жеріне таласып өуре болмасын! – деді.

Жігіт те іркілген жоқ:

– Есенейі жоқ елді де ел екен, жұрт екен десеңіздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз...

– Мына көргенсіз неме кімнің атын атап тұр өзі! Құйрығынды түріп тастап дүрелеп алсын деп тұрмысың? – деп анайы аңшы атын тебініп-тебініп қалды. Есеней қолын сермеп тоқтатпағанда өлденеге ұрынып қалатын жайы бар.

Жас жігіт бұл жолы жауап қайырған жоқ. Басын төмен иіп арызына жауап күтіп тұр.

Осындай өжет жастарды Есеней қатты ұнататын еді. Жиырмаға келмеген бала жігіттің сөзінің нәрі де, зәрі де бар екен. Осылай өсірермін деп үміт еткен екі ұлы қарашешектен бір күнде қайтыс болғалы осындай уытты жасқа қызыға қарап қалушы еді. Өзімен рулас он ауыл сибанның ішінде үміт етер жастардың бәрін де сыртынан бақылай жүретін. Бала жігітке қызыға тұрып түрікпен Мүсірепке қарады – жылы жауап бер дегендей еді...

– Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, – деді ол, – аяқсыз қалдыратын арыз сияқты емес. Ауылдарыңа осыны айта барарсың. Түсі игіден түңілме дегендей, көргенсіз деуге, ішім



қимай түр өзіңді. Өттең, ашынғандықтан болса да азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. Ауылыңа мұны да айта барарсың.

Бала жігіт бұл жолы да тез жауап қайырды:

– Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса, айып өзімде. «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» деген бар ғой. Міне, айыбым! – деп атынан түсе қалып ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді: – Өйтеуір ат жетелеп жүр екенсің, мынаны да жетелей жүр...

Содан соң екі жолдасының бірін түсіріп, соның атына мініп алды да жөнеле берді.

– Кешіре көріңіздер, ағалар...

Жолдастары бір атқа мінгесіп кетті.

Есней ұзай берген бала жігітке әлі қарап тұр. Бір сәтке баласыздығы бойын билеп, бар ойы сол бала жігіттің соңынан кетіп бара жатқандай еді.

– Қап, құйрығын түріп жіберіп дүрелеп алу керек еді өзін! – деді аңшы Мүсіреп қайта қызына бастап. «Құйрығын түріп» дегенді тауып айттым деп қайталап тұр.

– Апыр-ау, бұл кімнің қызы болды екен? – деп түрікпен Мүсіреп Еснейге қарады.

– Қыз? – Күні бойы Еснейдің аузынан шыққан екінші сөз осы еді.

– Ие, қыз!.. «Міне, айыбым!» дегенде көз құйрығымен өзіңді бір шарпып өткенде неғып байқамадың? Шарпып емес-ау, көз қиығын серпе тастап қарайтыны бар екен де!..

– Ай, Түрікпен-ай, жер ортаға жақындап қалсаң да қыз-келіншек дегенде қырағысың-ау! – деді Есней. Неге екені белгісіз, мақтағандай еді.

Аңшы Мүсіреп шошып кетті.

– Қыз болса мені Құдай ұрды төбемнен! – деді. – Мен масқара болдым. Бұл – Артықбай батырдың қызы Ұлпан. Үйіне қонып кеткеніме ай толған жоқ. Ең болмаса қара жорғасын танымай қалғанымды қарашы! Бір күн қасыма еріп жүріп, екі қаз байланып еді! Қарағым-ай, енді сенің бетіңе қалай қарармын! – Аңғал аңшы күйіп-пісіп шошалақтады да қалды...

Айыпты өтеу

Қыр жайлаулардан құлап келе жатқан Есенейдің жылқысы екенін ауыл біліп отырған. Қалың, қара шұға жалбағай бет-аузын жауып кеткенімен атаңдай қара кер аттың үстіндегі зор денелі адамның Есеней екенін Ұлпан да ішінен таныған. Бес жасар кезінде көргені де, қорқатыны да есіне түскен. Бірақ өзін танытпай кетті.

Есеней тобы аңырып қалды. Не істеу керек? Қара жорғаны қыздың айыбы деп қалай алып қалар? Сұңғыла қыз бұларға бір ұяларлық ұпай салып кетті емес пе! Ие, «малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» дейтін елдің нақылын еске алсаң, лайықты жұмыс болмапты. Есеней жолдастарына қарады: «Не істеу керек?»

– Артықбай батырға тізе көрсеткендей болып келгеніміздің өзі қандай айып! Қызының атын айыпқа алып қалғанымыз – екінші айып. Арыз айта келген қыздың атын айыпқа алып қалғанымыз айып біткеннің ішінде ел естімегені болар! – деп түрікпен Мүсіреп Есенейдің қара шешектен қара шұбар болып қалған бетіне тура қарады.

Есеней өмірінде айып тартып көрмеген, айып-жазасы болған адамдарға қатал жаза беруді жақтайтын би еді. Болмашыдан айыпты болғанына әрі күлкісі келеді, әрі шешімін таба алмай тұрғаны анық. Артықбай оны бір рет намыс өлімінен айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған көрі жолдасы, батыр адам.

– Қара жорғаның мойнына ат қосақтап қайтарған дұрыс болар! – деді түрікпен Мүсіреп.

– Айналайын адасым-ай, таптың, таптың! Менің көрі бозымды бірге қосақтап жібер! – деді ақкөңіл аңшы.

Есеней «жөнел!» деген бұйрығын Кенжетайға иегімен нұсқады.

– Артекеңе сәлем айт, ертең сәлем беріп қайтармын!

Өзі жетелеп жүрген Есенейдің «Мүзбел» дейтін торы төбелін қара жорғамен бірге жетелеп, Кенжетай жөнеліп кетті. Есеней жолдастарына ендігі байламын айтты:

– Осы жоннан әрі бір жылқы тұяқ салмасын! Сәдірдің қосынан басқа қостардың екеуін Құсмұрынға қарай, төртінші қосты өзіміздің Аққұсақ, Қара емен Еламан көліне қарай

аударыңдар. Сәдірдің қосы осы маңда қала тұрсын. Екі адас, менімен қаларсыңдар. Бекентай, сен Құсмұрын қосымен кетерсің...

Жолдастары Есенеидің бұйрығын орындауға тарасып кетті. Есенеі өз қосын тіктіруге тапсырған көлге қарай жалғыз бұрылды.

«Бұдан он жыл бұрын жер астындағының дыбысы елден бұрын маған жетуші еді, Артықбай батырға ұрынып қалғаным қартая бастағаным-ау! – деп ойлады Есенеі. – Өлде қадірім түсе бастағаны ма екен? Аңшының көпіртпесіне еріп кете бергенім қалай? Бұрын ғой, ондайды өзім анықтатып алушы едім!»

...Артықбай батыр шойырылып қалғаннан кейін, Есенеі оның көңілін сұрауға барып еді. Оған міне, он үш жыл. Есенеі сәлем беріп, үйге кіріп келгенде, төрт-бес жасар қыз бала зәресі ұшып үйден шыға қашқан болатын. Сол бала үш күн бойы өз үйіне кірмей қойған. Босағадан сығалайтын да қаша жөнелетін.

Ол Есенеидің Ірбіт базарынан қайтқаннан кейін досының үйіне артынып-тартынып келген жолы еді. Бір ат, екі құлынды бие жетелеп, бір нар түйеге шай-қант, өрік-мейіз, киім-кешек, үй ішілік өртүрлі жиһаз арттырып әкелген.

Сол өрік-мейіз, тана-моншақ арқылы Ұлпан Есенеіге бір жетіден кейін әрең үйірілген. Түйеден үлкен адам, қалтасы толған өрік-мейіз, кәмпит... Ашуланбайтын, аз сөйлейтін, жұмсақ дауысты кісі. Бет-аузы қап-қара, қара шұбар болса да жақсы адам болып шыққан. Күнәсіз бала көп ұзамай Есенеімен достасып кетті. Есенеі намаз оқығанда арқасына асылып:

– Мен түйеге мініп кеттім! Өке, сен үйде қалдың! – деп айғай салып мәз болушы еді. Намаздың отыратыны, тұратыны, иілетіні, бүгілетіні, еңкейетіні, шалқаятыны бар, соның бәрі бала үшін қызық көрінетін.

– Түр енді, отыр енді, шалқай, еңкей! – деп қанша өурелесе де «түйесі» көне беретін. Баласыз қалған адам бір сәтке бала қызығын көріп, іші елжіреп-еріп баласы бар адамның бақытын сезініп еді.

Екі ұлы бір күнде қайтыс болғалы Есенеі өз үйінде жас баланың дауысын естіген емес, жас баланың иісі қандай бо-

ларын ұмытып қалды, жас баланың былдырлап сөйлеп, болмашыға қуанып, болмашыдан ренжіп қаларын түсінбей келген екен.

Ұлпан кеш оянады. Жуынады. Тамағын ішіп болады да Есенеиге:

– Ата, намаз оқы! – дейді.

Есней таң намазын әлдеқашан оқып қойса да, намазға қайта тұрады.

– Әуелі отыр! – дейді Ұлпан. Есней жүгініп отыра кетеді.

Ұлпан әуелі оның өкшесіне шығып, жағасынан тартып әрең дегенде қолы мойынға іліккен соң:

– Енді тұр! – дейді.

Бір күні Ұлпан Еснейдің алдында еркелеп жатып:

– Ата, сенің бетіңді кім тырнап тастаған? – деп сұрады.

– Сендей кішкентай кезімде қара қасқыр талап кетіпті. Сен ауылдан алыс кетіп ойнама, жарай ма?

Енді бірде Ұлпан Еснейден:

– Сен қара бұқамысың? – деп сұрады. Мал ішінде өскен бала арыстан, піл дегендерді білмейтін.

– Жоқ, бұқа емеспін. Мүйізім жоқ. Балаларды сүзбеймін.

– А, білдім, білдім, сен қара бурасың! Таудай үлкен қара бурасың. Мен сенен қорықпаймын. Сен жақсы бурасың, ие?

– Ие, ие.

Тағы бірде намаз оқып тұрған Еснейдің мойнында асылып жүріп:

– Ойбай, ата, арқамды құмырсқа шағып тұр! – деп жерге ұшып түсе жаздады. Ыршып кетті.

Есней баланы бір қолымен қағып алып көйлегін көтеріп, барқыт шалбарын ысырып ышқырлықта жүрген қара құмырсқаны ұстап алды. Баланың белін бір-екі рет сипап жіберді. Мықынынан аз ғана төмен, аз ғана сырттарак көйлектің түймесіндей ғана мақпалқара меңі бар екен, Еснейдің көзіне еріксіз түсті.

Еснейдің бүгінгі көрген бойжеткен қызы – сол Ұлпан. Бұдан он үш жыл бұрын көрген бала қыз әлдеқашан есінен шығып кеткен еді. Енді, міне, бүгінгі батылдығымен, бала кезіндегі еркелігімен мақпал қара меңімен көз алдында тұрды да қалды. Ерке болушы еді, ығыспай сөйлейтін қыз болыпты-ау!.. Зейнді, зерделі боларсың деп ойлап кетіп еді, ой-

лағаны келген де қойған. Ұтқызбай кетті ғой! Аңшы Мүсіреп дүрелеп алар ма едім деді-ау!.. Ие, дүреле десе... дүрелей бастаса... мақпал қара мең көзіне түссе, таныр ма еді?!..

...Ертеңіне жылқыларын жан-жаққа таратып жіберді де, Есней кешке қарай Артықбай батырдың үйіне келді. Қасында түрікпен Мүсіреп, Сәдір найзагер, қосалқы атын жетелеп жүретін Кенжетай. Аңшы Мүсірепті ертпей кетті.

– Артықбай батырдың қызына не дегенің есінде ме? Сенің айыбыңды мен тарттым. Қар қалыңдаған соң бүркітіңе бірекі тұлкі алдырып, Артекеңе байлап, аяғына жығылып айыбыңды жуып қайтарсың. Бүгін қоста қаласың. Сенің тартқан айыбың осы болады.

Артықбай батыр қонақтарын бар пейіл-ықыласымен қуана қарсы алды.

– Арыстаным-ай, ақ бейілім-ай, шойырылып қалған ағаң қалай есіңе түсті! Келші бері! – деп қуанышын да, өкпе-назын да бірге, бір-ақ айтып тастады. Еснейдің таяқтай-таяқтай қара шұбар саусақтарын ұзақ қысып отырып, сүйіп алып босатты.

– Түрікпенімбісің, қысылмасым, саспасымбысың! – деп Мүсірептің қолын да ұзақ қысып отырып көзіне жас алды.

– Жұрт Еснейдің жанын алып қалған Артықбай десе, мен Артықбайдың жанын алып қалған сен деймін, ақжолтайым.

Қарт батыр Стап дәрігерханасында жатқан алты айдың ішінде Мүсірептен көрген аз-маз қайырымдылықты есіне алып отыр. Ұмыта алмаған екен. Стапқа ауылы жақын Мүсіреп Артықбайға жетісінде бір рет ас-су жіберіп тұрып еді. Өскерлік дәрігер «біз қолдан келерді істеп болдық» дегеннен кейін қақап тұрған суық қыста батырды үйіне жеткізіп салған. Ақкөңіл батыр сонда айтқан алғысын қайталап жатыр.

Артекең Сәдір батырмен ерекше сағынышты амандасты.

– Батырым-ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау!.. Сен ит, он бес жыл бойы неге ат ізін бір салмай кеттің? Өліп қалдың ба?

Басқа қонақтар мүгедек батырға еңкейіп сәлемдесе, Сәдір жер төсекте отырған шойнақтың қасына тізерленіп отыра кетіп, екі қолын бірдей созып еді. Мүгедек батыр оны құшақтай алып, аймалап, арқасынан жұдырықтай отырып:

– Ит-ау, қайда жүрдің, қайда жоғалып кеттің? – деп қайталай-қайталай айтып, ұзақ босатпай қойды. Екеуі де еңкілдесіп алды.

– Батыр керек, найза керек заман қалды ғой адыра, адыра қалғыр! Сәдір найзасын құрыққа айырбастап жылқышы болып кеткен, – деп, Сәдір де өзінің Есенейдің қолына қарап қалған ит өмірінің арызын айтып қалды.

Қонақтар Артықбайдың әйеліне де тұра келіп тұрған бойларында қол алысып амандасты. Шешесінің қасында тұрған Ұлпанды көздерімен ғана жанап өтті. Қыз балаға одан артық көңіл аудару ерсілік болатын. Қыз да бұлардың әрқайсысына көз қиығын серпе тастап, көзімен ғана амандасты. Сол көзқарасында сирек кездесетін сұлулық барын қонақтар түгел сезінді. Қара биесі жоқ үй – қымызы жоқ үй – сары биесіне – самауырға тезірек ұмтылады. Ұлпан сары жез самауырды көтеріп далаға шығып кетті.

Амандық-саулықтан кейін Есеней өз кінәсін тезірек жуып тастағысы келіп сөйлеп кетті:

– Артеке, сіздің бұл араны мекендей бастағаныңызды білмей келіп, ұятты болып қалдық. Бұрынғы мекеніңіз бұл жерден көп жоғары болушы еді ғой?

– Ие, дүзге жақын болатын... Ақсуат еді ғой. Биыл осылай қарай ауыстық. Жата-жастана естірсің, «Құдыққа құлан құласа, құрбақа құлағында ойнар» дегендей бір жайымыз болды.

– Иесіз жатқан жер дегеннен кейін қалың шұбарға қызығып келіп қалып едік, сіздің мекендеп отырғаныңызды естіген соң, малдың жарым-жартысын Құсмұрынға қарай, жарым-жартысын ішке қарай аудартып жібердім.

– Бекер-ақ болған екен. Көңіл сыйысса, көлдің суы жететін еді ғой.

– Жоқ, жоқ, Артеке! Есеней бір кезде жанын алып қалған батырының жерін тартып алыпты деген атаққа қалғым келмейді.

– Есеней бір қыс қонақтап шығуға көңіл етіп келген екен, кәрі шойнақ от басынан орын бермепті деген атаққа мен қалып жүрсем қалай болар?

– Сізге сөз келтірмеймін ғой, Артеке...

– Тым болмаса бір қыс дәмдес болып бой жазып қалсын десең, шойнақ ағанды шанаға салып алып қасқыр қуға-

ныңды көрсет. Мен үйкүшік болып қалып дала көрмегелі он бес жыл... Қосынды әкеліп біздің үйдің қасына тіктір.

Осымен екі жағы да бірін-бірі ұғынысып болды. Жер жайына енді орала қалса, екі жағына да ұят болар еді. Бір қос жылқының осы арада қыстап шығарына Есенеі көзі жетті. Есенеі қосы қасында болса, тоқшылық боларына Артықбайдың көзі жетті.

– Артеке, садақ-найзаңызды әзірлей беріңіз. Қыс бойы қасқыр қуармыз. Есікті ашып қойып садақ тартып нысана атады екен деп естідім. Құдай бұйырса, қарауылыңызға қасқыр да бір ілінер,– деді.

– Есенеі-ау, басқа ермегім қалды ма менің? Найзаларымды қайрап, оқ жонып ермек етем. Маңайда жан жоқта нысана атам. Кейде оғым нысанаға дәл тиеді, кейде жосып айдалаға кетеді.

– Биыл қыс баяғыны тағы бір қайталармыз ендеше.

– Алла разы болсын!

Қонақтар келіп түскен бетінде аттарын кез келген ағашқа байлай салып еді. Сол есіне түсіп Кенжетай далаға шықты. Аттарды ықтасынға апарып байлағысы келді. Екінші бір үйден қайнаған самауырды көтеріп әкеле жатқан Ұлпанды көріп:

– Самауырды жерге қоя тұршы, қарағым. Үйге мен көтеріп апарайын,– деді қызға тым тез жақындай беріп.

Ұлпан самауырды жерге қойды да:

– Жігітім, сен маған қарағым деп сөйлеспейтін бол. Менің Ұлпан деген атым бар. Қазір шай ішіп болған соң, анау бір қалыңның ар жағындағы алаңда арқандаулы, кешегі күнге дейін өзің жетелеп жүрген торы ат тұр, соны әкеліп ерттеп қой. Ер өне жатыр. Енді самауырды үйге алып кір...– деді. Кенжетайды ықтата, ығыстыра айтты.

Самауырды үйге Кенжетай алып кірді. Ұлпан соңында келеді екен. Есенеідің іші Ұлпанды Кенжетайдан қызғанып кетті. Кескіні әдемі, байдың мырзасындай жақсы киіндіріп қойған жас жігіт қызбен тіл табысып қала ма деп қызғанды. Бірақ Кенжетайдың жүзінде қыздан ығысқандық белгісі ғана бар еді. Кенжетай қыз бұйрығын орындауға шайға қарамастан шығып кетті.

– Аттарды бір ықтасынға жайғастырып келейін...

– Есеней мырза, азғана сауын бие ағытылғаннан кейін мына самауыр деген сары биеге қарап қалғамыз. Жарықтық ертелі-кеш ииді де тұрады...– деді Артықбай.– Сары биенді жебей сауғайсың!

Есеней «Шыдай тұр, шалым, қыс бойы қымыз ішкізермін» деп қала жаздады да, сөздің бетін шайға бұрып кетті:

– Е, шайға үйреніп болдық қой. Бұл құрғырды қанып ішпесең, тіпті басың ауыратын болды. Бермесеңіз, сұрап ішетін едік. Несібелі жеңгеміздің ыстық бауырсағын сағынғанымыз да рас,– деп Есеней кеңкілдей күлді. Әрине, басқалар да күлді.

Шайды іше отырып, қанша қарамайын десе де, Есеней көзін қыздан аударма алмай қойды. Басында күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол күрең барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы бұлғары белдік. Аяғында биік өкшелі шоңқайма етік – «қосай қолош», бөрі де сандық түбінде жататын қыздың «бір киері» екені танылып тұр.

Шай құйып отырған қыздың он саусағы мен беті ғана көрінеді. Сұлулығын да, балғындығын да паш етпей тежеп ұстайтын қыз болу керек. Әлде сұңғыла қыз жасыра ұстаған сұлулықтың өлтіре қызықтыратынын біле ме екен?.. Уысың толар жуан бұрымның астынан азғана мойны ағараңдайды. Үлбіреген ақ саусақ емес, әр іске үйреніскен қолдары сенімді де оңтайлы қимылдайды.

Ұлпан көпке дейін оралмаған. Енді оны осы үйге ерін аз сүйреп қайтып әкелетін бірдеме ойлап табу керек-ті.

– Кенжетай, сен батырға бір әдемі жыр айтып берші! – деді Есеней.

– Е, бөрекелді! –деп Артықбай да мақұлдады.

Бұл үйде домбыра да болмай шықты. Кенжетай қамшысын екі бүктеп «домбыра» етті де, «Сұлушаш» жырын айта жөнелді.

Бәт құндыз қыз балаға жарасқандай,
Тұман жоқ ер жігітке адасқандай.
Саласын Сарторғайдың мекен еткен
Бар екен Қантай атты бір асқан бай,
Сұлушаш Қантай байдың жалғыз қызы
Сипаты хор қызымен таласқандай...

Қоңыр дауысты Кенжетай сөз ырғағын, ой салмағын орын-орнына қойып баппен айтады екен. Қантайдың байлығын, әсіресе қызының сұлулығын шар айнаға түсіргендей құлпыртып жырлады.

Сұлушаштың айттырып қойған күйеуінің басы таз екен. Сұлушаш оған барғысы келмейді, жиіркенеді. Безініп болған. Өке-шешесі қиналыста. Қалыңмалын алып қойған. Қызына да жаны ашиды. Қыздың Алтай деген сүйген жігіті бар. Ол бай баласы емес, еті тірі, талапты жігіт. Жыр бұл екеуін қосуға бейімдейді де, қоса алмайды. Кенжетай осы жеріне келгенде өлденені өз жанынан қосқысы келгендей тебіреніп кетті. Қыз қайғысын тыңдаушылардың ой-санасына шегелей жырлады.

Қайтады күз болғанда қараша қаз,
Айттырған Сұлушашты сұр қасқа таз.
Қайғысы қара нарға жүк болғандай
Мал алған қызын сатып әкесі мөз!

Осы тұста Артықбай батыр өз басындағы қайғысынан хабар бергендей болып:

– Қыз баланы қор қылатын қалыңмал ғой, – деді. Ауыр күрсініп қалды.

Даладан қатты шапқан ат дүбірі естілді. Үйдегілер елеңдесіп біріне-бірі қарады. Жыр да тоқталды. Көп аттың дүбірі жақындап келеді. Иттер азан-қазан. Гүжілдескен еркек дауыстары естіле бастады. Кенжетай кереге басында көлденең асылған найзалардың бірін ала-сала аттарына қарай жүгіре жөнелді. Ауыр денелі мосқал батыр Сәдір де бір найзаны қолына алып жөнеле берем дегенде, аттарынан топылдай түсіп, осы үйге қарай жүгірген адам дыбыстарын таныды да, тоқтап қалды.

Алдымен үйге Ұлпан жүгіре кірді. Ұялғандай күлімсіреп әкесінің бас жағына барып керегеге соғылып тоқтады. Оның артынан іле-шала үш еркек кірді. Алдымен кірген түлкі тымақты мысық мұрт, жалынымен шаңырақты жалағысы келгендей лапылдап жанып тұрған отқа соғылардай болып аптығып тоқтады да, артында келе жатқан екеуіне:

– Сүйреп әкетіңдер! Өне түр! – деп Ұлпанды нұсқады.

– Өй, сен кебіс ауыз, кімді сүйреп әкетесің! Көзіңе қарашы! – дегенде Сәдірдің найзасы мысық мұрттың аузына

да тақалып қалып еді. Қайрап қойған найза ұшы аузынан кіріп желкесінен шыққалы тұрғандай екен! Жігіт қақалып қалғандай сөйлей алмай қалды.

– Отыр!

Жігіт отыра бергенде, Сәдір найзаның ұшымен оның басындағы тымағын түйреп алып, отқа тастап жіберді. Ұлпанға қарай ұмтылған екі жігіт те қызға қол тигізбей тоқтады. Сәдір ол екеуін де найзасының ұшымен нұсқап алғашқының қасына отырғызды. Даладан тағы екі жігіт келді. Жалғыз Сәдір найзасын жарқылдата сілтеп бес жігітті түгел от басына иіріп тастады. Біреуіне де найзасын тигізген жоқ.

Көптен батырлық жыны қорланып жүрген Сәдір Несібеліге қарап:

– Көген әкел! – деді.

Кедейдің бар байлығы үйінің айналасында ғой. Несібелі жүгіре шықты да, көгенді жылдам алып келді.

Сәдір жігіттердің баскиімдерін лақтырып-лақтырып жіберіп бір шетінен көгендей бастады.

– Сенің басыңды отқа үйтіп тұрып, Құдай қаласа өзім мүжитін болармын! – деп, әуелі үйге бұрын кірген мысық мұртты көгендеді.

– Сен де бір жонданып кеткен неме екенсің, Құдай қаласа қырық қамшы дүрені өзім соғатын болармын!

– Сен қара жапалақ, үйіңде отырғанда қандай мықты екенсің, ө?

Осылай әрқайсысына бір мысқыл айта жүріп, жігіттерді көгендеп болды да, көгеннің екі ұшын екі жақтағы керегеге керіп тастап, өз қылығына өзі масаттанып тұрып қалды. Найзасына сүйеніп, қозыдай көгенделгендерге жоғарыдан қарап тұр.

– Енді Есенеі бидің кесімін естисіңдер!

Жігіттер төрде отырған дәу қара шұбардың Есенеі би екенін енді біліп, майлы қасықпен төбеге ұрған мысықтай жым болды.

Жаугершіліктен, ұрлықтан қолға түскен адамдарды әуелі көгендеп алып қорлау – қорлаудың да ауыр түрі. Бұл кезде қалып бара жатқан ескілік. «Көгенге түсіп» қайтқан жігітте қадір-қасиет қалмайды. Сәдір мына жігіттерге сол қорлықты көрсетіп жатыр.

Сәдірдің «Кебіс ауыз», «Қара жапалақ» дегендерінде де мән бар. Жекпе-жекте болсын, соғыста болсын, қарсыласқан жауынды солай бір мазақтап, қорлап алсаң, оңай ашуланады. Ашуланған адам ұтылмай, жеңілмей қоймайды...

– Бұлардың кім өзі? Танисыз ба? – деді Есенеі Артықбайға қарап.

– Кім болсын, құдаларым болады, – деді Артықбай. – Біздің үйдегі «Сұлушашты» айттырған құдаларым, – деп қызына бір қарап қойды. – Кедейлік не істетпейді? Бағлан аузында отыратын бір саудагер Түлен дегенмен құда болып едім. Баласы таз ба, мерез бе, білмеймін, әйтеуір, Ұлпанжан құлан-таза безініп кетті. Шойнақ шалды басынып алып қашуға келгендерін көрмейсің бе! – Артықбай тағы да ауыр күрсініп тоқтады.

– Болды, Артеке, болды. Ар жағын айтпай-ақ қойыңыз. Көріп отырмыз. Сәдір, сен мына құдаларды қосыңа апарып қондырып шығарарсың.

Сәдір көгендеп алған жігіттерін ағытып, жайдақ атқа екі-екіден мінгізді. Ер-тоқымдарын қолдарына құшақтатып қойыпты. Үйге бес жігіт кірсе, далада аттарын ұстап тұрған тағы екі жігіт бар екен. Сонымен алтауын үш атқа мінгестіріп, үш аттың шылбырын бірге түйіп жетінші жігітке ұстатты да, айдап жүре берді.

Ұлпанды айттырған күйеу Түленнің баласы Мырзаш деген жігіт алдыңғы жылы бір келіп кеткен. Даланың жұпар иісі аңқыған жазғытұры еді. Ұлпан Құдайдың жазғанына мойынсынып, ойында жақсы көру – жек көруден еш нәрсе жоқ, күйеуін көруге ғана ынтығып шымылдыққа кірді де қашып шықты. Қыз мұрнына келіп көрмеген жиіркеніш иістен жүрегі айнып кетті. Жеңгелері әуелі қашанғы дәстүр бойынша күйеу мен қыздың қолдарын ұстаттыра беріп еді, Ұлпанның алақанына өмір бойы жусаң да кетпес бір майлы жылбысқы жабысқандай болды. Сол жабысқақ қыз алақанының есінде әлі бар. Ұлпан әлі жиіркенеді. Есіне түсіп кетсе, қолдарын сабынды көпіртіп тағы бір жуып алады.

Содан кейін құдалардың арасы шалғайлана берді. Саудагер қу ұл баласы жоқ шойнақты басынып, әуелі қалыңға берген бес құлынды биемді қайырып бер деді. Артықбай

онысын дұрыс көріп көніп еді, бес биенің он жылдан бергі өсімін сұрады. Оның өзі Артықбайдың маңдайына бітіп көрмеген көп жылқы болып шығады екен. Артықбай қалың-малға алған бес құлынды биені қайырды да, өсім дауынан өлі құтыла алған жоқ. Аяғында алысырақ жерге көшіп кетіп құтылам ба деп еді, Түлен қуаяқ қыздың өзін тартып өкетуге жігіттерін жіберіпті...

Бұл жанжалдың үстінен шыққанына Есенеі қуанып отыр. Ұлпанның басы бос екен! Ертең айып-қиыбын табандата салып бет бақтырмайтын кесім айтады да, құдаларды айдап тастайды. Көнбей көрсін! Ол аз болса, бір қос жылқысын сол Түлен құдың жеріне апарып қыстатады!..

Ұлпан басында кешегі тымағы, үстінде жеңіл ішіктің сыртынан киген түйе жүн шекпен, орнынан қозғала алмайтын әкесіне қорғалаған күйінде ұзақ тұрып қалды. Қорыққаннан қуаң тартқан, қорыққанына ұялғанынан күлімсіреген қалпы бар. Күндегі әдеті бойынша, іңір кезінде азғана жылқысын шарбаққа әкеліп қамап, таң ата өргізіп жіберуші еді. Кенжетайға ат ерттеуді тапсырғандағы себебі сол болатын...

Сәдір жігіттерді айдап өкеткен соң, Ұлпан әкесінің қасына отыра кетті де, жылай бастады. Қонақтарына арызын айтқандай, өксіп жылап отыр. Не деген қорлық! Бұл күнге дейін ешкім бетіне қарсы келіп көрмеген, ерке өскен Ұлпан малға сатылып кете беретін көп қыздың бірі екен-ау! Үйде қонақтар болмаса ғой, әлгі жігіттер мұны байлап-матап алады да кетеді... Ерке болса да ер мінезді болушы еді, қорланып жылады. Үйіне қадірлі қонақтар келген күні ұятқа ұшырап қалдым-ау деп ұялғанынан жылады.

Есенеі Мүсірепке қарады. Бірдеме айтып уатсаңшы дегендей еді. Мүсіреп бірдеме айтуға өзі де асығып, Есенеідің иек көтеруін күтіп отыр екен, сөзін тез бастап кетті:

– Қарағым Ұлпанжан, басыңа түскен бір бөледен құтылдың. Енді біржола құтылдың. Жылама! Бұл үйге деген ниетіміз таза екен, қорлық-зорлықтың үстіне кездестік. Енді ол бөле сенің басыңа қайтып оралмайды. Артекем мен Несібелі жеңгемізден туған жалғыз асыл перзентін қайда жүрсек те қорғай жүрерміз. Ешкімнің тісі бата алмас бұл үйге. Бағың ашылар, қарағым. Теңіңе кездесерсің өлі, жылама...

– Бұл арада қырық үйге жақын күрлеуіт бармыз...– деді Артықбай. – Жазға қарай бір ауыл болып отырамыз да, қысқа

қарай ағаш-ағаштың қойнауын қуалап, қалыңын паналап бытырап кетеміз. Бүгін сендер келмегенде күніміз қараң еді. Есеней, сен жылқыңды ешқайда аударма... Өз қасыма әкеліп қондыр...

– Артеке, сіз нені қаласаңыз да, қолыңызды қақпаспын. Бірақ енді құдаңнан қауіп етпей-ақ қойыңыз. Мен қосымды сол құдаңның ауылына жақындатып апарып қондырсам қалай болар деп ойлап отырмын.

– Ойбай-ау, онда саудагер сұмды біржола тұралатып кетесің ғой!..

– Тұраласа жатсын!.. Лұқсат етсеңіз, Сәдірдің қосын осы маңайға көшірер едім... Жылқыңызды Сәдірдің қосына қосып жіберсеңіз, Ұлпанжан да қысқы суықта түнделетіп шапқылап жүрмес еді.

– Болды, Есенейжан, болды. Маған Сәдірден артық жолдастың керегі жоқ!

Ұлпан осы арада ғана езу тартты. Қонақтар кешкі тамақтан кейін аттанып кетті...

Есенейдің қосы Сәдірдің қосынан алыс емес еді. Сәдір жігіттерге осы әсиеттерін айтып болғанша келіп те қалды. Жігіттер Есенейдің үйіне кіре бере етпеттерінен түсіп, бір-бір құлап құлдық ұрды да, содан кейін есік алдына ғана тізерленіп отырып қалды.

– Енді кете бер, қосыңды көшір! – деді Есеней Сәдірге. Сәдір шығып кетті.

– Ие, сендер кімсіңдер?

– Керейіңбіз, аға сұлтанымыз, керейіңізбіз өзіңіздің... Бағлан аузында отыратын.

– Кеше Артықбай батырдың үйіне алдымен кіріп едің... Сен кімсің?

– Түлен деген кісінің үлкен баласымын... өз атым – Мырзагелді.

– Е, жесір сенікі екен ғой?

– Ие, тақсыр... Інім бала жасынан сырқаттау болушы еді... Қысқа қарай тіпті жүдеп бара жатқан соң, көңілін көтереміз бе деп қалыңдығын әкеліп берсек деп келіп қалып едік...

Жігіттің түн бойы ойлап тапқан айласы осы-ақ. Інім ауру десем, Есенейдің көңілі жібір, аяушылық етер деген.

- Ауру адамға әйел әпере ме екен?
- Көңілі көтеріле ме деген үміт қой... қалыңмалы түгел төленіп қойған соң, жесір біздікі ғой деп ойлағандық қой.
- Бергеніңді қайырып алыпсың ғой!
- Өсімін ала алмай жүр едік...

Былжырап сөйлегенімен жігіттің арам ойын Есней оңай түсінді. Қазақ айласының құйрығы – бір-ақ тұтам. Інісі өлім алдында екен... қалыңдықты бір әкеліп алса, ол сорлы қыз «іні өлсе аға мұрасы» болады да қалады емес пе!

- Бұл ақыл өкең Түлендікі ме, жастардыкі ме?
- Өкемізге білдірген жоқ едік...
- Ендеше, қайта беріңдер. Стапқа айдатпай-ақ қояйын. Артықбайда қалған малым бар десе, өкең өзі келсін маған. Болмаса қыс ортасы ауған кезде бір қос жылқыны сол маңайға аударғалы отырмын. Сонда кездесер... Кенжетай, қолдарын шешіп босатып жібер!

Жігіттер Еснейге қайта-қайта бас иіп, шығып кетті. Күн кешкіріп қалыпты. Өздері де аш, аттары да дір қалтырап кеше түнде байланған жерінде аш тұр... Қосын жығып Артықбайдың қасына көшіргелі жатқан Сәдір бұларға әлі ызғарлы қарап тұр. Кейде Еснейдің осындай аяушылық ететіні де бар!.. Тым болмаса дүрелетпегенін көрдің бе!..

Ғалым пікірі

ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық характер – тарихи категория. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды.

Т. Бекниязов



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Романның үзіндісін хрестоматиядан оқып, сюжеті бойынша өңгімелеу үшін шағын тезис-жоспар құрастыр.



2-тапсырма. Басты кейіпкер Ұлпанның тұлғалық болмысына негізделген қазақ қызына тән психологиялық портрет дайында.



3-тапсырма. Романдағы кейіпкерлер жүйесі арқылы идеясын анықтап, тура және жанама мінездеу берілген тұстарын теріп жаз.

Тура мінездеу	Жанама мінездеу



4-тапсырма. Топта шығармадан үзінді келтіре отырып, талдаңдар.

1-топ	2-топ	3-топ
Табиғат суреті	Кейіпкерлер жүйесі	Автор ұстанымы
Негізгі идеяны анықтау		



5-тапсырма. Роман үзіндісінің шарықтау шегін анықтап, композициялық амалдарда тартысқа қатысқан кейіпкерлерді атаңдар.



6-тапсырма. Романдан алынған үзінділерді талдап, кестені толтыр.

Кейіпкер сөзі	Кімге айтты?	Не себепті айтты?
<p>– Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса, айып өзімде. «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» деген бар ғой. Міне, айыбым! – деп атынан түсе қалып ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді: – Өйтеуір, ат жетелеп жүр екенсің, мынаны да жетелей жүр... Кедейлік не істетпейді?</p> <p>Бағлан аузында отыратын бір саудагер Түлен дегенмен құда болып едім. Баласы таз ба, мерез бе, білмеймін, өйтеуір, Ұлпанжан құлан-таза безініп кетті. Шойнақ шалды басынып алып қашуға келгендерін көрмейсің бе!</p>		
<p>Ендеше, қайта беріңдер. Стапқа айдатпай-ақ қояйын. Артықбайда қалған малым бар десе, өкең өзі келсін маған.</p>		
<p>Болмаса қыс ортасы ауған кезде бір қос жылқыны сол маңайға аударғалы отырмын. Сонда кездесер... Кенжетай, қолдарын шешіп босатып жібер!</p>		



7-тапсырма. Мәтінді тыңдап, троп түрлерін тауып талда. **Уақыты – 15 минут.**



8-тапсырма. Мәтінді тыңдап, фразеологиялық оралымдарды тауып, мағынасын өз сөзіңмен түсіндіріп жаз. **Уақыты – 15 минут.**



9-тапсырма. Автор қай жақта сөйлейді? Автордың идеялық-стистикалық тұтастандырушы рөліне талдау жасаңдар.

Автор сөзі	Баяндау, суреттеу	Менің ойымша...
<p>Өткен қыс аңшылықта кездесіп қалып Есенеіге екі түлкі, үш қара қылшық күзен байлап еді, сонысын арқаланып кимелеп сөйлейді. Биыл, міне, жер қарадан қасына еріп Есенеідің қасқыр алатын арабы иттерін баптап жүр. Өзі де аңқұмар Есенеі оның бетін біржолла қайтарып тастайтын қатты сөз айтпай келеді. Қолын азғана сермеп тоқтатып тастайды, бар болғаны сол-ақ.</p> <p>Осындай өжет жастарды Есенеі қатты ұнататын еді. Жиырмаға келмеген бала жігіттің сөзінің нәрі де, зәрі де бар екен. Осылай өсірермін деп үміт еткен екі ұлы қарашешектен бір күнде қайтыс болғалы осындай уытты жасқа қызыға қарап қалушы еді. Өзімен рулас он ауыл Сыбанның ішінде үміт етер жастардың бәрін де сыртынан бақылай жүретін. Бала жігітке қызыға тұрып түрікпен Мүсірепке қарады – жылы жауап бер дегендей еді.</p>		



10-тапсырма. Автордың сөз қолдану стиліне сүйене отырып, берілген үзіндіні өз ойыңмен жалғастыр.

Ауыздықтарынан ақ көбік бұрқырап, қатар жегілген үш ат пәуескені ұшырып әкелердей ағып келеді. Салт жүргеннен анағұрлым тез! Салт атты жолдастары ере алмай қалды. Жүрістің мұндайы да болады екен-ау!.. Біресе аяндап, біресе желіп, біресе шауып кету емес, бірқалыпты ұтымды жүріс.

Салт жүргенде бір-ақ аттың басы мен мойнын көріп көңілің көтеріңкі отырса, қатар ағып келе жатқан үш аттың дене сұлулығын, қимыл-қозғалыс әсемдігін түгел көргенде сол көңілің тасып төгілердей болады екен! Әуелі жолды, одан соң үш ат жеккен пәуескені Ұлпан көңіліне бірге түйіп алды. Тоқтай тұр әлі...



11-тапсырма. «Ұлпан» романының тарихилық пен көркемдік ерекшелігін жазушының сөз қолдану шеберлігімен байланыстырып, туындының құндылығына баға беріңдер.



12-тапсырма. Романдағы Ұлпанның жаңашылдыққа құмарлығын білдіретін тұстарын талдап, қазақ даласына XIX ғасырда келген жаңалықтарға қазіргі заман оқырманы ретінде өз бағаларыңды беріңдер.



13-тапсырма. Шығармадан кейіпкерлердің өздеріне ғана тән ерекшеліктерін білдіретін эпизодтарды теріп жазыңдар.

Кейіпкер	Кейіпкер ерекшелігі
Есеней	
Ұлпан	
Мүсіреп	
Аңшы Мүсіреп	



14-тапсырма. Романнан алынған табиғат суретіне байланысты жер бедеріндегі ерекшелік туралы өз пікірлеріңді жазыңдар. Асты сызылған сөздерге мән беріңдер.

Еснейдің төрт қос жылқысы «Қаршығалы» шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді. Тақырланып қалған жазғы жайлаудан келе жатқан жылқы қарауытқан қалың орманды, өзекті-шілікті өңірге тұяғы тиген соң-ақ ұстарадай өткір тістерін жерге қадай бастады.

Есней қазір қаптап-қапталдап, жер түгін тістелей жылжып келе жатқан байлығының алдында едәуір жерде биіктеу жотаның қырқасында ат үстінде тұр. Көз жетпес жиекке дейін созылып-керіліп жатқан кең алқап шын-ақ мақтағандай екен. Жота-жота қалың ормандар. Өзекті-шілікті, тың жатқан қара отты кең шиыр. Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар жердің шөбін әлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп ірге тепкеніне байдың көңілі әбден тояттап тұр.



15-тапсырма. «Ұлпан» романының идеясын талдап, әдеби эссе жазыңдар.



16-тапсырма. «Ұлпан» романындағы қазақ қызы Ұлпанның бейнесін Л.Толстойдың «Анна Каренина» романындағы Анна образымен салыстырып, шағын сын мақала жаз.



ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ**(1937 – 1967)**

Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақ елінің Қоңырат деген жерінде дүниеге келген. 1959 жылы Ташкенттің Низами атындағы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, туған ауылында мұғалімдік қызмет атқарады.

Төлеген Айбергеновтің өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты топтамада басылды. Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін, замандастарымыздың рухани сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан, қазақ поэзиясына өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген жыр кітаптары – «Арман сапары» (1963), «Өмірге саяхат» (1965), «Құмдағы мұнаралар» (1968), «Мен саған ғашық едім» (1970), «Аманат» (1975), «Бір тойым бар» (1981), балаларға арналған «Бақшаға саяхат» сурет-кітапшасы (1985) жарық көрді. Сондай-ақ орыс тілінде «Мир созвездья» (1987) деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды. Т. Айбергеновтің «Ақ ерке, Ақ-жайық», «Жаңғырған Маңғыстау», «Қазақстан», «Сені ойладым», «Мені ойла», «Ақ қайыңдар», «Бір тойым бар» т. б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасында кеңінен танымал.

Т. Айбергенов 1967 жылдың 16 тамызында небәрі 30 жасында қайтыс болды. 1997 жылы ақынның «Таңдамалы өлеңдер» жинағы мен ол туралы жазылған «Бірге мен сендермен» атты естелік кітабы жарық көрді. Ақын Төлеген Айбергенов атындағы сыйлық бар.

Тірек сөздер: троп, троп түрлері, өлең құрылысы.

Дүниеге ынтызарлығыңды тірілтіп, өмірге құштарлығыңды оятатын ақын жырларының әр жолынан Табиғатананың аялы алақанындай мейірімділікті сезініп, сағыныш оты жүрегіңізді шарпиды. «Сағындым, жаным, мен сені!» деп басталатын өлеңнің алғашқы жолдары-ақ, өу дегеннен

сізді елең еткізіп, шынайылығымен, кір шалмаған сәбидің жүрегіндей пәктігімен сезіміңізді баурайды.

А. Кеңшілікұлы

Троп (гр. *tropos* – айналым, тіл оралымы, иін, иірім, сөз қолданысы) немесе құбылту – атаудың немесе мағынаның ауыспалы түрде қолдану тәсілі.

А. Байтұрсынұлы троп түрлері туралы: «Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді: көріктеу, меңзеу, әсерлеу», – дейді.

Құбылту (троп) түрлері

Әдеби термин	Анықтамасы
Метонимия (алмастыру)	Өзара шектес заттар мен себептес құбылыстарды, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздерді бірінің орнына бірін қолдану.
Синекдоха (меңзеу)	Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше қолдану.
Метафора (ауыстыру)	Сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін, оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.
Аллегория (пернелеу)	Дерексіз ұғымды немесе ойды шартты түрде көркем бейне арқылы беру, түспалдау.
Символ (астарлау)	Белгілі бір құбылыс не ұғымның орнына балама ретінде алынған екінші бір зат не құбылыс.
Гипербола (ұлғайту)	Заттың не құбылыстың қасиетін ұлғайта суреттейтін көркемдік құрал.

Литота (кішірейту)	Заттың не құбылыстың қасиетін кішірейте суреттейтін көркемдік құрал.
Ирония (кекесін)	Адамға, зат пен құбылысқа сырттай жақсы баға берсе де, ішкі мағынасы қарсы келіп, келекеге айналдыратын көркемдік құрал.
Кейіптеу	Өртүрлі жан-жануарларды, табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл.

САҒЫНЫШ

Сағындым, жаным, мен сені!
 Көркінді жүрген қуаныш қылып, мендей ме екен бар ағаң,
 Шын інім болсаң, бас ұрма, жаным, өсек-ғайбатқа бораған.
 Қажет жерінде қатігездік пен қаталдық керек десек те,
 Адамның заңғар ұлылығын, сен сағынышымен есепте.
 Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға,
 Өуелі өбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.
 Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағыңдай,
 Бұлбұлдың дауысын есіте алмайсың, бауларға кірсең сағынбай.
 Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,
 Ойлауың мүмкін, дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап.
 Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай
 Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін, жамырасуға жарамай.
 Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған,
 Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан оянған.
 Бабалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,
 Өжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын.
 Көкірегіңде сағыныш барда, мұрат та сенде бар, жаным,
 Алдыңда тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.
 Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,
 Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт.
 Мен бұны саған жазып отырмын, арманымды орап сезімге,
 Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

II

Сағыныш толы қайтадан толғау, болар да бөлкім қолайсыз,
 Дегенмен, жаным, көгілдір дүние сағынбағансын арайсыз.
 Өмірде мынау, сағынбағандар, бақытсыз, бақсыз, талайсыз,
 Қазақтың жыры Абайсыз.

Өткелі қыруар жолдарда жанға батқан да шығар сан ызғар,
 Бір қасық суды аңсатқан шығар сан тарам сарша тамыздар.
 Бірақ та, жаным, өледі қыран қияға самғап баратып,
 Болғасын бейбақ өз жүрегінің сағынышына қарыздар.

О, шіркін, менің сағынышымдай көлемі шексіз болса аудан,
 Ондағы жандар көз ашпас еді ау, сағыну менен шаршаудан.
 Сүйем мен сені, сүйем мен сені, көкірегі ыстық дүние,
 Тұратын түгел сағыну менен аңсаудан!

Сағыныш деген – молшылық қазына, бола да берер артық-кем,
 Ал нағыз асқақ сағыныштарда араның балы бар тіптен.
 Мен мынау ыстық жүрегімменен қара тасты да сағынам
 Қаланып қалса төртіппен!

Сағыныш деген алдында тұрған ақ ала басты көк заңғар,
 Бақытың сенің – бағытың солай бара жатса алып пәк жандар.
 Заманым менің жанарымда алып сағыныш болып жарқылдап,
 Ағады тынбай күңіреніп сыңсып, аэропорттар мен вокзалдар.

Сағыныш шалғай сапарларыма жасаған шақта иелік,
 Кеудеме менің сан рет кеткен табан астында күй еніп.
 Қойнымда менің қалғиды бүгін ақ жұпар өлем, қыз-өмір,
 Сол сағыныштың кірпіктеріне сүйеніп...

Мен бүгін сонау көгілдір көлге сағынып ұшып барамын,
 Бірге қақ қанат, қасымнан қалмай, сағынып көрген қарағым.
 Жалғасын сен айт бұл асқақ өннің, жабылып кетсем мен егер,
 Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын...

Қараңғы түнде қамығып жүрсең, қанатына алып қаусырар,
 Бұл өзі, жаным, әйбат-ақ дүние, күні жоқ тіпті таусылар.
 Сағыныштар да төбеңнен өтер, түйдек те түйдек көш болып,
 Көктемдегі барлық тырнаның дауысы бар!

Зулайды ол бүгін – тұсымда менің жаңғырып барып ендікпен,
 Сұрша құмдарға, құм шағылдарға таңдайы кеуіп сел күткен,
 Егер сен жарық жанарыңды алсаң қайғы мен мұңға қаптатып,
 Сағынып жүрмегендіктен!

Сағыныш деп ұқ, жүйткісе пойыз, босағасына өнді іліп,
 Сағыныш деп ұқ, далалар жатса, қалалар жатса жаңғырып.
 О, сөлем саған, шартарап қырға жұлдыз боп ағып баратқан,
 Өз жүрегімнің түкпіріндегі тұңғыық, түпсіз мәңгілік!

Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтап, автордың сағыныш сезімін қандай сөздермен бергеніне назар аудар.



2-тапсырма. Ақын өлеңдегі сағынышты өзің басыңнан кешкен сағынышпен салыстырып, пікіріңді өлең немесе қарасөз түрінде жаз.



3-тапсырма. Хрестоматиядан ақынның басқа да өлеңдерін оқып талдаңдар. Өлеңдердің идеясы мен тақырыбы туралы өз ойларыңды ауызша баяндап беріңдер.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдап, өлең жолдарынан троп түрлерін тауып талда. **Уақыты – 7 минут.**



5-тапсырма. Мәтінді тыңдап, есте қалған оралымдарды қарасөз түрінде жаз. **Уақыты – 10 минут.**



6-тапсырма. Өлең құрылысының ерекшелігіне назар аудар. Берілген шумақтарды құрылысына қарай талда.

Өткелі қыруар жолдарда жанға батқан да шығар сан ызғар,
Бір қасық суды аңсатқан шығар сан тарам сарша тамыздар.
Бірақ та, жаным, өледі қыран қияға самғап баратып,
Болғасын бейбақ өз жүрегінің сағынышына қарыздар.

О, шіркін, менің сағынышымдай көлемі шексіз болса аудан,
Ондағы жандар көз ашпас еді ау, сағыну менен шаршаудан.
Сүйем мен сені, сүйем мен сені, көкірегі ыстық дүние,
Тұратын түгел сағыну менен аңсаудан!



7-тапсырма. Өлеңдегі автор бейнесін және оның ішкі сезімін білдіретін сөздерді теріп, кестеге толтыр.

Өлеңнен үзінді	Автор сезімі	Менің ойымша...



8-тапсырма. Топта троп пен фигура түрлеріне талдап, автор стилінің ерекшелігіне өз бағаларыңды беріңдер.

1-топ	2-топ	3-топ
Троп түрі	Фигура	Ақын стилі



9-тапсырма. Өлеңнің мазмұнын қарасөзбен көркемдеп айтып беріңдер. Өлең идеясын басшылыққа ала отырып, екі шумақ өлең шығарыңдар.



10-тапсырма. «Ақын сағынышы» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар. Эсседе ақынның сағынышты қандай көркемдік тәсілдер арқылы бергенін ашып көрсетіңдер.



11-тапсырма. Кестеде берілген сөздерді өлеңдегі бейнелі формасымен жазып көрсетіп, өз ойыңды білдір.

Сөз	Өлең жолында	Өз ойым...
Теңіз		
Бұлбұл		
Тау		
Қарағай		
Қыраттар		



12-тапсырма. Т. Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңін өлем әдебиетіндегі ерекше сезімді білдіретін өлеңдермен салыстырып, сын мақала дайында.



ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА**(1939 – 2014)**

Фариза Оңғарсынова – ақын, Қазақстанның халық жазушысы (1996), журналист. 1939 жылдың 25 желтоқсанында Атырау облысы Исатай ауданына қарасты Манаш ауылында туған. 1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиеті факультетін бітіріп, Балықшы ауданының Еркінқала, Октябрь-дің 40 жылдығы атындағы қазақ мектептерінде ұстаздық еткен.

Алғашқы өлеңдері баспасөз беттерінде 1958 жылдан бастап шыққан. Әр жылдары 20-дан астам өлеңдер жинақтары, очерктері, таңдамалы шығармалары, «Біздің Кәмшат» повесі, аудармалары «Жазушы», «Жалын», «Молодая гвардия» баспаларынан жарық көрді. Орыс, армян және араб ақындарының, Чили ақыны П. Неруданың жырларын, кейбір драмалық шығармаларды қазақ тіліне аударған.

Шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім сияқты философиялық категориялар Ф. Оңғарсынованың поэзиясында нанымды, салмақты көрініс тапқан. 1984 жылы «Үйім – менің Отаным», «Маңғыстау монологтері», «Революция және мен» өлеңдер топтамалары үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталған. Республиканың мәдени-ағарту ісіне еңбегі сіңген қызметкер.

Тірек сөздер: Фариза – ақын, поэзия әлемі.

Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде Махамбет өлеңдерінің екпіні, Махамбет өлеңдерінде ғана кездесетін, лирикамен қатар жүретін ашу-ыза екпіні бар. Фаризаны мақтау қажет емес, мақтану керек.

Әкім Тарази

ӨЛЕҢ, МЕН СЕНІ АЯЛАП ӨТЕМ...

Дара күндерімнің,
нала түндерімнің

серігі болғаның үшін,
сенімі болғаның үшін
мен сені аялаймын.

Біреудің пасықтығынан,
біреудің жасып мұңынан,
жүрегім сыздаған кезде,
жаным мұздаған кезде
мен сені саялаймын.

Біреудің күлкісін көріп,
бақыттының түр-түсін көріп,
шаттанып қалған шағымда,
жеткендей арман-сағымға,
қуаныштан дірілдеп денем,
алдыға күлімдеп келем.

Ажалмен айқасқан сәтте
қыршын жас көз ілгенін көріп,
өткінші сезімдерді көріп,
кешегі «доспын» дегеннің
минутта жерінгенін көріп,
кімнен өшімді аларымды білмей,
кімдерге кінә тағарымды білмей,
алдыға лапылдап келем,
жарылуға жақындап келем.

Өмірдің өткелдерінен
қиындық көп көргеніммен,
өртеніп от басқаныммен,
өзіңмен қоштаспадым мен.
Күлкімді, жайлы күнімді,
азапты, қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
қатем мен жеңістерім үшін,
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін,
Өлең, мен сені аялап өтем!



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Өлеңді оқып, ақын идеясы мен тақырыбын анықта. Ақын өлеңді қалай бағалайды? Оның «аялап өтем» дегенін қалай түсінесің?



2-тапсырма. Ақынның лирикалық тұлғасының ерекшелігін білдіретін сөздерді тауып, лирикадағы психологизмді анықта.



3-тапсырма. Топта өлеңді талдаңдар. Кестеге өлеңнен мысалдар жазып, басқа топтың мүшелеріне түсіндіріңдер.

1-топ	2-топ	3-топ
Автор бейнесі	Троп	Фигура



4-тапсырма. Дереккөздерді пайдаланып, Фариза Оңғарсынова өмірі мен шығармашылығы туралы таныстырылым жасаңдар.



5-тапсырма. Өлең туралы, сөз өнері туралы басқа қандай ақындардың шығармаларын білесіңдер. Ф. Оңғарсынованың өлеңімен салыстырып, өз ойларыңды ауызша баяндап беріңдер.



6-тапсырма. Мәтінді тыңдап, шумақтарды аяқтаңдар.
Уақыты – 15 минут.

Ажалмен айқасқан сөтте
қыршын жас көз ілгенін көріп,
өткінші сезімдерді көріп,
кешегі *****
минутта жерінгенін көріп,
кімнен өшімді аларымды білмей,
кімдерге кінә тағарымды білмей,
алдыңа *****,
***** келем.

Өмірдің өткелдерінен
*****көп көргеніммен,
өртеңің от басқаныммен,

өзіңмен *****
 Күлкімді, жайлы күнімді,
 азапты, қайғы-мұңымды
 өзіммен бөліскенің үшін,
 қатем мен *****
 менің мынау қиындау *****болып
 о баста көріскенің үшін,
 Өлең, мен сені аялап өтем!



7-тапсырма. Автор бейнесін анықтай отырып, кестені толтыр.

Үзінді	Автор	Пікірім...
Дара күндерімнің, нала түндерімнің серігі болғаның үшін, сенімі болғаның үшін мен сені аялаймын.		
Біреудің күлкісін көріп, бақыттының түр-түсін көріп, шаттанып қалған шағымда, жеткендей арман-сағымға, қуаныштан дірілдеп денем, алдыңа күлімдеп келем.		



8-тапсырма. Ақынның хрестоматияда берілген өлеңдерін оқып, талдаңдар. Өлең идеясы мен ақын ұстанымы туралы айтыңдар.



9-тапсырма. «Ақын және өлең» деген тақырыпта ақындық өнер ерекшелігі туралы шағын зерттеу жүргіз. Зерттеуде шығармашылық тұлғалардың сөз өнеріне баға бере отырып, айтқан пікірлерін пайдалан.



10-тапсырма. Өлең идеясын талдап, эссе жаз. Эсседе сөз өнерінің қазіргі жастардың көзқарасы тұрғысынан саралануына назар аудар.



Бұл тарауда ақын Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасымен және жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романымен танысамыз.

«Бәйтерек» поэмасының басты идеясы – тұғыры биік тәуелсіздікке жеткізген кемеңгер ел билеушілерінің абыройлы істері мен бүгінгі қазақ елінің жарқын болашағы.

Қазақ даласының Батыс және Орталық бөлігі Ресейге қарағанына жарты ғасырдай уақыт өткенде, яғни XVIII ғасырдың екінші жартысында, империя өзінің отаршылдық бет-бейнесін ашықтан-ашық көрсете бастаған болатын. Белгілі жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романында халық тағдыры таразыға түскен осынау қиын кезеңде жауапкершілікті өз мойындарына алған байбақты Сырым бастаған Кіші жүз билері мен батырларының, ақсақалды ағаларының ерлік істері айшықты суреттеледі.

НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ

(1950 жылы туған)

Несіпбек Айтұлы – ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (2012), ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері. 1950 жылы 22 қыркүйекте ҚХР Шыңжаң өлкесі Шәуешек ауданы Теректі – Қақпатас елді мекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын бұрынғы Семей облысы Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастаған.



1974 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1974–1984 жылдары «Балдырған» журналы поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Жалын» баспасында редактор, 1984–1994 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, 1995–1996 жылдары «Ақын» қауымдастығының директоры, 1997–2001 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді. Алғашқы

кітабы 1974 жылы «Қозыкөш» деген атпен жарық көрді. «Жүректегі жаңғырықтар», «Өке туралы сыр», «Жаңбыр әні», «Түнделеп ұшқан тырнарлар», «Рухымның падишасы», «Мұқағали – Желтоқсан», «Бөйтерек», балаларға арналған «Балабақшаға барар жолда», «Желкілдеп өскен құрақтай», «Күміс күйме» («Серебряный сундучок»), «Қартаймайды күн неге?» атты кітаптары, «Ескендір қорғаны» (Ө. Науаи), «Игорь жорығы туралы жыр» т.б. аударма кітаптары шыққан. Түріктің VII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны Жүніс Еміре, қытайдың көне дәуір ақыны Бо Цызюдың, француз ақыны ДЖ. Родаридың, сондай-ақ М. Исаковский, А. Барто, С. Михалков, С. Баруздин, В. Берестов, Т. Сыдықов, С. Жусуев өлеңдерін туған тілімізде сөйлеткен. «Бас сүйектері» (1976), «Жасынның сынығы» (1977), «Найзағай» (1978), «Жүректегі жаңғырықтар» (1979) поэмалары кезінде «Жалын» альманахы жариялаған республикалық конкурстардың жүлделерін, «Мұхтар мен Абыз» толғауы М. Әуезовтің 100 жылдығына арналған мүшәйраның бас жүлдесін алған. «Мұқағали – Желтоқсан» поэмасы 2001 жылы республикалық әдеби конкурстың жүлдесіне ие болса, «Бөйтерек» поэмасы әдеби қауым тарапынан жоғары бағаланды. 2004 жылы Мәдениет министрлігі жариялаған Республикалық патриоттық әндер конкурсының Бас жүлдегері. «Көз жасым» таңдамалы (2006), «Бөрітостаған» (2007), «Құланойнақ» (2009) және «Бөгенбай», «Бердіқожа», «Шақантай», «Ақмола шайқасы» т.б. поэмалары жарық көрді.

Тірек сөздер: поэма, тәуелсіз кезең әдебиеті, Несіпбек Айтұлы шығармашылығы.

Поэма – өлең сөзбен жазылған, сюжеттік желісінде әңгімелеу сипаты басым, көлемді туынды. Сюжетті поэмалармен қоса, таза лирикалық сюжетті қамтитын поэмалар да болады. Өзінің жанрлық мүмкіндігіне қарай, поэма әртүрлі көркемдік құрылымда, атап айтқанда, сюжетті, сюжетсіз, драмалық, монологтік толғаныс түрлеріне жіктеледі.

БӘЙТЕРЕК

(поэмадан үзінді)

I

Түбіне тіршіліктің тағдыр ие,
 Төңірдің құзырында бар дүние.
 Қызыл тіл қара тасты балқытады,
 Келгенде қылқобыздай зар күйіне.

Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға,
 Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!
 Шақырып аруағыңды, атыңды атап,
 Өзіңе сыйынбаған күнім бар ма!

Өлеңнің ақтангері арғы бабам,
 Басынан ешкім асып қарғымаған.
 Түсімде Тәуелсіздік Падишасы
 Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!

II

Жаныма жақындасаң мұңдасыңмын,
 Келмейді енді ешкімнен сыр жасырғым.
 Не пайда дүниенің кеңдігінен,
 Болмаса бостандығы бір басыңның?

Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,
 Жазылды ескі жара жан ауыртқан.
 Азаттық аясында қандай бақыт
 Тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқан.

Халқымның сан ғасырлық ғұмыры да
 Уақыттың жүк болмапты жұмырына.
 Армысың, Азаттығым, қыран қанат,
 Қалықтап қайта қонған тұғырына.

Қаймықпай тас қамалдан, мұз бөгеттен,
 Жарқ етіп түскендейсің бізге көктен.
 Жолыңда жорық салып бабаларым,
 Арыстар аласұрып іздеп өткен.

Аруақтар аунап түсті тебіренген,
Сақтасын жатқа қайта телігеннен.
Алмастай жарқылдаған ақ жүзіңді,
Адамда арман болмас көріп өлген!

Тағдырын төлкек қылып айлалыға,
Талайлар талай жолдан таймады ма?
Шынжырда шыр айналып тұрса дағы,
Ит қана семіреді тойғанына.

III

Жеткізбес Құдай сүйсе баққа кімді,
Қарыны ақ түйенің ақтарылды.
Ат шаптыр, аруақ шақыр, тойла қазақ,
Тәуелсіз Президентің атқа мінді.

Ошақтың үш бұтындай үшкіл қазақ,
Ел болып еңсе көтер, күш қыл, қазақ.
Сиырдың бүйрегіндей бытырасаң,
Қашанда көрер күнің мүшкіл, қазақ!

Тажалдың тамағы боп игілігің,
Заманның көрдің салған қиғылығын.
Еркінде қалай бұрсаң аттың басын,
Өзіңе өз тізгінің тиді бүгін!

Жүндеген жуанды да, жуасты да,
Бодандық батты мәңгі су астына.
Ұлт болсаң ұятың бар, иманың бар,
Ал енді жиналыңдар Ту астына!

Томирис, Еділ патша, Елтеріс хан,
Аңсаумен еркін өмір арпалысқан.
Жете алмай жерұйыққа Асанқайғы,
Желдіріп желмаясын жер тауысқан.

Жерұйық іздемесең таптыра ма,
Бұйырар бір түп жусан тоқтыға да.
Қызырды кіріп келген танымасаң,
Басыңа байырқалап бақ тұра ма?

Бұтағы бойламаса күнге қарай,
Халық – бір қаусап біткен қу қарағай.
Қандағы қасиеттен айырылсаң,
Қалмайды қуған қырсық құлғанадай.

Тірісің – туған ана тілің барда,
Өлісің – түп тамырың жұлынғанда.
Қуатты күннің нұры құтқармай ма,
Жас өркен үскірікке ұрынғанда.

Қисыны келеді істің дер шағында,
Күш-қуат келіде емес, келсабында.
Сөйлейді Назарбаев Нұрсұлтан боп,
Көк тулы Қазақстан Жер шарында.

Шарпысып жаңа дәуір ескіменен,
Көз көрді хикметті естімеген.
Елбасы шарқ ұрады шартарапқа,
Қырандай балапаны кеш түлеген...

Саң етті Алатаудың мұзбалығы,
Жаңғырып жартас біткен, құз қарады.
Шарықтап шырқау көкте жүрді дағы,
Бетке алып тартып кетті түз даланы.

Түр міне, Үшқоңырда – өзі шыңда,
Ақиық барады ағып көз ұшында.
Қыранды құс патшасы деп айтайын,
Айналды бұрынғының сөзі шынға.

Ақиық Алатаудың иесі ме,
Көк аспан соған ғана тиесі ме?
Сияқты Абылайдың ақ бурасы,
Көрінген әлде өзінің киесі ме?

Аспанда атқан оқтай құс ағады,
Еске сап қасиетті нысананы.
Қанатын сол қыранмен бірге қағып,
Қиялы қияндарға ұшады ары.

Кеткендей елес беріп өлгі қыран,
Қайыспас қайсар ердің тағдырынан.

Шыққан күн көкке өрмелеп бара жатты,
Өлемнің алтын зерлі сандығынан.

Суырмай бұлттар бүгін алдаспанын,
Шыңдар да құра қапты малдастарын.
Қаз-қатар қолын жайып, бата беріп,
Тілеуін тілегендей марғасқаның.

Көз тікті көк тіреген Талғар шыңға,
Асқар жоқ одан асқан алды-артында.
Биікке бір шықпаған бейшаралар
Төкаппар таудың сырын аңғарсын ба?..

Бөйтерек – Астананың төріндегі –
Өресі биіктіктің өмірдегі.
Аялы алақаны Елбасының
Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.

Самсаған қара орманым – байтақ елім,
Сынға сап сан жақсыны байқап едің.
Еңсесін елдігіңнің биіктеткен,
Ортаңда бойлап өскен Бөйтерегің!

Өтінде арпалысқан өмір-майдан,
Жайқалсын болашағың тамыр жайған.
Бөйтерек – Елбасының өр тұлғасы,
Өкеліп өз қолыммен елім қойған!

Туындай қанат керген желді күнгі,
Танытты кең әлемге теңдігіңді.
Тұрғанда Бөйтерегің көкке шырқап,
Ұстай біл асқақтатып Елдігіңді!..



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Поэманы оқып, сюжеттік-композициялық талдау жаса.

Сюжеттік-композициялық желі	Үзінді арқылы дәлелдеу
Оқиғаның басталуы	
Байланыс	
Дамуы	
Шарықтау шегі	
Шешімі	



2-тапсырма. «Бәйтерек» поэмасының идеясын ашу үшін автор кіргізген тарихи тұлғалар туралы айтып беріңдер.



3-тапсырма. Поэмадан өр рух пен асқақ пафостық оралымдарға құрылған психологизмдерді тауып талда.



4-тапсырма. Берілген үзінділерден айшықтау түрлерін тауып талда, мағынасын түсіндір.

Жеткізбес Құдай сүйсе баққа кімді,
Қарыны ақ түйенің ақтарылды.
Ат шаптыр, аруақ шақыр, тойла қазақ,
Тәуелсіз Президентің атқа мінді.

Ошақтың үш бұтындай үшкіл қазақ,
Ел болып еңсе көтер, күш қыл қазақ.
Сиырдың бүйрегіндей бытырасаң,
Қашанда көрер күнің мүшкіл қазақ!

Тажалдың тамағы боп игілігің,
Заманның көрдің салған қиғылығын.
Еркінде қалай бұрсаң аттың басын,
Өзіңе өз тізгінің тиді бүгін!

Жүндеген жуанды да, жуасты да,
Бодандық батты мәңгі су астына.
Ұлт болсаң ұятың бар, иманың бар,
Ал енді жиналыңдар Ту астына!

Томирис, Еділ патша, Елтеріс хан
Аңсаумен еркін өмір арпалысқан.

Жете алмай жерұйыққа Асанқайғы,
Желдіріп желмаясын жер тауысқан.



5-тапсырма. Поэмадан үзінді келтіре отырып, ел тарихындағы ең елеулі оқиға саналатын тәуелсіздік алуымыз туралы хабарлама дайындаңдар.



6-тапсырма. Мәтінді тыңдап, үзіндінің мазмұнын қарасөз түрінде жазып бер. **Уақыты – 15 минут.**



7-тапсырма. Мәтінді тыңдап, бос орындарға қажетті сөздерді қойып шық. **Уақыты – 10 минут.**

Жар болып жаратушы Алла бұлай,
Аруағы бабалардың қолдауын-ай!
Хан келіп тіл қатады,
Күлтегін, әлде Абылай:

– Ал, балам, бекем ұста ел тұтқасын,
Тағыңды Тәңір сенің толқытпасын!
Оралып шалғайыңа,
Қысылсаң Қызыр келіп қолтықтасын!

..... басынуды жол тұтпасын,
Ұстасып, өз атының тартып басын.
Кеткендер шыға бере сырт айналып,
Келгендер қоржыныңа қол сұқпасын!

Ер жігіт туғаннан соң елге – қанат,
Өзіңе енді аманат!
Тасығанөте алмассың,
Іздесең таяз өткел жар жағалап!

Атаның ақ жолынан айнымастан,
.....арпалысқан айбыны асқан.
Нағыз бар халқын ойлар,
Кіргенше қара жерге қойнын ашқан!



8-тапсырма. Поэмадан алынған үзіндіні талдап, автор стиліне баға бер.

Үзінді	Троп	Автор стиліне баға
Естеми, Бумын, Білге, Күлтегінге Жетеді адамзатта кім тегінде?!		

Тасқа ойып жазып кеткен өсиеті Қасқайып қара жердің түр төрінде!		
Арт жақта ұрпақ бар деп жоқтап алар, Айтарын түгел айтып кеткен олар. Тәндері топырақта жатқанменен, Жандары жайсаңдардың көкте болар.		
Жұртының жеткізбесе баққа қолын, Не керек иеленіп тақтан орын? Патша аз ба пәтуасыз ғұмыр кешкен, Кім іздер құнсыз басын жоқтап оның?		
Көк семсер жарқылдамас жүз болмаса, Көсемнің несі көсем із қалмаса? Сіресе тағдыр деген суық мұхит, Кемедей күтірлетіп мұз жармаса?!		



9-тапсырма. «Бәйтерек» поэмасында автор тұлғасы қалай көрінеді? Автор сөзін қай жақта баяндайды? Идеяны стилистикалық тұтастандырушы ретінде авторға қандай баға бересіңдер?



10-тапсырма. Ақынның стиліне сүйене отырып, «Тұғырлы тәуелсіздік» тақырыбында қарасөзбен немесе өлеңмен шағын шығарма жаз.



11-тапсырма. Поэманың жаңашылдығы қандай сөздерінен көрінеді? Ұрпақтар сабақтастығы мен заманауилығын білдіретін тұстарынан үзінді келтіре отырып, ауызша талдап айт.



12-тапсырма. «Бәйтерек символының мифтік сипаты» деген тақырыпта поэманың идеясын ашып, әдеби эссе жаз.



13-тапсырма. Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасы мен «Бәйтерек» поэмасының тақырыбы мен идеясын салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айтып беріңдер.

ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ**(1942 жылы туған)**

Қажығали Мұханбетқалиұлы – жазушы-публицист, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері (2014). 1942 жылы 8 желтоқсанда Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қызылбұлақ ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітірді. Ақтөбе облыстық телевизия және радио комитетінде редактор, облыстық «Коммунизм жолы» газетінде әдеби қызметкер болды.

Алматыдағы «Қазақстан» баспасында аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшы, «Жаңа фильм» журналында бас редактор қызметтерін атқарды.

Қажығали Мұханбетқалиұлы – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар танымал жазушы. Оның прозалық шығармаларында негізінен жетпісінші, сексенінші жылдардағы ел тіршілігі суреттеліп, қоғамдағы қарапайым тұрмыстық эпизодтар арқылы үлкен әлеуметтік мәселелер ұтымды жеткізіледі. Қырқыншы, елуінші жылдардың қытымыр қармауынан құтылып, еркіндіктің дәмін тата бастаған қоғам өкілдерінің мінез-құлқындағы жағымсыз өзгерістер, адамдардың арақатынасындағы адал достықтың бақастық пен арамдықтың шырмауына түсуі, әсіресе «Мінез», «Ескі достар» атты прозалық шығармаларында айқын сезіледі. Қазақ қоғамының өскелең кезеңдеріндегі ахуалы «Дала өуендері», «Қарымта», «Қаңтардың қара суық түні», «Бір мәшине шөп» әңгімелерінде қалтқысыз бейнеленеді. Оймақтай ғана оқиғаға орасан мағына сыйғызатын қаламгер, адам санасындағы құбылмалылықтан басталатын дәуірлік трагедиялар мен әлеуметтік драмалар өзегін дөп басады.

Қ. Мұханбетқалиұлы ХVIII ғасырдағы отаршылдық езгіге қарсы күрес басшысы, әрі би, әрі батыр Сырым Датұлы туралы ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп, «Арыс» баспасынан «Сырым Датұлы» (2004) атты жинағын шығарды. Әдебиет пен өнер, қоғам туралы сан түрлі пікірлер мен мақала-

лардан тұратын «Тоғысар арнамыз бір толғанғанда...» (2010) атты кітабы жарық көрді. Тәуелсіздік жылдарындағы сүбелі еңбегі – Сырым Датұлы туралы жазылған «Тар кезең» тарихи романы 2012 жылы оқырмандарына жол тартты. Сонымен қатар Р. Акутагава, С. Чубек, Л. Хонвано, Я. Брыль, Л. Колодезный, Дж. Одинаев, Х. Абдуллин, Т. Жұмагелдинов тәрізді бірқатар шетел қаламгерлерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Қ. Мұханбетқалиұлы – Байғанин ауданның Құрметті азаматы (2002), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2003), «Құрмет» орденінің иегері (2013). 2014 жылы «Тар кезең» тарихи романы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. Халықаралық қазақ ПЕН клубы сыйлығының лауреаты (2017).

Тірек сөздер: Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс, орыс-қазақ қарым-қатынасы, Қазақ хандығы, көшпелі ел, орыс бодандығы.



1-тапсырма. Тарихта аты қалған барон Игельстром реформасы, Сырым Датұлы бастаған қазақтардың көтерілісі мен хандық биліктің жойылуына байланысты тарихи деректерді пайдаланып, шағын хабарлама дайындаңдар. Кестеге тарихи тұлғалар туралы деректер жазыңдар.

Сырым Датұлы	Нұралы хан	Барон Игельстром	Екатерина II

Мұндай жақсы қасиет эпикалық романның таза сахара суретін бейнелеуіне де қатысты. Бұл ретте, мен, ең алдымен, даланың еркін өскен адамдарының бояуы қанық образдарын: отарлық езгіге қарсы шыққан Сырым Датұлы секілді көтеріліс көсемі мен оның төңірегіндегі белгілі-белгілі би-батырлар, рубасы ақсақал-қарасақалдардың жанды бейнелерін автордың айқын көрсете алғандығын айтып отырмын. Екіншіден, езілген халықтың мұңы мен мұқтажын жоқтаған Сырым секілді азаматтың Ұлы Далада хандық биліктің күні озғанын, ендігі жерде империямен қарым-қатынас бұрынғыдан мүлде басқаша жүргізілуі

керек екенін; сөйтіп, халық тағдыры бұдан былай «Халық кеңесінде» шешіліп, енді бір ғана ханның айтуы емес, ел ағаларының шешімі бойынша патша әкімшілігінің алдына мәселе қойылып, оны орындата білу керектігін ұғынғандықты еске салып отырмын. Дала демократиясының бастау көзі де осында жатыр.

Герольд Бельгер

ТАР КЕЗЕҢ (романнан үзінді)

*Бұл жерде ел ұрандасқан, айғайласқан...
Бұл жерге жау аяғын байқай басқан!
Ерліктің етегінен ұстап тұрып,
Еркіндік сонда алғаш тәй-тәй басқан*

Қадыр Мырза Әлі

Бағана төбе басынан тарқарда төңірегіндегі ағайынның ақсақал-қарасақалдары мен игі жақсыларына «рақметі» мен «Алла разы болсынын» қоса айтып болған соң, Сырым би жұртқа тағы бір қайырылып, енді өздерінің шапқыншы орыстарға қарсы ұрысқа дайындалатынын, ал соларды ел үстіне жібермей, түзден тосып алатын жасақтарға қол қосам деген ел ағалары болса, ауылдарын мына көштің соңынан аттандырған бойда, дереу азаматтарын жиып, ат-азығымен, қару-жарағымен соларды тезірек қатарға қосуын қадап тапсырды да, дәл бүгін әртүрлі себеппен осы жерде бас қоса алмаған немесе бас қосуға мүмкіндігі болмаған жақын-жуықтарға; аздаған өкпе-қақпасын желеу етіп хабарсыз, үн-түнсіз жатып қалған ағайынның бетке ұстарларына да дұғай-дұғай сәлем жолдады:

– Айтыңыздар бөріне... біз енді аттанысқа қам жасаймыз! – деді, қатаңдау үнмен, ширыға сөйлеп. – Ағайын «у ішсең – руыңмен» дегенді ұмытпасын. Жасы үлкен ардақты ағаларға, жасы кіші есті інілерге, ат жетер жердегі байлар мен бағландарға да тегіс сәлем айтыңдар! Жауға шабар жігіттерден сырты түкті, іші боқты бір-жар малын аямай, тегіс атқа қондырсын! Ал қалған жұртқа – өздері қамқор болсын!

Осы бастан айтып қояйын, кімде-кім ананы кедей-кепшік деп, мынаны бейшара-байғұс деп, жоқ-жітікке көлік бермей, жаяу-жалпы жау жолына тастап кетсе, ертең ағайынның бетін көрем демесін! Көрмейді! Мен көрсетпеймін де! Осыны мықтап ескерткейсіңдер! – деп, түйіліп барып тоқтады. Әсіресе соңғы сөзі аса ызғарлы да нық шықты.

Осыдан кейін өзі де іштей тастүйін бекініп алған ол табиғат мол жаратқан адамдарға тән әншейіндегі алды кең ел ағасынан, – келелі кеңестерде алшынып отырып ағылып сөйлейтін Сырым биден, – кенет... мүлде басқа адамға – бетінің түгі сыртына теуіп, жүзіне тіке қарауға жан шыдамас сұсты да қаһарлы кісіге айналып кеткен-ді.

Бұл енді.. осы сәттен бастап, тынымсыз жортуыл күн кешуге біржола бел буған кісінің сыңайы еді. Жұрт соны ұқты. Иә-иә, бұл енді... бұрын да талай-талай жорықтарға қатынасқан, сан мәрте қалмақпен қидаласып, сан рет башқұртпен барымталасқан, олар түгілі, оғы қардай бораған от қарулы орыспен де жан алысып, жан берген небір шайқасқа кіріп, қақырғанда қан түкірген, бірақ ешқашан рухы жасып, жігері мұқалмаған мүлде басқа адам-тұғын. Бұл – би Сырым емес, батыр Сырым-ды.

Кеше ғана қасында тұрған мына кісілерді өз үйінде ту бие сойып қонақ қылған, төріне шығарып, төбесіне көтерген осы Сырым ба, жоқ әлде басқа біреу ме – тап қазір оны адам танымастай... Түсі сұп-суық. Сесінің өзі-ақ жұртты оған еріксіз бойсұндырып, байлап-матап тастаған. Дәл осы сәтте ол не айтса да, мына ел, қалың ағайын, оның сөзін екі етпеуге қайыл еді.

Кісі қатты болайын деп бола ма?.. Кісіні қатты қылатын – артындағы қалың елдің қамы, жамағаттың жағдайы ғой!

Байұлының бір жуан бұтағы байбақтының тізгінін қолына алғалы Сырым би де мұндай үркіншіліктің талайын бастан өткеріп, соның бәрінде де тек тізгінді тастай қатты етіп ұстағаннан ғана елін аман алып шығып келе жатқанды. Сондықтан мұндай сәттерде қатты болмасқа амалының жоқтығын басына түспеген мына жұрт қайдан білсін! Оның үстіне, бұрын да жан алысып, жан берген небір шайқастарға

қатынасып, талай-талай қан көрген және... әр жолы «бұдан былай Құдай көрсетпесе екен» деп тілеген сол сұмдықты қайта-қайта еріксіз көруге мәжбүр болған адам... ол қанына қараймағанда, ол қатты болмағанда қайтпек?! Бұл жолы да сондай жағдайға тап болып, артындағы қалың елдің қамы үшін қайтадан атқа мінуге тура келіп тұрғанына; өйтпеуге, оған көнбеуге лажының жоқтығына назаланып, пешенесіне ылғи қауіп-қатермен арпалысуды ғана жазып қойған тағдырына тұлдану мен тулаудың, шамырқану мен ширығудың шегіне жеткен ол дәл қазіргі сәтте әбден буырқанып-бұрсанып алған тұсы еді.

Сол ширығу үстінде ол осы жолы не де болса ата жаумен аянбай айқасып барып өлуге біржола бел буған-ды. Иә-иә, айқасып барып өлуге бел буған! Айқасы – айқас қой. Ал «өлімі» несі? Неге ол тек қана өлуге тиіс?! Қырық жыл қырғын келсе де, ажалды ғана өлмей ме?! Ол арасын мүлде ойлаған да жоқ. Асылы, зіркіреген зеңбірегі, оқпанынан оқ бораған от қаруы бар орыстың ендігі жерде қылыш-найзалы қазаққа жеңгізбейтініне көзі жеткендіктен, қаншама «бөрі арығын білдірмес»... деп, сыртқа жүнін дүрдиткенмен, көшпелі елдің басынан бақ-дәреже баяғыда-ақ ауғанын басқа білмесе де, бұл жақсы түсінетіндіктен солай ойлаған шығар; әлде, қару-жарағы сайма-сай баяғы Пугаш батыр¹ да андыздаған патша әскерімен үш жыл бойы табандап соғысқанда түк бітіре алмағанын өз көзімен көріп, үміті үзілгендей ме, әйтеуір батыр Сырым осы жолы тіпті де жеңу-жеңілу туралы емес, неге екенін кім білсін, тек аянбай соғысу... соғысып барып өлу туралы ғана ойлады.

Иә-иә, аянбай соғысу, сосын... өлу туралы ғана!

Өйтпесе, мына тірлікте түк мағына қалмағандай. Амандықты ойлап, тыныштық тілеп, «Кейінгі туған жас бала, Кәуірден қорлық көрер» деп; яки «Алтын басым аяққа басылар» деп, кісілігін қор еткісі келмеген, мәрттік пен ерлікке салғанда ешбір елдің ұлынан кем болмаған бағзыдағы батыр бабалардың қайырлы қоныс, қара жұрттарын қарсылықсыз тастап кете бергенінен тапқаны қайсы?! Заманында «Арыстандай екі бұтын алшайтып арғымақ мінді» десетін; «кілең

¹ *Пугаш батыр* – Емельян Пугачевті айтып отыр. Сырым онымен бірге соғысқан.

бұздай кілшейтіп көбе киді...» десетін; садақ толы сайгез оқты масағынан өткеріп, басын қолға жеткеріп, созып тартты, – десетін – Өзі бұрын әулие тұтқан сол батыр бабалардың артында не қалды бүгінде?! Не қалды, Құдай-ау! Тек сай-сүйегіңді сырқыратар сөз ғана қалған жоқ па?! Запыран зар ғана қалған жоқ па?! Құлағыңды салып тыңдап көрші... «Өзіне тиген дұшпанын қарт бурадай тіздеді» дейтін Қарғабойлы Қазтуғанның өзі: – «Өттең, бір қапы дүние-ай!» деп қақсап қоя бермей ме...



Ал таңдайы тақылдаған кейінгі шешендеріне айтқызсаңыз; «Анау Нарын деген құмыңыз – Нарынбай байдың қонысы», «Сарыкөл, Самар сынды сулар – Самарбай байдың қонысы», «Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған мынау Жайық деген суыңыз – Жайықбай байдың қонысы», «Жанарыстан, Үш Қомыс – Алшағыр ханның қонысы», «Боқсақтың бойы, Боз Қомыс – Жаңбыршының ұлы Телағыс байдың қонысы», «Еділ деген суыңыз – Еділбай байдың қонысы», «Алтытаның ар жағы, Талекпенің бер жағы, мына Сақмар деген суыңыз – Едіге бидің қонысы», «Бесешкі, оның Еділ беті, Бұлғыртаудың шеті, Бадашы деген кең тоғай – ер Сидақтың қонысы», «Адырмақты Алатау – ер Орақтың қонысы»... Көшпенді қазақ жұрты бұ күнде осы қоныстардың бөрінен айырылған! Бөрі де түп-түгел «көкала шекпен, жез түйме, аузы түкті орыс» алған! Ал қазақ болса, соның бөріні тек қоныстың қайырсыздығынан ғана көріп, әлі күнге аһ ұрып келеді. Оларға айтқызсаңыз, бұл жерлер...

«Еңсемді көуір басар деп,
Едіге бидің көшкен жер,
Қанатымды залым қияр деп,
Қарғабойлы Қазтуған қайғыланып кеткен жер,

Орақ пенен Мамай да, ойдағы дәурен болмас деп,
 Ойран салып көрген жер,
 Адыра қалғыр, бұ қоныс –
 Асан би шұбап өткен жер!
 Ноғай да шулап босқан жер!
 Қырық таңбалы Қырымның,
 Он таңбалы Ұрымның,
 Он екі баулы өзбектің,
 Бұрынғы он сан ноғайдың
 Кетейін десе, жөн таппай,
 Қол ұстасып жүрген жері»...

болып шығады. Сонда: «Кәуір тоқ болса, мұсылман тыныш» дегеннен, солай деп қайырлы қоныс, қара жұрттарын қарсылықсыз тастап кете бергеннен, солар не тапты?! Не тапты, Құдай-ау! Кәуір «тойдым, тоқтадым!» – деді ме?! Мұсылман тыншыды ма?!

Жоқ! Жоқ! Тағы да жоқ!

Ендеше, ондай обыр құлқын иесінің оппа өңешін қалай бітемек керек?! – Тек көзіне қос уыс топырақ құйып қана бітеу керек! Я болмаса, өзің өліп... біржола топырақ-тозаңға айналып, тыншуың керек! Басқа жол жоқ!

Сырым батыр осы жолы... баяғы ескі жырларда:

«...Орта бойын сырлаған, оқ жаңбырдай жауған жер, Мұсылманның басынан, дәреже қайтып ауған жер» делінетін, мына тұрған – Өлеңтінің¹ аяғы, Шідертінің² қоспасы, Аңқатының басы³ – Тасобада⁴ он сегіз жыл атысып өлген Орманбет бидің⁵ жолын қалап алды. Не де болса, Ұлы ноғайдың ең соңғы ұлы биі Орманбетше ата жаумен аянбай айқасып барып өлу керек деп шешті. Сол Орманбет би өлген жер, он сан ноғай жүрген жер қазасы жетсе, бұған да бақилық мекен болар. Тек теберлінің ұлынша ешкімге телмеңкөз болмай, текті жұрттың ұлынша, қас дұшпанға қасқая қарсы шауып, қан майданда жауыңа қан жұтқызып барып өлгенге не жетсін! Жастығыңды ала жығылсаң, шаһид болып басыңнан шырақ

¹ *Өлеңті*

² *Шідерті*

³ *Аңқаты* – өзен-сулардың аттары.

⁴ *Тасоба* – жер аты, Аңқатының бастауы сонда деседі.

⁵ *Орманбет би* – Ноғай ұлысының ең соңғы ұлы биі делінеді.

жана ма, жоқ па, – оны бір Құдай білер, бірақ, әйтеуір, о дүниеге өзіңнің тыныш аттанбағыңа жақсы ғой!

Ондайдың нешеме мысалын мұның өзі де сан мәрте көрген. Басқасын былай қойғанда, күні кешелері ел арасындағы ерегесте опат болған өз атасы – әлтеке байбақты Дәуқара батыр мен табын Бармақ батырдың өлімі оған кезінде көп ой салған. Құдай-ау, қашан еді ол?! Одан бері қанша су аққан?!

Иә...

...Мұның жасырақтау кезінде ел арасы жаман егер болып, атасы басқа орыс тұрғай, қатар көшіп-қонып жүрген осы он екі ата байұлы мен жеті аталы жетіру біраз жауласқан. Бәленің бәрі баяғы қонысқа, жерге талас қой. Соның салдарынан, тіршілікте бірде ащы, бірде тұщы боп жүрген, бірін-бірі жақсы білетін адамдар екі елдің екі батыры мерт болып еді.

Гөп кісі өлімінде де емес-ті. Қалай өлгендерінде еді солардың.

Өндіршектен найза тиіп өлгелі жатқан атасы Дәуқара батырдың сонда айтқан соңғы сөзі әлі күнге құлағыңда:

–...Бармақ күшке келгенде... мына менен... қарулы емес еді... – деген-ді, екі иығынан ентіге дем алып өлгелі жатқан ол әлдекімнің алдында ақталғандай. – Бірақ өдісқойлығымен мені аттан түсіріп кетті... Өйтсе де, қалқанының астыңғы жағынан, найзамен бүйірінен ұрғанымда, қолым қатты сүйсінді, балалар. Қайран күшім-ай, өзіме белгілі ғой. Ұзамас Бармақ та! Жығылар! Екеуімізді де осы жерге қойғайсыңдар... бір-бірімізді көріп жатайық.

Соңыра қарағандарында, шынымен-ақ, Бармақ та көп ұзамаған екен. Көз көрім жерге барып, оқ тиген дуадақтай ол да жығылыпты. Оның да соңғы сөзі: «Сүйегімді осы жерге қойыңдар! Дәуқараның жығылған жерін көріп, тыныш жатайың!» – болыпты.

Мына қу тірлікте кең дүниеге сыйыса алмай, бір-бірін мерт еткен сол екі батырдың бейіті әні... екі төбенің басында... сонадайдан бір-біріне қарап, ербиіп-ербиіп тұр. Бұлыңғыр күндері төңіректі тұмшалаған тұманнан, ал жылымықта – бусанған жердің буынан сәл-сәтке бір-бірінен көз жазып қалса да, екеуі екі жерде қаралай құлазып, екеуі екі жерде қаралай жетімсіреп, құдды топты кісінің ішінен тең-құр-

бысын іздеген, бірақ көпшіліктің ішінен іздеген кісісін таба алмай тұрған көзі мұнарлы көрілерше, секип-секип мойын созысып, бір-бірін жоқтайтын сияқтанады... Жастығын ала жығылған осы екі батыр! Жарықтықтардың ырзашылық өлімі... Бала Сырым бір кезде осының құпиясын ұқпақ болып, талай бас қатырған. Бірақ: «Неменеге ырза болып аттанды солар?! Көңілдеріне нені медеу етті?» – деп ұға алмаған. Шеше алмаған бұл жұмбақтың құпиясын! Кейін ғой... бәрін өз көзімен көргесін, кейін түсінді ғой! Сөйтсе... ел-жұртыңның намысы үшін шапқан жерде, ең болмағанда, соларға ұқсап жастығыңды ала жығылсаң, ол да бір... адамға Алланың берген үлкен абыройы екен ғой! Сұрап аларлықтай-ақ Ақ өлім екен!

– Құдай бізге де тек соны нәсіп етпей! – деп Тәңірге тілек қылған ол, осы жолы не де болса аянбай шайқасып барып өлуге біржола бел буғаны да сол еді. Сондықтан да алдағы қанды шайқасқа аса бір сабырлылықпен дайындала бастаған...

Қарақамыстан аттанғандарына аптадан аса уақыт өткенде Жем, Сағыздың жоғарғы жағын бетке алып, үдере көшіп келе жатқан бес сұлтансиықтың құрама көшінен, тап Мұғалжардың қойнауларына кіреберісте өзінің байбақтыларын ала-бөле кідірткен Сырым батыр осы жерде бұл елдің біраз жылдардан бері жат көздерден жасырып келген үлкен бір құпиясын ашты да тастады.

Сөйтіп... соңғы он шақты жылда аннан-мұннан тірнектеп жиып, әр үйдің тең-теңінің ішіне, кебежесінің түбіне тығып сақтатқан, тот баспасын деп таза матаға оратқан орыс мылтық, бұхары мылтық, Хиуадан алдыртқан шамқал, бағзыдан келе жатқан қозыкөш, күлдірмамайларды бірінші рет жарыққа шығартып, майлатып-сылатып, жалтыратып сүрткізіп, осының икемі бар-ау деген жігіттерге жеткенінше үлестіріп бергізді.

Бұдан әрі жасырынбақ ойнаудың енді еш жөні жоқ еді. Әрі қан қасап ауыр шайқасқа бел байлағандарын ел анық сезсін деген...

Тығынды қаруларды түгел алып болған бойда, қаптай көшіп келе жатқан елді батыр осы жерде екіге жарып: қа-

тын-бала, қара орманды қалың тау ішіне жедел асырды да, өзі Мұғалжардың қойнау-қолаттарына кіре берістегі ауызда самсаған сары қолмен тосқауылда тұрып қалды. Онда да қарап жатпай, аңыс аңдауға деген осы бір-жар күнде жігіттерді мылтықпен соғысудың жай-жапсарына қанықтыруға шұғыл кірісті.

Асықпаса болмайтын да еді. Өйткені... бұ заманда көп нәрсе өзгерген ғой, өзгерге-е-ен... Соның ішінде соғыстың әділ-тәсілдері де. Басқасын былай қойғанда, бұ күнде жаңбырдай жауған оқтан басыңды бағып, жер шұқып бекіне білсең, ол да болса біздің жұрт бағзыда келеке қылып күлетіндей қорқақтың ісі емес, заманыңның қорғаныс тәсілінің біріне айналған амалың болса қайтерсің?! Басқа-басқа, күндей күркіреген зеңбірегі, оқпанынан от бораған мылтығы бар орыстың өзі сондықтан да жата қалып жер шұқып, тышқаншылап оқап қазып, бауырымен жер сызып жүріп соғыспай ма?! Өзірге тек біздің қазақ қой, небәрі – көн садақ, қылыш-найза, күр сойыл-шоқпармен қаруланғанына қарамастан, «ерліктің жөні осы» деп, әлі күнге ат қойып, андыздап шапқанға мөз боп жүрген. Жо-о-оқ! Көп нәрсе өзгерген бұ заманда, өзгерген! Болмайды енді олай! Ендігі соғыс – баяғы еңіреген ерлердің соғысы емес, амал мен айланың соғысы; қала берді, қой боғындай қорғасын бүркетін мына қарудың соғысы... Ендігі жерде орыспен өзі құсап соғыспасаң, күнің қараң... Ал орыстың ұрыс тәсілі десе... оның бірқатар жай-жапсарын бұл өзі он жылдай бұрын, артына қалың қол, қарулы аламан ертіп жүріп, анау Жайықтың арғы бетін жағалай қоныстанған казак-орыстар ақ патшаға қарсы жаппай көтерілген кезде,¹ солардың өздерінен көрген, бірге соғыса жүріп көңіліне түйген. Көмбедей сақтаған бәрін... Бәрі-бәрі есінде!

Шынын айтса, ол да бір дәурен еді бұл үшін. Сол тұста малына – өріс, жанына – қоныс таппай, қатты қысылып отырған осы елді – жыл өткен сайын Жайық бойын жайламақ түгілі, оның жағасына жақындаудан да қалып бара жатқан жүні жығылықты мына қазақты бір-ақ күнде көкжал бөрідей жалын күдірейтіп арғы бетке² алып өткендердің бірі –

¹ *Казак-орыстар жаппай көтерілген кез – 1773–1775 жж. Пугачев көтерілісі...*

² *арғы бет – Самар бет, Нарын жақты айтып отыр.*

өзі-тұғын! Қалмақ көшкелі¹ қаңырап жатқан Еділ-Жайық арасындағы жалпақ қонысқа елді жағалай қондырып, өзі артына ерген аламанмен Пугаш батырға қосылып кеткен. Содан екі жылдай жортуыл күн кешіп, Пугаш батырдың әскерімен бірге отыз жастың о жақ, бұ жағында ордабұзар талай ұрыстарға кіріп еді-ау бұл да!

Міне... сол орыспен енді өзі соғысқалы отыр. Өрине, бұл соғыс – қазақтың бұрынғы башқұртпен барымталасуы, яки қалмақпен қидаласуы секілді сыралғы соғыс емес. Жекпе-жекке шақырып, айғай салып ат ойнатып, ортаға шығу дегеніңіз де – бұған мүлде жат. Ондай одағайлықты, өйтіп одыраңдағаныңды орыс көтермейді, оқабында отырып алып, жалғыз оқпен-ақ «тырс» еткізіп жайрата салады да, тым-тырыс жата береді бұлар. Сондықтан мұндай соғысқа аңдыспақ керек, аңысын аңдай отырып, алдын ала ойластырылған нақты амал-әрекет керек. Өйтпесе, әлек болудың түк мәні жоқ! Бұл орыспен қалай соғысқым келсе, солай соғысамын деп асқақтаған талай жұрттың жүрегі шайлыққан. Талай-талай менменсігендердің таудай көкірегі жер болған. Бір кезде қаһарынан дұшпанының тізесі дірілдеп тұра алмайды екен десетін Қырымның қондыкері өні... қандай күйге ұшырап отыр?! Қырық таңбалы қайран Қырымның сорлы болған ең соңғы ханы Шағынгерей атадан қалған алтын тақтан айырылғаны өз алдына, көуірдің қолына қарап, кіріптарлық қамытын мойнына ілді емес пе?!² Өзі қазір орыстың ортақол қалаларының бірінде мырзақамақта жүр деседі.³ Ал ар жағындағы Анадолының түріктерін сұрасаңыз... Айдаладағы Бөлек⁴ деген жұрттың жерінен әскеріңді өкетпей отырсың деп тиісіп, осы орыспен алты-жеті жыл арпалысқан⁵ ол да ақыры түк бітіре алмаған соң, «ойбай, жаздық-жаңыл-

¹ *Қалмақ көшкелі* – 1771 ж. қалмақтардың Үбөші тайцзы бастаған ұлы сүргіні. Жоңғарға қашып кеткені айтылып отыр.

² *Кіріптарлық қамытын мойнына ілді...* – 1783 ж. Қырым хандығының құлауын айтып отыр.

³ *Мейман* – тұтқын болып жүр деседі – 1783 ж. Шағынгерей Воронежге әкелініп, «мырзақамақта» ұсталған.

⁴ *Бөлек деген жұрт* – поляк жұртын айтып отыр.

⁵ «... *орыспен алты-жеті жыл арпалысқан*» – 1768–1774 жж. Орыс – Түрік соғысын айтып отыр.

дық» деп, Күшік-Қайнарлы¹ деген жерде бітім сұрап, өрең жөнін тапты. Содан кейін ғой, Қозылы² деген жердегі ұрыста түріктердің талқанын шығаратын әлгі... Суорып³ деген батыр жандаралын қатын патша енді Жайық бойына жіберетіні...

Жандарал Суорып дегеніңіз – көзімен көргендердің айтуына қарағанда, сол кезде жас шамасы қырықтың үстіне шығып кеткен, өйтсе де, сақал-мұртын үнемі тап-таза қылып қырып жүретіндіктен, шанаш беті көзаязданып, қатпар-қатпар боп тұратын, қапсағай бойлы, қайыстай қатып қалған арықша кісі екен. Бірақ сол нәзіктеу, әлжуаз түріне қарамастан, бұл бөленің діні де қатты, ділі де берік көрінеді... Қимылы да шалт, ширақ... Кісіге қарағанда қарашығы қозғалмайтын көкшіл сұр көзі тіпті суық, тым сұсты деседі. Сол жандарал. Орынборға келе сала, ешкімге дес берместен, бар билікті өз қолына алып, ұрыс тәсілінің не түріне де үйретілген көп санды, көп қарулы тұрақты әскерді тас-түйін қылып, жұдырықтай жұмылдырып әкелді де, екі-үш жылдан бері қайыру көрмей, «бізді жеңетін күш қайда?» деп астамсып алған, соның салдарынан жайдақтанып та кеткен Пугаш батырдың аламанына ал кеп тиісті дейсің!

Құдды, таудай-таудай толқындар жағадағы қаңқиған қара жартасқа кеп лек-легімен соғылғандай...

Құдды, қара жартас қаптаған тау-тау толқындарды қайыра теңізіне лақтырғандай...

Қаншама күн кескілескен ұрыс...

Қаншама күн бірі қашып, бірі қуған әскер... Аспан асты, жер үсті – у да шу! Аламан-асыр. Жер жаңғырықтырған адам дауысы... Арқыраған, шыңғыра кісінеген жылқы үні. Толассыз күркіреген зеңбірек... Тарс-тарс атылған мылтық. Дүн-дүние көкпеңбек көк түтін! Сол көк түтіннен арыла алмай, қанша күн кең дала көгілдір мұнарға бөгіп жатты

¹ *Күшік-Қайнарлы* – 1768–1774 жылдардағы Орыс – Түрік соғысының соңында бітім жасалған жер.

² «*Қозылы деген жердегі ұрыс*» – 1774 жылы А. Суворовтың Козлудж түбінде түріктерді тас-талқан қылғанын айтып отыр.

³ *Суорып деген батыр жандарал* – осы Орыс – Түрік соғысында көзге түскен генерал, Пугачев көтерілісіне қатысқандарды қан сасытып қырған қолбасы, кейін генералиссимус болатын А. Суворов.

десеңші! Ақыры... ауыр айқастан қалжыраған, азық-түлік те жетіспей, әбден арып-ашқан Пугаш батырдың әскері сәл шегініс жасап еді, Суорыпқа да керегі сол екен, титықтаған казак-орыстарға тыныс алғызбай, табан тіремек болған жерлерінің бәрінен де оларды тықсырып айдап шықты.

Және жандарал мұнымен де тынбады. Өзі бұрын мына Хажы Тархандағы¹ жаяу әскерде сардар боп, біраз жыл қызмет істеп кеткен екен², жер жағдайын жатқа білетін бөле боп шықты. Жан-жаққа тым-тырақай қашқан жұртты енді ойдан-ойға, сайдан-сайға тырқыратып қуғанын көрсеңіз.

Бұл Сырым ол кезде Пугаш батыр қосынында, Сейдалы сұлтанмен тізе қоса қимылдап жүрген. Жеңілген елдің қыр соңынан қалмай, құмнан-құмға құмай тазыша қуған Суорыптың сыпайлары асқынып алғаны сонша, қауіп-қатер дегенді мүлде ұмытып, тіпті шығына қашқандардың өзін шалғай түкпірлерге дейін індетіп қоймаған соң, ыза-кегі қайнаған бұлар да елсіз-күнсінде олардың талайын шөлге қамап, қатты шығындаған болатын. Бірен-саран аман кеткендері айтып барса, жандарал Суорып: «Сол Сырым деген разбойникті³ көрген жерде ұстап, басын шабыңдар немесе қол-аяғына кісен салып, маған қайтсеңдер де жеткізетін болыңдар!»⁴ – деп қалшылдапты деседі.

Жә, бұларды қойшы... сайын сахарада өскен қазақ та бір, ен даланың еркін ұшқан азат құсы да бір ғой! Мына Жайық бойындағы өздерінің казак-орыстарын аямағанын айт! Солардың қырылғанын айт...Аямады ғой, атаңа нәлет, жандарал! Аямады! Қан сасытып, қырды да салды!

Басқа-басқа, бұл Сырым соның бәрін өз көзімен көрген... орыстармен бірге соғыса жүріп, бұл елдің нендей жұрт екенін де білген; өз халқын аямаған мұндай елдің басшылары қарсы

¹ *Хажы Тархан* – қазіргі Астрахан. Қазақтар осылай атаған; ал кейде «Айдархан», «Аштархан» деп те атай береді.

² *Жаяу әскерде... қызмет еткен* –1761–1762 жж. А. Суворов Астраханның жаяу әскер полкінде қызмет еткенін архив құжаттары да растайды.

³ *Разбойник* – қарақшы; құжаттарда да дәл осылай делінген.

⁴ Дәл осы мағынадағы А. Суворовтың граф П. Панинге 1775 ж. 22 маусымда жазған хаты сақтаулы. Ол «Пугачевщина» материалдары жинағының III томында да басылған.



шыққан өзге жұртқа тіпті де аяушылық жасамасын да сонда сезген.

Соның бәрін көре тұра, соның бәрін біле тұра, енді қазақты шабуға қарулы қалың әскер шыққалы жатқанынан күнілгері құлағдар болғанында, қалайша бұл қол қусырып қарап отырмақ?! Қалайша қалың елдің, – артындағы қарындас қауымның, – көз жасына қалмақ?! Құдай бетін аулақ қылсын, әрине, бірақ ертең ел бір жаманшылыққа ұрынып қалар болса, олардың обалы ел ағасының, – қам-қарекетсіз қол қусырып отырып қалған мұның мойнында өмір бойы кетпей ме?!

«Иә, дайындалу керек! Даярланбай болмайды! – деп батыр іштей тас-түйін қатайып алды. – Көп болса, «еркек тоқты құрбандық» – біз болармыз. Бірақ... өлсек те, жастығымызды ала жығылып, бұлармен тек шайқасып өлу керек, тек шай-қа-сы-ып!»

...Біреп күн дайындықтан соң, соңына ерген бес сұлтан-сиықтың екі жарым мыңнан астам азаматынан осы жерде таңдап тұрып бес жүз мергенді іріктеп шығарып, солардан бес бөлек арнаулы топ жасақтаған соң ғана батыр сәл саябыр тапты.

Енді, Құдай қаласа, Орынбор мен Текеден шыққалы жатқан казак-орыстың қалың қолына қарсы өздері жылжуға, алға шұғыл шолғыншы топтар жіберіп байқастай отырып, оларды түзде тосып алуға; сөйтіп, не де болса жасанған жауды ел үстіне жібермей, маң далада майдандасып көруге болатындай жағдай туып еді. Соған байланысты: «Біреп күннен қалмай жорыққа аттанармыз» – деген сөздің өз аузынан шығуы мүң екен, талайдан бері жау жарағын сайлап, жарау ат қамдап, осы сәтті ғана сарыла күтіп жүрген сарбаздар, – кәдімгі бес сұлтансиықтан жиылған қарақұрым қалың қол, – сол күннің кешінде-ақ әр жер-әр жерден көк түтінді көкке шұбатып, баяғы бабалардан қалған дәстүр бойынша, Ұран отын жағып кеп жіберді!

Бұл енді... Байбақты Сырым бастаған сұлтансиық балаларының көк темір құрсанған жаумен не де болса, «жан алысып, жан берісеміз» деп серт қылып, ақыры ауыр айқасқа бел буғандықтарының; сол үшін де жорыққа аттанғалы жатқандықтарын білдіріп, жан-жаққа хабар шашқандықтарының; мүмкіндігі бар жанашыр ағайын келсін, қосылсын деп шақырғандықтарының белгісі еді.

Тастай қараңғы түнде белгілі-белгілі биік төбелердің басынан кенет алқызыл жалыны аспанға шапшып қоя берген алапат оттардың жарығы сол күні түнімен бір бөсеңдеместен алаулады да тұрды. Алаулаған сол оттардың жарығынан төңіректегі елдер тегіс дүрлігіп, келесі күндерде осылай қарай ағылған жұрттың ат тұяғының дүбірінен дүн-дүние дүрілдеді де кетті...

Әнеугүні Сырым жол-жөнекей жан-жаққа жар шашқызыған. Іргелі-іргелі рулардың ақсақалдары мен ел ағаларын былай қойғанда, азды-көпті аты белгілі адамдарды да елеусіз қалдырмай, арнайы ат шаптырып еді. Сонысы дұрыс болған секілді... Жемнің жоғарғы жағындағы қостанып жатқан жерлері – Жағабұлақ пен Шұбаршиден енді осы наурыздың ортасы ауа Жайыққа қайтадан жөңкерілеміз деп отырғандарында жан-жақтан хабар құйылды да кетті.

«...Батыр тек Жайыққа құлар жолын айтсын! Біз Електің басы Есенбайдан аттанып, айтқан уағында, нұсқаған жерінде қосылуға өзірміз», – депті, табын Тіленші би мен таманың ағайынды Қадыр, Садыр батырлары.

«...Әрі кетсе бір аптада қасынан табыламыз! Қалайда Сырым күтсін бізді!» – деп хабар салыпты, Ойыл бойындағы

кете Көккөз, ысық Қаратау билер мен есентемір Сасықбай батыр.

Оның үстіне, бүгін таңертең сонау шалғайдағы Сам құмынан шөмішті табынның бас батыры Сатыпалдыұлы Барақ келе жатыр деген хабар жетті. Қасында қаражон табын Маман батыр, атақты Досы би, Құдайсүгір мырза; жалпақтілден Құламан мен Таламан; сазаннан шыққан Көней, Тауасар секілді талай шайқастарда сыналған сыралғы адамдары бар көрінеді. «Әйтеуір қарасы мол, тас түйін шоғыр» десті айтушылар. «Иә, Алла, талабымызды оңғара гөр!» – деп, мына хабарға тіпті қатты қуанған Сырым, бұрын көрмесе де, өзінен бір-ақ жас кіші деп сырттай еститін табын Барақтың Еділ қалмақтарымен ұрыстардағы ерліктері туралы талай әңгімелерге қанық болатын. Енді сол батырдың мына нәубет тұсында да ірілік танытып, елдің алды боп көмек қолын созған азаматтығына шын сүйсінгені соншалық, ағасы Атантай батыр бастаған үлкенді-кішілі бауырларын шақырып алып, ақылдаса келгенде бұл қолдың басшыларына Дат балалары «Дәкем ауылы» деп атайтын – аналары Дұрдананың ауылынан, сол кісі отырған шаңырақтан арнайы дәм таттырып, жорық жайын да сол жерде кеңесіп, әрі өздері де үлкен кісілерінің батасын алып аттануға ұйғарысқан. Сөйтіп, Жемнің арғы бетінде, екі-үш белес астында отырған ауылдарына жетіп, қонақ күту қамына кіріскелі жатқандарында, сонау Ұлықұм мен Кішіқұмды қыстап жатқан құдандалы елі шектіден апақсапақта тілеу-қабақтың қылшылдаған жас бағландарын ертіп, кенет еш хабар-ошарсыз Көтібар батыр кеп үстеріне ошарылды.

Сырым бұл көмекті, – сыйластықтарына сызат түсіп көрмеген құдаларының елінен келер көмек-ті, – көптен бері-ақ күтіп отырған-ды. Сол көмек ертерек келуі үшін, тіпті оларға басқаны емес, өзінің қасынан көп аса шығармайтын, тек осындай аса жауапты істерге ғана жұмсайтын атқосшысы әрі аталас інісі Рақты жіберген болатын. Олай еткені – Рақ, біріншіден, тілеу-қабаққа белгілі азамат-ты; өйткені сол елдің екі тізгін, бір шылбырын қабат ұстап отырған екеудің бірі Сары Шоңай бидің Сарыалтын деген қызын алып отырған туған күйеу баласы-тұғын. Екіншіден, Раққа оны айттырып алып берген, сөйтіп ағасы Бұлан бидің (Рақтың

әкесінің) үш аманатының бірін адал орындаған да Сырымның өзі еді.

«Шіркін, уақыт-ай десеңші... сынапша сырғиды екен ғой!». Бәрі күні кешегідей есінде... Жарықтық Бұлан би бұған байбақтының тізгініне қоса, ақ батасын да беріп тұрып:

– Шырағым, Сырым, енді саған айтар үш өтінішім бар. Соны тыңда! – деген еді-ау кәдімгідей тебіреніп. – Біріншіден, мен елге аға болған жылдарда, бұл байбақтының келіндері «Биыл биеден сүт шықпай тұр!» деп ешқашан қабақ шытқан емес; мырзалары «Тоқты арық болды-ау!» – деп арыз айтқан кезі болған жоқ. Елдің күйін осыдан төмендетпес деп, мен саған сенем! Сондықтан да ел тізгінін саған сеніп тапсырып отырмын. Ал қалған екі өтінішім – өзімнің пенделік арызым еді. Тыңдасаң, айтайын.

– Айтыңыз, аға! Айтыңыз...

– Айтсам, біз, бір аяғы жерде болғанмен, бір аяғы көрде тұрған адамбыз, шырағым! Олай-бұлай боп кетсем, сүйегімді қасиетті «Үшқан Ата» қорымына апарып қоя алар ма екенсің?!

– Уай, аға, Алла жүрім берсін дағы сізге! Алда-жалда басыңыз қисайып қалып жатса, ел емеспіз бе, бір қарттың өтінішін орындармыз! – деген бұл.

– Болды, болды... Ризамын!!! Ал, онда, үшінші айтарым; мынау Рақ – кенжем еді; жас қалып барады. Шүкір, ұрпақсыз емес екенімді білесің ғой. Өйтсе де, осы баланы ағалары емес, мына сен өз қасыңа алып, қолыңнан үйлендіріп, азамат қатарына қоссаң деп ем... – деген.

Көрі кісілерді түсіну деген – кейде қиынның қиыны. Бұл сөзді қарт би неге айтты? Не үшін айтты? – Жұмбақ! Бірақ... не де болса, сөз айтылып қалған соң Сырым бұл міндетті де мойнына алған. Ендігісі...

Өрине, бұл басқарған жылдардағы елдің жайын сол елдің өзі кейін айта жатар. Төрелігін берер бұл емес! Бірақ нақты аманаттан қиын зат жоқ екен бұл дүниеде!!! Сол жылы, қақаған қыс ішінде, расында да дүние салған қарт биді Сырым тұу қияндағы қасиетті «Үшқан Ата» қорымына өрең жеткізген. Жеткізді! Арулап қойды! Жол-жоралғысының бәрін жасады! Сонан соң қарттың соңғы аманаты мүлде есінен шығып кете жаздапты. Күндердің бір күнінде қарап отырса,.. осы Рақ кәдімгідей салауатты жігіт бо-

лып қалыпты. Қарт бидің соңғы өтініші сонда есіне сап ете түскен Сырым, Рақты аяқтандыру қамына кіріскен. Тәуба, оның да орайы оңынан келе кетті ғой... Алты аталы әлімнің бата тиген берекелі жұртының бірі – шектімен, оның ішінде батырлық пен байлық қоса біткен қабақтың Сары Шоңай, Сегізбай билерімен құда болысты. Бұрынғының айтқыштары: «Бұл әлім деген – көк теңіз, ортасы – жылым қатпайтын; сырттан келген кірмені де, сарымайдай сақтайтын», – деп, көп дәріптеуші еді. Расында да, бауыры жылы, құшағы кең, жайын жатқан жалпақ ел болған соң, исі қазақ баласын былай қойғанда, іштеріндегі қырғыз-қазақ, ноғай-қазақ деген елдерді де, олай-бұлайы жоқ, өз бауырларындай көреді екен. Сырым Сары Шоңай бимен құда болып, Рақты үйлендірген соң, сондай елмен сыйластықтарының, жақындықтарының артқаны сондай, жекжат-жұрағат арасының барыс-келісі, алыс-берісі арта түспесе, кеміген емес. Сөйтіп, тонның ішкі бауындай араласып-құраласып жүргендерінде, өзінің Сырға деген қызы да осындағы дамолла, ноғай-қазақ Қазақай ахунның Ахметжан деген баласымен көңіл жарастырып, Сары Шоңай би ауылымен Сырым екінші рет құдаласты. Бұрынғы – бұрынғы ма, сыйластық тіпті туысқандыққа айналып кеткендей болған. Сөйтіп жүрген елден – көңілдеріне әлі күнге сызат түсіп көрмеген құдаларының елінен көмекті алдымен күтпегенде, Сырым оны қайдан күтпек?! Оның үстіне, екі биге өзінің қасындағы ең сенімді атқосшысы Рақты жібергенінен-ақ, Сегізбай би мен Сары Шоңай би мұның ойға алған ісінің оңай-оспақ емес, аса қатты да қиын шаруа екенін әрі бұлардың қолдауы мен көмегіне зәру екендігін бірден ұғар... Ұғар да азаматтарын дереу аттандырар!» – деп ойлаған. Алайда құдаларынан келер көмек бұл мөлшерлеген шамадан кешіккен сықылды болған соң, біртүрлі мазасыз ойлар иектей де бастағандай еді. Сөйтіп жүргенінде, Көтібар бастаған мына қолдың сау етіп жетіп келгені – бұлтты аспаннан кенет жылт етіп күн көзі көрінгендей, көңілін жадыратып жіберді. Батыр серпіліп, сергек көңіл күй танытқан соң, өзге Байбақтылардың тіпті жаны қалмай, жайылды да түсті.

Өйткенмен, бұл енді бейбіт күндегі сән-салтанатпен құда күтіп, қонақ сыйлап, арқа-жарқа боп жататын кез емес-ті. Бірақ қуанышқа қуаныш қосылып, жорыққа аттанғалы

жатқан аламанның да, жалпы елдің де еңсесін бір көтеріп тастады. Көңіл көкке шырқап кетті.

Сол қуаныш үстінде бұл қолдың да басшылары әуелі осы елдің ағаларына кеп есендескен. Сырым байқап қараса... қолды бастап келген қарабас қабақ Бәсенұлы Көтібар мен оның жақын туысы – айтулы батыр Арыстан (Тінәліұлы) болғанда, әлі отызға да толмаған бұл сүлейлердің соңынан ергендер – сол елдің солқылдаған мырзалары мен таудантастан жүрегі қайта қоймаған кілең жас жігіттері екен.

Араларында жомарттығын жұрт тамсана айтып тауыса алмайтын, сақилығымен атағы дүйім елге ерте жайылған Достан мырза да бар болып шықты.

Ал енді мына бір түбіт мұрты тікірейген, жастығына қарамай өңі сұп-суық, еңсегей бойлы, қиғаш жауырын жігіттің кім екенін сұрап еді.

– Сырым құда, Сіз бұрын көрмеген шығарсыз... бұл бір біздің қайраулы қара қылышымыз, шекті ішінде тата қырғыз, Едігеұлы Қайдауыл деген ініңіз болады, – деп, желпілдетіңкіреп таныстырды Көтібар. Атақ-даңқтары берісі байұлына, әрісі Алшынға белгілі адамдардың алдында ағаларының көптіріңкіреп, көтеріңкіреп жібергеніне жас жігіт қысылып қалар ма екен деп, оны ұялтқысы келмеген Сырым көз қиығын ғана жүгірткен. Бірақ... оған былқ еткен Қайдауыл «баланы» көре алмады. Керек десеңіз, ағаларым асыра мақтады-ау, яки менің бойыма сыймас сөз айтты-ау деп ыңғайсызданғаны да байқалған жоқ. Сірә, туасы мінезі ауыр әрі өз шамасын өзі жақсы білетін жігіт болса керек, қаңтарда жараған жас бурадай қатыңқы қабағы түксиіп, жан-жағына түнере қараған күйі, түйіле түсіп үнсіз отыр.

– Е-е, Қайдауыл батыр де!.. Жарайды, жарайды! Қайдауыл болса, о дауыл болсын, бізге де сол... өртке тиген дауылдай, дүшпанды дүркіретіп айдар ер керек! – деп, Сырым да қонақ жігітті демеп қойды.

Ал мынау дөңгелек қара сақалды, сұлу қияқ мұртты, аса көркем тігілген құндыз бөркі қызыл шырайлы жүзіне құп жарасқан сақа жігітті Сырым өзі-ақ жазбай таныды. Бұл – осыдан он шақты жыл бұрын, жиырманың үстіне енді шыққан кезінде-ақ, Орынбор генерал-губернаторы Рейнсдорптың фәрменімен әлім дуанының серқатибі болып тағайындалып,

келер жылы мұсылмандардың Қазандағы үлкен жиынында мүфтиятқа мүшелікке сайланған санаулы қырық жеті адамның бірі, қазақтан шыққан тұңғыш мүфтият мүшесі Дәули Қаражігіт молда еді.

Сырым оны алғаш рет сол Қазан сапарынан қайтып келе жатқан бетінде, Орынборда, Нұралы ханның Тойғара деген қызын алып отырған, сондағы Дуддут маһкамасында қызмет істейтін хан күйеуі Нұрмұхамед қожаның үйінде көрген-ді.

Күллі Кіші жүз қол берген пірдің – Әбужәлел қожаның баласы Нұрмұхамед, алыс сапардан абыройлы келе жатқан бұл азаматтың – Қаражігіттің құрметіне қонақасы даярлатқан екен. Меймандар басы құралып бола берген кезде:

– Ал енді құрметті қонағымызбен білісе отырыңыздар. Ол – мынау төрде отырған Қаражігіт Бектау баласы дейтін бауырларыңыз! Сүйегі – әлімұлы. Алты аталы әлім ішінде, әкесіне мың үй тігіп ас беріп, қалың елдің батасын алатын, атақты шектінің ұрпағы. «Баталы құл арымас» деген... Аталарының елден алған сол батасының шапағаты тиді ме, дәл қазір Қаражігіт мырза бұрынғы-соңғы қазақ баласының қолы жетіп көрмеген дәрежеге ие болып, мұсылмандардың Қазандағы үлкен жиынында мүфтиятқа мүшелікке сайланып келе жатыр», – деп таныстырды оны.

Жас болсын, жасамыс болсын, осы жұрттың жақсысы мен жайсаңының бәрі – Алаштың жақсысы мен жайсаңы; олардың абыройы – күллі Алаш баласының абыройы деп білетін Сырым би мына сөзге елең етіп, уыздай жап-жас жігіттен көз айырмай, сол қонақтықтан қайтқанша оған әрі сынай, әрі сүйсіне қараудан бір танбаған-тұғын. Сонда қатты риза болған жері әрі іштей қызыққаны – ілуде біреудің ғана басына қонатын осындай орасан зор абырой иесі боп келе жатқанына да, елдің игі жақсыларының бәрі бір өзіне ғана құрмет көрсетіп, бір өзін ғана алқалағанына да қарамастан, жүзінен нұр төгіліп тұрған мына жап-жас жігіттің бойынан не бір мақтанның, не бір астамшылықтың нышаны байқалмай, тақуа да инабатты қалпынан еш танбағаны еді. Шынын айтса, Сырым би сол жерде сүйсініп қана қоймай, қатты таңқалған-тұғын. Таңқалмай да қайтсін-ау, жұрттың көріп жүргені – анау тұрған Теке, осы Орынбор, әрі кетсе Үпе! Соған да әлдеқандай болып жүр. Ал мына жігітке қараса, жас басынан-ақ Самарқан мен Бұхарды, Хиуа мен

Үргенішті адақтағанымен қоймай, сонау жақтағы Шорахан Темірді, мына жақтағы Қазанның қара қаласын, түү қияндағы Ыстамбұлды түгел шарлаған. Шарлап қана қоймаған, жүрген жерлерінен көрген-баққанын көңіліне қазына қылып түйе берген. Не жайында сұрай қалсаң да, суша ағып тұр. Мүдірмейді. Кідірмейді. Өрі ойы орнықты, сөзі салмақты-ақ...

Кейін сұрастырса, мұның алғашқы ұстазының өзі – әуелі Дағыстанда, сосын Ыстамбұлда оқып білім алған, ақырысында әлдеқандай бір себептермен дәм айдап осы елге келген ноғай-қазақ Қазақай ахун екен. Өсілі, жас басынан дұрыс оқығанның, мектеп-медресе көргеннің жөні бөлек болады екен ғой. Оның үстіне, Құдай зердесін зерек етіп жаратқан жанға дауа бар ма?! Сырым бұл елмен құда болысқан соң, Қаражігіт туралы тіпті көп әңгімені кейінірек естіді.. Сөйтсе, баласын молдаға жетектеп апарған мұның әкесі Бектау қарт та жұртқа ұсап: «Хазірет! Бұл баланың сүйегі – менікі болғанмен, еті – сіздікі... Қамырдай илеп, қалайда адам қылып шығаруды Алла алдында өзіңізге аманаттадым», – деп, басы бүтін тапсырып кеткенмен, өзге балалардан мүлде бөлекше мінезімен де, айтқанды қағып алатын алғырлығымен де ерекшеленіп, оқуын тамамдағанша молдадан бір шыбық жемей кеткен жалғыз бала осы болыпты. Ең үздік шәкірт те осы болған! – деп, елі әлі күнге аңыз қылады екен. Мына отырған – сол Қаражігіт Бектау баласы... Алаштың белгілі азаматы. Бүгінде жекжаттығы тағы бар. Сырымның қызы Сырғаны әлгі Қазақай ахунның баласы Ахметжан алып отырса, сол Сырғаның туған қайынбикесін – Қазақай ахунның қызы Ұрқияны осы Қаражігіт алып отыр.

Қалай болғанда да бөтендігі жоқ азаматтың келісі – келіс-ақ қой; бірақ мына келісінде бір нәгүмәндау жер бар сықылды көрініп, сол көңіліне түйткіл ұялата берген соң, Сырым батыр шыдай алмай:

– Иә, молдеке, жауға аттанбақ жұртпен бірге Сіз де келіп қалыпсыз. Оң сапар болсын! – деген оған бір әредікте.

– Өлей болсын!

– Сәттілігі бірге болсын! – деп, сөзін жұрт аяқтатпай, жамырасып кетті де, гуіл басыла бергенде ғана айтар ойының арнасына батыр әрең оралды: – Бірақ... мен сіздің

мына жүрісіңізге түсіне алмай отырмын! Бұл жүрісіңіз – қай жүріс?! Сіздің мүбәрак қолыңызға қылыш емес, қалам лайық секілді еді ғой. Өрі... жауға аттанардай, үстіңізден жарағыңызды да көре алмай отырғаным... – деді, Қаражігіттің үсті-басына бажайлай қарап.

Шынында да, Қаражігіттің жауға шабар кісі сияқты емес, құдалыққа келе жатқан адамдай салтанатты да сәнді киінгенін; оның үстіне, дөңгелек қара сақалын да, сұлу қияқ мұртын да жаңадан бипаздап бастырғанын; тіпті басындағы көркем тігілген құндыз бөркін де жұрт жаңа ғана аңдағандай, аңтарылып қалған. Бөрінің де көзінде: «Расында, мына кісінің бұл келісі – қай келіс?!» – деген сұрау түр еді.

Көпшіліктің сол таңданысын тарқатқысы келгендей, сөзді Қаражігіттің өзі төтесінен бастап кетті:

– Дұрыс айтасыз, батыр! Өркімнің өзінің Алла жаратқаннан икемі бар ісі болатыны ақиқат қой. Бірақ... оған мына заман қаратып отыр ма?! Біздің қолға «қылыштан гөрі қалам лайық еді ғой» дегеніңізбен, ғайри жұрттар озбырлық істеп, халқыңа қарсы қарулы әскер шығарып отырғанда, оған қарсы қайрат қыламын деген ерді қолдамай, тым кұрыса, соның қасынан табылмай, қалай тыныш жатарсың?! Сіздің сәлеміңіз құлаққа тиісімен, жаныңызға жалау боламық деп жеткеніміз – осы!

Ал енді... үстімізден сауыт-сайман, бойымыздан бес қаруды көре алмай отырсаңыз, оған да таңданбаңыз. Батырдың артынан ергеннің бөрі – арыстан, жанынан табылғандардың бөрі – жолбарыс бола бермейді. Біз де соның біріміз... Бірақ өзіміз шаппасақ та, шабатын мына Көтібардай бауырымыз бар, – деп; ең бастысы – Алаштың арға шабар өзіңіз секілді азаматының артында мыңдаған ниеттесі, түмен-түмен тілеулесі тұрғанын білдірейік деп келдік. Шынын айтар болсақ, мұндайда: «Иман келтіргендердің бөрі бірдей жорыққа аттануы шарт та еместігі» Құран Кәрімнің «Тәубе» сүресінің бір жүз жиырма үшінші аятында анық көрсетілген. Алайда адам баласы тарихтың ащы сабағынан тағлым ала білуі де керек. Мынадай кезде, ең болмағанда қараңызды көбейтіп, қасыңыздан табылмасақ, жасыратын несі бар, қасиетті Құранның сол «Тәубе» сүресінде айтылатындай, пайғамбарымыз (саллалаһу ғалейкум ас-салам) Тәбүк соғысына аттанарда төбе көрсетуге жарамай, артынан көп өкініп кешірім

тілеген сахабалары Көгап, Хилал, Марараларға ұқсап, біз байғұстар да Сіздің, – Сіздің ғана емес-ау, күллі ел-жұртымыздың бетіне қарай алмай, қара жерден кірерге тесік таппай қалармыз деп келіп отырмыз.

Көп айта беретін несі бар, Өзіңіз де берісі – байұлы, әрісі – алшынға белгілі Сырым бисіз ғой, Сізді сөзбен суғарудың қажеті болмас. Тоқетері: қол көмегіміз – мына Көтібар бастаған бауырларымыз болса, ал сіздермен бірге жорыққа аттана алмай отырған ағайындарымыздың атынан айтарымыз: осы жолыңызға не керек? Аламаньыңызға қанша ат-көлік қажет? – мына Достан мырза екеуміз соның бәрін өз мойнымызға алғалы отырмыз! Солай ма, Достанжан?! Дауысыңды көтеріңкіреп, мына жұртқа «Е!» деп қойсаңшы! – деді Қаражігіт.

– Иә, сол сөз – сөз ғой! Тек батыр мұны «Шектілер сыйластық үшін, сыпайылық жөнімен ғана айтып отыр» демесін... Ал ойда жоқта айтылған әңгіме болды-ау, ойлана алмай қалдық-ау! – десе, жауабын ертеңдері берсе де болады. «Уәде – Құдай аты» деген. Не айтса да, біз, иншалла, бұлжытпай орындармыз деп үміт етем! – деп қана тоқтады Достан мырза.

– Бөрре-кел-ді, бөрекелді! Мына ықыластарыңыз ішпей-жемей тойдырды бізді! Ойнап айтсақ та, ойымызда он-сан сауалдың тұрғаны рас еді. Кәдімгідей күшімізге – күш, жігерімізге – жігер қосып, көтеріп тастадыңыздар. Рақмет, сіздерге! – деді Сырым енді шынымен жадырап.

Батырдың өзі көңілденген соң, сол жерде отырған сұлтанықтың өзге үлкендері де мәз болып:

– Иә, рақмет, құдалар! Алла Тағала енді тек ниетімізді қабыл етіп, бәріміздің де ортақ талабымыз оңғарылғай! – десіп гу ете түскен.

Бұдан соң екі жақ та риясыз көңілмен шүйіркелесті де кетті. Өшейін көзтаныс адамдардың өзі бір-бірімен ескі достарша қауқылдасып, әжік-күжік әңгіме басталды... Біреулер естен шыға бастаған ескі таныстарын, әлдебіреулер баяғыдан хабарсыз кеткен жекжат-жұрағаттарын сұрастырып, егде тартқан тарландар ертеректе үзеңгілес болған, қиын кезде қолтықтарынан демескен қанды көйлек серіктерінен кім бар, кім жоғын тәптіштеп жатты. Арасында Сырымның өз бауырлары мен келін-кепшіктері де сыртқа шыққан жүзтаныс «құда балалардың» қайсыбірін оңашалап алып келіп, «жер

түбіне кеткен қыз» Сырғаның жай-жағдайын, отбасының амандығын, тіпті кішкентайларының қайсысы қандай болғанына дейін ежіктеп сұрап, мәре-сәре болысты. «Жақында барып қайтқан Рақтан өздерің де естіген шығарсыңдар», «Бәрі жақсы..», «Аман-сау жүріп жатыр...» дегенге қарамастан, қартаң тартқан кейбір әйелдер бір сұрағанын қайта сұрап, баяғыда ұзатылып кеткен қыздың хабарына бола, көздері боталап мөлт-мөлт етіп отырды.

Сол күні кешкісін Барақ бастаған шөмішті табынның қалың қолы да келіп жеткен-ді. Бұл қолдың да басты-басты адамдары осы ауылға әкелініп, алдын ала өздеріне арнайы тігілген жеке үйде қонақ етіліп, құрмет көрсетілді.

Ертесіне батырлар оңаша кеңес құрып, жорық жайын біраз сөз етіскен. Бірақ пәлендей бөгде ой айтылып, бұра тартқан ешкім болмаған соң, жұрт көп дауға салмай, ортақ пәтуаға тоқтасты ма, әйтеуір, өзге қолдардың келуін күтпестен, келесі күні елең-алаңда жер қайысқан ауыр қол Жем бойынан дүрк көтеріліп, терістікке қарай тартып бара жатты...

Ғалым пікірі

«Тар кезеңді» аса зор ықыласпен оқып шықтым. Ел тәуелсіздік алғаннан бері тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар аз болған жоқ. Тарихи роман әрбір жазушыдан аса үлкен дайындықты, зор жауапкершілікті талап етеді.

Әуелі, Екатерина патшайым тұсындағы орыс тарихын егжей-тегжейлі зерттепсіз.

Бұл – орыс тарихшылары егжей-тегжейлі жазған тақырып. Менің бір байқағаным: Сіз Кеңес дәуіріндегі зерттеулермен шектеліп қалмай, кейінгі 20 жыл ішінде ресейлік тарихшылар ғылыми айналымға қосқан жаңа еңбектерді де зерделеп шығыпсыз.

Екіншіден, Екатерина заманындағы Санкт-Петербург тарихын, тіпті оның архитектуралық кескін-келбетіне дейін жан-жақты зерттегеніңіз көрініп-ақ тұр.

Үшіншіден, патшайым билік құрған тұстағы орыс қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайы, әскери күш-қуаты, империя саясатына әсер етуші күштердің ара салмағы, фа-

воритизмнің жай-жапсарына дейін мұқият қарастырып, көз майын тамыза талай кітаптарды ақтарғаныңыз айқын аңғарылады.

Төртіншіден, орыс-түрік соғыстарының тарихын тым терең қазбаламасаңыз да, көзіқарақты оқырман бірден байқайтын қалың бояу, әсерлі штрихтармен мәселенің түп-төркінін аша білгенсіз. Жалпы, романның бұл қырын қазақ прозасына Сіз әкелген тың тақырып ретінде бағалауға болады.

Бесіншіден, Қырым хандығының құлауы ғана емес, Ноғай ордасының ыдырауы, Қазан, Астрахань хандықтарының, Терістік Кавказ жұртының, тіпті Грузияның отарлануы да назарыңыздан тыс қалмапты.

Алтыншыдан, Сіз роман арнаған кезең Кіші жүз қазақтарының ғана емес, жалпы Қазақ қоғамы үшін өте күрделі кезең болып табылады. Бұл туралы ғылыми пікірдің өзі де өлі бір жүйеге түсе қойған жоқ. Тақырыпты меңгерген тарихшы ғалым ретінде Нұралы хан билік құрған кезеңге Сіз берген көркемдік интерпретацияға толық қосыламын.

Жетіншіден, Нұралы ханның өзі – өте қайшылықты тұлға. Атам қазақ айтса айтқандай-ақ, «жақсы өкенің аруағы жаман ұлды 40 жыл сақтаса», тура Нұралыны Әбілқайыр хандай өкенің аруағы хандық билікте түп-тура 38 жыл сақтаған екен. Сондықтан Нұралы ханның Сіз сомдаған образы да ащы да болса ақиқат шындыққа негізделген деп ашық айта аламын.

Сегізіншіден, романда қанша отаршы болса да шведтің ақсүйек тұқымынан шығып, бекзат болмыс-бітімін сақтаған Игельстром сияқты жаңашыл тұлғаның образы да барынша шынайы сомдалған.

Тоғызыншыдан, Сырым батыр мен оның төңірегіне топтасқан Кіші жүздің игі жақсыларының портреттік галереясы да өте сәтті шыққан. Романның байыпты, байсалды стилі де өте ұнады. Ұмытыла бастаған көптеген көне сөздерді тірілтіп, өзгеше реңкте орнымен қолданғаныңыз да сәтті шыққан.

«Тар кезең» тәуелсіздік тұсындағы қазақ тарихи прозасының ешбір талассыз үлкен табысы деп білемін.

Құрметпен, Мұхтар Құл-Мұхаммед

Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



2-тапсырма. Роман кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктеріне назар аудар. Романның не себепті «Тар кезең» деп аталғанына түсініктеме бер. Үзіндіге композициялық-сюжеттік талдау жаса.



3-тапсырма. Кейіпкерлер сөйлеген сәттегі психологиялық мінездеріне назар аудар. Олардың ішкі ойы мен сыртқы бейнесін салыстыра отырып, психологиялық портрет жаса.



4-тапсырма. Үзіндіні тыңдап, кейіпкердің ішкі психологиялық тебіренісі қандай сөздер арқылы берілгенін тауып, жеке сөздерге мән бере отырып талдаңдар. **Уақыты – 15 минут.**



5-тапсырма. Үзіндіні тыңдап, Сырым батырдың сыртқы бейнесіндегі өзгерістерді білдіретін сөздерді теріп жаз. **Уақыты – 15 минут.**



6-тапсырма. Берілген үзінді бойынша шығарма идеясын анықтаңдар. Не себепті Сырым батыр қазақ руларының басын қосып, жорыққа дайындады?

Сол ширығу үстінде ол осы жолы не де болса ата жаумен аянбай айқасып барып өлуге біржола бел буган-ды. Иә-иә, айқасып барып өлуге бел буган! Айқасы айқас қой. Ал «өлімі» несі? Неге ол тек қана өлуге тиіс?! Қырық жыл қырғын келсе де, ажалды ғана өлмей ме?! Ол арасын мүлде ойлаған да жоқ. Асылы, зіркіреген зеңбірегі, оқпанынан оқ бораған от қаруы бар орыстың ендігі жерде қылыш- найзалы қазаққа жеңгізбейтініне көзі жеткендіктен, қаншама «бөрі арығын білдірмес»... деп, сыртқа жүнін дүрдиткенмен, көшпелі елдің басынан бақ-дәреже баяғыда-ақ ауганын басқа білмесе де, бұл жақсы түсінетіндіктен солай ойлаған шығар; өлде қару-жарағы сайма-сай баяғы Пугаш батыр* да андыздаған патша әскерімен үш жыл бойы табандап соғысқанда түк бітіре алмағанын өз көзімен көріп, үміті үзілгендей ме, әйтеуір, батыр Сырым осы жолы тіпті де жеңу-жеңілу туралы емес, неге екенін кім білсін, тек аянбай соғысу... соғысып барып өлу туралы ғана ойлады.

Иә-иә, аянбай соғысу, сосын... өлу туралы ғана!



7-тапсырма. Автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне баға бере отырып, берілген үзінділерді талда. Белгіленген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашып түсіндір.

Үзінді	Автордың кейіпкерге көзқарасы	Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы
<p>Генерал-фельдмаршалдың лауазымы естілер-естілместен-ақ тұла <u>бойы дір етіп</u> орнынан атып тұрған барон Игельстром (өзі бағанадан бері осы бір ауыз сөзді ғана <u>күтіп отырған</u> Игельстром), бүкіл өмірі әскерде өтіп келе жатқан адамдарға төн әбжілдікпен <u>сымдай тартылып тұра қалды</u> да, «шақырып жатыр» деген сөздің мағынасы санасына жеткенде, паркет еденді етігінің темір нөлімен <u>тесіп жіберердей тақтақ басып</u> барып, қаусырмалы биік есіктің алтындаған тұтқасынан <u>қалай ұстай алғанын аңдаған да жоқ.</u></p>		
<p>Бұл енді.. осы сәттен бастап, тынымсыз жортуыл күн кешуге біржола <u>бел бұған</u> кісінің сыңайы еді. Жұрт соны ұқты. Иә-иә, бұл енді... бұрын да талай-талай жорықтарға қатынасқан, сан мәрте қалмақпен қидаласып, сан рет башқұртпен барымталасқан, олар түгілі, оғы қардай бораған <u>от қарулы орыспен</u> де жан алысып, жан берген небір шайқасқа кіріп, қақырғанда қан түкірген, бірақ ешқашан <u>рухы жасып, жігері мұқалмаған</u> мүлде басқа адам тұғын. Бұл – би Сырым емес, батыр Сырым-ды.</p> <p>Кеше ғана, қасында тұрған мына кісілерді өз үйінде ту бие сойып қонақ қылған, төріне шығарып, төбесіне көтерген осы Сырым ба, жоқ әлде басқа біреу ме – тап қазір оны адам танымастай... <u>Түсі сұп-суық.</u> Сесінің</p>		

<p>өзі-ақ жұртты оған еріксіз бойсұндырып, байлап-матап тастаған. Дәл осы сәтте ол не айтса да, мына ел, қалың ағайын, оның сөзін екі етпеуге қайыл еді.</p>		
<p>Өз мысалым ...</p>		



8-тапсырма. Хрестоматияндағы роман үзіндісін оқып, жер-су атауларын теріп жазыңдар. Картаны пайдаланып, Сырым батыр бастаған көтеріліс аймақтарының ерекшеліктері туралы шағын хабарлама дайындап, топта қорғаңдар.



9-тапсырма. Автор стиліне сүйене отырып, Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің тарихилығы туралы таныстырылым дайындаңдар.



10-тапсырма. Романның жазылуы мен ерекшелігіне, тарихилығына берілген әдеби сын зерттеулерге сүйене отырып, шағын сын мақала дайында.



11-тапсырма. «Тар кезең» романының тілдік және стильдік ерекшелігін талда. Автордың негізгі идеясы қандай суреттер арқылы ашылғанына тоқталып, тарихилығына заманауи тұрғыда баға бер.



12-тапсырма. Романның негізгі идеясын ғаламдық тұрғыдан талда. Романда көтерілген мәселененің шешімі мен жазушы ұстанымын әдеби эсседе ашып талда.

ГЛОССАРИЙ

Автор (латын. auctor – жаратушы, негізін қалаушы) – өнертануда, философияда эстетикалық, сондай-ақ мәдени-өлеуметтік категория ретінде қарастырылатын ұғым. Қазіргі өнертануда, әдебиеттануда қалыптасқан түсінік бойынша Автор – өнер туындысын жасаушы, қаламгер, өз шығармасы арқылы өзінің дара көркемдік танымын әйгілейтін шығармашылық тұлға. Автор категориясы шығармашылық қабілет, шығармашылық даралық, дара дүниетаным, этикалық, эстетикалық принцип, өмір тәжірибесі секілді ұғымдар ауқымында талданады.

Ақын – поэзиялық туындыларды, өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік дәстүрлерін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері. Ақын деген ұғымның жырау, жыршы, өлеңші сияқты ұғымдардан ауқымы кең, ол солардың бәрін қамтиды. Ауыз әдебиетінде Ақын өлең, жыр-дастандарды шығарушы да, айтып таратушы да болған.

Аңдату (грек. prologos – алғы сөз) – әдеби шығарманың беташары секілді, негізгі уақиғаға тікелей қатынасы жоқ кіріспе бөлігі. Мұнда, әдетте, негізгі уақиғаның бағыт-бағдарын алдын ала аңарту мақсатымен бұрынырақ болған кейбір жайлар баяндалады.

Аралас буынды өлшем – қазақ поэзиясында ұзынды-қысқалы өртүрлі тармақтар шумақ ішінде белгілі тәртіппен реттесіп келетін өлең өрнегі, Абайдың «Бай сейілді» сияқты өлеңдерінен бастап орныққан төрт буынды тармақпен жеті-сегіз орынды тармақтар араласып келетін өлең үлгісіне жатады. Сондай-ақ Абайдың «Сегізаяқ», «Сен мені не етесің» атты өлеңдерінде қолданылатын күрделі өлең өрнегі де аралас буынды болып келеді.

Архитектоника (грек. architecton) – әдеби шығарманың біртұтастығы, бүтіндігі, басты құрамдары мен жеке бөліктерінің сәйкестігі, үйлесімділігі. Бұл ұғым алдымен сөзлет өнеріне байланысты қалыптасқан, ғимарат, құрылыстың сәнділігі жеке бөлшектерін бір-бірімен үйлестіріп, қиюластыру шеберлігіне саяды. Әдебиетте композиция деген ұғыммен қатар қолданылады. Композиция шығарманың

құрылымы, жеке бөлшектерінің өзара түзілісін түгел қамтиды десек, Архитектоника шығарманың құрылыс-бітімінің негізінен тұтастығы, бүтіндігі, құранды бөліктерінің жарасым, үйлесім табуы.

Әдебиеттану – сөз өнерін, тарихи-әдеби процесті, әдебиет дамуының заңдылықтарын, көркем шығармаларды, жазушылардың шығармашылық ғұмырнамасын зерттейтін ғылым.

Әдеби байланыс – ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы. Әдеби байланыс нышандары жазушының қалыптасқан әдеби дәстүрлерге табан тіреуінің нәтижесінен, сондай-ақ тамырлас әдебиеттердің арасындағы типологиялық ұқсастықтан туындайды.

Әдеби мұра – көркем әдебиеттің, сөз өнерінің өткен дәуірден қазіргі заманға жеткен туындылары. Әдеби мұра – халықтың әртүрлі тарихи кезеңдегі мәдени өресінің, әлеуметтік хал-жайының, тілдік, эстетикалық талғамының айғағы.

Әдебиеттің қоғамдық мәні – көркем әдебиеттің халық өміріндегі атқаратын міндеті, танымдық, тәрбиелік, көркемдік маңыздылығы. Танымдық сипат жағынан алсақ, әдебиет бұрын-соңғы тарихтан ұшан-теңіз мағлұмат беріп, қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың ой-қиялын, арманын, сана-сезімін танытады.

Әдемілік, әсемдік (прекрасное) – эстетикада қолданылатын негізгі бір ғылыми ұғым, ғылыми категория, өмір-болмыстағы, көркем өнердегі адамның эстетикалық биік талғамына толық сәйкестік танытып, эстетикалық ләззат беретін нәрселер, құбылыстар деген мағынаны білдіреді.

Баяндаушы бейнесі – әдеби шығармада оқиғаны әңгімелеп айтушы, сол оқиғаға қалайда қатысы бар, болған жағдайларда өз көзімен көрген адамның тұлғасы. Баяндаушы шығарманың басты кейіпкері болуы сирек кездеседі, бірақ қалайда айтылатын жайларды білген-көрген, басы-қасында болған адам ретінде көрінеді.

Бейнелеу құралдары – әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады. Бей-

нелеу тәсілдері, әрине, бұдан әлдеқайда кең, мол. Кейіпкерлерді мінездеу, сөйлету, портрет жасау, табиғат көріністерін суреттеу, уақиғаны өртүрлі өрістету – осының бәрінде бейнелеу тәсілдері қолданылады. Әдеби тілдегі сөз байлығы – түгелдей бейнелеу құралы.

Көркем шындық – өмір шындығының жазушының ой елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркем шындық өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, оған жазушы өз қатынасын білдіру арқылы туады.

Жанр (французша *genre*, латынша *generis* – түр, тек) – өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі. Жанрлық жіктелім әрбір өнер түрінің ерекшелігіне байланысты өзіндік жанрлық жүйе құрайды. Мысалы, әдебиетте айтыс, проза, лирика, драма т.б. жанрлар бар. Солай бола тұрғанмен барлық өнер түрі үшін ортақ жанрлық жіктелім үрдісі бар, сол үрдіс әр өнер түрінде өзінше көрініс табады.

Өлең құрылысы – өлең сөзде қолданылатын өлшем-өрнектердің жасалу жүйесі, оның ырғағына, дыбыс үндестігіне тән ерекшеліктерді белгілейтін негізгі шарттар мен заңдылықтар. Өлең-жырдың күнделікті айтылатын жай сөздерден, қарасөзден басты айырмасы – ол мөлшерлі жеке жолдарға, яғни тармақтарға бөлінеді. Өлең сөзге тән ырғақ, міне, осы тармақты қолдануға байланысты. Өлеңдегі сөйлемдер әдетте бір немесе бірнеше тармақтар көлеміне шақталып жасалады.

Поэма – эпос жанрының бір түрі; белгілі бір оқиғаны, адам тағдырын, заман шындығын эпикалық не лирикалық үлгідегі өлеңмен сипаттайтын көлемді поэтикалық шығарма.

Символ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символда бір затты, нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады.

Термин (латын. *terminus* – шек, шеті, шегарасы деген мағынада) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әр ғылымға аса қажетті басты ұғымдарды, негізгі ұғымдар жүйесін дәл анықтап беретін

сөздерді – қалыптасқан терминдерді орнымен қолданудың үлкен танымдық мәні бар. Әдетте, тілдегі қандай сөз болсын, көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздік мағынасы тұрақты, айқын болуы қажет. Сондықтан термин сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады.

Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер, туынды мағыналы сөздер, құбылту түрлері аз емес. Олардан теңеудің айырмасы мұнда салыстыру тура, айқын көрінеді.

Шарықтау шегі – көркем шығармада оқиғаның әбден шиеленісіп, шегіне жетіп өрістеген кезеңі. Әдетте, шығармадағы оқиға желісінің өрбіп-дамуы бірнеше кезеңге бөлініп қарастырылады. Оқиға желісінің, яғни сюжеттің басталуы, өрістеп шиеленісе түсуі, шарықтау шегі, аяқталуы – әрқайсысының атқаратын міндеті өзгеше болып келеді, өзіндік сипат-ерекшеліктері болады.

Шиеленіс – сюжеттегі тартыстың кезеңі, оқиғаның алғаш шиеленісе бастаған кезеңі. Шығармада қандай да бір оқиға баяндала бастағанда алғашқы эпизод-суреттемеде-ақ тартыстың неден басталатындығы анықталады. Кейіпкерлердің іс-әрекетінен олардың өзара қарым-қатынасы айқын сезіліп қалады.

Шоқантану – әдебиеттану, тарих, этнография секілді бірнеше ғылымға ортақ дербес зерттеу саласы, Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына арналған әр алуан тақырыптағы зерттеу еңбектерді қамтиды.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
ӨДЕБИЕТТЕР:**

1. *Сыдықов Е., Артықбаев Ж.* «Өнет баба: ғұмыры мен заманы». – Астана: Фолиант, 2017. – 256 б.

2. *Әуезов М.О.* «Шығармаларының елу томдық толық жинағы», 7-том. – Алматы: Дәуір, 2014. – 504 б.

3. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ө. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 б.

4. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.

5. *Келімбетов Н.* «Ежелгі әдеби жәдігерліктер». – Астана: Фолиант, 2004. – 480 б.

6. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Екінші кітап. (Құраст: А.Қыраубаева). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.

7. *Ахметов З.* «Өлең сөздің теориясы». – Алматы, 1973. – 208 б.

8. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.

9. «Қазақстан жазушылары» анықтамалық. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 480 б.

10. *Жолдасбеков М.* «Асыл арналар». – Алматы: Жазушы, 1990. – 352 б.

11. *Байтұрсынов А.* «Әдебиет танытқыш». – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

12. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды), 2 томдық. – Алматы, 1991. – 496 б.

13. «Айтыстану» ғылыми жинақ. – Астана: Жалғас-print, 2013. – 420 б.

14. «Әдебиеттану» терминдер сөздігі (құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

15. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ө. Нысанбаев/. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
16. Жетісу энциклопедиясы. – Алматы: Арыс, 2004. – 712 б.
17. «Қазақстан жазушылары» анықтамалық /құраст. Қамшыгер С., Жұмашева Қ. – Алматы: Ан Арыс, 2009.
18. *Мұхамедханұлы Қ.* «Абайдың ақын шәкірттері». 2-кітап. – Алматы: Дәуір, 1994. – 336 б.
19. *Әуезов М.* «Абайтану дәрістерінің дереккөздері». – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
20. Өріп Тәңірбергенұлы. Шығармалары: өлеңдер, айтыстар, қисса-дастандар. /Құраст. В. Ердесбеков/. – Алматы: Информ-Арна, 2006. – 520 б.
21. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
22. *Қойгелдиев М.Қ.* «Кенесары – Наурызбай» дастаны: уақыт тезінен өткен жыр. – Астана: «Mangi El» журналы, 2013, №9
23. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 9-том. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 998 б.
24. *Қабдолов З.* «Таңдамалы шығармалар». II-том. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2003. – 528 б.
25. *Майтанов Б.* «Қазақ романы және психологиялық талдау». – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
26. *Пірәлиева Г.* «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері». Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
27. *Жансүгіров І.* Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004.
28. *Майлин Б.* «Өңгімелер». – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 368 б.

29. *Мүсірепов Ф.* «Таңдамалы». Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1980. – 584 б.

30. *Айбергенов Т.* Өлеңдер жинағы. – Алматы: Атамұра, 2003.

31. *Оңғарсынова Ф.* «Дауа». – Алматы: Атамұра, 2013.

32. *Айтұлы Н.* «Шығармалары». Өлеңдер мен поэмалар. – Астана: Фолиант, 2014. – 336 б.

33. *Бітібаева Қ.* «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» (оқу құралы). – Семей, 2007. – 120 б.

34. Тренерге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2012. – 314 б.

35. *Рудик Г.А.* «Ой еңбегі мәдениеті немесе оқудың 101 техникасы». – Қостанай, 2010.

36. *Ақтанова А., Бешімбаева Қ.*, «Білім алушының тілдік күзінеттілігін жетілдірудегі критерийальды бағалау жүйесі». – Семей, 2012. – 68 б.

37. *Жоламанова Т.* «А. Байтұрсынов шығармаларын оқыту жолдары». – Көкшетау, 2011. – 116 б.

38. Өдебиеттану терминдер сөздігі. Үшінші басылымы. – Семей-Новосібір, 2006. – 398 б.

39. *Жұмалиев Қ.* «Өдебиет теориясы» орта мектептің жоғары кластарына арналған құрал. – Алматы, 1969. – 243 б.

40. *Мәшһүр-Жүсіп Қуандық.* «Өдебиетті оқыту мәселелері». – Павлодар, 2011. – 466 б.

41. *Әлімов А.Қ.* «Интербелсенді әдістемені ЖОО-нда қолдану мәселелері». – Алматы, 2013. – 448 б.

42. Руководство по работе в группе. Ресурсы программ курсов повышения квалификаций педагогов общеобразовательных школ РК. – Астана, 2012. – 210 б.

43. *Мирсеитова С.* «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде». – Қарағанды, 2011. – 229 б.

44. Жақсылықова Г., Каженова А., Исмагилова Н. «Интербелсенді әдіс-тәсілдер». – Өскемен, 2014. – 212 б.

45. Жақсылықова К., Тайтанова Н., Кемешова А. «Қалыптастырушы бағалауды қолдану бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілігін арттыру» әдістемелік құрал. – Алматы, 2016. – 64 б.

46. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. /Жалпы редакциясын басқарған Е. Арын/. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 482 б.

47. «Қазақәдебиеті» хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралы. /Құраст: Ү. Асыл., Т. Жұмажанова т.б./ – Алматы: Мектеп, 2009. – 352 б.

48. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы: бағдарламадан күтілетін нәтижеге қол жеткізу деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар. – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2017. – 342 б.

49. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2017. – 342 б.

50. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы: мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2017. – 342 б.

51. Үлестірме материалдар, Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2017. – 342 б.

52. Өрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – Қарағанды, 2011. – 232 б.

53. Мирсеитова М.М. «Қазақ тілін қарастыру» Мұғалімдер мен үйренушілерге арналған лингвистикалық білім. – Қарағанды, 2011. – 229 б.

54. Тренерге арналған нұсқаулық. Екінші негізгі деңгей. – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2012. – 279 б.

55. *Мақырұлы С., Қыраубайқызы А., Құрманбай Г.* «Қазақ әдебиеті» әдістемелік нұсқау. 8-сынып. – Алматы, 2004. – 88 б.

56. *Қаңтарбай С., Жүсіпова Ж.* «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі». – Алматы, 2011. – 272 б.

57. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан баспа үйі, 2001. – 592 б.

58. Қазақ би-шешендері: танымдық жинақ /құраст. Серікқазы Қорабай/. – Алматы: Айғаным, 2016.

59. Қазақтың би-шешендері. 1, 2 кітап /құраст.: Төреқұлов Н., Қазбеков М./ – Алматы: Жалын, 1993.

60. «Әнет баба: тарихи-танымдық толғамдар, ғибратты өңгімелер мен арнаулар» жинағы. /құраст.: Молдабек Жанболатұлы/. – Алматы, 2011.

61. Мұрат Мөңкеұлы. Шығармалары: өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар; зерттеулер. /құраст.: Б. Омаров/. – Алматы: Ана тілі, 2013.

62. *Қыдыршаев А.С.* «Шешендіктану». – Орал: Ағартушы, 2004.

63. Шешендік шиырлары (шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы) /құраст. І. Есхожин/. – Алматы: Қайнар, 1993.

64. *Қорқытов Берік.* «Кіші жүздің билері мен батырлары». – Алматы: Өлке, 2009.

Және тағы басқа тақырыптық, әдістемелік басылымдар мен оқу құралдары пайдаланылды.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

Жүсіп Баласағұн	6
Құтты білік.....	7
Шешендік өнер	20
Майқы би	23
Мөңке би	27
Төрт тентек.....	27
Әнет баба	29
Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз.....	29
Төле би	33
Ердің бақыты – әйел.....	34
Қазыбек би	39
Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?	42
Әйтеке би	45
Қасқакөл дауы	47
Сырым Датұлы	49
Бала би мен Сырым	49
Бұқар жырау Қалқаманұлы	52
Тілек.....	53
Ай, Абылай, Абылай	57
Асқар таудың өлгені	60
Айтыс және оның түрлері	62
«Біржан – Сара» айтысы туралы	63
«Біржан – Сара» айтысы	65

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Нысанбай жырау	78
«Кенесары – Наурызбай» (дастаннан үзінді).....	79
Махамбет Өтемісұлы	97
Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны	99
Бағаналы терек	103
Мен, мен едім, мен едім	104
Шоқан Уәлиханов	109
Ыстықкөл сапарының күнделігі.....	124

АДАМ ЖАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Ілияс Жансүгіров	138
«Құлагер» (поэмадан үзінді)	140
Бейімбет Майлин	157
«Шұғаның белгісі» (хикаядан үзінді).....	158
Ғабит Мүсірепов	172
«Ұлпан» (романнан үзінді)	174
Төлеген Айбергенов	196
Сағыныш	198
Фариза Оңғарсынова	202
Өлең, мен сені аялап өтем	202

МӨҢГІЛІК ЕЛ – МӨҢГІЛІК МҰРАТ

Несіпбек Айтұлы	207
«Бөйтерек» (поэмадан үзінді)	209
Қажығали Мұханбетқалиұлы	216
«Тар кезең» (романнан үзінді).....	218
Глоссарий	244
Пайдаланылған әдебиеттер	248

Оқу басылымы

Ақтанова Айман Советқызы
Жүндібаева Арай Қанапияқызы
Жүмекенова Ләйлә Көкенқызы

ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *М. Мұқашев*
Суретшілері *Б. Ералиева, Б. Оспанов*
Көркемдеуші редакторы *А. Бекқожанова, А. Лукманов*
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*
Корректоры *Е. Амангелді*
Компьютерде беттеген *Д. Развинавичюс*

ИБ № 064

Теруге 11.02.2019 берілді. Басуға 07.06.2019 қол қойылды. Пішімі 60x90 ¹/₁₆.

Шартты баспа табағы 16,0. Есептік баспа табағы 12,76.

Таралымы 30 000 дана. Тапсырыс № 4351.

«Атамұра корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы»

ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

